

**МАСҒҰТ ЖАБАСҰЛЫ ХАЛИОПЛА**

# **ПАРЫЗ**

**ҚАРАҒАНДЫ  
2002 ж.**



*Намыс керек, бауырлар, намыс керек,  
Болсын десең қазағың елден ерек.  
Ақылың мен қайратың - қос қанатың,  
Тар жолдарда рухың жүрсін жебеп.*

Масғұт Жабасұлы  
Халиолла

# П А Р Ы З

(Көсемсөздер, әңгімелер,  
фельетондар, өлеңдер,  
мақал-мәтелдер)

Қарағанды  
2002 ж.

Есімі жұртшылыққа танымал, қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Масғұт Жабасұлы Халиолланың әр жылдарда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған очерктері, ой-толғаулары, фельетондары және басқа жазбалары жеке кітап болып қалың оқырман қауымына ұсынылып отыр. Автор өзі арқау еткен әр мәселені нақты деректерге сүйеніп, шынайы баяндайды. Шығарманың тілі көркем, ойы айшықты. Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

**Масғұт Жабасұлы Халиолла**

**Парыз**

**(Көсемсөздер, әңгімелер,  
фельетондар, өлеңдер, мақал-мәтелдер)**

Редактор Е. Лұқпанов

Тех. редактор Е. Әйнекова

«Орталық Қазақстан» газетінің


компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

Министерство культуры, печати и общественного согласия

ISBN 9965-572-44-5

М.Ж.Халиолла

Қарағанды 2002 жыл





## Бір ауыз сөз

Мынау шолақ дүниеге қонақ болып келген әрбір саналы адамның ең қасиетті парызы — туган еліне адал қызмет ету, өз ұлтының намысын қорғау болса керек. «Туган елім болмаса, тумай-ақ қойсын күн мен ай» деп толғанған ғой аруақты ата-бабаларымыз сондықтан да.

Екі жарым ғасырға созылған отарлық қанау қазақтың жауынгерлік рухын, тақаппарлық қасиетін жасытты. Алаштың саяси сардарлары кезінде мұндай құлдық психологияның келтірер зиянын айтудай-ақ айтқан.

Әлихан Бөкейхан қазақтың «жетім де жетекшіл жұртқа» айналып бара жатқанына күйінген. Ахмет Байтұрсын «жұрт намысы, ұлт намысы» деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы отбасынан аспайды» деп жаны жылап, күйзелген.

Содан бері де ғасырға таяу уақыт жылжып өтіпті. Сол көп қазақ бәз баяғы «өз жұмысынан» аса алмай жүр. Ұлттық сана күш алмай, рулық сана ауыл айналасынан аса алмай келеді. Тәуелсіздік тізгінін қолға ұстадық десек те төмендеп қалған рухымызды көтеру үшін ұлт жанының алтын ұясы — қасиетті жерімізге, елімізге, саф таза дінімізге, салт-санамызға, тарихымызға ыстық махаббатпен қарап, қадірлемесек қауіп-қатерден құтыла алмайды екенбіз. Осы тақырыпта топтасқан біраз еңбегімнің жинағын Қазақ Елінің тәуелсіздігін нығайтуға күш-жігер жұмсап жүрген бауырлар, Сіздерге арнадым.

# I. РУХ

## АЗ ҰЛТҚА АЛДАСПАН РУХ КЕРЕК



### ӨЛІП ТІРІЛГЕН ХАЛЫҚПЫЗ

(Көсемсөз)

Осы еңбегімді бала шақтан балдай болған досым, жас ұрпақ бағбаны — тарихшы ұстаз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы Асқар Сейдахметұлына арнадым.

Автор.

#### 1.Отаршылдық озбырлығы

Мезгіл — қыс. Ару Алматыдан түс қайта аттанып, Сарыарқа төсіндегі жас Астанамызға бет түзген отарбаның жеке бөлмесінде төртеуміз. Ең үлкеніміз — өмірдің ащы-тұщысын татқан қадірлі қария. Мамандығы — тарих пәнінің мұғалімі. Қазір — зейнеткер. Екіншіміз — бұрын орденді механизатор атанған, қазірде қысқа жіпті күрмей алмай жүрген шаруа қожалығының басшысы. Үшіншіміз — жоғары білімді, жігіт ағасы. Жұмыс орны қысқарып, не еңбеақы, не зейнетақыға қол жетпей, қаладан арзандау деп сатып алғандарын ауылға апарып екі-үш бағасына құндап сататын кәдімгі саудагер. Мәдениетті түрде атасақ — коммерсант. Төртінші — мына мен, дүние өзгерсе де, өзі өзгерсе де кәсібі өзгермейтін және оны ештеңеге де айырбастамайтын — журналист.

Таныстық, білістік. Әңгімеміз бірде дуылдап, бірде шуылдап қыза түседі. Елдің қазіргі хал-жағдайы — негізгі әңгімеміздің арқауы. Әсіресе, ауылдың тығырыққа тірелген бүгінгі өмірі. Күнкөріс тарылып, ауыл қалаға көшіп жатыр. Қылмысты құрықтау қиындап тұр. Ұрлық, зорлыққа бойымыз үйреніп, кісі өліміне таңданудан қалып барамыз. Айтқан сөзде тұру адыра қалды. Біреуді біреу алдап, тақырға отырғызып кету — пысықтық, ептілік саналады. Осының бәріне қазақтардың өздері кінәлі. Баяғыша: «алма піс, аузыма түс» деп төрден есікке қарай шырт-шырт түкіріп жатқанға мәз. Үкіметке қарап балапанша ауыз ашқанын қояр емес. Қазақстандағы басқа ұлттар дәл қазақтардай жүдеген жоқ. Қазақ ертеңін ойламайды. Жас баладай түкке тұрмайтынға мәз болып, шашылып жатады. «Көрпене қарай көсіл» деген сөз миына кірмейді. Бірлігі тас-талқан болды. «Ұлт» десе теріс қарайды. «Ру» десең жымың-жымың, елең-елең етеді. Біреудің алға басқанын көре алмайды — күншіл. Бірінің шөбін бірі өртейді, бірінің малын бірі ұрлайды. Есілдерті — билік тұтқасын ұстау. Мансапқор. Бұрын аупартком, одан жоғары — сол саладағы қызметтерді қуушы еді, енді заңгер, полиция, әкім болуды армандайды... Міне, әңгімеміз осы сарынмен жалғаса береді. Ақыры, «күшігінен таланып», жасқаншақ, жалтақ болып қалған басымыз, өзімізді өзіміз кінәлауға ойыстық. Мен бірін қоштасам да, бірінің пікіріне келісе алмадым. Ақыры — жантайып жатып ойға кеттім...

Апырай, кең қолтық, ақкөңіл қазақ неден сорлы болды екен? Неге қазақ елдігінен түңілетін күн туды? Қазақ жаман болса Қазақстаннан кеткендердің көпшілігі (Ресейден босқынбыз деп жәрдем алу үшін айла жасайтын нансоққырлар болмаса) неге көзін бұлап кетеді? Барған жерінде қиын-

шылық кездесе неге жылап қайта келеді?

Біздің мінез-құлқымыздағы, салт-санамыздағы теріс өзгерістер қайдан шықты? Ұлттың бітім-келбетін, қадірін білдіретін қасиетті тілімізден неге айырылып барамыз? Намысымыз неге мұқалды? Рухымыз неге төмендеді? Неге біз кім не айтса, соған бас шұлғи береміз? «Құлды «бәрежелді» құртадының» кері келді ме? Неге өз пікіріміз жоқ? Әлде біз наданбыз ба? Абай дана айтушы еді: «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті надан адамның». Әлде біз: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?» деген данышпан сөзін сол қалпында қабылдадық па? Абай жаны күйіп, ызамен айттып еді ғой. Атаққұмар, алдамшы... Дүние пәле осы екі сөзден қоздап, туындап жатыр емес пе?

Осындай мазасыз ойлар жүйрік поездың донғалағымен қосылып тықылдап, миға ұрып, шақшадай басты шарадай етіп, есеңгіретіп келеді. Осындайда баяғыда қазақ жеріне, Сібірге айдалып келгендер не айтып еді? Соларды бір тыңдап көрейікші.

Ресейдің екі басты жалмауыз самұрығының қанды тырнағына іліккен тек қазақтар ғана болмаған. Поляк елінің бостандығы, тәуелсіздігі жолында күрескен төңкерісшіл-демократтар да біздің елден пана таппап па еді? Солардың бірі — Адольф Янушкеевич еді ғой. Қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттеріне таңғалып, ақындық, айтқыштығына тамсанып, Барақ батырды Геркулеске теңеп, Құнанбайды құдайдай көріп, мақтағаны қайда? Содан бері бір жарым ғасыр уақыт өтіпті. Өзгеріс аз ба, көп пе? Әрине, Құнанбай заманындағы қазақ жоқ қазір. Олардан гөрі білімдіміз, қулауымыз, әдіскормыз. Жүз жерден «бізде зиялылар жоқ» дегеніміз шындыққа томпақ келеді. Дүниежүзілік білім, ғылымға, өнерге қол созған қазақтар қазір аз емес. «Мал таппайтын жігіт бол-

майды, құрарын айт, ұл таппайтын қатын болмайды, тұрарын айт» дегендей, оқығандар аз емес, бірақ сол алған білімін қазақ деген қасіретті халықтың мүддесіне жұмсағандар көп те емес. Жоғары білім алмаса да, «Қазақстанның халық ақыны» атағына ие болмаса да туған елінің жүрегіне мәңгілік ескерткіш боп орнап қалған жұрттың бәрі бірдей Абай емес, ағайын!

Сол жер ауған поляк төңкерісшілерінің бірі — Бронислав Залесский еді. «Қазақ сахарасына саяхат» атты кітап жазып, қазақтардың шаруашылығын, мәдениетін, салт-санасын, мінез-құлқын едәуір талдап, саралап айтқан болатын. Мына бір пікіріне назар аударайықшы. «Қазақтардың бәрін білгісі келін тұратын қасиеті бар... Қазақтар шешен келеді және өздері мұны тәлімді тәрбиенің немесе жақсы тектен шыққандығының дәлелі деп санайды...» Байқап отырған боларсыздар, жат жұрттың адамы — қазақ тілін бар әсем бояуымен, әдемі сыңғыр қонырауымен қабылдай алмайтын адам, қазақтардың шешендік қасиетін қалай тамаша аңғарған! Залесскийдің қазақ әйелдерінің сұлулығы, мүсінділігі туралы айтқандарына қалай тәнті болмайсыз? «Қазақ қыздарының балғын шағындағы сұлулықтары ересен: қап-қара жанары шоқтай жайнайды...» Осындай жоғары баға беріп отырған Б.Залесский өзінің пікірін поляк ақыны Густав Зелинскийдің (ол да жер ауған) қазақ қызы мен жігітінің ғашықтығы туралы поэма жазғанын, сүйіскен жастардың қуғыншылар салған өрт ішінде қалып, өртеніп өлгенін айта келіп: «Егер біздің қоғамда Ромео мен Джульетта сияқтылар сирек ұшырасса, қазақ даласында ол — үйреншікті құбылыс» деп тебірене түйіндейді. Сонымен жат жұрттықтардың көзімен қарағанда қазақтар қазіргі кейбір шовинистердің, өзі шімізден жегі құрттай өріп



шыққан көзқамандар мен мәнгүрттердің айтқанындай, екінші сорттылар емес екен, адам жанынын сыр сандығын сынғырлатып ашатын тілді, шешендікті қадірлейтін, мақтан ететін, сырты да, іші де сұлу, махаббатына адал, сол жолда жанын қиюдан да тайсалмайтын, рухы мықты, жүрегі мейірімді, жомарт та қайырымды адамдар екен.

Шоқанның досы Г.Н.Потанин қазақтардың ақжарқын мінезін, сауықшылдығын, білімқұмарлығын француздарға, ал жаналыққа, даналыққа және өмірге құштарлығын ежелгі афиндіктерге гректерге тенейді. Сөйте тұра «серілік өнер мен сән-салтанат қуу, бәлкім қазақтарды кейбір жағдайда даңққұмарлыққа баулитын сияқты» деп әулиелік болжам айтады. Даңққа, атаққа құмарлығымыз фәниден бақиға жалғасып, тым болмаса бейітіміз өзгелердікінен биік тұрса дейтін мінезімізді қалай дөп басып, танып айтқан деп қатты таң қаламын.

Ойды ой қуып, жалғаса береді. Енді қазақтың өз ортасынан қайнап шығып, барлық іс-қимыл, әрекеттеріне әбден қанық болған ұлыларымыз не айтты екен? Соған келейікші.

Абай айтады: «Осы мен өзім — қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін, Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен себептен бе, білмеймін, сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты. Ашулансам ызылана алмаймын... Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін... Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп қалған екен...»

Абай атамыздың осы сөзі өлең жолдарында да қайталанады.

«Туған жерді қия алмай,  
Тентекті жеңіп, тия алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай,  
Таба алмадық өзге елді».

Абай — дана, Өзгеден оның ойы биік те терең.  
Абай — күрескер, әскерсіз қолбасшы.

Осыдан келіп бір сұрақ туады. Жоғарыдағы поляктің төңкерісшіл демократтары қазақ жерінде XIX ғасырдың 40-жылдарында болды. Абай олардан кейінірек туып, өмір сүрді. Осы арада бірталай уақыт өткен екен. Қазақ уақыт өткен сайын алға басқан ба, жоқ кері кеткен бе? Құдай өзі кешірсін, шынымды айтсам, кері кеткен сияқты. Оған басты себеп — отарлық езгі. Аздырған да, тоздырған да сол — тепкілесек аяғымыздан түспеген темір қақпан. Осы сөзімізге дәлел Мұхтар Әуезовтің 21 жасында 1918 жылы «Абай» журналының 12-санында жарияланған ұлт тағдыры туралы «Өліп таусылу хауіпі» деген мақаласы. «Соғысып жеңіп алған жұртына жеңген жуан ел не істейді? Бұған ескіден жатқан даңғыл жол — жеңілген елді өз бетіндегі жұрттық қалпынан айырып, өн бойына сіңіріп, бөтен ниет ойлатпай, бөтен тілеу тілетпейді. Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-әдетін араластырады, артынан аламыштап жүріп тілін жоғалтып, елдің белгісін күнгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады. Әрине, бұл айтылғандай болып жұтылып кететін қандай ел: мәдениеті төмен ғана болған ел». Отар елге мәдениет артымен кіреді деген осы.

Кенес үкіметінің патша саясатын көлгірлендіре, зымияндандыра жүргізгенін дәлелдеу үшін бір ғана Н.Хрущевтің орыстандыруды қызу қарқынмен жүргізгенін мақтан етіп есіргенін еске түсірсек те жетіп жатыр.

Абай отырлау саясатының неге апарып соғаты-

нын білмеді дейсіз бе? Білгенде қандай? Қолынан бар келгені — өз елінің кеселді мінездерін жеріне жеткізе сынай отырып, жауының өз қаруын — тілін, мәдениетін үйрене отырып, өзіне қарсы жұмсауға үндеу болды. Бірақ, Абай оған жете алмады. Бірлі-жарым болмаса, оқыған қазақ жастарының көксегені қарын қамын ойлаудан аспады. «Шілтірейтіп орысын, шенді шекпен жапқанға» мез болып кетті. Отарлау қазақтың жауынгерлік, қаһармандық рухын сындырып, жарамсақтыққа үйретті. «Ит құйрығын бұлғаса» еріп кетуге, күш қай жақта болса, «ләппай тақсырлап» соңынан ере беруге дағдыландырды. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген мақал шықты. Қазақтың ең мақтаулы адамы — үндемеген адам болды. Алаштың ардагері, саяси сардары, ұлы Әлихан Бөкейхан қазақты «жетім жұрт, жетекшіл жұрт» деп осы бір бұқпа мінезіне күйініп айтқан ғой.

Түріктер «Шындықты айтқан адамның бір аяғы үзенгіде тұрсын» дейді. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көбейұлы: «Адам баласында бір табиғат бар, қадім заманнан өзге өзгерсе де бұл табиғат өзгермейді, Бұл күнге шейін мәңгі-бақи, Ол не десен: тура сөйлеушінің жазасы — нахақ өлтірілу» — дейді.

Осы бір ой толқытқан пікірді ұлы Мұханның «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласына тоқталмай тиянақтау мүмкін емес. Қазақ тағдыры жас Мұхтарды ерте-ақ толғандырғанын осыдан да айқын аңғаруға болатындай: «Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен...»

Бұл мақала ұзақ жылдар оқушылар көзінен тасаланып, тек 1997 ж. «Қазақ энциклопедиясы» бас



редакциясы шығарған «Таңдамаларының» 1- томына енген. Міне, ұлтты құрту, тамырын жұлып, біржола жою деген осы болады. Ұлтым деп жүрегін алау етіп жаққандырды халықтың жауы — «Ұлтшыл», интернационалиспін деп екі жүзділеніп күлім қаққандарды «Ұлт қамқоры» атандырған заманға өліп-тіріліп, шала-жансар күйде жеткен қазақ реанимациядан орын алуы керек еді. Өкіншіті болса да айтқан жөн, тәуелсіздік алғаннан кейін де сират көпірінен өткен қазақтың мүшкіл халі жете ескеріле бермей келеді. Құнарлы жерден қуылған қазақтар әлі күнге шөлді, шөлейтті жерлерді мекендеп, кейін атом сынақтарының алаңына айналып, ең ақыры ауыз суға жарымай келе жатқаны жалған еместігіне әлде бір көрмес, сезбес біреу болмаса, ойлы, әділетті пенде таласа қоймас деп ойлаймын. Феодализмнен капитализмді көрмей социализмге өткен, социализмнен коммунизмге жетемін деп кенірдегін соза-соза жүйкесі жүн болған қазақ реанимация емес, 2,5 миллионын көрге тапсырып ( ең ақыры ақырет бұйырмағандар осының ішінде) 1,5 миллионын шет елге шұбыртып, атылып, асылып, түрмелерде жаназа бұйырмай кеткендерін еске алсақ, қалғаны ұлттық бейнесін өзгертіп, тілін, тарихын, салт-санасын жоғалтып, енді, міне, жабайы капитализмге келіп тіреліп, алдағы күніне бірі үмітпен, бірі күдікпен қарап отыр. Екі ғасырға жуық отаршылдық езгісінен жаншылған қазақ құлдық психологиядан әлі айыға алған жоқ. Қолдағы кісеннің түсуінен санадағы кісеннің түсуі жүз есе қиын екендігіне көз жеткендей. Біздің Президентіміз, Үкіметіміз, Парламентіміз, жер-жердегі өкімдеріміз осы жағына көбірек көңіл бөлгенін қалар едік...

Осындайда Алаш ардагерлерінің ішіндегі ең көрнектілерінің бірі, шет елде жүріп кеңестік

жүйенің жолсыздық, жүгенсіздіктерін әлемге әшкерелеген Мұстафа Шоқай айтады: «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да. Халықтың бәрі бірдей, бірақ саяси тұрғыдан алғанда мәселе басқаша... Біз қазіргі заманғы саяси құрылысы өзімізден әлдеқайда озық, үлкен бір халықтың шеңгеліне түсіп қалдық. Ол бізден анағұрлым бай, анағұрлым тығыз топтасқан, әрі қай жағынан алғанда да бізден анағұрлым артығырақ қаруланған-ды... Біздің алдымызда екі мықты тосқауыл тұрды. Бұлардың бірі — ұлттық қозғалысымыздың басты дұшпандары болса, екіншісі — өзіміздің қоршауда қалғандығымыз және елді ұйымдастыруға деген тәжірибесіздігіміз. Ең қауіптісі, тап осы екіншісі еді».

Жетпіс жыл кеңестік жүйеде «тап күресіне шыныққан» кейбір қазақтар неге Қазақстан, қазақ халқы дегенді селсоқ тыңдап, салқын қабақ танытағыны осыдан кейін түсінікті болар. Жалпы Мәскеуге қарап шоқынған, Орталыққа табынғандар ұлт азаттық қозғалысын жақтаған болып отырып, өз ішіндегі саяси, экономикалық күрестерді ұясында талқандап, бесігінде тұншықтырып келгені барынаға мәлім. Біздің пікірімізді Алаштың айтулы көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Халел және Жаһанша Досмұхамбеттер, Жүсіпбек Аймауыт, Мағжан Жұмабай және басқалары тайға таңба басқандай етіп дәлелдеп берген. Олардың барлығы да қазақ халқының бойындағы жақсы қасиеттерді айта отырып, туған халқын жанындай жақсы көріп, сүйе отырып, кемшіліктерін аяусыз, қатты сынаған. Сынай отырып күйінген. Соның бәрін айтып жіпке тізудің қажеті болмас. Тек Жүсіпбек Аймауытовтың ашаршылық жылдары Семей жақтан мал жинап, соны

Торғайға қарай жүрген жолында ашыққандарға таратып бергені үшін сотты болғанда: «бәрін де елім үшін жасадым, қандай жаза болса да көтеремін. Қайтейін, менің басқа елім жоқ!» деген жанайқайын айтпауға болмайды. Ахмет Байтұрсыновтың Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханға жазған «Досыма хат» деген өлеңінде қазақты аздыратын дүниеқорлық, мансапқорлық екенін даралап айтады.

«Ақшаға абыройын арын сатып,  
Азған жұрт, адамшылық қалмай сыны.  
Жаны ашып, жақыны үшін қайғырар ма,  
Жаны — мал, жақыны — мал, малдын құлы?!»

Осы өлеңді оқығанда бүгінгі баю жолында арында, абыройын да сатқан, сатып жүргендерге жирене қарайсыз. «Байлық — мұрат емес, жоктық — ұят емес» дейді дана халқымыз. Байлықтың өзі оның мәнін дұрыс түсінбеген адамды ашкөздік жолға апарады. Адал еңбекпен емес, тарыққан жұрттың аузынан жырып, мемлекеттің қалтасына түсіп, арамзалықпен байыған найсаптарда иман жоқ. Мыңды місе тұтпай миллиондарды жұтып жатқан «жайындар» мемлекетімізге қара дақ түсіреді, тәуелсіздігімізге, үкіметімізге, Президентімізге шіркеу келтіреді.

Екіншіден, сол байығандардың бүгінде қара су мен қатқан нанға қарап отырған көпшілікке қамқорлығы, қайырымы қайда? Бір сылтау болса бағаны шарықтатып көтеретін де солар. Бір өкініштісі — «мұның қалай» дейтін адам әлі көрінбей тұр. «Бай байға жетем дейді, бай құдайға жетем дейді», «Өзі тойса да көзі тоймайды». Бір лауазымды қызметке тырнағы іліксе иномаркалатып, сәулетті сарайлар тұрғызатындар кімнің есебінен байып жатқанын түсіну үшін көп білімнің қажеті жоқ. Тегінде адам өзінің жаратылысында — тойымсыз. Тойым-

сыздар көзіне топырақ құйылғанда ғана тояды. Адамның адамдығы байлығында емес, басқаларға жасаған жақсылығында, қайырымдылығында. Қайырымсыз адам — Қарынбай. Онда адамгерішілік жоқ, хайуандық соқыр сезім ғана бар.

Байлық қуу, дүниеқорлық адамның пейілін тарылтады. Пейілі тардың алдына алтынды тау етіп үйіп қойсаң да қанағаттанбайды. Халқымыз «пейілің — жолдасың» дегенде «пейілің кең болса, төрт құбылаң тең болады» дегенді баршамызға ескерткендей.

## 2. Жұқпалы кеселдің кесірі

Отаршылар жұқтырған кеселдің біразын алғашқы мақаламызда аз да болса атап өткен едік. Әйтсе де солардың кейбіреулеріне арнайы тоқталуды жөн көрдім.

Ұлы Мұхаң сонау бір көкөрім шағында «Алдымен бесігінді түзе!» деп жар салған еді. Мақаласын «Адамдық негізі — әйел» деп атаған («Сарыарқа» газетінің бесінші саны, 1917 жыл).

Қазақ қыз баласын малға сатқан, күн еткен деген — саяз сөз. Қазақ қызын үкілеп ұстаған. Қызды өрісім деген. Рудың, тайпаның анасы атанған Домалақ ана, аты ұранға айналған Қарқабат сынды аналарымыз аз болмаған.

Бір кезде «Қызға қырық үйден тыйым», «Әйелі азған елдің болашағы жоқ» дейтін қазекеннің бүгінде қыз бала тәрбиесіне селқос қарайтыны неліктен? Екі сөзіміздің бірінде кеңестік жүйені ғайбаттап жатсақ та, бүгінгі мемлекет ісіне белсене араласып жүрген, өнерімен, еңбегімен елді тәнті еткен аруларымыз сол бір шақта оқып, тәрбиеленгендер емес пе? Бар күнә әйелдің бойындағы

ең асыл қасиет — нәзіктікті, сезімталдықты жойып, еркекшораларды көбейтіп алғандығымыз болар. Мұхаммед пайғамбармыздың: «Дүниеде мені екі нәрсе тандандырады, Бірі — әйел, екіншісі — жұпар иіс. Осы екеуі менің көзімді қызықтырып, тәңір шеберге қызғанышымды көтере түсуге себепші» деген даналық сөзін ұмытқандығымызда болар.

Сыртқы бейнесі ғана емес, мінез-құлқы, қимыл-әрекеті қызға, әйел затына ұқсамайтын ардың-күрдіндер соңғы жылдары тіпті көбейіп барады. Қаракөздеріміздің аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқанын көріп, естігенде амалсыздан құлағымызды басып, теріс айналамыз. Бұған кім нінәлі? Заман ба, әлде адам ба? «Заман бұзыларда әуелі әйел бұзылады» деуші еді. Соның кері келді ме?

Мағжан ақын: «Теңіз терең емес, әйелдің жаны терең, жеті қат жер астындағы нәрсені білу мүмкін, бірақ әйелдің жанының мінезін білу мүмкін емес», — деген еді ғой «Шолпанның күңәсі» деген әңгімесінде. Сол тереңдік қайда кетті?

«Орталық Қазақстанның» биылғы наурыз айындағы бір санынан Қайрат Жүністің «Темекінің түтіні ащы екен» атты мақаласын оқыдым. Кейбір қыздарымыздың неден азып-тозып бара жатқанына жақсы бір мысал, дәлел келтірген. Жас Қайраттың пікірі орынды, әділ. Дүлей күшке қарсы тұрар нәзік қыздың амалы жоқ. Арын таптаған арамзаны әшкерелеуге ұяты, жігері жетпейді. Іштен тынады. Күйінеді, қайғырады. Темекіні, арақты жұбаныш етеді. Ақыры екі өлмек жоқ, — деп теріс жолға түсіп, бұзылып кетеді. Осы пікірімізді таяуда «Хабар» арнасы нақтылай түсті. Қазақстанда әйелдердің 60 проценті ұрып-соғу, зорлау, қорлауға ұшыраған екен. Бұл не? Осындай айуандық неге сонша белең алып барады? Мұның түрлі



себептері бар сияқты. Меніңше, 80-90 проценті кедейшілік қамытын киген елде ат төбеліндей байшкештер шығып, дүниенің қызығы мен шыжығын ақшаға, байлыққа тіреп қойды. Сол жолда бәрі де сатылады, сатып алуға болады дейді әлгілер. Ондайлар сатылмағанға айуандық жасайды, дауыс көтерсе, ақшаның күшімен үнін өшіреді.

Екінші себеп — жұмыссыздық. Одан туындайтын аш-жалаңаштық моральдық азғындауға, рухани аштыққа ұшыратады. «Аштық не жегізбейді, мастық не дегізбейді».

Үшіншіден қорланған, зорланған бейшараларды қорғауға келгенде демімен тас балқытқан жігіттеріміз жалтақ та қорқақ. Қазіргі қазақ жігіттерінің көбінің «ерлігі» өздерінің қандас апа, қарындастарын қорлаудан аспайды. «Жығылған үстіне жұдырық». Қорқаулармен қосылып, өздері жау болып шабады. Мұндай сұмдықтың ұлтымызға, оның болашағына жасалып жатқан қастандық екенін сезімсіз бейбақтар түсінбейді. Азған әйел — азатын елдің алғашқы сатысы деп кесіп айтсақ шындықтан шықпаспыз.

Өзбектерде әйел затына зорлық жасағандар кісі өлтіргендермен қатар қойылып, оққа байланады. Елінің, ұлтының арын, намысын қорғау деп осындайды айтар болар.

Ұлттық менталитет деп жүргеніміз — ұлттың өзіне тән мінез-құлқы, адамдық кескін-келбеті, яғни ділі (арабша: діл — жүрек). Оны қалыптастыратын — ұлттық тіл, ана тілі. Сондықтан болар, біздің алғаш қолға ұстаған кітабымыз қазақ тілі емес, ана тілі деп аталған. Халқымыздың ана тілі мен туған елді қатар қойып, тең бағалап: «Туған ел — миятың (қорғаның), туған тіл — ұятың», — деген.

Сол тіліміз — ұятымыз туралы аз айтылып та, жазылып та жүрген жоқ. Ұятымыздың халі мүшкіл,

бірақ ұяттан бетіміз қызармайды. Содан да болар кейде көңілімізге:

Өз жеріңе өзіңді

Қонақ қылған, заман-ай.

Өз тіліңе өзіңді

Олақ қылған, заман-ай.

Қайран тілім қор болдың,

Жарнамаға да жарамай! — деген күйінішті өлең жолдары орала береді.

«Әлемде кіші халық жоқ. Адамның тұлғасы оның бойының ұзын-қысқалығымен өлшенбейтіні сияқты, халықтың да үлкен-кішілігі санының аз-көптігімен өлшенбейді» (Виктор Гюго). Дүние жүзінде 6 мыңдай ұлт пен ұлыс болса, соның 185-і ғана жеке мемлекет құрып отыр. Соның бірі — қазақ халқы. Мұсылман халықтарының арасында саны жағынан төртінші, жер көлемі жағынан бірінші орын алатын қазақ халқының тілі неге кемсітіледі? Оған басты себеп — тағы да қайталап айтайық, отаршыл езгінің ащы зардаптары.

Әлекең (Әлихан Бөкейхан) орыс отаршылдығы кезінде ел ішіндегі аузы дуалы, халықтың сан ғасырлар бойы тірнектеп жинаған асыл, даналық қасиеттерін бойына сіңірген мәшһүр билерді сырып тастап, орысша оқыған шәлдүрік жастарды болыс қойғанда «орысшасы иттің жорғасындай орысша еді-ау» деп шымшыған. «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмаеген кісі көш басын алып жүре алмайды» деген қазақ халқының аяулы досы, жанашыры Г.Н.Потаниннің пікірін сан рет еске алып, қайталап айтып отырған.

Құдайға шүкір, тәуелсіздікке қолымыз жетті. Тарихтың бізді есіркеп берген сыйындай болып жеткен тәуелсіздігімізге көп ретте көңіл бөліп, қадірлей алмаймыз ба деген ой келеді баз-базда. Жоқ тәуелсіздік жолындағы күрес салбөксе, ке-

ренаулықты көтермейді. Бұл қастиятті күрес бір сәт те тоқтамауға тиіс. Қазіргі жер сатуды ойға алудың өзі сол тәуелсіздіктен шегіну деп білемін.

Тілімізге оралайын. «Жұрттың бәріне түсінікті тілде сөйлей берсейші» дейтіндер бәрін бүлдіріп жүргендер. Түсінікті тілі — орыс тілі. Ал, қазақ тілін — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін басқалар неге түсінбейді? Әлде олар тіл сындыруға, үйренуге қабілетсіз бе? Қазақтар қазір орыс, ағылшын, француз, неміс тілдерін үйреніп жүр. Енді бір жартымыз дін оқуы деп араб, арғы тегіміз бір еді деп түрік, көршіміз еді деп қытай тілін үйреніп жатыр. Тәуелсіз елдің адамына полиглот болу міндет пе? Олай болса шетелдіктер емес-ау, өз ортамызда туып-өскендер неге қазақша сөйлемейді? Олар түгіл, өз басшыларымыз шетелге барып орысшалап тұратыны қалай? Әлде қазақ тілінен басқа тілге аударатын тәржімашылар жоқ па? Әр нәрсені өз атымен атасақ, мұндай сыңаржақтылықтың аты — Қазақстанның мемлекеттік тілін елемеу, менсінбеу болып шығады. Көп тіл білу жақсы, жөн дейік. Көп тілдің ортасында көкпарға түсіп сорлайтыны — қазақ тілі болып шығады. Грибодовтың бір мәнді пікірі бар. Мағынасы — көп таланты бар адамда бір талант та жоқ. Анда тартып, мұнда тартып жүргенде шашылып қалады.

Біздің аталарымыз бен әжелеріміз ана тілімізде шала сөйлейді. Екінші буын — шалапұт. Ал, немерелері — тілден мақұрым. Мен бұл жерде бүкіл қазақ солай деуден аулақпын. Әйтсе де орысбай, орысбайкалардың көп екендігін бүгінгі жариялылық деп отырған заманда жасыруды кешірілмес күнә санаймын. Маған сенбесеңдер көшеге шығып, әжесі мен немересінің, келінінің бен балаңыздың сөзін тыңдап көріңіз. Әрине, осындай мүшкіл



халімізге басқаларды кіналай беру әділдік емес. Өз тілімізді құрметтемейтін, сыйламайтын өзіміздің де құдай сүйер қылығымыз жоқ. Ащы да болса шындық осындай.

Қазақта «Басқа түссе — баспақшыл» деген сөз бар. Тіл үйрене алмау сол басқа түспегендіктен. Лауазымды қызметке қазақ тілінсіз-ақ қолы жетіп жүргендіктен. Тіл білмесе де азаматтығымызды алып жүргендіктен. Тілімізге Америка, Франция, Алманиядағы, тіпті Грузия, Өзбекстан, Балтық бойы елдеріндегідей талап қойылып, беделін көтерсек, басқалар сөзсіз үйренер еді. Тіпті жасы ұлғайғандарға мұндай талап қойылмасын. Ал, жастар ше? Олар да үйрене алмай ма?.. Лауазымды қызметке тағайындалғандарды таныстырғанда неше шет тілін білетінін тәптіштеп түсіндіріп, қазақ тілін — мемлекеттік тілімізді білетін-білмейтіндігіне мән бермей жүргендер қасиетті тіліміздің беделін түсіретіндер демеске лажымыз жоқ. Тіл қажеттілікке айналмаса, өркені өспейді.

Қазақ тілінің Отаны — ауыл еді. Ауылдың сәні де, мәні де кетті. Олар қалаға көшіп жатыр, Қалаға келіп қаланы қазақтандыра ма, жоқ өздері орыстана ма? Соңғысының салмағы басым. Орыс тілді қала балаларының ортасына түскен қара домалақтар қазірдің өзінде орыс тілінде сөйлеп, өзінің ана тілін ұмыта бастады. Бұл жерде ойдан шығарған ештеңе жоқ, өзім тұрған үйдің ауласынан көргенімді айтып отырмын.

Ойлана келіп мынадай пікірге тоқталдым: бүгінгі экономикалық қиыншылықтар артта қалар. Алтын сандықтың үстінде отырып қайыршы болып қалуымыз мүмкін емес. Ең қиыны — тіл мәселесі болып тұр. Ақ алмастай өткір, жібектей жұмсақ, кәусардай мөлдір, самалдай желпіген ана тілімізді өзіміз қадірлемесек, басқалар мұрнын шүйіреді. Бұған

досымыз күйінеді, дұшпанымыз сүйінеді. Ақыры — асыл арманың іриді, ардақтаған ұлтын құриды. Тіл — ұлт тағдырының тас табаны, тұтқасы, құты. Одан айырылған ел болашағынан айырылады.

Дініміз туралы бірер сөз. Дін — ұлттың менталитетін сақтайтын тілден кейінгі құдірет. Дін адамының аузынан түспейтін үш сөз бар. Олар — обал, сауап, ұят. «Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ» дейді құран аятында. Ал иман жүрек тазалығында. Мұны айтып отырғаным, бір кезде кеңестік идеологияның қоржынынан шыққан шала молдалардың жұртшылыққа діннің шығу тарихын, оның пайдалы, кейде тіпті зиянды жақтарын (мәселен, ән айтуға, күй тартуға, сурет салуға, тағы басқаларға тыйым салып қойғанын) түсіндірудің орнына, дінге енді-енді бет бұра бастағандарды «көр азабымен», «ақырзаманмен», «сират көпірімен» қорқытып, мистикамен уландыруын мақұлдай алмаймыз. Абай да, Шәкәрім де, Әлихан да дүмше молдалардың осындай надандығына қарсы болған.

«Орталық Қазақстан» газетінде (16 маусым, 1999 ж.) ұстаз Еркін Игенберлиннің «Ысырап иман әпере ме?» деген мақаласы жарияланды. Ел-жұртқа жаны ашитын зиялы адамның (мен өзінің белгілі идеясы, жан-жақты білімі бар, адамға жақсылық қана ойлайтын жанның бәрін зиялы санаймын) қолынан шыққан дүние екен деп бағаладым. Құрғақ даурығу емес, дәлелмен сөйлеу.

Еркін өз мақаласында қаралы үйді жаудай шабудан сақтандырады жұртшылықты. Мұның өзі ел арасына жұқпалы дерттей тарап бара жатқан жағымсыз «салт». Өліге құрмет көрсету — мұсылманшылық. Бірақ осы бір жақсы салтымызды бәсекеге, мақтанға айналдыру — дарақылық.

Жалпы, өліге құрмет көрсету мұсылман діні

кіргенге дейін шаман дінінің кезінде де болған. Онда «Өлі жебемей, тірі байымайды» деп аруаққа табынған, желеп-жебеп жүрсе екен деп жәрдем сұраған. Ал, қазір «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп өз есебімізге қарай бұрып алғандаймыз. Енді ас бергенде «құрметтілерге» шапан жауып, ат, мінгізу, оны азсынсаңыз, ат жарысы бәйгесіне мәшине тігу бел алып барады.

Мұны Абай атамыз айтқандай, «қырт мақтан» дейміз бе, әлде жалбақай жарамсақтық дейміз бе, өздеріңіз білесіздер.

Шет елдерден келген неше түрлі дін өкілдері жастарымызды алдап-арбап (кейде материалдық көмек те көрсетіп), өз діндеріне аударып әкетін жатқанда біздің дін иелеріміз өлік жөнелтуден әрі аса алмай жүрсе ұтқанымыз ба, ұтылғанымыз ба? Дін иелері, менің ойымша, ойшыл, философ болуы керек. Христиан дінін уағыздаушылардың телевизор арқылы берген хабарларын тыңдап көріңізші. Терең де сенімді сөйлейді. Ашығын айтқан жөн, біз ісләм діні негізделген ҮІІ ғасырда отырғанымыз жоқ қой, біз ғылым-білімге жетілген, жердің, ғарыштың сырын бірсыдырғы түсінген, табиғаттың тылсым сырларын ашқан, ашып та жатқан, жаңа ХХІ ғасырға аяқ басқан заманда өмір сүріп отырмыз.

Енді біздің дініміз ғылыми көзқарасқа, ғылыми дәлелдерге қарай ойысу керек сияқты.

Біле-білсек, Абай дана дінге реформа жасап, жаңалық енгізуді ойластырғандай. Діннің адам жанын нәзік, сезімтал ететінін түсіне отырып, ғылым, білім, өнерді алға шығарады. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүниеде жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажы ешбір гибадат орнына бармайды» деуі дін уағыздарын ғылымға бағындыру емес пе? Дін адамды әлсіз, тек құдай

бұйрығын орындаушы етіп көрсетсе, Абай адамдарды өз әрекетіне өзі жауап беретін қуатты күш ретінде қарайды. Пайғамбардың хадистері адамгершілік туралы ғылымның негізі емес пе? Осы тақырыптарда әңгімелесу зор пайда берер еді. Дінді мистикаға айналдырып, саясатта орта ғасырға шеғінудің зияны айтып жеткізгісіз. Қазір өздеріне «экстрасенс» деп ат қойып, жұртты алдап жүргендердің иманы жоқ. Қарапайым адам емес, мүйізі қарағайдай ғылым докторының, профессордың экстрасенс үшкіріп берген шиша толы суды әкетіп бара жатқанын көргенде: апырай, неғылған аңқау халық едік, оқыған, алған біліміміз елге пайдасын тигізбегені өз алдына, өзіміздің жеке басымызды, жан, тән саулығымызды қорғауға жарамағаны ма? — деп қайран қалғаным бар.

Мұхаммед пайғамбар өзінің хадистерінде мұсылманды сиқыршыдан, жұлдызшыдан, құмалақ салушыдан, құран оқуды күнкөріс құралына айналдырудан, айшықтап бейіт тұрғызудан сақтандырған ғой. Бүгінгі жариялылық, демократиялық еркіндік заманында дінімізді бұрмалаушылыққа жол бермеу — молдаларымыздың міндеті. Зиялы қауым, пайда қуған алаяқтарға жол бермеу сіздердің борыштарыңыз, парыздарыңыз дегім келеді.

Біреуді асыра мақтап, сол арқылы ұпай жинау, беделге ие болу — қазақтың соңғы уақытта тапқан кеселдерінің бірі. Мұның да түр-түрі бар. «Қазақтың өлісінің жаманы жоқ, тірісінің жамандаудан аманы жоқ» (Абай). Бұған бойымыз үйренген. Өлгенді жамандамайды. Марқұмның тіршілігіндегі жақсы істері болса, асырып айтып, мадақтап шығарып салу бір қазақ емес, басқа ұлттарға да тән. Бұл күнде ата-бабасын мадақтау, оларды өзгелерден ақылды, батыр, шешен етіп көрсету өріс

алып барады. Ауызекі әңгімеде емес, баспасөзде де жазып жүр. Атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын, сауатты, мәдениетті деп жүрген бір ініміз — ботатірсек бозбала атасына үлкен бір жиында төбе би болып отырған Қаракесектің атақты биін шаршы топтың алдында «сабатады». Қасқа маңайдан қамшы тигенде қан саулап, омырауын жабады. Осыған кім сенеді?! Атасын мақтаймын деп отырып, масқаралап алғанын мақала иесі сезбейді. Енді бір бауырымыз атақты Мәдиді баукеспе, жолбасар етіп суреттейді. «Қаншелек» атандырады. Атабабымызға бәріміздің де бүйрегіміз бұрады. Әйтсе де ер етіп көрсетемін деп жүрін бұзақыға айналдыру, бері айтқанда аруаққа тіл тигізу екенін қалай түсінбейміз? Сөзді оңды-солды сабап, беделін түсіру бүгінгі оқыған азаматтарымызға жараспайды-ақ. Тіл айтады, бас жауап береді.

Кейбіріміз «күні кеше құлақкесті құл болып едік», қаратабан кедейден шығып едік деп жүріп компартия қатарына өтіп едік. Енді партияны балағаттап, би болыстың, байдың ұрпағы болып шыға келдік. Ол ол ма, хан тұқымынан да дәмеміз бар. Кеңес заманында бай атаулыны қаражүрек етіп жамандап едік. Тарихи шындық емес, көркемдік шындық деп Мұхаң да Құнанбайдың басын қаздың жұмыртқасындай етіп суреттеген. «Заманына қарай — амалы» деген сол. Енді бай болса болды жерге түсірмей мақтауға көшіп бара жатқандаймыз. Мал біткен адамның бәрі бірдей емес. Кеше де солай болған, бүгін де солай. Адамның кісілігі, адамгершілігі өрістегі малдың, қалтадағы ақшаның санында емес, әрісі адамзатқа, берісі өз ортасына жасаған еңбегінде, қайырымдылығында. Қалай десек те, мақтауға келгенде алдымызға жан салмайтын болдық.

Кейде сонау Сталин заманында көсемдерді мақ-



тағанымыз еске түсіп, бүгінгімен салыстырып қарасақ, ұқсастығымыз бадырайып көрініп қалады. Үніміз де сол кезге ұқсап тұрады. Әйтеуір «жасынымыз» әзір жоқ. Қыза-қыза оны да айтатын шығармыз... Туған күн, дастархан басындағы ұсақ-түйек мақтауларды қозғамай-ақ қояйын. Мұнда да жобадан шығып кеткенімізді жұрттың іші сезер.

Өзбектер «Қазақтар дәм бергенінің өзін жиналысқа айналдырып жібереді» деп тегін айтып жүрмесе керек. Әрбір асыра сілтеген мақтау соңы арақ ішумен аяқталып отыратыны да қазаққа абырой әпермесін түсінеміз.

Сөз соңында Абылай ханымыздың «Халқымды жер емшегін емуге үйрете алмай кетіп барамын» деген арманын айтқым келіп отыр. Жер емшегін ембеген ұлт өспейді. Сонау 30-жылдарда қазақтан саны әлдеқайда аз болған өзбектер неге өсіп кетті? Жер емшегін емгеннен. Кейде саяжайға бара жатқан автобустан бір қазақты көре алмай таңтамаша қалатыным бар. Қазақ мал баққан халық. Мал — бір жұттық. Жер жұтатпайды. Бір кәріс шалы отызыншы жылдары Қазақстанда сұмдық аштық болып, халқымыздың 2,5 миллионы аштықтан қырылып қалғанын естігенде «Ойпырмай, мынадай жерде, мынадай шөптің ортасында отырып та халық қырылады екен-ау» деп таңғалған екен.

Етектен тартар кеселдеріміздің айтылмағаны толып жатыр. Басқалар айтар. Менікі ой тастау ғана. Данышпан Абай атамыздың өзі:

«Бойдағы мінді санасам,

Тау тасынан аз емес.

Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес», — деп сол міндеріміздің себептерін ашуға ұмтылған ғой.

Ұлы адамның өз мінім деп отырғаны — халқының міні, халқының алға басар қадамына тұсау са-

лып отырған кеселдер. Сол кеселдерден тезірек арылса екен деп армандаған Адамзат абызының тілегі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанымыздың ұйытқысы болатын қазақтардың санасында сәулеленсе екен...

Лайым, Алла соған жазсын!

Тамыз, 1999 ж.

## Ұлылыққа әркімнің бар таласы

(Ақын бауырыма ашық хат)

Балта сабындай қысқа өмірінің көбін осы Қарағандыда өткізген, бүгінде арамызда жоқ бір аяулы ағамыз болды. Ат-жөні — Балтабек Асанов. Көп жылдар бүгінгі «Егемен Қазақстан» (ол кезде «Социалистік Қазақстан») үн қағазының редакторы, өмірінің соңғы кезінде сол басылымның Қарағанды облысындағы тілшісі болған, жас баладай аңқылдаған, ақ көңіл ағамыздың сөзінің нәші — «қалқам» деп сөйлейтін. «Қалқам» деген сол жалғыз ауыз сөзіне жүрегінің бар жылуын сыйғызып жіберетіндей боп сезілетін еді сонда бізге. «Қалқам, осы мен сені жақсы көремін!» дейтін. «Не үшін жақсы көресіз, аға?».

— Бүкпесіз тура айтатын мінезің үшін.

Бар болсын, осы бүкпесіз айтатын мінезім өзіме ұнамайды да.

Өткен жылы Әбекең деген көршім бір әңгіме айтты. Х. деген жебірей дөкей бастығы жерден алып, жерге салып, ұрысып жатса, үндемей бас шұлғып, қипақтап тұра береді екен. Біреулер «сен неге үндемейсің, айтпайсың ба кінәсіздігіңді?» десе, әлгі «өмір бойы ақымақ боп жүргеннен осындайда үндемей кетін, бір рет ақымақ болғаным артық емес пе» депті. Сөз-ақ емес пе? Егер бастығына кінәсіздігін айтып, дәлелдемек болса, анау ол әрекетті

қарсылық, бағынбағандық, бас бұзарлық деп бағалайды да қызметтен қуып шығады. Жұмыссыз қалып, қатын-баласының бишара халін күнде көріп жүрсе — нағыз ақымақ болғаны сонда емес пе?

Мұндай көңтерілікті құдай біздің маңдайымызға жазбаған.

Бірді айтып, бірге кетіп барамын. «Сөздің құйрығын сөз түртеді» дейді. Сол Балтекең ағамыз айтқандай, қалқам Серік, мен сені талантты бауырымның бірі санаймын. Талант — құдайдың сыйы. Оны ешкім бұйрықпен, қаулымен, шешіммен бере алмайды. Таланттың көңілінің көзі бар. Басқаның көзі бақырайып тұрып көрмейтінін, талант сығырайып тұрып сезіп қояды. Жақсыға — қуанады. Жаманға — қайғырады. Сенің шығармаларыңнан да осындай сезімталдық аңғарамын. Тек баянды, әрі «болдым, толдымнан» ауылың алыс қонсын. «Батырдың ажалы маржадан» дегендей, таланттың ажалы — өзгеден өзін артық санаудан.

Бүкіл түрік әлемінің Рух пайғамбары, ұлттық мақтанышымыз ақын Мағжан Жұмабаев «Ақында дос болмайды, адамзатта», ал біздің замандасымыз Мұқағали Мақатаев «өмірде ақындардың бәрі жалғыз» дегенде, менің ойымша, жалғыздық — жан біткеннен өзін жоғары қойып, жерден қол үзіп, аспаннан жұлдыз санауда емес, нағыз ақынның өзінше ойлауында, өзінше толғауында болса керек. Амал қанша, нағыз ақын — сирек құбылыс.

Тумайды жұртын ақын жылатуға,

Туады жүректерді нұрлантуға,

Өлеңін орамал қып өтеді олар,

Көз жасын адамзаттың құрғатуға.

(Мұзафар Әлімбаев).

Мұзағаң ақын дегенге синоним етіп «Ақ, ақтық, ақиқат» деген сөздерді алған екен. Мен осыған «Ақыл, адамгершілік, адалдық, ар, армай» деген



сөздерді қосар едім.

Тағы да ұлы Абайға жүгінеміз. Абай сөзі жүрегімізде жатталған. Тек Абайдан ғибрат алсақ-ау. Өзің өлгенше табына беретін Евтушенко, Вознесенскийлерді Абайдың отырған орнына алғым келмейді. Құдай өзі кешірсін, әйтеуір бұл сөзім «ұлтшылдық» деген бізге меншіктеп берген аурудан туындап отырған жоқ, ақиқаттан туындап отыр. «Ораза, намаз кімде жоқ, тілде бар да, ділде жоқ» (Махамбет) болып жүрмесе — армансызбыз. Көңілімдегі осы сөздердің қағаз бетіне түсуіне өзіңнің осы таяуда — «Орталық Қазақстанның» 1993 ж. төртінші маусымындағы санында жарияланған «Кіші жерден кеңістікке шыққанда...» деген мақалаң себеп болды. Көп жайды сөз етіпсің. Бәрін талдап, келісетін, келіспейтінімді баяндап бас қатырмайын. Басы — Мемлекеттік Әнұранымыздан (таң ата беріледі ғой, сол кезде оянған екенсің) — басталады. Сөзіне риза емес көрінесің. Бірнешеуі бірігіп жазыпты дейсің. (Біреуі бірінші жолын, екіншісі екінші жолын жазған жоқ шығар. Ақыл қосқан, ой бөліскен, ой тоғыстырған болар). «...Қазақ ССР Гимні Лениннен басталушы еді, мына Әнұранымыз салған жерден Алаштың азаттығынан басталады екен... Қазақ туа біреуге құл болып, қара басын жаңа ғана құлдықтан арашалап алғандай...» деп ренішінді білдіресің. «Егер әр елдің Әнұраны сөз төркінін ең әуелі өзінің түп тегінен бастайтын болса, бүгінде құлақ кесті құлдықтан қасындағы адамның көзіне қарауға дәті шыдамай, аяғының ұшына қарап кеткен шаранамыздың (балаларымыздың дегенін болар) азаматтық ой-сезімін оятып, арқасын шымырлату үшін сөзді еңсемізді биіктететін ежелгі азат Тұран елінің ұлы рухынан неге бастамадық екен?!» депсің. Пікіріңді жоққа да шығармаймын, келіспейтін жерлері де бар.

Әнұрандар бір-бірінің көшірмесі емес. Одан соң Америка сияқты ел қайбір түп-тегін айтушы еді... Басқа елдерді сөз етпей-ақ қояйық. Міне, бүгін таңда Қазақстан, қазақ халқы үшін Алаштың азаттығынан артық не бар?! Негізгі заңымыздағы үш қуаныш, мақтанышымыз: қазақ мемлекеттігі, ұнитарлық мемлекетіміз, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы емес пе еді. Осылардың бәрі сол азаттықтың жалынан ұстағандықтан, өзің айтқандай, «құлақ кесті құлдықтан» құтылғандығымыздан емес пе еді. Ашығын айтайық: тәуелсіздік, азаттық жарты сағатта іске аса қалатын оп-оңай шаруа емес, ол ұзақ-ұзақ, жан алып, жан беріскен күресті, еңбекті, ерлікті, білімділікті, табандылықты, жүйелілікті керек етеді.

Материалының бір жерінде «Баяғы тоталитарлық қоғамның тұсындағы құлдық психология қайтадан қайталанып жатыр» дейсін, мысал келтіресін. Менің айтайын дегенім — өзің ашына баяндағандай, сол құлдық психологияның бүгін де қайталануы. Құлдықта болдық дегенге қарсылығымыз жоқ. Өзің айтып отырсың. Кімнің құлдығында? Мәселе сонда ғой. Осыны айтпайсың. «Одақ» деген аты болмаса, сол баяғы Ресейдің құлдығында болдық емес пе? «Түрімізді ұлттық, мазмұнымызды социалистік» етіп қайта жасағысы келген кім еді? Коммунистік партия. Неге осыны айтудан тайқи береміз. Қорқамыз-ау деймін. Өйткені соңғы кезде Одақты қалпына келтіру керек, ұлы орыс халқының ұлылығын айтудан неге қашқақтай береміз дейтіндердің төбесі қылтындай бастады. Міне, бүгінгі құлдық психология көрінісі осы.

Қалқам Серік, сен де мына мақалаңда былай деп жазыпсың: «Тамыз бүлігінен кейін тас-талқаны шыққан социалистік құрылыс, тоталитарлық қоғамдық жүйенің абыройы төгілген соң орыстар-

ды жаппай жамандауға көшіп алдық. Осындай айқай сүренде, әсіресе, «Азат», «Алаштың» жігіттері алдына жан салар емес. Тіпті орыс халқының алдына «ұлы» деген анықтауышты қоюға болмайды деп жүрген көкезулеріміз де көбейіп барады» деп налиссың.

Қалқам-ау, осы ұлы орыстық шовинизмді алдымен айтқан В.И. Ленин емес пе еді.

«Сөз жүзінде башқұрттар ұлы орыстарға сенбейді, өйткені ұлы орыстар башқұрттарға қарағанда мәдениеттілеу, ал сол мәдениеттілігін башқұрттарды тонауға арнады. Сондықтан башқұрттар үшін ұлы орыстар «қанаушы», «тонаушы», бұл бағамен келіспеуге болмайды, бұл зорлықпен күресу керек» деген Ленин, іс жүзінде 1919 жылы 20 наурызда башқұрттарға автономиялы азаттық беру жөнінде сөз болғанда Сталинмен, Заки Валидимен бірге қол қоя тұрып, арада он төрт ай өткен соң 1920 жылы 19 мамырда осы келісімнің күшін жойып, байғұс башқұрттарды қайырадан ресейліктердің табанына салып бергені баршамызға аян. Түркістанның заңды өкіметінің үстінен ұлы орыс өкіметін орнатқан да Ленин емес пе еді? (Бұл жөнінде Мұстафа Шоқайдан артық айтқан кім бар?) Тарихи шындық солай. Патшалық Ресей «Халықтар түрмесі» болғанын кім жоққа шығарады. Сен өзің ылғи да қайталап айта беретін сонау Понтий Пилаттан бастап кешегі Ленин, Сталин, Хрушев, Брежнев (басқасын айтпай-ақ қояйық), өзге халықтарды тоқалдан туғандай мүйіздеген жоқ па еді. Қит етсе, көзін ежірейтіп, саусағын шошайтып, «ұлтшыл» деп шыға келетін. Қазақстанда сүт бетінің қаймағындай жиырма мың зиялы «ұлтшыл, халық жауы» деп айып тағылып, атылып, айдауда опат болғанда бір орысқа «шовинист» деген айып тағылғанын айтып берші маған, мен саған өмір бойы

құдайдай табынып жүрейін. Әрине, мұны жасаған бүкіл орыс халқы деген сынаржақ пікірді біз сияқты сауатты адамдар айтпаса керек. Білеміз, кімнің қолы кімді қайда бағыттағанын. Қазір осы сөздерді анықтайтын құжаттарды жүздеп, мыңдап тауып беруге болады. Өзіміздің ішімізден шыққан арамзалар, ұлттық нигилистер (осының көбісі қорқақтар, қорқақтар қашанда сатқын келеді) аяулыларымызды көгенге тізіп, айдатып жіберуге себепкер болғанын жоққа шығару әділеттілік болар ма екен. Құдай бетін аулақ қылсын, бір қиыншылық басымызға түсе қалса, сол күнді аңсап, ернін жалап, тісін қайрап жүргендер арамызда жоқ деуге аузым бармайды. «Ұлтшыл» деген сөзді жас баланы қорқытқандай құбыжық, «бөки» ғып шығарды. «Ұлтшыл» деген сөз маған «халықшыл», «көпшіл», «ойшыл» дегендей болып естіледі. Керісінше қазіргі айтып жүрген «ұлтжанды» (саусақтан сорып шығарған жанұя дегендей) деген сөз Бұқар жырау айтқандай, «қатыны болар байжанды, еркегі болар жаужанды» әлгі өзімізше, кейбіреулерді ұзынетектінің жолында өлетін «қатынжанды» дейтініміз сияқты болады да тұрады. Бір ұлтқа ұлы деп баға беріп, ен тағу — аздыкөпке, әлсізді — әлдіге бағындырудан, табындырудан, құлдыққа мойын ұсындырудан, қол аяғын бұғаулап, кісендеуден шыққан. Әйтпесе, миллиондаған халқы бар бір ұлтты түгелдей ұлы, ұлағатты, ақылды, данышпан дегенді кім қостайды, кім сенеді сондай ертегіге? «Пушкинде «сен маған құлақкесті құл бол» деген бір ауыз сөз бар ма?!» деп сұрақ қоясын мақалаңда. Дағыстанның біртуар ұлы, дара дарын Расул Ғамзатов компартияның қылышынан қан тамып тұрғанда «Мен Пушкинге «Покорись, Кавказ, идет Ермолов» дегені үшін өкпелімін» демеп пе еді? Владей Кавказ, владей



Восток» (кейін Владикавказ, Владивосток» болып өзгеріп кеткен) деген атаулар көктен түсті ме? Жер атауларының түгелге жуық осылай, өзгергенін өзін білесің. Екеуміз туып, өскен Ақтоғай маңында саялы бақтар, арналы сулар, орман, көлдер болмағандықтан, құдай сақтап аман қалды.

Орыс ұлтын ұлы демесек, ол кеміткендік емес. Басқа ұлттармен тең санағандық. Дүниені бүлдірген, Одақты да тас-талқан еткен, басқаларды құдайдай табындырған сол — «ұлылық». Тегінде кәрі тарихқа көз жүгіртсек, ұлымын дегеннің оңғаны жоқ. Бәрі де ұлып қалған. Басында түңілігі бүтін, түтіні түзу ұшты деген компартияны да құртқан сол — «ұлылық». Ұлы Сталин, Ұлы компартия — толып кеткен ұлылар, Мен осы мақаланы жазарда талай-талай түсіндірме сөздіктерді тағы да аударып шықтым. Соның бірінде «ұлы орыс халқы» деген сөз болса бұйырмасын. Жамбыл атамызға да обал болды. Сталинге тең таппай, «күндіз бар да түнде жоқ» дегендей, ай мен күнді де теңеуге алмады. Осылай айтпаса, талқаны таусылатын еді. Күнкөріс құртады ғой өңеші тесік пәндені. Түрмеге түсіп, сүйегі шірігенді кім жақсы көрсін. Қас батырлар анау Мағжандар, Ахметтер, Әлихандар, Әлімхандар, Жүсіпбектер, Міржақыптар ғой. Отаршыларды қарғыс отымен қарыған қайран Мағжан! Халық оны сол үшін де сүйеді. «Сасқанда ешкіні «апа» депті» дегендей қуғын-сүргіннен қажып, жиырмасыншы жылдары ішінде-ақ ақын ретінде бұл пәнимен қош айтысқан Мағжанның Жәкеңе пана сұрап, хат жазғаны есінде болар. Қолымызды кеудемізге қойып тұрып, адалын айттайықшы, Жамбыл мен Мағжан бір таразыға тартылуға лайық па? Ақынға екіжүзділік — өліммен тең. Өлмес ақын, тек шындықты, тағы да қайталаймын, тек шындықты айтады. Оны айта алмаса

көп үндеместің қатарында жүргенінің өзі жақсы.

Бір кезде отаршылдық тұқыртып, салбырап кеткен басымызды, ұлттық рухымызды көтеруіміз керек. Өзің айта беретін Рух пайғамбарлары сонда туады. Бүгінгі идеология насихаттап жүргендей, дүниенің кілті ақшада болса (қазір соған кетіп барамыз), онда ұлттық мінез-құлқымызға, салт-санамызға қауіп туа ма деп қорқамын. Рухани жұтандық — бишаралықтың ең сорақысы, ең қауіптісі. Дүниедегі бар пәленің бастысы — жадысыздық (безпамятство) екен. Халқын ойламай қарнын ойлайтындарға тарихтың да, әдебиеттің де, мәдениеттің де қажеті жоқ. Өйткені олар «заманың түлкі болса, тазы болып шал» дегенді ұстанып, заман қалай өзгерсе, солай өзгеріп, құбылып отырады. Антон Чеховтың «Душечкасы» сияқты. Бәрінің де көңілін табады, бәріне де сүйікті бола алады.

Сөздің төркіні ұлылық жөнінде еді ғой. Осы жерде тамаша ақынымыз Ғафу Қайырбековтің дүниенің күйіп тұрған кезінде айтқан мынадай бір өлеңін келтіре кетейін:

Әлі күнге бір сұрақ — мен аңғарман,

Сұрап келем ақылды адамдардан.

Өзге жұрттың хандары жақсы болып,

Біздің хандар қалайша жаман болған?

Осылайша ақиқатты бүкпей айтамын деп Ғафекең бір кезде «ұшып» кете жаздап әупірім-тәңіріммен зорға қалған.

Қалқам Серік, Махмұт Қашқаридың «Ұлыны ұлы тұтса — құт болар» деген бір даналық сөзі бар еді ғой. Ұлыны тану үшін де ұлылық керек. Күні бүгінге дейін Абайды орыс тілінде сөйлете алмай келе жатқанымыздың бір құпиясы Абайға теңдес келетін аудармашы әлі туған жоқ. Орыстың тағы бір ұлы адамы әрі жазушысы Михаил Шолохов

1954 жылы күзде Алматыға Қазақстан жазушыларының съезіне (құрылтайына) қатысып, былай дегені бар: «Соғыс кезінде менің отбасымды құшағына алып, қамқор болғаны үшін қайырымды да ұлы қазақ халқына рахмет айтамын!» Содан Шолохов кішірейіп қалған жоқ. Қайта биіктей, асқақтай түсті. Ал осы соңғы кезде Толстойды да, Тугеневті де, Чеховты да, одан кейінгі үлкен-кішілі ақын-жазушыларды да сырып тастап, дара данышпан деп шашбауын көтеріп жүрген А.Солженицын қазақ даласын Ресейге теліп, мал айдап өткен жердің бәрі қазақ жері бола бере ме деп, байтақ Қазақстанның оңтүстігін ғана бізге бұйыртқанда беті шылып етпегенін өзін жақсы білесің. Сол, қазақтың дәмі атқыр, суайт жазушының шығармаларын Қазақстан мектептерінде күні бүгінге дейін оқытып жүргенін қалай түсінуге болады?

Қысқасы, Серік бауырым, «ұлы» деген сөзді көрінген жерге қыстырып, көрінгенге теліп, жалбақтай беру ешкімге де абырой әпермесе керек. Осындайда Петербургті шаруалардың сүйегінен тұрғызған Бірінші Петр де ұлы, татарлардың қанын судай ағызған қаһар Иван да ұлы, 1917-1959 жылдар арасында кенестік жүйе арқылы 110 миллион адамның өмірін жалмап жұтып, солардың 550 миллион литр қанын ағызған Қазан төңкерісі де ұлы. Ұлы зұлматтың басында «ұйымдастырушы, дем беруші, басқарушы» болған заманымыздың «ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы» атанған коммунистік партия да ұлы... Бұл не қылған толып кеткен ұлылық, жаным-ау. Мүмкін айтарсың, ағамыз өзі де сол партияның қоржынынан шыққан жоқ па, несіне пәксініп отыр деп. Имандай шыным, қырық жыл партия қатарында болғанда тек адамгершілік арымның, ақ жүрегімнің бұйрығын ғана орындадым. Ол өз алдына бөлек әңгіме.

Ал енді ұлы Лев Николаевич Толстой (оның ұлылығы тек талантты жазушылығында ғана емес) қасына қызын ертіп, қолына шалғы алып, жетім-жесірлерге шөп шауып бергенінде, сонау Ясная Полянадан Тулаға апаратын жол бойында қайыршылар мен бейбақтарға арнап әмиянына толтырып алған тиын-тебенін үлестіріп, әңгімелерін тыңдағандығында. Міне, осындай адамды ұлы деп атасақ — оған кім таласады.

Немесе әдебиет әлемінде бүкіл Шығыстың данқын асқақтатқан, баршаның мақтаны болған Мұхтар Омарханұлы Әуезовті ұлы деп атасақ, парасатты адам таласа қоймас. Әлемге белгілі қаламгер Бенжамин Матип көзінің жасын төгіп тұрып «шынында да, бұл қазақтар неткен ғажайып халық. Осы кереметтік «Абай» романында қандай тамаша суреттелген» деген екен. Сонда қалай, қазақтарды ұлы халық деп айтуға біздің құқымыз жоқ па, әлде айтсақ біреулердің аузы қисайып кете ме? Қалай дегенмен де ана жерде тұрған Иван — ұлы орыс халқының ұрпағы. Мына тұрған Бейсембай — шағын қазақ халқының баласы десек — сыпайы айтқанда, білімсіздік болар еді.

Патшалық Ресей «ұлттар түрмесі» болғанын кім өтірік дей алады. Түрмедегілер арасында күші басым жуан жұдырық, айуан мінезділер үстемдік етеді қашанда. Біз сол түрменің теперішін көргендерміз. Енді тым болмаса, мына көгілдір Туымызды көтерін, Әнұранымызды шырқап, Елтаңбамызды жүрегімізге басып тұрып шындықты айтып өтейік те.

Құдай өзі берген жанын өзі алады дейді халқымыз. «Айтпасаң — сөзін өледі, айтсаң — өзін өлесің» дегендей қанқұйлы заманнан құтылғанымыз рас болса, шындықтың бетіне тура қарап сөйлейік.

Ақын үшін де, журналист үшін де сөзбен ойнауға



болмайды. Бүгінгі адамдар сауатты, сөзден сүрінген көшеде келе жатып сүрінгеннен әлде қайда жаман.

Ал, бауырым Серік, сен ағана өкпелемессің деп ойлаймын. Сенің жеке басына тағар мінім жоқ. Бәрі де «соры қалың, соққы жеген» ұлтымыздың қамы ғой. Көр бала болмасып, болашақ ұрпақ, елім деген, жерім деген еңіреген ер болсын!

1993 жыл.

### Желтоқсаншылар аманаты — елім деген ерге сын

Грекия ғалымы Геродот тарихты «Ғылымдардың атасы» деп атаған екен. Тарихсыз өткенімізге баға бере алмаймыз. Осыны түсінген ресейлік отаршылар біздің тарихымызды біржола жоюды басты мақсат етті. Шабуылды еліміздің қаріп, жазуын жоюдан бастап, сол қаріппен жазылған кітаптарды, ескерткіш мұраларды құртумен жалғастырды. Ол — ол ма, сол жазумен құнды еңбектер қалдырған түркі, араб ғалымдарының аттарын ұмыттырып, олардың туындыларын өздері меншіктеп, иемденіп алды. Әбу Әли-ибн Синаның «Медет Синасын» (Синаның жәрдемі, емі деген сөз) «Медицина», Мұхаммед әл — Хорезмидің «Әл-жебр-уа» атты еңбегін «Алгебра» деп атауға ұялмайды. Бұл — отаршылардың санамызды қойыртпақтап, мәңгірттендіруге жасаған бір ғана қаскөйлігі, арысыз арамзалығы.

Ал, тамырымен жұлып құртатын — геноцит, этноцит саясаты ше? Мұндай сұмдықты монғол, жоңғар шапқыншылары да жасай алмаған. Бұдан жүз жыл бұрын 4 миллион 84 мың (санақта адам, мал санын көптеп жасырып қалғанның өзінде) деп

есептелген қазақтардың бүгінде бүкіл дүние жүзіндегі барша қандастарымызды қосқанда он миллионнан сәл ғана асып отырғанын қалай түсіндіруге болады? Отарлық зұлматтын ащы уын дәл қазақтай жұтып, қазақтай қорланған, зорланған халық жоқ десе сенесіз бе? Шындық солай. Қазақтардың саны сол кездегі 727 мың өзбекті (бүгінде 25 миллионды құрап отыр), 350 мың тәжікті, 281 мың түрікпенді, 202 мың қырғызды қосқандағыдан 3-4 есе артық болғандығы санамызға енді-енді ғана жеткендей. Бұл цифрлар жеті құлыппен мықтап жабылып, қатан құпияда ұсталды ғой.

Ашық, аяусыз түрдегі қуғын-сүргін, «қызыл қыран», «казактар серуені» жоспарлы түрде ұйымдас-тырылды. Отаршыларға халқымыз емес, жеріміз керек еді. Тіпті патша думасының Марков деген бір шовинист сілімтігі «Қазақтар Шыңғыс пен Темірланның ұрпақтары, сондықтан оларға ана американдықтардың қызылтерілерге (жергілікті халықтар — үндістерге) істегендерін біз де істеуіміз керек» деп көкігенде «Әй, не оттап тұрсың?» дейтін есі бүтін бір адамның табылмағаны геноцит саясаты мемлекеттік саясат болғанына көз жеткізеді. Өтіп бара жатқан ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, 1937-38 жылдары шырқау шыңына шыққан «қызыл қырғын» ұлтымыздың басын алып, жүрегін жаншып, аяқ-қолына темір бұғау салғанын бөріміз бірдей сезшбесек те көңіл көзі ояу, санасына сәуле түскен, жігері мұқалмаған жас қауым өкілдері түсіне бастаған еді. Жеріміздің батысын Түрікпенстанға, солтүстігін Ресейге, оңтүстігін Өзбекстанға, оңтүстік-шығысын ұйғырларға беруге жоспарлап қойды. Ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Семей жері атом апатынан қансырап, жер тозып, ел азып бара жатқанын

көзі барлар көрді ғой. Сонда да санасы жүдеп, рухы тұралап қалған қайран халқымыз арыстан Абылай, жолбарыс Кенесарының қасиетті атын атап, ұран сала алмай жүрген. (Алмас қылыштай жарқылдаған рухымыз Кенеханмен бірге өлгендей еді). Тіпті кейбіреулеріміз «жеріміз — космос ғаваны» деп мақтандық та. Тіл — сақау, сана — мақауға айналды. Оған да шыдадық. Жымысқы орыстандыру — «классикалық» отарлау саясаты жан-жағымызды торлап, байлап-матап алды. Айта берсек мұндай сұмдықтар шаш етектен келетін еді.

Қызыл империяға Одақта тұнғыш рет сес көрсетіп, айбат шеккен Желтоқсан қозғалысы міне, осындай озбырлықтарға қаймықпай қарсы шыққан от жүректі жас қазақтардың ешкім ойына келмеген тосын да жасын қимылы. Бірақ бұлар қолдарына қару ұстағандар емес, хрущевтік жылымықтан, горбачевтік қайта құрудан дәметкендер еді. Бар болғаны — рухы жасып қалған аға буынның, зиялы атанғандардың алдына түсіп «Лениндік ұлт саясатын» қалпына келтіреміз, өз елімізді өзіміз басқарамыз дегендер еді. Бұл жерде жастардың «Лениндік ұлт саясатының, интернационализмнің» тек қағаз жүзінде екенін әлі түсініп жетпегендігін (Қайрат Рысқұлбековтің соңғы сөзін оқыңыз) ашып айтқан жөн. Бетпе-бет келгенде отаршылар хайуандық бейнесін бүкіл әлем алдында айқын танытты... Бет пердесі сыпырылды...

Желтоқсан қозғалысы дүлей күшпен жанышталды. Оған қатысушылар түрмелерге жабылды. Түрлі әдіс-айламен өлтірілді, мүгедек болып қалды. Бір таңқаларлығы — сол жауыз жазагерлер сазайын тартпай әлі сайрандап жүр.

Қозғалыстың шындығы жасырын ұсталды. Алаңға шыққан бейбіт жастар бұзақылар, маскүнемдер, нашақорлар атанды. Олардың өздері түгіл

ата-аналары, туған-туыстары, дос-жолдастары қудаланды. Осындай аяр, жымысқы саясат адал адамдардың өзін адастырды, ал шовинизм уына суарылғандардың отына май құйды.

Осыған бір ғана мысал, Желтоқсан қозғалысы кезінде мен ауруханада ауыр операциямен жатқан едім. Айдың 19-20 күндері бір топ қазақ дәрігері маған келіп: «Аға, сіз қандай ақыл айтасыз, бізді жиналыста ұлтшылдар (сол кезде жалпы қазақтарға осындай сенімсіз, теріс көзқарас болғанын жасырудың енді қажеті жоқ) деп жатыр. Біз — шипагерлерміз. Науқасты ұлтына, дініне қарай бөліп көргеніміз жоқ, — деді реіншпен. Бұл өте қиын да ауыр сұрақ еді. Менің ойыма түскені Лениннің «Ұлы орыс шовинизмін» айыптайтын бір мақаласы еді. Сонда «шовинизм болмаса, ұлтшылдық та болмайды» деген сөз бар. Соны тауып алып, есірік көкезулерге көрсетіндер, — дедім. Біраз уақыт өткен соң жер-жерде желтоқсаншыларды жерлеп, даттап, күйелеген жиындар өтіп жатты. Мен қызмет істейтін облыстық телерадиокомитетінде де жиын өтіп, онда сол кездегі обкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Нестеров деген баяндама жасады. Оның сөзі де сол кездегі партия қайраткерлерінің жарапазанындай «ұлтшылдыққа қарсы күресті күшейту, ұлтшылдарды түп тамырымен құрту» болды. Сол жиында бұрынғы режиссер, зейнеткер Өксікбай Тойбаевтың орнынан атып тұрып, «Ложь!» деп айқай салған дауысы әлі күнге құлағымда. «Қазақтар ешуақытта ұлтшыл болған жоқ. Өзінің елін сүйген адам ұлтшыл емес, патриот!» деді ол. Жиналыстан соң сыртқа шыққанда Өкен марқұмның (иманды болғыр!) қолтығынан сүйеп, қолының қарын қысып, «Өке, жүрек жұтқан ер екенсіз, ризамын!» дедім. Сонда Өкен «мейлі, жүрегімдегі сөзімді айттым, мені ертең атып



жіберсе де армансызбын» деп таяғын тықылдатып, шапшаң басып жүріп кетті. «Ерлік күнде емес, жалт өткен бір сәтте көрінеді» деген осы-ау, дедім іштей.

Тәуелсіздікке қолымыз жетіп, желтоқсаншылар туралы шындықтың беті ашыла бастаған кезде түрлі хабарлар ұйымдастырдық. Бастарын ақ дәкемен байлаған, беттері жаралы желтоқсаншылардың суреттерін көрсетгік жұртшылыққа. Қайрат Рысқұлбековтің өлеңмен айтқан ақтық сөзін, елмен, жермен қоштасуын, әнмен шырқаттық. Көк өрім жастың тағдырын еске алып, көзімізге жас үйірілді...

Бірде хабарымызға ҚарМУ-дың доценті, ғалым, көптеген тарихшылардың ұстазы (оның ішінде өзім де бар) марқұм Қали Жуасовты қатыстырдық. Ол болған жағдайды шындықпен баяндап шықты. «Сол кезде біз жастарды қып-қызыл отқа итерсек не болар еді? Олардың келешегін ойладық, сақтандырдық» деді ол. Осыдан бір күн өткен соң бір адам телефон арқылы «Сендер кеше желтоқсанда жастарды қуып жүріп жазалауға қатысқан Жуасовты хабарға шақырдыңдар» деп бізді кінәлады. Мен ол адамды келесі хабарға шақырып, осы пікірін көрермендер алдында айтуын сұрадым. Бірақ ол келмеді. Сонан соң айтарымызды бетке айтпай, сырттан жұдырық түйіп, пыш-пыштайтын бұқпантай мінезіміздің бұл да бір көрінісі ғой дедім де қойдым.

Осы айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болатын сияқты: өзге халықтар өкілдері қазақ халқының қайғылы да қиын тағдырын білмейді. Олар түгіл өз қандастармыз түсінбейді. «Кенес өкіметінен не жамандық көрдің?!» деп өзінді сөгеді. Жамандығын бетінен қалқысақ та біраз айттық па деймін. Әділін айтсақ, жақсылығы да болды. Олар: оқуға, еңбекке, демалысқа, дәрігерлік көмекке тегін



қол жеткізгеніміз және басқалар. Отаршылар осылай арқамыздан қағып отырып, ұлтымызды тұқымтұғиянымен құртып, одан қалғанын құлдық психологияның құрбаны етуді түпкі мақсат еткенін ұмыту ел-ананың ақ сүті алдында кешірілмес күнә емес пе?!

Құдайдан тілегеніміз Тәуелсіздік, Азаттық емес пе еді? Қолымызға мылтық ұстап қанды майданға шықпасақ та ата-бабаларымыздың осы қасиетті жолда төгілген қаны, «Алаш» туын көтерген ардагер ағаларымыздың аруағы жар болып аңсаған арманымызға жеттік. Тарихтан өшіп бара жатып, қайта гүлдеп, тірілдік. Осыған бір дәлел. Елуінші жылдары Мұхтар Әуезов Үндістанға барып келген соң ҚазМУ-да өткен жиында «Үнділер қазақты білмейді екен, тек Сталинге арнаған өлеңі бойынша Жамбылды естеріне түсірді» деген еді. Сөйткен қазақтарды, оның Отаны, Атамекені — Қазақстанды бүкіл дүние жүзі таныды. Күні кеше түсімізге кірмейтін жаңалықтар, оң өзгерістер болып жатыр. Мұның бәрін бір мақалада айтып шығу мүмкін емес. «Тәуба!» дейміз. Мың қайтара шүкіршілік айтамыз!

Бұрын Ресей сияқты алпауытқа жіпсіз байланған елді қайта құру, саяси, экономикалық тәуелділік бұғауын біржола үзіп шығу оңай шаруа еместігін де түсінеміз. Экономикалық қиыншылықтармен ере келіп, кең тарап, тамыр жайып бара жатқан сыбайлас жемқорлыққа және басқа түрлі қылмыстық істерге, ең бастысы жұмыссыздыққа қарсы күрес бүгінгі күнге үлкен сын болмақ. Қазақтың кіндігі — ауылдың тарыдай шашылып бара жатқаны да жүрегімізді сыздатады.

Күні кеше Президентіміз шет ел инвесторларымен кездесуде шетелдіктер өз қызметшілерін, жұмысшыларын ала келіп, оларға біздің адамда-

рымыздан еселеп артық ақы төлейтінін, бізді кемсіткісі келетінін батыра сынап, батыл айтқаны бізді риза етті. Жеріміз бай, алтын сандықтың үстінде отырып қайыршылық күн кешу — өзімізді-өзіміз сыйламағанымыз, кемсіткеніміз деп білеміз. Ендігі жерде қазақ халқының тағдырына ғылыми тұрғыдан қарамай алға басамыз деу — адасқандық. Қазақ табиғаты жаңа жағдайларға үйреніп, қалыптасқанша жан-жақты қамқорлықты қажет етеді. «Қалың елім, қазағым» сондай қамқорлықты күтетінін ұмытпаған жөн болар.

«Менің елім, менің Қазақстаным, менің қазағым» деп іштартқан сөздерді айтудан ұлтшыл болмаймыз. Ұлтшылдық, шовинистік елдің елдігін танымаудан, танығысы келмеуден, алға басуымызға кедергі жасап, орманға қарап ұлудан туындайды. Тілін менсінбеуден, дінін бұрмалап, күстаналаудан, асын ішіп, аяғын тебуден шығады. Еліміздің тәуелсіздігін қаламайтындар болса, олар мәңгүрттер мен көзқамандар, тойған жерін төрім дейтін имансыз, отансыздар. Сақтансақ осындай мысық тілеу, арам пейілден сақтанайық!

Дәл қазіргі өтпелі кезең (өкпелі кезең деп те атап жүрміз) аталған қиыншылық шақта «Тәуелсіздік» деген құдіретті сөздің жылуын қанағат етіп, ауыртпалықтарды алыптай көтеріп, ұлттар достығына дақ түсірмей келе жатқан қазақ халқының ерлігіне бүкіл әлем риза болуға тиіс. Егер Қазақстанда тыныштық бұзылмай берік тұрса, ол — ең алдымен, қазақ халқының піл сауырлы шыдамдылығынан, парасатты даналығынан, жаны жайсаң жомарттығынан дейміз. Қазақ сынды сабырлы, салқын қанды, көпшіл дарқан халыққа сырттан келгендердің жылап қоштасатындығы осы сөзімізді бекіте түседі. Тек осы бір жақсы қасиеттеріміздің қадірін түсіріп алмасақ болды...

Ойымызды түйіндеп айтсақ, кешегі Желтоқсанда от кешкен жас жайнақтарымыздың арманы да, алғы буынға тапсырар Аманаты да осында, Елім деген, ұлым деген ер азамат, қазақ баласы сол арманға, сол аманатқа лайық болса екен. Бірін-бірі дос, бауыр қандас санаса екен. Өз бойындағы құдай берген асыл қасиеттерін танып, қастерлеп ұстап, жетілдіре түссе екен. Қайда жүрсе де туған елінің — Қазақ елінің төтенше елшісіндей такаппар сезініп, намысын жанып, ақылын қайратына серік етсе екен деп тілейік Алладан!

2000 жыл.

## Қазақ жалқау емес...

Сұраққа — жауап

*1. Ұлттың жақсы қасиеттері қандай? Нашар қасиеттер ше? Мемлекеттік билік буындары бұларды қалай ескеруде? Үкіметтің басқару жұмыстары ұлтымыздың қай сипаттағы қасиеттерін дамытуға ықпал етуде?*

*2. Жекелеген адамдар бойындағы қасиеттер (адалдық, шыншылдық, арамдық, жалтақтық, жағымпаздық, пәреқорлық, сыбайлас, тамыр-таныс, туыстық, т.т.) елдік істерге қандай әсерін тигізуде?*

*3. Қазақ мемлекетінде қазақ мүддесі қалай қорғалып келеді? Қазақтарды еңбек ету салаларына тарту бұрын қалай жүрді? Қазір ше? Шет елдіктер басқаруға алған жүйелердегі қазақ жағдайы қандай?*

*4. Дәстүрлі кәсінде кім қалай істеу керек? Бұған үкімет қандай қамқорлық көрсетуде? Қазіргі қазақ: «Мемлекет — біз өзіміз» — дегенді айта ала ма? Әлде ондай ұғым көнерген ұрандар қатарында қалды ма?*

Үстіміздегі жылғы көкектің 25-індегі нөмірімізде (№17 (190) «Ұлттың психикалық бітімі және біз» деген тақырыппен сауалдар беріп, пікірлесуге шақырған едік.

Артынша оқырмандардан хат келе бастады. Төмендегі мақала пікірлесудің беташары  
(«Заман Қазақстан» газеті)

1. Ұлт дегеніміз — емтихан тапсырып отырған шәкірт емес, біліміне қарай бағалай салатын. Көптің ішінде жақсы да, жаман да, ақылды да, ақымақ та, қайырымды да, қатыгез де, иманды да, зұлым да, кішіпейіл де, кекірт те, жомарт та, сараң да, тағы басқалары кездесе береді.

Ұлтымыздың жақсы қасиеті дегенде ең алдымен тілімізге оралар — көпшілдігі. Осыдан келіп қазақ — жаратылысында ешкімді жатырқамайтын, құшағы ашық, дастарханы ортақ, төрі қонағына бұйырған халық деген қорытынды жасауға болатын сияқты.

Қызыл империяның тұсында қазақ жерінен кім пана таппады. Солардың біреуінің маңдайынан шерткен қазақ сирек шығар. Сол кең пейілі, дархан жүрегі үшін болар неміс те, чешен де, қарашай да, т.б. бізден кетерінде жылап қоштасатынын кім білмейді.

1990 жылы Егіндібұдақ ауданынан келген Шоколад Шошаева деген оқушы теледидар арқылы айтқан әнінде:

Қонақжай қазақ ел едік,  
Келгеннің бәрін қарсы алдық,  
Ауыздан жырып бердік те,

Өзіміз тұрдық тамсанып, — деген еді. Осы бір жап-жас қыздың жүрегін жарып шыққан шындық сөзге дау айтатын адам табыла қоймас.

Ертеде бір дана адам сапарлас жас жолдасына



«Отырған орнынан сырғып, келгендерге орын бере берме» деген екен. Серігі ол ақылды алмай сырғи-сырғи ақыры есік көзіне шығып қалыпты. Кейде ойыма келеді, біздің қазақ та сондай ма — деп. Қазекен «туған жерін елім дейді, өзгелер келген жерін төрім дейді», Төрге шығып алған соң «Балаларым осында туған, анау жерде атамның, мына жерде әкемнің моласы жатыр» деп дау соға бастайды. Солтүстік, Шығыс өңірлерімізде кейбіреулердің сепаратизмді аңсап, өңешін жыртып жүргені — бір жағы патша үкіметінің қысымынан, көк мылтық күшінен болса, екінші жағы — қазақтың тірі пендеге көз алартпайтын кеңпейілділігінен болса керек.

Жамбыл атамыз «Калинин Қазақстанға келе жатыр» дегенде «Неге келеді екен?» депті. «Бізге жер береді екен» деп түсіндіріпті. Сонда Жәкең: «Өй, ол қызынды ұрайынның арқалап келе жатқан жері бар ма екен?» депті күйініп. Сол айтқандай-ақ ешкімнің арқалап келген жері жоқ еді ғой.

Соғыс кезінде біз мектепте оқып жүрген бала едік.

Жер аударылған немістерге, оның ішінде балаларына тісімізді қайрап жүрлік алғашқыда. Неміс болған соң жау дегеніміз ғой. Бір күні бір баланы төмпештеп тастадық, Сонда менің әкем, мектеп директоры Ж.Кеңесбаев: «Сендер неткен ақымақсыңдар. Бұлар сонау Германиядан келді деп жүрсіндер ме? Бұлар Петр Бірінші, Екатерина патшалардың тұсында Ресейге келіп сіңген өзіміздің немістер. Ешқайсысына соқтығушы болмаңдар!» — деп бізді ұялтқан еді. Содан бастап біз аш-жалаңаш неміс балаларына үйімізден соғымның етінен ұрлап апарып беретін болдық.

Қазақтың көпшілдігі, кеңпейіл дархандығын дәлелдейтін мысалды ондап, жүздеп келтіруге бо-



лар еді. Осымен тоқтатайын. Айтайын дегенім, біздің ұлттың осындай жақсы қасиетін, имандылығын сыртқы елдің бәрі бірдей түсіне бермейтінін аңғармаймыз-ау. Түсінбегендіктен төрінде тайраңдағысы келеді. Әрі-беріден соң әлгі қасиеттеріңді қорқақтығың, жалтақтығың, жалпақбайлығың деп түсінсе қайтесің? «Сыйды сықтама» дейді атам қазақ. Бірақ соны өзі орындай бермейді. Үйіне келген адамды кеңірдегінен келтіре тойдырып, тіпті «атасының асына» суарып, тәлтіректетіп шығармаса көңілі көншімейтінін қайтерсің.

Нарық кіргелі «Өтпелі кезең» деп ат қойғанымыз «өкпелі кезеңге» айналып барады. Қазақтың, әсіресе, ауылдағы қазақтардың өкпесі қара қазандай. Жер берілді. Мал берілді. Енді неге өкпелөйді? Бұл жерде үкіметіміз бір нәрсені ескермей елемей отыр. Патша үкіметі қазақтың ең шұрайлы жерін тартып алып, қара шекпендерге иелендірген. Кеңес өкіметі оны өзгерткен жоқ. Қазақ шөлді, шөлейт жерлерге көшірілген. Әйтеуір техниканың, жанар-жағар майдың күшімен мал бағып келген еді. Енді не болды? Техника тозған. Жанар-жағар майдың құны удай. Қолға тиген мал сатылды, өлді, Базарлы жерден 200-500 шақырым жерде тұратын әр сайда қалған қазақтар несін саудаға салады? Коммерсант, бизнесмен атанғандар тауары үшін әкесінің құнын сұрайды. Амалсыз алады... Мектеп, клуб, кітапхана, жабылып жатыр. Жұмыссыздық жайлап алды. Еңбекақы, зейнетақы көрмегелі қашан? Жастар сендей соғылысуда. Қалаға ағылуда. Мұнда оларды құшақ жайып қарсы алып тұрған «нағашылары» жоқ. Өртүрлі ортаға түседі. Аш, жалаңаш қылмысқа ұрынады. Ақыры темір тордың аргы жағынан бір-ақ шығады. Таяуда Қарағандыдағы №16 түрменің бір шенеунігімен сөйлескен едім. «Бізде отырғандар-

дын 70-80 проценті қазақтар, көкөрім жастар», — деді. Үкіметіміз ұлтымыздың қай сипаттағы қасиеттерін дамытуға ықпал етуде деген сұраққа жауапты өздерініз іздеп көрініздер... Біреудің көзінің ағы мен қарасына балаған алтын асықтай баласының қылмыскер болып шыға келуі оп-оңай екен! Ал, анау темір тордан адам болып қайта ма? Аң болып қайта ма? Құдай білсін. Менің ойымша, соңғысына көбірек ұқсап қайтар. Өйткені, онда отырғандардың ішінде «ұрыны ұрлайтын қарақшылар» аз емес. Аздырады, азғындатады, Тоздырады.

2. Жекелеген адамдар туралы саралап айту қиын болар. Әркім өз әлінше еңбек етеді, үлгі-өнеге көрсетеді. Жалтақтық, жағымпаздық деген пәле өріс алып бара жатқан сияқты.

Сөз қадыры кеткендей, Айтылған сөздің құны азайғандай. Сөз қадірі кетсе — адамның өз қадірі кетенінін ескере бермейміз-ау.

Қазір ата-баба рухын қастерлеп, аруағына бас иіп, ас беру көбейді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп аруаққа бағышталған асты өздерінің бас иетін, сүйеніш ететін немесе бұрын қарыздар болғандарының құлқынына құятын параға айналдырып бара жатқан жоқ па осы, деген ой келеді. Неге десеніз, халықтың аруақ сыйлап берген малына, ақшасына әлдекімдерге (еңбегі сіңсе бір сәрі ғой) ат мінгізіп, шапан жауып жатқандарды жарамсақтар, жағымпаздар демеске лажың жоқ! Бұл да бір ұлтымыздың буынына түскен жегі құрт!

3. Қазақ мемлекетінде қазақтардың мүддесі қалай қорғалып келелі деген сұраққа жауап жоғарыда біраз айтылғандай болды.

Сонда да... Бізде, біздің Ата Заңымызда «Қазақ мемлекеттігі» деген аса салмақты, құнды, мазмұнды тіркес бар. Бірақ іс жүзінде басқаша. «Қазақстан халықтарының мемлекеттігі» дегенге ұқсайды. Кейін

қалай боларына көз жетпейді. Әзірге осылай. «Мемлекеттік тіл» деп жарияланған қазақ тілінде сөйлесу ешкімге міндетті болмаса, қажеті болмаса, мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылғанымен емтихан алынбаса, біліміне баға қойылмаса, қазақ тіліндегі зордың күшімен ашылған бала бақшалар, мектептер енді жабылып жатса, мектеп, институт, университет бітіргендер, оны айтасыз-ау ғылым кандидаттары жұмыс таба алмай (шет елдіктер, орыстар, т.б. оларды орналастыруға ынталы еместігіне күманданбай-ақ қойыңыз) сандалып жүрсе, базар жағалап, қара қайыс болып күн кешсе, үкімет, әкімшілік (акимият деп дабырайтамыз) көзін жұмып отырса — қайдағы қазақ мемлекеттігі айтып жүргеніміз? Кеңес кезінде тым болмаса «Ұлттық кадрлар даярлайықшы» деуші еді. Сағынып отырмасам да айтайын, «Мына жерде обязательно ұлттық кадр отыруы керек» шегелеп те қоятын, Енді ше? Енді «өз күніңді өзің көр». Міне, бүгінгі ұран осы. Күніңді көре алмасаң — өзің кінәлісің. «Екі қолыңды бос қойдық», жұмысты өзің тап. Жалын, жалбарын, қайда айдаса жүре беретін құлы бол, шыдасаң осы, шыдамасаң — жүре бер. Шыдар еді-ау. Жұмыс қайда? Жаппай жабылып жатқан кәсіпорындар... Бизнеспен айналысайын десе — ақша жоқ. «Кедейдің күні кіжінумен өтеді» дейтін мақал дәл бүгінге арналып айтылғандай.

Бір кезде ФЗО (фабрика-завод оқуы) деген болушы еді. Неге сондайларды ашпасқа? Мемлекет өзі кадрлар (ұлттық кадрлар) даярласын. Оқытуға кеткен қаражатты ертең жалақысынан ұстап отырсын.

Түбінде өзінің ұлттық кадрына сүйенбеген мемлекеттің табаны тайғақ. «Өзгенің түбі — шикі». Өзіңдікі өзекке тепсең де кетпейді, сатпайды, сатылмайды Шетелдіктер бізді жарылқау үшін, бау-

ыры елжіреп келіп жүрген жоқ, көкейін тескен — пайда. Пайдасыз жерге байлап қойса да тұрмайды олар. Электр энергиясының, судың құнын шырқатып өсіріп жатқанына куәнің қажеті бола қоярма екен?

4. Дәстүрлі кәсіп дегеніміз мал шаруашылығы ғой. Малыңыз жылдан жылға пұштиып бара жатқанын айтудай-ақ айтудамыз. Оған үкіметтің қамқорлығы жоқ. Енді болса — көрерміз. Әзір ауыл азып-тозуда. Осы жағдайды қыста бір баспасөз мәслихатында «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Ахат Жаксыбай айтып салғанда Нүрекең: «Қане — айтшы сол жерді, мен ертең комиссия жіберейін» дегенде Ахат үндей алмай қалды. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» дегенді ойлады-ау. Әттеген-ай, «комиссияңызды өзім бастап барайын» десе қайтетін еді деп, теледидар алдында отырып бармағымызды тістедік. Елбасын, үкімет басшыларын әлгіндей қалтылдап отырған жерге қай әкім апарады? Онда өзі жұмыссыз қалатынын білмей ме, шындықты көрсетіп, өле алмай жүрген ақымағыңыз жоқ бүгінде. Басшылар жылдан жылға қуланып, «өмірге бейімделіп, ширап», келе жатқанын неге жасырайық. Міне, сондықтан да жоғары лауазымды адамдар елдің, әсіресе, алыс ауылдардағы халықтың жағдайын жете біліп отырғанына күмәндіміз.

Айта берсек сөз көп. Қарааспанды суалтып, сол үшін біреуден бірдеме дәметіп отырғанымыз да жоқ. Шындықты айту қиын. Ал, оны дәлелдеу одан он есе қиын. Әйтеуір баспасөз бетін көрсе, ел оқыр, е... бізді де ескеретіндер бар екен-ау дер. Бірақ осыны жоғарыда отырғандар оқымайды ғой деген ой мазалай береді.

1997 жыл.





## II. ЖЕР



### ЖЕР ТУРАЛЫ МӨЛТЕК СЫР

Парламентіміз «Жер туралы» Заңды халықтың талқылауынсыз, келісімінсіз-ақ кесіп-пішія қабылдап тастағысы келіп еді, ойлағаны орнынан шықпады. Заң жобасын қайта қарап, жетілдіру үшін Үкімет кері қайтарып алды. Сонымен қайта қарау жаңа парламенттің үлесіне қалдырылды. Жер жыры Қазақстан Республикасының әрбір ақ ниет азаматын әлі де толғандыра бермек. Сол көптің бірі ретінде мен де өз пікірімді жұртшылық назарына ұсынуды жөн көріп отырмын.

Ең алдымен осы жер сату дегеннің өзі дұрыс па, пісіп-жетілген мәселе ме, жер иесі — қазақтардың ой-пікірі зерттеліп, ескерілген бе? — жеген сұраққа жауап іздеп көрейік. Жерді сату жөніндегі пікір — ұшқары, ауыл шаруашылығын жекешелендіру сияқты асығыс шешімнен туған. «Асыққаннан ақаулы бала туады» дегендей, қателікті тереңдете түседі. Бір кезде мың-мыңдап мал өсіріп, миллион пұттап астық жинайтын ірі-ірі шаруашылықтардың орнын үрпе-шүрпе шаруа қожалықтары толтыра алмайтынына көз жетіп, көңіл сепді, бірақ сол қателікті мойындаған бір жүректі адам әлі табылмай отырғаны өкінішті. Ондайлар жауынан жасырынғанда басын құмға тығатын түйеқұсқа ұқсайды. Аталған жекешелендіру ат төбеліндей азшылықтың көңілін тапты. Өз пайдасын «қатырған» атқа мінерлер мен



солардың қосшы-нөкерлері, туған-туыстары жіліктің майлы басын қармап қалды. Ал, ауыл шаруашылығының жуық арада көтеріле алмайтынын ерте «болжаған» кейбіреулері қалаға көшіп, жаңа кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға ие болды. Іс жүзінде ие солар, ал қағазда солардың ет жақындары. Мұндай былықтардың беті енді-енді ашылып, «Қылмыстың шетін басқанда ортасы был-қылдай» бастаған.

Жер сату — қазақтың ойына да келмеген, шикі мәселе. Жер сатылса (оның бетін аулақ қылсын) бұған дейін тәжірибе жинақтап, әккіленіп алған «Қу бастан қуырдақ алатын» кейбір су жұқпастардың қоржыны қампиып, ұрты томпаятын табыс көзіне айналатынына күмән жоқ.

Жер — киелі де қасиетті ұғым. Қазақ арасында шешуі шиіе екі мәселе болған, бола да береді. Олар: 1. Жер дауы. 2. Жесір дауы, Қазақ хандары бұларға айрықша мән беріп, назар аударып отырғаны көпке мәлім.

Бір ғана мысал. Скиф, хун, гун, түркі, оғыз-қыпшақ дәуірлерін басынан кешірген бүгінгі түркілердің арғы ата-бабаларының бірі, Шығыстағы Корей түбегінен батыстағы Арал теңізіне, солтүстіктегі Байкал көлінен оңтүстіктегі Ордос (Сарыжайлау) жазығына дейінгі аралықтағы қандас халықтардың басын қосып, қуатты бір мемлекетке біріктірген Хун елінің тәңірқұты Мөде (шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 230 ж. туып, 174 ж. өлген) жаулары қысастық жасап, әкесінен қалған аяғөз тұлпарын, екіншіде қойнындағы ботагөз сұлуын сұрағанда елдің тыныштығын сақтау үшін ақылгөй билердің қарсылығына қарамай беріп жіберіп, үшінші рет Саржайлауды жаз жайлауға сұрағанда:

— Бұл қысас емес, қорлық! Жер менікі емес,

елдікі. Елді ырысынан айыра алмаймын. Жер — Отанның меншігі, Суыр қылышты қынабынан! — деп ұрысқа шығып, дұшпанның жермен жексен еткен де, тұлпарын да, іңкәрін де қайтарып алған ғой.

Жер сатып, одан түскен қаражатқа қарық болуды армандайтын, асфальттан басқа жер иесі мұрнына бармаған кейбір мырзалар осы бір тарих сабағына ой жүгіртіп көрді ме екен? Жер иесі — қазақ халқымен (мен бұл жерде қазақстандықтар деп әдейі айтпай отырмын, өйткені «кеше келген тоқалдар, шөміш алып қоқандар» деуге лайық келімсектер жер иесі бола алмайды), осы жерді қанымен суарған, терімен, тәнімен, сүйегімен тыңайтқан ата-бабаларымыздың бүгінгі ұрпақтарымен кім пікірлесіп, кім ақылдасыпты? Тегінде «бір адамның ішіне бір-ақ аяқ ас сыяды», көптің ақылы — көл. «Қарттың сөзін қапқа сал» дейді дана халқымыз. Алатаудай аталар, Қаратаудай әжелермен сұхбаттасу тек Елбасын сайлауда ғана қажет пе? Жоқ, ел тағдырына сәулесін де, көлеңкесін де түсіретін мәселелердің бәрінде ел ішін аралап, ақылдасып отыру парыз болмақ. Жер мәселесіне орай референдум өткізсек тек қана ауылдық жерде тұратындар арасында өткізген дұрыс. «Малды тапқанға бақтыр, отынды шапқанға жақтыр». Мал өсіріп дән сеуіп көрмегендердің жер тағдырын шешуге қақысы жоқ.

Жерді Ресей отаршылдары да саудаға салған. Қазақтар сол кезде шұрайлы жерлерінен күшпен қуылып, көк мылтық, дәу мылтықтардың оғынан қашып, шөл мен шөлейт, құм қойнауларын паналаған. Ресейден тентіреп келген қарашекпендердің қаражатын, оларға берілген жер құнын патша қазынасы көтерген. Сол кезде қайран Әлекең (Әлихан Бөкейхан) қазақтың мал шаруашылығымен шұғылданатынын ескеріп, «Мал шаруасы тымақ емес,

төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен (десятина) жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз, қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып, жан-жағына қара дейтініміз, қазақ 15-тен жер алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды» деп жан дауысы шыққан. Қазақтың тіршілігі жермен, сол жерде өсірілген малмен тамырлас. Ал, қазіргі қысқа жіпті күрмей алмай, шолақ көрпені не басына, не аяғына жеткізе алмай отырған қазақта жер сатып ала қоятын ақша бар ма? Облыстық Мәслихаттың депутаты, ел мен жер тағдырына шырылдап ара түскенмен қолында билігі жоқ Мақсым Омарбеков (О.Қ. 24.098.99 ж.) өте дұрыс айтады өз мақаласында. Сырттан келіп жер сатып алатындар болса (мейлі қазақстандық-ақ болсын) сіздің шөл, шөлейт, құмды жеріңізге пысықырып та қарамайды. Олардың көкейін тескен Алматы, Алтай, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл сияқты сулы-нулы жерлер. Өзінде ақша болмаса, қалталыларымен жең ұшынан жалғасады. Бір ие болып алған соң сол жерге аяқ басып көріңіз! Өз үйіне өзі кіре алмайтын мүсәпірдің күнін кешетіңізге оң қолыңызды әкеліңіз...

Ең бір сұмдығы жер саудаға түссе «туған жер», «қазақ жері» деген ұғымның құны кетеді. Құдай басқа салмасын, ертең жерімізді қорғай қалсақ кімнің жері деп қорғаймыз? Әрі-беріден соң туған жерге деген сүйіспеншілігіміз салқын тартпасына кім кепіл?

Менің ұсынысым: жер сатылмасын, Жер — халықтың меншігі деп аталып, мемлекеттің қол сұғылмайтын асыл қазынасы деп есептелсіп. Қазіргі отырған жерін халық тегін пайдалансын. Өйткені, бұл жер қазақтардың ата-бабаларының меншігі. Атамекені. Атамекенді ақшаға сатуға ешкімнің

қақысы жоқ. Үкіметтің де, Парламенттің де, Президенттің де... Кейбіреулер «жерді сатпасақ шетел инвестициясын бермейді» деп мәймөңкелейді. Жалған сөз! Инвестиция мемлекетке беріледі. Одан соң Үкімет арқылы пайдалы іске жұмсалады. Ол үшін үкімет ауыл шаруашылығын өркендету Бағдарламасын жасап, оны іске асыруды тиянақтау керек. Қазір ауыл шаруашылығы жетім лақтың күнін кешіп отыр. Ауыл шаруашылығы өркендемей халықтың тұрмысы жақсармайды. Халықтың тұрмысы жақсармаса, рухани аштыққа ұшырайды. Рухани аштық халықты аздырып, тоздырады.

Ресейде революциядан соң мемлекет меншігіне өткен жерін, үй-жайын, дүние мүлкін заңмен қуып жатқандар аз емес. Олар бас сауғалап шетелге қашып кеткендер еді. Ал, қазақтың негізгі бөлігі туған жерін қиып кеткен жоқ. Қызыл қырғынның теперішін өз жерінде бастан кешірді.

Қазақстан жерінің 44-пайызы — шөл, шөлейт, құм, тақыр, сор, сортаң, таулы, тасты жерлер. Республиканың 162 ауданының 72-сі көтерем аудандар. Негізгі тұрғындары — қазақтар. Патшаның қазаққа тартқан «сый қазанының» қақпағын Кеңес үкіметі де қозғаған жоқ. Қазақтар тәуелсіздік алғаннан кейін де сол «сыйдан» құтылып кете алмай келе жатқанына ешкім де таласа алмас.

«Жығылған үстіне — жұдырық» дегендей 40 жыл сынақ алаңына айналған (әлі де созылып келе жатқан), уланған жеріміздің үстінен Ресейдің зымыраны ысқырып, гептилі жаңбырлатып, Қарқаралыдай жер жәннатын көз алдымызда шөлге айналдырып отырғаны анау. Осындай халдегі жерді шет елде резервация дейді. Кеңес кезінде оны жасыратын. Бүгінде жариялылық кезінде мүшкіл халімізді жасыру — халықтар алдындағы қылмыс!



Резервацияда отырғандарға өтемақы төленеді. Бізге өтемақы төлеудің орнына сондай жерді сатып алуды ұсынады. Бюджетті толтыратын қаржы іздесек, оны халық байлығын толғамай жұтқан, жұтып та жатқан жайындардың қарнынан іздейік. Бұған өз облысымызда ашылып жатқан қылмыстар дәлел бола алады.

Сөз соңында айтарым: осы Қазақстанның азаматтығын алу тым арзандап кеткен жоқ па? Американы паналаған Н.Хрущевтің баласы жуырда ғана Америка азаматтығына қол жеткізіп, сол елдің алдында адал болуға ант берді, ақша төледі. Ал, бізде ше? Келсең де, кетсең де, есік ашық деп отырмыз. Келгендердің бәрі бірдей адал болатынына сенімдіміз бе? Ойланар мәселе.

Жерімізді сататындай басымызға күн туып отырған жоқ. Осындай үлкен, маңызды істі қолға алғанда Америка, Европа елдеріне жалтақтай бермей, Орта Азиядағы бауырлас елдерге көз сала отырайық.

1999 жыл.

### Қазақ бау-бақша өсіре ала ма?

Осы сұрақ мені көптен толғандырып келеді. Өз ойымды көптің назарына ұсынып, талқысына салайын десем, әлде біреулердің «егініне» түсіп кетемін бе деп тартына беремін. Өйткені мен бау-бақша өсірудің маманы немесе агрономия ғылымын түбірлеп оқыған кісі емеспін. Әйтсе де соңғы оншақты жылда саяжаймен айналысып жүрші жоғарыдағы сұраққа сенімді түрде жауап бере алатындай болдым ғой деп ойлаймын. Иә, қазақ бау-бақша өсіре алады, өсіргенде қандай! Тек енжар-



лықтан арылып, білек сыбана іске кіріссе...

Осы мақаланы жазуыма тағы бір түрткі болды. Ол — «Хабар» арнасында осы таяуда өткен бір сұхбат. Әңгіме ана мен баланың денсаулығы туралы еді. Не жасыратыны бар, бүгінде ана мен баланың денсаулығы мәз емес. Оның ішінде ауылдағы әйелдер. Ал ауру әйелден сау бала тумайтыны баршаға мәлім.

Әлеуметтік жағдайдың төмендігінен әйелдер базар жағалап кетті. Арбашасы мен дорбашасы қолынан, иығынан түспейлі. Ауыр жүк көтереді. Ананың, болашақ ана — қыздардың бүйрегіне, жатырына, жүрегіне өлшеусіз күш түседі. Сөтіп жүріп ана болу бақытынан айырылып қалуы да мүмкін-ау. Бұған 40 жылғы атом, су тегі бомбаларының апаттарын, одан туындайтын экологиялық зардаптарын қосыңыз.

Енді дүниеге келген бөбектің халі қандай? Қиналып босанған анадан туған жарымжан, нәшекі балалар ата-анаға қуаныштан гөрі қайғы-қасырет әкелетінін көріп, біліп жүрміз. Емшек сүтіне жарымаған бала ержеткенде де әлжуаз. Оған дәлел: әскерге шақырылған жасөспірімдердің 40 пайыздан астамы жарамсыз. Кей облыстарда — алпыс пайызы. Бойлары тапал, салмақтары — мардымсыз, дене күші — аз. Осындай жүрек сыздатар фактілер сұхбатта ашық айтылған шақта өздеріңізге жақсы таныс, пікірін ашық айтатын аз ғана журналистеріміздің бірі — Нүртілеу Иманғалиұлы әңгімелесіп отырған белгілі ғалымға тосын сұрақ қойды: «Сіз осыны айта келіп, ұлтымыздың басына қауіп туып отыр дегіңіз келе ме?» «Иә, — деді ғалым, — қауіп туып отырғанын жасырудың қажеті жоқ. Ауруын жасырған өледі. Тек сол қауіпті жоюдың жолдарын іздестіруіміз керек».

Ол жолдар қандай? Енді біз соған тоқтала

кетейік. Біріншіден, ана мен балаға үкіметтің қалтқысыз қамқорлығы керек. Екіншіден, емдеу орындарының жұмыстарын түбірімен жақсарту, емдеу ақысын кеміту керек. Бүгінде бюджетке қарайтын емдеу орындарының өзі (жеке меншікке көшкендерге дауа жоқ) емделушіні таза тонап алады. Үшіншіден, 3 миллиондай халқымыз өмір сүруге аса қолайсыз шөл, шөлейт және атом апатына ұшыраған жерлерде отыр. Қазақстан кең байтақ, 300 миллион адамды азықтандыруға мүмкіндігі мол деп керауыздана бермей, соларды орналастыру жағдайын мықтап ойластыру қажет.

Қадірлі оқырман! Әңгімені бау-бақшадан бастап, ана мен баланың денсаулығына бұрып бара жатқаны қалай? — деп сөге көрмеуіңізді сұраймын. Бау-бақшаны айтқандағы басты мақсатымның өзі — денсаулық мәселесі.

Бұрынғыдай емес, мал азайды. Бір кездегі 40-50 мыңдап қой өрген кеңшарлардың аумағында бірер мыңдай ғана қой қалыпты.

Жылқымен де қоштасуға таяп келеміз.

Ет, қымыз — қазақтың атасының асы еді. Сонау алпысыншы жылдардың басында шипагер жазушы Зейін Шашкин марқұм «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газеті редакциясында болып, әңгімелескенде: «Туберкулез ауруы — қазақтың ұлттық ауруына айналды. Оған себеп — қазақтар бұрынғыша етпен, жалпы ақпен тамақтанудан шеттеді.

Бие байлаудан, сиыр сауудан, құрт, ірімшік қайнатудан, дүниенің ең арзаны — ақ ірімшік әзірлеуден қашқақтайды. Женгелеріміз, келіндеріміз сары самаурынның шүмегіне қарап қалды. Шәйдің негізі — су, ал, суда витамин жоқ» деген еді. Осы пікір әлі де өлген жоқ. Бұған қосарымыз: адам ағзасын ұстап тұрған барлық элементтер

(темірден бастап) түгелдей жеміс-жидекте, көкөністе. Олар ет сияқты суға салып пісірілмейтіндіктен витамині бұзылмай сақталады. Қазақ оған үйір емес. Көбінесе картон егеді. Оның өзінде агрономиялық ережелерді сақтамайды, топырақты күрекпен көтеріп, соның астына тастай салады. Мұны «құдайға тапсырған» дейді. Құдай енбектенуге мүмкіндік берді, басқа міндет өзімізде екенін ескере бермейді.

Осы жерде бір шегініс жасасам реніш болмас деймін. Менің тұстастарым бала кезінде жеміс-жидекті, көкөністі қолына ұстап, аузына салып көрмеген ұрпақтан. Алапат соғыс басталғанда біз қара сирақ бала едік. Күздің қара суығында Ақтоғай селосында (ол кезде Қонырат ауданы) жер аударылған неміс отбасылары әкелінді. Қаусаған кемпір-шал, жүдеубас әйелдер, қызыл қарын жас балалар. Бірер күннен кейін колхоздарға таратылды. Аш-жалаңаш бейбақтарды қазақтар өздерінің ежелгі қайырымдылығымен қарсы алып, ас-суымен бөлісті. Солар бірер жылда қонайып алды. Оған себеп: өздерінің еңбекқорлығы, бау-бақша өсірумен айналысуы. Жеміс-жидек, овощ тұқымдарын сонау жер түбіндегі Ресей, Украинадан ала келіпті. Аудан орталығынан 4-5 шақырым Қарамойын деген жерде «Өндіріс» колхозы бар еді. Сол колхоздың Жақсыбай Тұрсынбаев деген бір баласы бізге сондағы немістердің бау-бақша өсіргенін хабарлады. Аудан орталығының бір топ қара домалақтары күн бата «атқа қондық». Көз байлана өзеннің қабағындағы қалың талды далдалап, еңбектеп келіп бауға араластық. Қаранғыда сыйпалап жүріп ең үлкенін таңдап, домалатып отырып, тоғай ішіне кіріп, жарып жеп жатырмыз. Дәмі нашар, су татиды. Қауын, қарбызды кітаптағы суретінен ғана көрген біз үлкені деп асқабаққа

жармасқан екенбіз. Оларды тастай салып, қайта «шабуылдадық». Бұл жолы көлемі кішкенелерінен алдық. Онымыз шынында қауын, қарбыз болып шықты. Міне, содан бері 60 жыл өтсе де сол «ерлігімізді» айтып, күліп жүреміз.

Студент күніміздің өзінде оңтүстік жігіттерімен достаса жүріп помидор (қызанақ) дегендерге үрке қарайтын едік. Олар ауылдан қауынқақ, жент сияқты жеміс тағамдарын алдырып сыйлағанда, біз қазы-қарта ұсынып, өзімізше мақтанып қалатынбыз. Сөйтіп жүріп жеміс-жидектің қадірін түсіндік-ау әйтеуір.

1995 жылы «Ана тілі» газетінде «Ақсуаттың жалғыз бағбаны» аталатын көлемді мақала жарияланды. Бүгінде жұрт қолында сақталмаған болар, қысқаша болса да мазмұнын айта кетейін. Семей облысының Ақсуат ауданының тұрғыны, тоқсанға бет алған Байғабыл Бұтабаев деген ақсақал бағбан екен. Бау-бақшасында өспейтін жеміс-жидек жоқ және олардың қазақ жерінің әр түкпірінен, тіпті Ресей, Алтайдан өзі әкеліп, еңбектеніп жүріп жерсіндіріп алады екен. Будандастырған жаңа сорттары да аз емес. Міне, сол ақсақал айтады: «Қазіргі жағдай қиын. Ауылдағылар үшін жеке малға ғана сүйену қате. Жерді де сауу керек. тілін тапқан кісіге жер — төрт-ақ түлік емес, мұның түсімі де көп. Мына менде жердің он алты түлігі бар. Сонда менің табысым осы ауылдағы ақсақалдармен салыстырғанда алты-жеті есе көп...»

Он алты түлік дейтін — аумағы бие баудай бақшаға шырғанақ (облепиха), алма (үш түрлі), алмұрт, мойыл, өрік (екі түрлі), шие, қарақат, бүлдірген (клубника, құлпынай деп те жүрміз), таңқурай (малина), долана, барбарис, тошала, помидор (қызанақ) еккен. Мұның сыртында — картоп, пияз, сәбіз, тағы басқалары бар. Бәкең осыдан өзі жегенінің,



кеусен сұрап келген ағайынға бергенінің үстіне 100.000 теңге табыс кіргізеді екен (қазір қымбаттады).

— Мен, — депті қария, — ауылдастарымның бір ісеген (қой) бір шелек бүлдіргенге ала саламын. Мұндағы жемістер сатсаң қып-қызыл ақша, жесен — әрі ас, әрі дәрі. Шырғанақ бірнеше ауруға ем. Долана мен мойыл ендікпеге табылмайтын дәрі. Барбарис (ит мұрын тектес бұта) ендікпеге долана мен мойылдан да артық дәрі.

Осыған қосып не айтуға болады? Біздің қазекең ашаршылық кезінде де тоғайдағы жемісті бағаламаған ғой. Менің туған жерім — Ақтоғайдың тоғайында өспейтін жеміс аз еді. Қарақат, долана, мойыл, итмұрын, биеемшек, түйетабан, қымыздық, тағы басқалары тұнып тұратын. Амал қанша, соны бағалай алмадық. Кейінгі жылдары селдіреп қалған тоғайды араласам тып-типыл. Балқаштан, Ақшатаудан, түрлі рудниктерден жеңіл машинамен келгендер сабағымен сындырып, машиналарына тиеп әкетіп, тұқымын құртқан. «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасынның» кері осындай...

Мен осыдан бірер жыл бұрын «Орталықта» «Өліп тірілген халықпыз» деген публицистикалық мақала жариялап, жер емшегін ембеген ел өспейтінін, анау өзбектердің жерді сауғаннан өсіп бара жатқанын мысал етіп айттым. Абылай ханымыздың елімізді отырықшыландыруды армандағанын еске салдым. Айтылды, жазылды — кетті. «Е, мынау жөн екен» деген бір жан болған жоқ.

Жә, мен Ақсуаттың бағбанын мысалға келтіргенде өз арамызда ондай адам жоқ деуден аулақпын. Бар, бірақ аз. Жан-жағымызға қарасақ — басқа ұлттар өкілдері. Тіпті сексеннен асқан қариялар да кездеседі. «Мен немене үйде отырып ажал күтуім керек пе?! Қозғалыс — өмір» дейді



олар әңгімелессеңіз. Дұрыс-ақ. Олар баспен ойлап барып қимылдайды. Бас басқармаған жерде қол қор болады. Бұл іс адамның ұлтына қарамайды, еңбегіне қарайды.

Енді өзімнің саяжайдағы бір көршімді айтайын. Ұлты — орыс. «Ич, мич-інді» ұнатпайды. «Володя» десең жетіп жатыр. Өте қарапайым. Білгенін үйретуден, өзі басқадан үйренуден жалықпайды. Ештенесін жасырмайды. Бау-бақшашылар құпиясын айта бермейді. Ал, менің көршімде ондай «секрет» жоқ. Соның арқасында, түрлі кітап, журналдар, оқулықтар арқылы мен де бұл салада сауатымды ашқандаймын. Бәрін де үйренуге боалды екен, тек ынта болсын.

Айтпақшы, Володя бәйбішесімен мамыр айында саяжайға көшіп келді. Содан қазан айына дейін еңбектенеді. Жеміс пісісімен консервілей бастайды. Бір жағынан базарға апарып сатып та жатады. Ал, қыста қиярдың, қызанақтың әрбір үш литрлік банкілері 300 теңгеден кем сатылмайды. Бір түп алма ағашынан 2-3 қап алма жинайды. Бұл да қыруар ақша. Осы біздер сатпасақ та өзімізге көршіқолан, жақын-жуықтарға сыйлауға жетерлік өнім алсақ қанағат дер едік. Манадан бергі әңгіменің түйіні осы болар.

Енді не істеу керек? Қысқаша ғана айтайын. Қалалықтар үшін қазір арзан саяжайлар сатып алуға мүмкіндік туып тұр. Елімізден ата жұртына кетіп жатқандар көп. Бір адамның қаржысы жетпесе 2-3-еуі бірігіп сатып алса, жетіп жатыр. Бірлік бар жерде тірлік бар, Бәрі бірдей күнде шұбамай кезектесіп еңбектенуге де болады.

Ауылдағыларды қинайтыны — су. Су көзі барлар үшін қиындық шамалы. Көң жеткілікті. Ауылдың топырағының өзі көңге айналып кеткенін көріп жүрміз.

Ауыл, аудан басшылары осы іске қозғаушы бол-  
ға. Өздері үлгі-өнеге көрсетсе. Істің тетігін білетін  
адамдарды ұйымдастырып, курстар ашса. Онда  
жерді баптауды, тұқым, көшет дайындауды, егуді,  
баптап-күтуді, агрономиялық шараларды, өсімдік  
жауларынан қорғануды әлгі тәжірибелі адамдар  
үйретсе, тіпті қадағалап отырса артықтығы бол-  
мас еді деген ой келеді.

Сонау бір жылдары Нұра ауданының «Черни-  
гов» кеңшарында іссапармен болғаным бар. Сонда  
директор Владимир Вольф марқұм көктем  
күндерінде алма ағашының ақ гүліне бөленіш, жай-  
пап тұрған селоның әсем келбетін мақтанышпен  
көрсетіп: «біздер — немістер осы бау-бақшадан  
қыруар пайда табамыз. Осындағы қазақтарды да  
үйреттік» деген еді. Үйренем деген адамға үйретуші  
де табылады. Өзінің бойындағы жайбасарлықты  
жеңген адам бәрін де жеңе алады. «Кедейдің  
керінен сақта» дейді халқымыз. Бірақ осы даналық-  
ты іске асыра бермейтініміз бар-ау. Содан арыл-  
сақшы.

Осы бір пайдалы істе бұқаралық ақпарат құрал-  
дары үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі түрде  
жүргізіп отырса, мектеп оқушылары, жалпы жас-  
тар қауымы белсенділік танытса зор ғанибет бо-  
лар еді.

Менің мақаламның мақсаты — жеміс-жидекті  
қалай егіп, өсіру, қалай баптау емес екенін түсінер-  
сіздер. Ол ұзақ жүйелі әңгіме. Мақсат — «жеті  
жасар бала асырамайды, жеті жылдық ағаш асы-  
райды» деп даналық айта отырып, көпке ой салу.  
Әңгіме басында айтқандай, денсаулықты сақтау-  
дың бір жолы — осы. «Күніне екі алма жеген адам  
дәрігерге бармайды» деген сөз бар. Ал, «дені сау-  
дың — жаны сау» болатыны баршаға аян.

Тағы да айтайын, біздікі — ой салу. Кімнің не

істеймін десе де еркі бар ғой. Сонда да бір жақсы тілегімді айтып, сөзімді тәмамдаймын. — Іске сәт, халайық!

### Ақтоғайға — араша, бауырлар!

«Елу жылда — ел жана, жүз жылда — қазан толады» — екен дейді дана халқымыз. Осы мақалдың шындығына бүгінде көрі құлақ атанған біздің замандастарымыздың көзі әбден жеткендей. Осыдан елу-алпыс жылдай бұрын менің кіндік қаным тамаған жерім — Ақтоғай, Тоқырауын бойы қандай еді? Бір ғана көріністі айтайын. Ақтоғай елді мекенінің оңтүстігінде бір шақырымдай жерде Ақтөбе аталатын төбе бар. Жұртшылық тоғайға кірген малын сол төбенің басына шығып қарайтын. Тоқырауын өзенінің екі қабағы қалың жыныс болатын. Ақтоғай дегеніңіз — қалың тал арасында неше түрлі жеміс өсетін, ортасын жарып аққан өзенде балықтың неше атасы тайдай тулайтын, гүлжазира өлке еді. Ақындардың жырына арқау, халқына мақтан болған, қарасаң көз тоймайтын осы бір жер жұмағын сол кезде талай ұрпақты оқытып, тәрбиелеп өсірген ұлағатты ұстаз ақын Жабас Халиоллаұлы өзінің «Ақтоғай» деген өлеңінде былай суреттеген еді:

Толыбай, Қызылтастан сыза тартқан,  
Жаланап, Егізқойтас қатар аққан,  
Түйісіп Тоқырауын арнасында,  
Орғиды бәйге атындай шыға шапқан.  
Ақтас пен Қасабай да андағайлап,  
Қаратал, Жінішкемен шығыс жақтан.  
Бөрі де Балқаш көлін бетіне алып,  
Поездай екпіндете зымыратқан.  
Бақшадай екі қабақ самсаған тал,

Бастарын көк торғынмен бүркеп жапқан.

Әр тұста алаңдары ат шаптырым,

Түріндей масатының шешек атқан.

Мәңгідей нанға ораған құлмақтары,

Мөлдіреп қарақаттан шолпы таққан,

Лақтай ор қояндар асыр салып,

Құлпырып қызыл орман сылаң қаққан.

Күй шертіп кербез аққу, қаз қаңқылдап,

Гүл билеп. әнші құстар ән шырқатқан.

Бейне бір тоғай іші сауық-сайран,

Сайрайды сәнді бұлбұл түс-түс жақтан.

Жарасқан жазық дала екі жағы,

Қоршаған зәулім таулар табиғаттан.

Атасы ақ бидайдың осы Ақтоғай,

Талайды алтын дәні таңырқатқан.

(«Қызыл ту» газеті, 18 мамыр 1948 жыл).

Ұзақ өлеңнің осы бір үзіндісі-ақ Ақтоғай атанған аймақтың әсем бейнесін көзге елестеткендей.

Енді бүгін қандай? Осыдан он сегіз жылдай бұрын жазушы Жайық Бектұров Қарағанды-Ақтоғай жолымен жүріп өткенде «Масғұт-ау, мына жерде қалай тұрғансындар, қазір ел қалай тұрып жатыр?» деп, біздің табиғатқа деген жаны ашымас қатыгездігімізге реніш білдірген еді. Сонда мен қалжыңға сүйеп:

— Жәке, бұл қазақтың өз жері. Сіздің Моншақты, Домбыралыңыздай (Ақмола, Көкшетаудың шекарасы) қарашекпендер басып алған жер емес, — деген едім.

Солай айтсам да, көңілімде Ақтоғай тоғайы, Тоқырауын өзені тұрды. Әйтсе де, сол кездің өзінде-ақ олардың сәні кете бастағаны байқалатын. Енді бүгінгі сиқын көргенде жүрегіңізді біреу шымшып алғандай, мазаныз кете бастайтыны жасырын сыр емес.

Ақтоғайдың қазіргі жүдеу күйін қара сөзбен



жанашыр адамдардың әңгімесінен мысалдар келтіріп, айтып жеткізуге болар еді. Десек те, жоғарыдағы өлеңге салыстырма ретінде және өлең сөз нысанаға дөп тиер деген оймен мына өлең жолдарын ұсынуды жөн көріп отырмын. Қара бояумен сурет салайын деген ойым жоқ еді, бірақ шындықтан аса алмадым. «Сократ — менің досым, бірақ шындық одан қымбат» деген аталы сөз бар. Азып бара жатқан туған жердің жан дауысын естімесек, керек болғанымыз гой. «Өткенді мылтықпен атсаң, болашақ сені зеңбірекпен атады» (Р.Ғамзатов). Келер ұрпаққа мирас етіп қу тақырды қалдырсақ, олар біздің маңдайымыздан сипай қоймасы хақ.

### Қайран өлкем тұнжырап...

(Реквием)

Суың қайда сынаптай сырғып аққан,  
Нуың қайда жағасын бүркеп жапқан.  
Тұншығыпты жарға ұрған толқындарың,  
Тыншығыпты көк құрақ сыбдыр қаққан.  
Аң адасқан алпауыт орманыңды,  
Қансыратып қандай қол балта шапқан.  
Жер жұтты ма сар сазан, шортаныңды,  
Бал сорпасын тамсанып талай татқан.  
Аққу ұшып, қаз қонған айдындарың  
Айнымайды тақырға тұрған қақтан.  
Мөлдіреген бота көз қарақатың,  
Дәмі қапты тілімде бала шақтан.  
Қазан ұрған долана, мойылыңды,  
Құлмағыңды бейне бір сырға таққан.  
Мақтанышым — жазирам қайыршыдай,  
Тағдырына торығып ойға батқан.  
Алла менен адамнан сауға сұрап,  
Қайран өлкем тұнжырап мұнын шаққан.



Кім көреді олардың жылағанын,  
Ку жанына араша сұрағанын?  
Кім тындайды олардың шер мен зарын,  
Кім аяйды бүгінгі мүшкіл халін?!

Сұрайды енді бұл жерге келген-кеткен,  
«Ақтоғай» деп атаған не себептен?»  
Тоқырауын «толқыны» ансамбльде  
Аты қалған күйінде толған шерткен.  
Жағасына жарысып ауыл қонған,  
Айдынды өзен арнасы құрғап кепкен.  
Қырық жылдық зұлматтың кесірі ме,  
Жер астынан шыққан у сыртқа тепкен.  
«Адам — бала, жер — ана» деуші еді ғой,  
Қорлық бар ма анаға бұдан өткен?!

«Жері байдың — елі бай» депті бабам,  
Бір терегі қисайса болған алаң.  
Үстін орып, енді астын сорып жатса,  
Қарсы қояр қайраттың, бар ма шаран?  
Тоғайың мен өзенің сәнің еді:  
Сәнің кетсе, әніңнің күні қараң.  
Жерің азар, елдің де құты тозар,  
Табиғатпен кіндіктес қашанда адам.  
«Елім, Жерім» дейтұғын, Ей Азамат,  
Жәннатыңа қорған бол, келсе шамаң!

Асығамын жеткенше тугаң жерге,  
Саз жастығым, мәз күнім өткен Елге.  
Көз алдымда аяулы екі сурет —  
Сырнайлы өзен, әнші орман-сағым перде.  
Ақшабақ боп айдынды жарып өттім,  
Масаңдаумен желпіген жұпар желге.  
Осылайша қиялдап қауышамын,

Атамекен пейіштен, айтшы кем бе?!

Сол суретпен енермін оралмасқа,

Тек білмеспін не екенін — түс пе, өң бе?!

«Ұлтарақтай болса да ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да туып-өскен ел қымбат» деген ғой бұрынғылар. Алты Алаштың көсемі — Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханов қуғын-сүргінде де туған жерін, өскен елін жүрегінде сақтап, сонау жер шеті — Бразилиядан екі ағаштың тұқымын — бірін — ата-анасының Жінішке өзенінің бойындағы зират, басына, екіншісін — Ақтөбе түбіне мүбәрәк қолымен еккенін бүгінде біреу білер, біреу білмес. Осының өзі-ақ кейде қолындағы алтынын бағалай білмейтін ұлтымызға күйініп өткен өз-ағамыздың кейінгі ұрпаққа көрсеткен үлгі-өнегесі емес пе? Бүгінде, құдайға шүкір, тәуелсіздік тізгінін қолға алып, арыстарымызға ас беріп, ескерткіш қойып, төрт құбыламызды түгендеуге ниет етіп жатқанда басты парызымыз — солардың аңсаған асыл арманын, өсиетін орындау болмақ. Сол парыздың бірі етіп, — Ақтоғайдың тоғайын (Тоқырауынның суы да осыған байланысты) ықтияттап, көздің қарашығындай қорғау, сүйіспеншілікпен өсіру жөнінде нақты шаралар белгіленсе, болашақ ұрпақ рахмет айтар еді.

Жер азса — ел азады. Бұл — дәлелдеуді керек етпейтін шындық. Ақтоғайға араша түсейік, бауырлар!

1998 жыл.

### Ақыл менен қайратқа сенген абзал

Жас ұлғайған сайын өткен күндер мен жылдарды еске түсіріп, жақсы-жаманын таразылау — тек есті, ойлы адамның ғана пешенесіне жазылған.

Сырттан жағылатын пеш түбіндегі төсегін

жұмсақтап салып алып, қоңыр домбырасымен «ай-хой дүниені» күй тілінде сөйлетіп жатқан Мұхаңның да еске алар, ойланар жайлары аз емес.

Бүгінгі жастар осы мына «Сартерек» ауылының атауы неден шыққанын да біле бермес. Сонау Ақтоғайдан «Сартерек» ауылына дейінгі аралықта бір кезде Каганович, Ленин, Мирзоян сияқты көсемдер есімімен аталған бірнеше ұсақ ұжымшарлар болғанын да білмейді. Айтпақшы, «Сарытеректің» де өз тарихы бар. Мұхаң ес білген сонау отызыншы жылдарда осы маңайда ұшар басына қарасан тақияң жерге түсетін, діңіне екі адамның құлашы жетпейтін үш бәйтерек түү-түү алыстан көзге шалынатын. Ұзын Аққан Тоқырауын өзенінің бойына, Ақтоғай атты жалпақ тоғайдың қойнына қайдан келіп орнай қалғанын көрі құлақ қариялардың өзі жете білмейтін. Сумен ағып келді ме, әлде Ақтоғайдағы Ақтөбе аталатын кішкене ғана елеусіз төбенің түбіне сонау Бразилияда өсетін шынар ағаш тұқымын орнатқан Әлекен — Әлихан Бөкейхан сынды бір дарабоздың мүбәрәк қолымен егіліп, тамыр тартты ма, ол жағы беймәлім. Уақыт — шебер. Өсіреді де, өшіреді де. Сол отызыншы жылдардың орта шенінде бір терекке жай оғы түсіп, опырыла құлады. Одан беріректе қалған екеуі де мерт болды. Енді, міне, сол үш әулие теректің тұқымы аумағына шашылып, жапырағы күміске малынғандай жалтылдап тұратын теректі тоғай етек-жеңін кең жайып, құлпырып өсіп келеді. Бұларды тек әулие терек түгіл, құдайдың өзінен сескенбейтін безбүйректердің балтасынан сақтасын!..

Мұханның әкесі Досмақ (Дошаң ақсақал) ұжымшардың «күш-көлігі» болған адам. Қызығарлық өмір емес. «Отымен кіріп, күлімен шыққан» дерлік ғана ғұмыр. Ол кезде мына Тоқырауын өзені

шолақ байталдың құйрығындай сымпиып үзіліп қалмаған еді. Көктемде тасыған кездегі арын-екпіні дөңбек тасты домалатарлық десек, жаңбырлы күндері атты кісінің тізесін қағып, бұра-бұра бір қайранға шығарып тастар еді. Сол өзен табанының құмы меруерттей мөлдіреп жатады. Тоқырауынның мол суы арық-арықты жағалап егінжайға апаратын. Қаһарлы соғыс кезінде бір әпенде адам Балқаш базарына барып, азын-аулақ астығын сатып отыр дейді. «Ей, товарыштар! Мынау Ақтоғайский ақбидай, пшеница бармақтай. Мұны сатып алған да арманда, алмаған да арманда!» деп мақтайды екен. Ақбидайдың дәні қожабидай, қызылбидайдан екі есе дерлік көлемді де салмақты. Ол тек сулы жерде, онда да Ақтоғайда, Тоқырауын өзенінің қос қабағында өсетін. Әттең не керек, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, ағаш ексең арба шығатын осы аймақты кеңестік шолақ белсенділер тозаққа айналдырды. Қос уыс бидай үшін «халық жауы» атандырды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп халықты аштықтың аранына апарып тықты. Мұхаң осындай «ақырзаманның» сұмдықтарын да көрген.

Отызыншы жылдарда КазЦИК-тің төрағасы болған Елтай-таз Ақтоғайға келінті. Әкесінің аты Тышқанбай екен. Голошекин оны Ерназар деп өзгертінті. Ол уақытта Ақтоғай басында бес-алты саман үй ғана болса керек. Оның бірі — милиция мекемесі Кейкі төре бейтінің үстіне салыныпты. Дәретхана деген атымен жоқ. Жұрт өзек қуалап, тал жағалап кетеді екен. Аудан басшыларына ең қиыны — Елтайға арнап дәретхана салу болыпты. Балшық құяйын десе, саман кеппейді. Әбден қиналғанда бір сұрқылтайдың басына «даналық ой» келіпті-ау. «Ақтоғайдың солқылдақ көк шілігінен әдемілеп себет тоқығандай дәретхана жасасақ,



жаңа заман төрелері сөге қоймас», — депті Айтқаны аумай келін, Елтайексн сол шеберді алдырып, арқасынан қағыпты. Мұхаң сол адамның аты-жөнін де біледі. Бірақ айтпайды. Елге жайылып кетіп, бүгінгі ұрпақтарын әркім күлкіге айналдырып жүрмесін деген сақтық қой. Бір есептен ол да жөн сияқты. Қазір кейбіреулер екі сөзінің бірінде Кеңес үкіметін жетім баладай желкелеп, нықыртып жа-тады. Мұхаң бұған қосыла бермейді. Өйткені ол сол кезеңнің ашысын да, тұщысын да татқан.

Мұхаң өз аулында бесінші, аудан орталығында сегізінші сыныпты тәмамдайды да, одан әрі әкесіне ілесіп, ұжымшар жұмысына жегіледі. Сұрапыл соғыстың екінші жылында Қоңырат кенішіндегі фабрика-завод училищесіне жіберіледі. Бұрғылаушы-машинист мамандығын игереді. Бірақ ондағылар өз мамандығына жолатпай, мойынағашпен су тасуға салады. Сөйтіп, жүргенде бір күні «Тасысам өз ауылымда да су жетеді» деген түйінге бекіп, түн жамылып қашып кетеді. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Мергенбаев деген иманжүзді адамға кездеседі. Әлгі адамның мейірімі түсіп, Қарқаралыға мұғалімдер даярлайтын алты айлық курсқа жолдама береді. Міне, Мұханның ұстаздық жолы осылай басталған. Балаларды оқыта жүріп өзі де оқиды. Қарағанды педагогика училищесін бітіреді. Кейіннен халық ағарту ісінің үздік қызметкері атағына ие болады. Қазақ КСР білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Орталау мектептің 5-7 сынып оқушыларына еңбек сабағынан дәріс оқып, шеберлікке баулиды. Көлемді жер аралап, көкөніс өсірді. Өнімін интернат балаларының тамағына жұмсады.

Жиырма жасында отасқан құдай қосқан қосағы Күләш Иманбайқызы екеуі 14 бала тәрбиелеп өсірді. Марқұм Күлекен бала десе пәруана болып



елжіреп тұратын жан еді. Осыдан жеті жыл бұрын бақилық болды. Тумақ бар да, өлмек бар. Мәнгілік — тек табиғат қана. Ол-дағы өзгеріске ұшырап жатады...

Әр балаға жеке-жеке мінездеме беруге мүмкіндік аз. Мұханның балаларының «дүниеге кірпіш болып қаланып», ел құрметіне ие болып жүргеніне көпшілік қауым куә. Тұңғышы Қабдолла Ақмоланың ауыл шаруашылығы институтын, Мәскеуде мәдениет институтын тәмамдаған. Облыстық көлемде қызмет істеп келеді. Қайролласы ҚарМу-ды бітірген, тарихшы-ұстаз. Зейнолласы — милиция майоры, Сағидолласы ҚарМудың география факультетіне дәріс оқиды. Қабидолласы имандылық жолын ұстанған, қазір аудандық мешіттің имамы. Ғайнолласы да жоғары білімді ұстаз, Ғазизолласы — милиция қызметкері. Жазиролласы — шебер механизатор, Нестай, Бақыт, Шие, Алма, Рысты, Айгүл есімді балалары да киномеханик, кітапханашы, сауда қызметкері мамандықтарын игерген. Осылардың бәрі де тегін оқыды. Қазіргі аяқ басқан сайын ақша төлеп жатқан кезеңмен салыстыра қарасақ, сол бір кеңес дәуірінде мемлекеттің, үкіметтің жас ұрпақты тәрбиелеудегі қамқорлығын жоққа шығару — су ішкен құдығына шікірейіп тұрып түкіру болар еді. Мұхан мұны неге ұмытсын...

Мұхан балаларын қаршадайынан қиындықты жеңіп шығуға тәрбиелеген еңбекқор да бейнетқор адам. Басқа қарекеттерін айтпағанда, жаз бойы саман құйып, үй салатынын айтпауға бола ма?! Күзде асты-үсті тақтайлы, төбесі шатырлы бір үй дайын болады. Одан түскен қаржы балалардың қажетіне жұмсалатын. Бейнеттің зейнеті деген осы. Мұндай ұйымшыл отбасынан өнеге көріп өскен бала өз отауын тіккенде де қол қусырып отырмайтыны айт-

пасақ та түсінікті.

— Үкіметтің қамқорлығы болмаса, осындай үлкен отбасы құралар ма еді?! — дейді Мұхаң. — Қазір нарық-нарық деп ұрнағымыздың өсуіне көңіл бөлуді ұмытып бара жатқан сияқтымыз ба, қалай?! «Аздың маңдайына бақ тұрмайды» деген рас. Халық отбасынан өседі. Қазақ кіндігінің өскен-өнген жері ауыл еді. Ауыл бүгінде қонторғай, ашқұрсақ. Бүгінгі техника жетістіктерінен мақұрым, рухани шөгіп барады. Мектептерге компьютер жеткізген болып жатырмыз. Электр қуаты берілмейді, берілсе — бір күн бар, бір күн жоқ. Мұндайда әлгі әдемі жәшіктер сәнге қойыла ма?

Жекешелендіру дегеннің өзі 30-жылдары шаруаларды колхозға қақпайлап қуып тыққандай асығыс жасалған, қылмысқа бергісіз ағат шаруа болғанын бүгінде екінің бірі айтады. Техниканың іске жарайтынын бұрын қазанның құлағын ұстағандар мен солардың туған-туыстары қармап қалды. Бұрын олардың техникадан хабары болды ма, жоқ па, онда ешкімнің шаруасы жоқ. Ақыры қара темір қаңтарылып қалды.

Енді мына бір гәпке көңіл аударыңыз. Бүкіл өмірін қой соңында өткізген шопандар аңғал-саңғал қораны, жыртық-тесік саман үйді күзетін қалды. Сатса өтпейді. Ал қала тұрғындары кезінде есебін тауып иемденіп қалған бір емес, бірнеше пәтерлерді құндап сатып, ақшасын қалталарына басып алды. Тоқ етерін айтсақ, ауылдағы жекешелендірудің сиқы осындай. Бүгінде техника қирап бітіп, мал да сойылып-сатылып таусылды. Шалқып тұрған шаруашылықтар «әжептәуір ән еді, пұшық шіркін қор қылдының» кебін киді. Құрығанда өзіміз сойған қойдың терісін өндеп, тон кие алмасақ, мұның несі нарықтық экономика?!

Ауылда оқығандардың жоғары оқу орындары-

на түсуі қиындады, білімі саяз. Ал жоғары оқу бітіргендері жұмыс таба алмай сенделіп жүр. Қалаға кеткендерінің көбісі қылмысқа ұрынады. Бүгінде түрмеде отырғандардың 85 проценті қазақтар екенін мерзімдік басылымдар жазып та жүр. Ауыл шаруашылығында табиғат апатына қарсы бірлесіп күрескенде ғана жеңіске жетуге болады. Ол үшін үкіметтің көмегі керек. Ондай көмектен мақұрымбыз. Қазір қаладан товар сатып әкеліп, үстеме бағамен сату — алыпсатарлық қана. Оның өзіне қол жете бермейді.

Сондай-ақ жер сату деген ойдан арылған жан. Мың-мыңдаған халқы, алып өндіріс орындары бар Балқаш қаласы Ақтоғай аймағының су қорын жердің асты-үстінен қатар сорып, ең даламыздың құнарын кетіріп, жалпақ шөлге айналдырып бара жатыр.

Ең бастысы — бүгінгі қиындықтан алып шығатын ақылың мен қайратына сенген абзал.

Қарт ұстаз Мұхтар Досмақұлының ойы да, сөзі де осыған саятынына күмәнданбаймыз. Елін сүйген азамат келешектен үміт күтетіні даусыз.

Домбыра үніне қосылған қоңыр даусы баяу қалықтап, төңірекке тарап жатыр.

Ақтоғай — алтын бесік тербетілген,

Аянда тәрбие алып ержетіп ем.

Өтейін сені жырлап өмірімде,

Естілсін сенің даңқың жер шетінен...

Бұл елін сүйген ерен ойлы азаматтың ән қана-тында самғаған жүрек лүпілі...

3.05.2000 жыл.



### III. ТІЛ

**Әуелде тиген үлесің де — тіл,  
Өмірде бітпес күресің де — тіл.**



#### ТІЛ - ТӘҢІРМЕН ТІЛДЕСУ

(Эссе)

**«Бір ауызға бірнеше тіл сыяды.  
Бірақ соған ана тілін сыйғыза  
алмасаң, қазақ болмай-ақ қой!»**

Қадыр Мырза Әли.

— Қасиетіңнен айналайын, Ана тілім! Бір өзіңе Тәңірдей табынған перзенттеріңнің бірімін. Өзіңмен тілдесіп, мұң-шерімді тарқатайын деп, сырласайын деп қолыма қалам алып отырмын. Күннен туған, Гүннен туған ер түріктің қара шаңырағына ие болып қалған, түрік халықтары тілдерінің барша інжу-маржанын бойына, қанына сіңірген қазағымның құдіретті де құтты тілі! Өнер біткеннің аламан бәйгесінде бас жүлдені иеленген, «Өнер алды — қызыл тіл» деген ардақты атақ алған, шабыты шалқар, алмастай өткір, шеберлігі шексіз тілім, өзіңе айтпағанда кімге айтамын жүрекжарды сөзімді.

Әлемде Әліппе таныған соң тұңғыш ашқан оқу кітабын «Ана тілі» деп атаған қазақтар болар. Әркімнің өз тілі өзіне — қымбат, өзіне — мұрат. Ешкімнің тілін шаужайынан алайық деген ойымыз жоқ. Қайта «өзге тілді үйренбесең өспейсің» деген соң өз тілімізден өгейсіп, жат бауыр болып бара жатқандаймыз. Осыған не айтар едіңіз?



— Ей, ақ пейіл перзентім! — деді сонда Анамның тілі жан-жүрегімен тебіреніп. — Сен мынаны ойлашы. Осынау аласапыран дүниеге қазақ бұрын келді ме, жоқ оның жанұясы — жанханасы — тілі мен бұрын келдім бе? Оны өзің таразылай бер. Қалай десек те, «қазақ» деген үкілеген есімді жарық дүниеге алып келген мен екенімді ешкім де жоққа шығара алмас. Менің тізгініме, қылыш жүзінде қалтылдап тұрған тағдырыма, асқар таудай қадыр-қасиетіме жармасқандар аз болмаған. Сол замандарда елімді езіп билемек, ерімді таптап илемек болғандардың өзін тәубаға келтірген, сөзбен сойып өлтірген мен едім. Оған дәлел — Қазыбек би бабанның қаһарлы да сыйқырлы тілмен қалмақ қонтайшысын тірідей жерге тыққан, өнменіне өткір сөз семсерін сұққан құдіретін мен емес пе едім?! Ол құдірет халқымның оттай ыстық қанында, мөлдір санасында, биік ақыл-парасатында, тәкаппар рухында еді. Кейінірек орыс отаршылары қабырғама найзадай қадалып, мың-миллион келімсек содыр-сойқандарын төріме төгіп, төбемізге шығарғанда, тайраңдап келіп табынына салғанда, елім деп еңіреген ерлер қасиетті күрес жолында шәйт болғанда, ой салар басынан, жол салар басшысынан айырылған сорлы ел мәнгүртке, оның бір тобы дұшпанның «қуыршағына» айналғанда менің де қос өкпем қысылып, әл-қуатым кеміп, талықси бастандым. Қанша дегенмен, «ораза, намаз — тоқтықта» деген сөзде шындық бар. Қолдан жасалған айуандықтан — геноцид, этноцид зардабынан қырылған елдің тілінде қасиет, бедел қала ма? Сол бір мүшкіл халімді 1926 жылы «Ауыл тілі» газетінде «Қазақ тілінің мұңы» деген атпен жар салып, баршаға әйгілеген Мадияр балам (Міржақып Дулатов) еді ғой?

— Туған ел деп толғағанда,



Таусылмайтын жырым болған,  
Туған жерді қорғағанда,  
Ұран салған үнім болған,  
Жарық берген күнім болған,  
Тәңірімдей тілім менің!

Мұнан соңғы тағдырларымыздан біз де хабардармыз. Қарпімізді картаппа сапырған, әліппемізді естен тандырған, сына жазуымызды сындырып, араб әріпі мен латынға, латынды орыстың кириллицасына ауыстырып қойыртпақтағанда, бағасына ешбір байлық жетпес рухани қазыналарымызды өртеп, жапанда босып жүрген тарихсыз тағы ел атандырған зауал шақтарда есенгіреп, естен танып қалғанымыз да есімізде...

— Есінде болса, мынаны айтшы, — деді сонда Ана тілім. — «Қазақтың тілінің келешегі жоқ» деген есуас, есер «қағида» қайдан шықты? Бүгіндері есімдері ғалам шарға тарап кеткен, асыл мұрасы адамзат қазынасына айналған Абай, Мұхтар, Ахмет, Әлихан, Мұстафа және басқа ұлт рухын аспандатқан, халқына деген кіршіксіз мөлдір, күнті сезім иелері — пассионерлер, ұлттық идея сардарлары, ұлттық сана мен зерденің көшбасшылары — зиялыларымыз, ұлты үшін от пен судан тайынбайтын — елдік элитамыз қазақ тілінде сөйлеп, жазбағанда қай тілде жазып еді? Бергісін айтсақ, «күн көсемдер» қазақ тілінде сақауланбай сарнамап па еді? Енді бүгін өз қағынан жеріген мәңгүрттер мен көзқамандар «қазақ тілінің келешегі жоқ» деп не көкіп жүр? Олар өз ата-анасын менсінбейтін шәлдүріктер мен әңгүдіктер. Оларды тілдің киесі, құдіреті қайтсе ұрады. Қайда барса да олар — «чужой». Бұдан артық қарғыс та, жаза да болмас.

Соңғы уақытта осындай отансыз, опасыздардың әрекеттері көзі ашық, көкірегі ояу қауымды най-

залап түртіп оятқандай болды. Басқасын айтпағанда, «Ана тілі» газетінде жарияланған Елбасының атына жолдаған «Ашық хат», «Түркістан» газетіндегі ұлт зиялыларының бірі, публицист-ғалым Дос Көшімнің «Өзімізге де обал жоқ» атты ағынан жарылған ойлы мақаласы санасынан сәуле үзілмеген әлеуметті жайбарақат қалдырмасы анық. Соңғы уақытта Ата заңымыздан бастап, «Тілдер туралы» Заңға дейінгі басты-басты құжаттар белгілеген Мемлекеттік тілге — қазақ тіліне қатысты заң нормаларының өз мәнінде орындалмай жатқаны ашық та ашына айтудан кенде емес. Биыл ақпанның жетісінде «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы туралы» Елбасының Жарлығы шықты. Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бір айлық мерзімде әзірлеп, бекіту жөнінде үкімет тапсырмасы да берілді. Жоғары жақтың қозғалысы төменге жетпей тұншығып қалатын баяғы бір жайбасарлық әлі де етектен тарта береді. Мамыр айында Парламентте өткен семинарда «Тіл туралы» Заңның 23-бап, 3-тармағында соқырға таяқ ұстатқандай айқын көрсеткен: «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен іске асырылмай келе жатқаны ой саларлықтай-ақ айтылған еді. Әй, қозғалыс жоқ-ау. Басын құмға тығып «жасырынатын» түйе құс тәрізді шенеуніктер қашанға дейін бұғыныспақ ойнап отыра берер екен? «Тақия тастамақ ой-наса, таздың арты қыпылдайдының» кері. Бір қуаныш, бір реніш. Итжығыспен күн өте бере ме? Сөз басында айтқанымыздай, Тәуелсіздік алып, өз қолы өз аузына жеткен ел болғанымызға 10 жыл толады екен. Аз уақыт емес. Әйтеуір, тіліміздің

мандайы ашылмай-ақ келсді. Кенес үкіметі кезінде Мемлекеттік мәртебе (сөз жүзінде) алған қазақ тілі сол бәз баяғы қалпынан ұзаган жоқ десек біреулер таласа қоймас. «Сүттен аузы күйген қаймақты да үрлеп ішеді» деген ғой, бүгін де «сүйіншілеп» қуануға жүрек шіркін дауаламайтынын несіне жасырамыз. Жалтақтық жарға жығады. Адалын ашық айтайын. Ұлттың тілі — басы қатты киелі тұлпар. Тізгінінен бір айырылып қалған ел қайтып ұстап алуы некен-саяқ. Ата заңда мемлекеттік тілдің баршаға міндетті тіл екені, алайда басқа тілдерге бөгет жасамайтыны айтылған. Басқа тілдер қажеттілігіне қарай қолданылатыны да ескертілген. Алайда, сол «міндетті» деген Заң міндеттеле ме? Соған бір сәт назар аударыны. Он жылда мемлекеттік заңды сыйлаған адам күніне бір сөзден үйренгенде де сөздік қорына 3650 сөз қосылады екен. Бұл аз ба? Тілі қатып кеткен қарттарға — кешірім. Жастарға не болды? Ағылнын, француз, неміс тілдерін қалайша теп-тез үйреніп алды? Қазақша бір сөз білмеген еврейлер Израильда иврит тілінде неге сайрап жүр? Мұның басты себептері: біріншіден бізде қазақ тіліне қажеттілік тудырылған жоқ, екіншіден, тілге деген құрмет жоқ. Міне менің жүдеп-жадап бара жатқаным осыдан.

Енді осы тіл мәселесінің екінші ұшы өздеріңе тиіп жатқанын айтайын. Орыс тілділердің алдында қазақ тілінің беделін белге түйесіңдер. Жасың бар, кәрін бар орынсыз жерде орысшылсың. Басқалары сенің тіліңді менсінбей тұрғанда неменеге жетісіп, ыржақтайсың. Бұл сөзімді біреулер «ұлтшылдық» деп түсіндірер. «Ұлтшылдық» өзінің таза мағынасын алсын. Елін сүйген, тілін сүйген ұлтшыл болса, оның түү басында орыстар, француздар, қытайлар, еврейлер, армяндар тұрар еді. Сендер ұлтшыл емес,

бұға-бұға бүкір болған ұлтсызсындар. Оған намыстансаң — рухынды шыңда! Еңкейгенге — еңкей, шалқайғанға шалқай. «Сыйға — сый, сыраға — бал» дейтін атаң қазақ. Жуырда республикалық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Өмірзақ Айтбайұлы балам: «Грузиядан грузин тілінде келген хатқа қазақ тілінде жауап қайтардық» деп жазды.

Мұны қалай мақұлдамайсың? Мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінің қадіріне жетіп жатқандар саусақпен санарлық. Бұл пәндерден математиктер, химиктер де сабақ беріп жүргені күнде айтылады. Шет елдерге барғандарымыз орыс тілінде сөйлейді. Басшылар арасында да ахуал осындай. Орыс мектептерінде қазақ тілі «атөтті» гана. Конкурстарда жаттап алған сөздерге дүбірлете қол соғасындар. Бәйге бересіндер. «Лидер ХХІ века» деген орыс тіліндегі хабардың сұрақтарынан қазақ тіліне, әдебиетіне байланысты сауалдар алынып тасталғанда да тіс жармадыңдар-ау. Сонда ХХІ ғасырдың «аймандайы» қазақ тілін, әдебиетін білмейтін болғаны ма? Ондай жүйріктер шекемізді шылқыта қояр ма екен? Мұндай мысалды ондап, жүздеп келтіруге болар еді. Әттең қағаздан ұят!

— Шаттығымда шашу болған,

Аптығымда басу болған,

Салтанатты сәнім болған,

Той-думанда әнім болған.

Тамырымда қаным болған,

Кеудемізде жаным болған,

Қасиетті Ана тілім!

Сөзіңізге құлдық! Мен де бір мысал айтайын. Осы биыл біздің жерлесіміз, былғары қолғаптын пірі Василий Жировтың қарсыласы американдық Алекс Гонзалеспен «Хабар» арнасында сұхбат қазақ тілінде өтті емес пе? Аудармашы қазақ қызы қазақша да ағылшынша да мүдірген жоқ. Шет елдерге



барғанда осындай аудармашы қыздар неге көрінбейді? Мұның өзі орыс тілі болмаса, адыра қаласындар деген көкжасық «теориясымақтың» түкке тұрғысыз екенін дәлелдемей ме? Бір жаның ауыратыны Қазақстанда орыс тілін білмейтін адам жөні түзу қызметке қабылданбаса, керісінше қазақ тілін білмейтіндерге қайда бараса — есік ашық. Міне, әділетсіздік! Кейінгі уақыт бизнесмен — байшікештер қазақ тілділерді аяғына отырғызбайтын болды. Оралман ағайындардың көргені — күн емес... Орысша білмегендіктен жалтаңкөз болып күн кешуде.

— Балам-ай, мұның өзі қазакең айтатын «ескілж ауру» ғой. Содан әлі арыла алмай келесіндер. Жуырда мен «Жас алаштан» қазақ пайдасына шешілетін мәселеде ішін қара мысық тырнайтын парламент депутаты Петр Своик мырзаның сұхбатын оқыдым. Обалы қанша, осы жолы қыза-қыза өздерін жасырып жүрген біраз «көмбеміздің» бетін ашып тастапты.

Тілдің дамымай отырғанын ол ұлттық элитаның әлсіздігінен іздейді. «Олардың бірде-бірі өздерін кіналамайды, кінаны басқаларға жабады» дей келіп кіналылардың төбесінен тықылдатады. Сөзбе-сөз келтірейін: «Мәдениетті алға қарай жетелейді — дейтін ақсақал-академиктер баюдың, балаларын жайлы орынға орналастырудың соңында жүр... Қазақтардың басындағы ең үлкен қасірет — Конституция бойынша берілген құқықты пайдалана білмейді. Мен қазақ тілінің болашағына пессимистік көзқараспен қараймын және оны қалпына келтіруге кеш қалдық деп есептеймін. Қазақ тілінің 5 жылдан кейінгі, он жылдан кейінгі жағдайы туралы айту — мағынасыз».

Ал, ендеше! Керуен көшті, уақыт өтті. Екі қолыңды көтер де — томпаңдап алдыма түс, — деп



отыр ғой мына Своик. Бұл да тектен-тек айтыла салған сөз емес. Осы бетте иісалмастықпен жүре берсек түбі соған апаратыны анық.

Шындықты бұркемелемей айтсақ, Конституция бір жақта қалып, өмір өзінше ағып бара жатқан сияқты. Жаңа заманның байларына тіл емес, байлық керек. Ақ майды аузынан ағызып отырып, орысша, ағылшынша әндетсе — оны ешкім кіналамайды.

— Ой, балам-ай, менің де жүрегімді сыздатқан шындықты айттың-ау! Қарашы «Мемлекеттік қызметке алынатын адам мемлекеттік тілді өркендетуші, қорғаушы болуы керек» деп жазылған заңда. Ал, сол «қорғаушының» өзінің мемлекеттік тілді білетін, білмейтінін тергеп, тексеріп, бақылап отырған кім бар? Қайта керісінше, бір маңызды қызметке тағайындарда, немесе парламентке сайларда қанша шет тілін білетінін алға тартып, мадақтап жүрген жоқпыз ба? Өзі білмейтін тілді кім қорғайды және қалай қорғайды? Шетелдің азаматтығын алғысы келгендер сол елдерде емтихан тапсырады. Одан соң да арнаулы курстардан өтеді екен. Бізден кеткен немістерге, еврейлерге солай қараған. Ал, бізде тіл туралы сөз болмайды, кім болса да «бары быр» «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген. Кім көрінгенге есігі ашық жатқан үйді кім келдірлесін, кім сыйласын. Осыдан соң біздің мемлекеттік тілімізді кім менсінсін. Осыдан кейін мемлекеттік тілдің мәртебесі қалай өссін. Бұдан шығатын қорытынды: Қазақстанда мемлекеттік тілдің мәртебесі қағаз жүзінде. Басқаша айтсақ — өтірік Тілгі заңымыздың өзі орысша жазылып қазақшаға аударылатынын, онда да көп ретте «тәлтіректеп» тұратынын қанша айта беруге болады?

— Ата-баба өсиетін,  
Бойда асыл қасиетін,

Сақтап қалар дәрім менің!

Тіршілігім — барым менің.

Түпсіз терең тұңғыықта

Қарманатын талым менің,

Қасиетті, Ана тілім!

Тілдің нәрі, сөлі, шырыны ұрпақ бойына отбасында дариды деген пікірге қалай қарайсыз?

— Өзің дұрыс айтып отырсың. Сөз жоқ, тілдің тірегі — отбасы, ата-ана. Ұят болғанда, кеңестік жетпіс жылда сол ата-аналардың (аталар мен әжелерден бастап) тең жартысы орысбайланып кетті емес пе? Одан сон тілдік ортаның әсері өте күшті. Ауылдан қалаға көшіп келген отбасылардың қара домалақтарының өздері қазірде өзге тілде шүлдірлей бастады. Бұл тілдің өсуін емес, өшуін байқататын, іш жиғызатын көрініс демеске лаж жоқ.

Ұлттық мемлекеттен гөрі Америка сияқты азаматтық мемлекет көбіне түсіне кіретін кейбір байшыкештер 1993 жылдың өзінде-ақ тілімізден, ұлтымыздан безіп шыққан. Оларға «теке болсын черт болсын, балаларға сүт болсын» дегендей, ақша болса жетіп жатыр. Басқаға жаны ауырмайды. Кейбір депутаттар әлі сол әнді шырқап келеді. Радио, телевизия, орыс тілді газет, журналдардың көпшілігі соған дауыс қосатыны жасырын сыр емес. Шетелдік, ресейлік кинофильмдер, түрлі бейне көріністер таза идеологиялық агрессияға, бір оқ шығармай жаусатып салатын қастандық, қаскөйлікке бейім десек жалған айтқандық болмас. «Қазақ республикасы» (ұлттық ұғым) деген атау, енді тәуелсіздікке қолымыз жеткенде «Қазақстан Республикасы» (географиялық ұғым) болып өзгеріп шыға келді. Солай өзгертуге себеп болған жоғарыда аталған көзқамандар, асымызды ішіп, аяғымызды тебетін сөзі жылмаң, көзі қылмаңдар.

Ресейде тұмау тисе, Қазақстанда алдымен түшкіретін де солар. Мұндай жымысқы қулықтың астарында нендей пәленін бұғып жатқанын саналы адам түсінуге тиіс. Кейде «Көш жүре түзеледі», кейін бәрін «қатырамыз» дейтін жалпақшешейлер бар арамызда. Әйтсе де экономиканы бір кездерде жөндеп алуға болар. Ал, өзгерген сананы, жоғалған тілді қалпына келтіру — бір Алланың ісі. Алла өткен ғасырдың сонын ала бізге рахымын төгін еді, енді соны шашып алмай баянды ету — барша қазақтың, Қазақстанды Отаным деп есептейтін барлық ұлттар азаматтарының ардақты, жауапты міндеті деген жөн.

Ана-тілінде шығатын газет-журналдарды қолына алып оқушылар (жаздырып алушыларды айтпай-ақ қояйын) азайып бара жатқаны қатты ойландырады. Мұның өзі сөзімізді сөйлейтін қуатты тірегімізден өз еркімізбен айырылумен пара-пар? БАҚ-тың да ұлт, халық алдында адал, әділ болуын қалаймын. Егер әр қазақ (кеудесінде өз еліне деген жүрегі барларды айтамын) жылына бір газетке, не бір жорналға жазылса — таралымы қанша миллионға жететінін есептеп көріңізші.

Әңгіме соңында Ана тілім былай дейді:

— Қазақ елінің келешегіне алаңдайтын, сол елдің гүлденуін Алладан тілейтін барша перзенттерім! Менің хал-жайымды, өздерің сүйген Ана тілінің — Мемлекеттік тілдің өркендеуін бір ғана әңгімемен тәмамдау мүмкін емес. Бұл қат-қабат әрі қордаланып қалған хикая. Сірескен сең жарылғанымен әлі бұзылған жоқ. Тілді өркендету, мәртебесін өсіру үшін бюджеттен арнайы әрі мол қаржы бөлу керек. Өз тілімізде сөйлемейміз деп жүріп өзгенің аузына қарап телміріп қалудан құдай сақтасын десеңдер «Өлген бураның басынан тірі атан қорқады» дейтін бишаралықтан арылыңыздар!

Дүниеде ұлттық сананы қалпытастыруда тілге тең келетін күш жоқ. Тілсіз ұлт өледі, ұлтпен бірге ұлттық сана да өледі. Тілге салғырт қарау, өз тіліңді менсінбеу ұлт алдында жасалған опасыздық, сатқындық! Тіл үшін күрес — өткінші емес, толассыз әрі мәңгілік күрес, қасиетті күрес. «Отан үшін отқа түс — күймейсің» деп Батыр балам — Бауыржаным айтқандай, Ана тілің — қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі үшін отқа түсіндер — күймейсіндер, сол жолда көрген қиыншылықтарды бақыт деп есептеңдер!

Тіл — Тәңірмен осылай тілдестік. Жүректің бұйрығын сөз еттік. Тіліміздің халінің мүшкілденуіне жан-жағын бөрілер қамаған құралайдай күй кешкен халқымыздың өткен ауыр тағдыры кінәлі деп білемін. Енді құдайға шүкір өз тіліміздің тізгіні өз қолымызда. Тізгінді мықтап ұстамасақ тұлпарымызды тулақ етіп алуымыз мүмкін.

Тіл тағдырын ел тағдырының иесі қадірлі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа тапсырып отырмыз. Бойында қазақ қаны бар барша қауым осы бір Ар сыналар істе Ерлік, Парасаттылық, Даналық танытар деп сенеміз.

Тілі жоқ ел — өлген ел. Тілі бар ел — Алла бақыт берген ел. Әлем бізді тек тілімізбен бірге сыйлайды.

2001 жыл.

## Қазақ болғыңыз келе ме?

Осы сұраққа бүгін әрқайсымыз жауап бергеніміз дұрыс болар еді. Әрине, мақұлдап жауап беретініңізді, тіпті «өзіңіз не айтып отырсыз, мен қазақ емеспін бе?» дейтініңізді де сеземін. Ал



кейбіреуіңіз «әй, қойшы, қазақ, орыс, шүршіт деп ұлтқа бөлудің қажеті қанша? Орысша оқып-ақ, қызмет істеп, нанымызды тауып жеп жүрген жоқпыз ба? деп реніш білдіріп, қабақ шытып қалатын да боларсыз.

Менің сізбен дауласқым келмейді. Әйтсе де, қазақ болу үшін төлқұжатыңыздағы «ұлты қазақ» деген екі сөздің жеткіліксіз екенін айтпасқа әддім жоқ. Неге? — дейсіз ғой. Айтайын: қазақ болу үшін басқа ұлттан өзін жоғары қоюдың, немесе оларды ұнатпаудың қажеті шамалы. Басқа ұлттардың ғасырлар бойы жиналған асыл қасиеттерінен ғибрат алыңыз. Жылт еткен жақсысы болса — жатырқаманыз, дегенмен ананың әлдиімен қаныңызға сіңетін ауыз әдебиетінің маржандарынан, жүрегіңізді, сезіміңізді, рухани жан дүниеніңізді баурап алатын ән-күйінен мақұрым қалсаңыз, онда толыққанды қазақ бола алмайтыныңызға бөс тігемін.

Осындайда менің есіме алпысыншы жылдардың бас кезінде болған бір оқиға түседі.

Алыстағы ауданның екі басшысымен поезд вагонының бір бөлмесінде келе жатыр едік. Жолдағы аялдамада поездға отырған бір ақсақал адам бізбен серіктес болды. Беті — Қараганды. Сұраса келе Сұлтан Махмұт Торайғыровтың немере туысы болып шықты. Жол бойы «Қаранғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам, қаранғылықтың кегіне, күн болмағанда кім болам?» деп армандап қыршын кеткен аяулы ақынның тіршіліктегі пендешілік мінездерін айтып әңгімеге қандырып тастады. Журналист қадамын жана бастаған мен үшін асыл қазына еді. Бір кезде кеңес басшысы: «Ақсақал, мақтауын жеткіздіңіз, бірақ сол айтулы ақыныңыз кейінгі кезде жазуды біржола қойып кеткен сияқты ғой, үні шықпайды» деп бүйірден қойып қалмасы бар ма? Амал қанша, қайран қараң-

ғылық-ай, не істейсің, нендей пөлеге ұрындырасың, Үндемедік, томсырайып отырып қалдық. Партия басшысы менің санымнан шымшып алды да: «Жүр, шылым шегіп келейік» деп орнынан көтерілді. Тамбурға келген соң «Қарағым, жас журналистер жазғыш келеді. Сен жаңағы бір сөзді естімеген бола қой, осы жерде қалсын деп күрсінді. Мен жазбауға сөз бердім сонымен іс төмам.

Мұны неге айтып отырмын, арада отыз жыл өтіп кеткенде. Алда қашан сүйегіне қына шығып кеткен ақынды «жазбай кетті ғой» деп жазғыратын ағамыздың інілері, бауырлары қазір арамызда аз ба? Азайған жоқ-ау, көбеймесе...

Осыдан келіп қазіргі қазақ халқының, оның тілінің тағдырын ойлағанда ішіңізге от түскендей күй кешесіз.

Бір ауданды басқарып, «әй!» деп өргізіп, «шәй!» деп жусатып жүрген дүмбілез ағамыздың түрі анадай болғанда, басқаларға не жорық. Лауазымды қызметке қоярда солардан «сен өзін халқын туралы не білесің, оның келешегі туралы не ойлайсың?» деп сұраған кім бар екен? Ешкім де! Жоспар орындалса, дұрысы «жоспар орындалды!» деп антқа бергісіз ақпарат түсіп жатса, іс бітті емес пе?

Ол кешегі өткен оқиға ғой. Бүгін ше? Бүгінде солай.

Қалың қазақтың қаймағы бұзылмаған Қарқаралының кітап дүкенінен осыдан екі жарым жыл бұрын жолсапармен барғанда, бір қара көз қызымыздан Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббатын» сұрағанымыз бар. «Жоқ, ондай кітап бізге түскен жоқ» болды естігеніміз. Дүкен ішін аралап жүріп қат-қабаттап үйіп қойған біраз кітаптарға кездестім. Үстіңгі кітаптарды алып, арғы жағына үнілгенімде сізге өтірік, маған шын «Қош, махаббаттың» жиырма шақты данасы шықты. Сол жерде жерден

жеті қоян тапқандай қуанып кетіп (Қарағандыдан іздеп таба алмай қойғанбыз) он данасын сатып алып келіп, телестудиядағы жолдастарға таратқаным бар. Бұл жерде алпысыншы жылдардағы кеңес ағасы мен сексенінші жылдардың соңындағы кітап сатушы қыз баланың арасына теңдік белгісін қояйын деп отырғаным жоқ-ау. Айтпағым: «алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба да содан жүреді», Бүгінгі немересі орысша үйренбей қалатындай «барып кел, алып келіне» дейін шүлдірлеп жүрген өжелерден қандай әлди тыңдайсыз. «Обал-ай» дейміз де іштен тынамыз. Соны көріп жүріп «2-3 жылдың ішінде барлық жерде қазақ балалар бақшасы, қазақ клас-тары, мектептері ашылмады» деп қиналған боламыз. «Ұстазы надан болса, шөкіртінің білімі — нольге тең» деген сөз осындайда айтылмай ма? Әже орысша сөйлесе, ана орысша сөйлесе, бала қазақшаға ағып кетеді деп кім айтты сізге?

Міне, біздің қазақтың қазақтығының мүрдем кетіп бара жатқандығының бір себебі осында.

Бұған кім кінәлі? Әрине, заман кінәлі. Ұзақ жылдар созылған отарлық қанау, одан туған адам санасындағы азғындау, мәнгүрттену кінәлі.

Солай десек те осыған қарсы бір дау айтқым келіп отыр.

Соғыс кезінде біздің Ақтоғай (ол кезде Қоңырат) ауданына жер аударылған немістерді әкелді. Кемпір-шал, бала-шаға, әйелдер. Солар аз уақытын ішінде қазақпаны бір кісідей-ақ үйреніп алды. Тіпті балалары мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін болды. Бертінде ғана дүние салды. Этка Гених деген азамат Тәуке батыр жайлы домбырамен қосылып қисса айтқанда қазағына бергісіз еді. Солар немісшені де ұмытқан жоқ. Тіпті бүгінге дейін екеуара тұрғанда немісше сөйлеседі.

Мұның себебі неде? Біріншіден, қазақ тілін үйре-

бір себебі осы жайға байланысты.

Бұл рухани дүниеміздің бір саласы ғана. Ал, әдебиетімізге қалай қараймыз? Сол әдеби дүниелер жарияланатын газет, журналдарға жазыламыз ба? Кітаптар сатып аламыз ба? Осы сұрақтарға жауап берерде талай ағайынның беті қызаратынына бәс тігуге болады.

Өткен күзде Үлкен Михайловкадағы моншаның алдындағы газет-журнал сататын балағанның алдынан екі-үш қазақ жігітін кездестірдім. Тәп-тәуір киінген, бас-аяғы түп-түзу. Басы «Правдадан» бастап әрқайсысы бас-алты үнқағаздан сатып алып жатты. Ішінде бірде-бір қазақша басылым болмай-шы. Шыдай алмадым «Жігіттер-ау, анау жатқан қазақша газет-журналдарға көз салғандарыңы. Сендер оқамағанда, оларды кімдер оқиды?!» деп қалдым.

Сонда әлгілердің бірі маған ажырая қарап тұрды да: — оларда кроссворд жоқ қой!— деді. «Сыздануыңыз — қулықтан, сыздауығыңыз — судықтан» деп осындайда айтылса керек. Бұл да — қулық!

Олар өздерінің қылығын дұрыс деп жөніне кетті, мен «апырай, жастарымыз мынадай болғанда, келешегіміз қандай болар екен» деп қапаланып қала бердім.

Сіздердің назарларыңызды тағы бір кежегеден кері тартатын жайға аударсам деймін. Кейбір жолдастар менің осы айтқанымды бүгінгі қол жеткенге тойымсыздық, болған үстіне бола берсе дейтін ашқарақтық деп түсінетініне танданудан қалдық. Мүйізі қарағайдай білікті басшыларымыз «осы сіздерге не жетпейді, орысшадан не жамандық көрдің, орыс тілінің арқасында барлық елдермен тілдесетін болған жоқсындар ма?» деп өзіңізге қарсы сауал қояды. Жетпейтініміз көп, ол туралы жеке әңгіме. Оны да айтамын. Басқалар да айтып жа-



ну оларға қажеттілік болды, екіншіден өзінің ана тілін де құрмет тұтты. Орысшаны да бір кісіден кем білген жоқ. Міне, үш тілділік осыдан келіп шықты. Қазір Қазақстанға мәшһүр жазушы Герольд Бельгер (қазақтар оны Гера Білгір деп атайды) осылайша үш тілде сөйлейді. Үшеуін де таза біледі. Айта берсеңіз Абай өлеңінде кеткен жаңсақтықтарды (оны да байқамай жіберген өзіміздің оқымысты бауырларымыз) түзету керек деп жамиғатқа жар салған да осы Білгір.

Осы жерден бір қорытынды жасасақ. Менің түйгенім: әкім бол, хакім бол, құрылысшы бол, тұрмысшы бол — әйтеуір жұдырықтай жүрегінде ұлтына, оның тіліне, өз жеріне деген сүйіспеншілік болсын. Өзінді сыйлағаныңда, өзгені де ұмытпа! Ол да сендей басы жұмыр пенде. Тек «сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын» деп өктемдік жасамасын. Өктемдік жасағанның өрге шығып, жұмаққа жеткені жоқ. Өзгені де құртады, өзі де құриды. Біреуді бақытсыз еткен адам ешуақытта бақытты бола алмайды.

...Менің ойымнан ұзақ жылдар «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінде жемісті еңбек еткен Мінәж Жармұхамбетов ағаның музыкалық аспаптардың көбінде ойнай білетін, сол саладағы мектеп, жоғары оқу орындарын тәмамдаған ұлы — Хамиттың «Қазақтың қасиетті домбырасының үніндей бірде-бір музыкалық аспаптың үні маған әсер етіп көрген емес» деген сөзі кетпейді.

Хамиттың осылай айтуына себеп болған Мікеннің қоңыр үнді домбырасы-ау деймін оңашада. Шынында да солай.

Хамиттың жүрегіне қазақ халқының тарихын сонау ғасырлар қойнауынан жеткізген құдіреттің бірі — Мікеннің қоңыр үнді домбырасы дейтінімнің

тыр. Тек естір құлақ, сарапқа салар қорытынды жасар, әділін айтар ойлы адам болсын деңіз. Ал, орыс деген бүкіл халықты алға тарту арандатуға бергісіз жала. Баяғыда отыз жетіде алдымыздан шыққан «қанды қақпан». Жоқ, жолдастар, біз қазақтың жоғын жоқтағанда, орысты кіналап отырғанымыз жоқ, отаршылдықты кіналап отырмыз. Отаршылдық тудырған оспадарлықты, «өлмесең өме қап» дейтін даңкеуде дарақылықты, басқанын жанына батқан жамандыққа көз жұма қарайтын, обал, сауап деген асыл қасиеттерді аяққа басып таптайтын имансыздықты кіналаймыз. Ұлтшылдықта, шовинистік те мәдениетсіздіктің — улы жемісі. Мәдениетті адам ешқашан да басқа елдің жақсысын жатырқамайды. «Өзін өмір сүр, басқаның өмір сүруіне бөгет жасама» дейтін Шыңғыс Айтматов айтқан даналықты түсінетін уақыт жетті-ау деймін.

Осымен егіздің сыңарындай, кіндіктес, отаршылдық деген «темір талқы» тудырған бишаралық, өзінікін айтсам — ұлтшыл, өзгенікін айтсам — интернационалист боламын дейтін мүсәпір, құлдық психология бар. Содан арылатын күн енді туды. Қазақстан тәуелсіздік алды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Төрткүл дүниемен терезесі тең отырып сөйлесетін күнге жетті, құдайға шүкір! Солай бола тұрса да көзге қамшы тигендей жасқаншақтығымыз қалмайды.

Сонау бір заманда орыстың ұлы ойшылдары Белинский, Чернышевский, Толстой, Чеховтар және басқалары өз ұлтының келеңсіз жайларын өлтіре сынағанда жек көргендіктен сынаған ба еді? Керісінше, сүйгендіктен, сол ұлт неміс яки француз болып шүлдірлеп кетпесін деп сынаған еді ғой. Ендеше біз отаршылдықтың жүз батпан зұлматын көрген халқымыздың рухын көтеруден, намысын шыңдаудан, мақтаныш сезімін оятудан неге

тайсақтаймыз.

Тоқсан ауыз сөздің тоқ етері: ұлтыңның ұлы бола білсең ғана — ұлысың. Өзгені өзекке теппесең ғана — өркениетті елдің азаматы қатарына қосылғаның. Осыларды орындау өз қолымыздан келеді.

Біз мақаланың тақырыбында «Қазақ болғыңыз келе ме? деген сұрақ беріп едік. Жауабымызды қорытындыласақ: еліңнің азаматы бол, адамгершілік туын төмендетпе. Ол үшін әл-қадарыңша үлес қос. Біреу батпандап қосар, біреу мысқалдап қосар. Бәріне де қанағат. Тек адамдықтың ақ жолынан айныма, ағайын! Жақсы адам дегеніміз — жақсы қазақ!

1992 жыл.



## ІҮ. ДІН



### ИСЛАМ НҰРЫ — ЖҮРЕКТЕРГЕ

Бисмиллаһи раһманирраһим!

Қасиетті Ислам діні туралы қысқа әңгімемізді қайырымды әрі мейірімді Алла атымен бастап, имандылық жолына бет бұрған ақ ниетті адамдарға бір мысқал болса да пайдасы тисе, еңбегім жанды деп есептеймін. Мұлт кеткен жайлар болса, оқырманнан алдын-ала кешірім сұраймын.

Автор.

1. Мұхаммед (с.ғ.с.):

Ақылы жоқтың — діні жоқ

Кәрі тарих өз басынан не кешпеген. Дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген. Адамзат бір кезде табиғаттың тылсым сырларына бас иді, тәңір тұтты. Сол тәңірден өздеріне көмек, жәрдем тіледі. Сана-сезімі ояна бастағанда мифологиялық құдайларды ойлап тапты. Осылайша ақыл-ойдың дамуына жол ашып, шығармашылық өнерге талпынды. Эволюциялық даму процесі келе-келе діни сенімдерді тұдырды. Мифологиядан белгілі бір дінге ұласу адамзат ақылының алға басқандығының биік бір белесі болды.

Бүгінде дүние жүзінің халықтары басты-басты 4 дінді ұстанатыны белгілі. Олар: Зороастра (Заратустра деп те атайды), будда, христиан және ислам діндері.



Діндердің ішіндегі ең көнесі – Зороастра. Бұл дінді қазірде ирандықтардың белгілі бір бөлігі ұстайды. Біздің жыл санауымызға дейінгі II ғасыр шамасында туған осы дінді бүкіл Евразия кеңістігіндегі Гиндукуштан Донға дейінгі, Каспийден Евфратқа дейінгі аралықта тұратын бұрынғы халықтар өз дініміз деп қабылдаған. Оның негізгі кітабы – «Авеста» бізге екі вариантта, толық емес, фрагменттер түрінде жеткен көрінеді.

Будда діні христиан дінінен 5 ғасыр, ал Исламнан 12 ғасыр бұрын пайда болған. Қазір бұл дін Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс, Шығыс Азияға, Шри-Ланкаға, Үндістанға, Непалға, Қытайға, Кореяға, Вьетнамға, Жапонияға, Камбоджаға, Бирмаға, Тайландқа, Лаосқа кең жайылған.

Христиан діні Европа, Америка, Австралияға және дүние жүзінің басқа да елдеріне мол тараған. Ол негізінен Батыстың діні деп есептелгенімен негізі Шығыстан шыққан. Оның бас кітабы – Библия (Тәурат).

Ислам діні – ең жас дін. Оның негізін салушы – Мұхаммед пайғамбар VII ғасырда өмір сүрген. Бұл діннің негізі – иман (сенім) деген сөзбен сабақтасанды.

Исламды монотеистік (бір құдайға табынушы) дін деп атайды. Ол құдай арабша Алла (Әллаһ) деп аталады. Арабтың «Әліллаһ» деген сөзінен біріккен. Ислам құдайдың құдыретіне бағынған, көнген деген сөз. Осыдан «мүсілім» («мұсылман») сөзі туындайды. Арабтар (арабтың «Әл-Ғараб» деген сөзінен шыққан) VII ғасырға дейін – Мұхаммед пайғамбар ислам дінін негіздегенше көп құдайға табынып келген. Басты қаласы Мекке (Бекке деп те атаған) мен Ясриб Медине – кейін пайғамбар қаласы атанған. Ясрибті еврейлердің 3 тайпасы, арабтардың екі тайпасы мекендеген. Мекке – араб-

тың Құрайыш (Құрәйіш) руының ата қонысы. Бұлар он атаға бөлінген. Ең қуаттысы – Омейя тұқымы. Сауда жасаған. «Сатары жоқтың – татары жоқ» деген мақал солардан шықса керек.

Міне осындай жерде, осындай елде ислам діні дүниеге келді. «Алла сөзі» аталған Құранның негіздеушісі Мұхаммед ғ.с.с. Ол өзін Алланың расулы, елшісі, пайғамбары деп жариялаған.

Ислам діні бойынша мұсылман өзінің ой-дүниесімен көзге көрінбейтін жеті түрлі имандылық сенімді ұстануы керек. Олар: 1) Аллаға сену, 2) періштелерге сену, 3) Алланың кітаптарына – Таурат, Інжіл, Забур және Құран кәрімге сену, 4) пайғамбарға сену, 5) жақсылық та, жамандық та бір Алладан деп сену, 6) қиямет күніне сену, 7) өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

Міне, осы жеті түрлі сенімді бойына сіңіргендер муминдер (мұсылмандар) деп аталады.

Сонымен бірге иман келтірген мұсылманға денсаулығына, жағдайына, дүние-мүлкінің, малының барлығына қарай намаз оқу, ораза ұстау, қажыға бару, зекет беру парыз етіледі. Осылардан туындайтын қырық парыз өз алдына жеке әнгіме.

Мұхаммед пайғамбар: «Адамның сүйенер тірегі – ақылы. Ақылы жоқтың діні жоқ» деген екен. Олай болса біздің дініміз ақылдың діні десек қателеспейміз. Иман тек ұятты адамда ғана болады. Ұятсыздан иман қашады. Ұятсыз адам мұсылман емес. Исламда «ең алдымен өз ішіне үніл, өзіне баға бер» делінетіні осымен байланысты.

Иманның басты үш түрін еске салайық.

Біріншісі «иман Яқиын» бұл ақыл, парасатпен, кемел біліммен, жан-жақты зерде-зейінмен, байсалды да байыпты оймен бір Алланың барлығына шүбәсіз сенген адамның имандылығы. Ол ақиқат жолынан таймайтын адамдарда болады.

Екіншісі «Иман дәнф» деп аталады. Бұлардын иманы әлсіз, күшсіз. Олар өз ақыл-ойымен бір Алланы дәлелдей алмайды, тұрақсыз, тез айнығыш келеді.

Үшіншісі «Иман тақылиди» деп аталады. Мұндай иманның иелері өткен ата-бабалардың істерін қайталаушылар. Олар Иманға жауапсыз қарайтын, іс-әрекетке құлықсыздар.

Сонымен түйіндеп айтсақ, иманды болу адамдардан үлкен адалдықты, еңбекқорлықты, мақсатына беріктікті талап етеді. Нағыз діни адам шындық жолында табандылығымен басқаларға өнеге болуға тиіс» («Иман» газеті №1 1992 жыл).

Мұхаммед пайғамбар негіздеген Ислам дінінің шарафатынан болса керек, Араб халифаты аз ғана жылдардың ішінде аса қуатты мемлекетке айналды. Дін мен қару қуатын қолдана отырып 636 жылы Сирия мен Палестинаны, 640 жылы Мысырды (Египетті), 647 жылы Марокко мен Тунисті, 654 жылы Әзірбайжан мен Грузияның бір бөлігін, 677 жылы Орта Азияның Бұқара облысын, 708 жылы Ауғанстанды, 711 жылы Оңтүстік Испанияны өзіне қаратты. Одан әрі Үндістан шекарасынан аттап өтіп, Орта Азияның шығыс облыстарына аяқ басты. Осылайша Пиреней түбегінен Үндістан түбегіне, Солтүстік Африкадан Орта Азияға дейінгі ұлан-ғайыр территорияға сол замандағы аса қуатты мемлекет қалыптасты. Біздің Сырдария бойындағы қалалар арабтарға 840-845 жылдары бағынады. Ислам дінін қабылдайды. Сол кезде Иракта құлдар көтерілісі шығады да, арабтар кейін қайтуға мәжбүр болады.

Орта Азия, Қазақстан жерінде (ол кезде Тұран) арабтар жауынгер гүн ұрпақтарымен бетпе-бет келгенде жүрегі шайлыққаны тарихтан мөлiм.

Мұсылман дінін, мәдениетін таратушылар Орта

Азия, Қазақстан аймағында аз болған жоқ. Олар сақба, әулие, әмбие, әзірет, бап, т.б. атақтарға ие болды. Тұтас халықтарды құдайға құлшылық білдіріп, білім алуға, адал еңбек етуге, ар-ождан және дене тазалығына, имандылыққа, инабаттылыққа, қайырымдылыққа, әділеттілікке, парасаттылыққа үгіттеді. Білімді, өнерлі, ақниет адал жанды сұпы (софы) болуға уағыздады. Сондай софылардың бірі – түркістандық Қожа Ахмет еді. Ол софылық идеядағы поэзияның көрнекті өкілі. «Дуани хихмет» («Даналық сөздер жинағы») деген діни уағыз, ғибрат өлеңдер жинағын жазған. Түркістан бұрын Иасса қаласы деп, ал Қожа Ахмет сол қаланың тұрғыны ретінде Иассауи атанған. Аңыз бойынша, Мұхаммед пайғамбардың құрмасын тілінің астына салып жеткізген Сайрам қаласының имамы Арыстан баптан білім, тәлім алған. Өмірінің ақырына дейін Түркістан, Сайрамда софылық құрады.

Қожа Ахмет Иассауи 1093 жылы туып, 1166 жылы 73 жасында дүние салады. Сол кезде Қарахан мемлекеті оның басына әдемі күмбез тұрғызған екен. Оны XIII ғасырда Монғол шапқыншылары, қазірде кейбір «Чингизидтер» адамзаттың абзалы деп дәріптеуге дейін барып жүрген Шыңғысхан қанішерлері талқандап, қиратып кеткен.

Сөз арасында айта кетейік, ислам дініндегі софылық ағым хижра жыл санауы бойынша 7-8 ғасырларда туған. Мұрат-мақсаты адамдарды рухани жетілдіру, Алланы қиялмен тану, Алла мен адамды іштей жақындастыру, табыстыру. Софы – данышпан, таза, саф таза, жаны да, тәні де таза деген сөзден шықса керек.

Мұнан әрі Араб халифатының әлсірей бастағанын жіті бақылап отырған Ақсақ Темір мұсылман қауымын, оның ішінде қазақ сахарасының тұрғын-



дарын (қаңлы, қыпшақ сияқты кейін қазақ халқының ұйытқысы болған тайпаларды) өзіне тартады. 1396-1404 жылдары Қожа Ахметтің басына сол замандағы дүние жүзінің қолөнер шеберлерін жинап көрікті күмбез-мавзолей салдырады. Міне, осылайша Түркістан қаласы, ондағы Қожа Ахмет кесенесі – мұсылман дінін Орта Азия, Қазақстанда уағыздаушы, таратушы діни орталыққа айналады. Дін саясаты байтақ территорияны осылайша бір мықты қолда ұстап отыруға қызмет етеді. Алайда Түркістан Мекке емес, ал Қожа Ахмет Иассауи пайғамбар емес, софылық поэзияның аса көрнекті өкілі, уәли екендігін есте ұстаған жөн.

## 2. Хадистер – пайғамбар даналығы

Мұхаммед пайғамбар ислам әдебиетінде жаңа жанр – хадистердің негізін салды. Хадис – құраннан соңғы мұсылманның екінші кітабы. Түйіндеп айтқанда, құран – исламның ең басты оқулығы болса, хадис – оның хрестоматиясы. Хадис – пайғамбарымыздың ұшан-теңіз ой-парасатынан, биік адамгершілік қасиеттерінен туған сан-салалы ғылыми, ғибратты афоризмдер, қанатты, ойлы, даналық сөздер.

1991 жылы Алматының «Желмая» баспасынан «1001 хадис. Таңдамалы» кітабы жарыққа шықты. Бір айта кетер жай, пайғамбар айтты деген хадистер санын 100000-ға жеткізген ғалымдар болған екен. Біздің бұл жерде айтайық деп отырғанымыз – пайғамбарымыздың барша мұсылман елдерін білім алуға, ғылыммен шұғылдануға үндегенін айрықша ескерте кету. Бір пара ғалымдар Мұхаммед пайғамбарымызды «ұлы гигиенист» (тазалыққа, оның ішінде тән тазалығы, жан тазалығы да бар) деп атаған. Енді бір парасы асқан ғалым, оқымыс-

ты деп бағалаған. Осы саладағы кейбір хадистеріне назар аударайық.

«Білімді мейлі ол Қытайда болсын, меңгер. Себебі: білімді болу – әр мұсылман үшін міндет».

«Бір сағат ішінде білім игеру бір күнгі жалбарынумен ұйқысыз өткізгеннен артық. Бір күн бойы білім үйрену үш ай ораза тұтқаннан жақсырақ».

«Білім үйрену инабаттан да артық және ол діннің де тірегі».

«Өзімнен кейінгі қалатын үмбеттерім үшін үш нәрседен қорқамын:

1) Нәпсіге беріліп тура жолдан таю.

2) Өзін-өзі жақсы көрушілікке, сезімқұмарлыққа беріліп кету.

3) Ғылымға, білімге ие бола тұрып, білімсіздің ісімен айналысу».

«Сендерге мынаны өсиет етемін: Сахабаларыма, олардан кейінгілерге ілесіңдер! Соңыра өтірікшілік кең тарайды. Тіпті адамдар сұрамаса да ант ішіп, жалған куәлік жасайтын болады».

Қандай да болсын дін туралы тереңірек білу үшін оның тарихына үнілу керек. Мәселен, Тәуратта (Библия) Авраам (Ибрахим) пайғамбардың екі әйелі Сара мен Агарь (Ажар) туралы айтылады. Ажардан Ибрахимнің тұңғыш ұлы Измаил (Ысмағұл), ал Сарадан Исаак (Ысқақ) туады. Ысқақтың балалары (ұрпақтары) – еврейлер, ал Ысмағұлдың ұрпақтары – арабтар. Мұхаммед пайғамбар осы арабтар арасынан шыққан. Бүгінде жерге таласып, қырқысып жатқан палестиналық арабтар мен израильдік еврейлер осылайша қандас бауырлар болып шығады.

Енді мына бір тарихи шындыққа назар аударыңыз: Мұхаммед пайғамбар 40 жасқа келіп, өз дінін ұстанып жүргенде, Мекке қаласынан 3 мильдей жердегі таудың үңгірін иемденіп, онаша құлшы-

лық етеді екен. Рамазан айының 27-түнінде оған Жебірейіл періште келіп, оның ана тілінде (араб тілінде) «Ихрах» («Оқы, айт! Ілесе қайтала» деген мағынада) деп бұйырады. Мұхаммед үрейлене «мен оқи білмеймін» дейді. Періште екінші рет бұйырады... үшінші рет бұйырады. Осыдан соң ол періште аузына салған құдай сөздерін ілесе қайталайды. Бұл бес аят құдайдың алғашқы сөзі ретінде құранның қазіргі 96-Ғалақ сүресінің басына қойылған.

Арабшасы мынадай:

«Ихрах бисм раббикі әлләзи Ғалаһ (1)

Ғалаһал ин сани мин Ғалаһ (2)

Ихрах үү рәббукул әкрәму (3)

Әлләзи Әлләна бил калам (4)

Әлләна әл ин сани мәлми әлам (5)

Халифа Алтай аудармасында қазақша былай берілген:

Сондай жаратқан раббының атымен оқы (1)

Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратты (2)

Оқы! Ол раббын аса ардақты (3)

Сондай каламмен үйреткен (4)

Ол адамзатқа білмегенін үйреткен (5)

Осыдан соң 23 жыл бойы Пайғамбарымыз өзінің аузына салынған құдай сөзін үзбей қайталап, достарына, діндестеріне, бүкіл халыққа жеткізуден бір танған емес. Бұл ғұламалық ойлар Мұхаммед пайғамбардың жүрегін баурап, санасын жанғыртты!

Көбейген сайын ол жаттағанның үстіне пальма жапырақтарына, теріге, малдың жауырын сүйектеріне жазылып сақталып, бүгінгі қасиетті Құран дәрежесіне жетті.

Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген дәуірде арабтарда ешбір діни кітап болған емес. Оның үстіне пайғамбарды ешкім еш уақытта және ешнәрсеге үйретпеген, сауатсыз болды. Оның ақылшы-

тәлімгері де, ұстазы да бір Алланың өзі еді. Сондықтан ешнәрсе оқымаған адам болса да небір ойшылдардың даналығынан асып түскен данышпан болды.

(Оңтүстік Африкада тұратын ислам ғұламасы Ахмед Дидаттың «Мұхаммед пайгамбар туралы Таураттағы көріпкелдік» атты христиандар алдында оқыған лекциясынан. «Қазақ елі» газетінің 1996 жылғы қазанның 18,25 күндеріндегі сандарынан).

Енді мына бір фактілерге көңіл аударыңызшы.

Ислам діні негізделген дәуірдегі Арабстанның экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайы қандай еді? Табиғаты қатал шөл далаларда арабтар ру-ру, әулет-әулет болып өмір кешкен, басқа рулармен, әулеттермен жауласып, қақтығысып отырған. Жылына бір рет бітімге келіп, өздерінің толып жатқан құдайларына зиярат етіп табыну үшін Меккеге баратын болған, онда сол құдайлар мүсіні қойылған. Олар орасан зор «Қара тас» – қаһабаны бәрінен артық қастерлеген» (Жавахарлал Неру. Үш томдық. «Исламның пайда болуы» мақаласынан)

Қысқасы, көшпелі, патриархалдық тіршілік кешкен Арабстан сияқты елде ең даналық дін – Исламның дүниеге келуі, арабтардың неке құрудағы түрлі былықтарына, қыз баланы туа сала көрге көметін салт-дәстүріне үзілді-кесілді тыйым салынуы, аз жылдардың ішінде әлем назарын өзіне аударған мәдениетті, өркениетті елге айналуы, осындай ғаламат жаңалықтардың басында Алланың адамзатты надандықтан, түрлі зұлымдықтан сақтандырған елшісі, Мұхаммед пайғамбардың тұруы тегін еместігіне кәміл сенесіз.

Ислам діні – кіршіксіз таза, адамды, барша адамзатты адалдыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бауырластыққа тәрбиелейтін гуманистік дін.



Дүние жүзінің ең озат ойлы, дана адамдарының ислам дінін мойындауы, мұсылмандықты қабылдауы осы пікіріміздің бірден-бір дәлелі болса керек. Кеңестік, коммунистік атеизм мектебінен өткен біздер бір кезде ислам дініне сенімсіздікпен қарағанымызды енді қателік деп мойындауымыз керек. Елімізде діни сауатсыздықты жоюдың шаралары әлі белгіленген жоқ. Ендігі жерде біз діннің сыртқы түріне ғана емес, ішкі мазмұнына тереңірек баруды ойластыруымыз керек.

1974 жылы шілденің 15-інде «Тайм» журналы бір кездегі белгілі адамдардың «Тарихтағы ең ұлы тұлға кім» деген тақырыптағы пікірлерін жариялады. Мұндай ұлы тұлғалар негізінен мынадай үш жайды қамтамасыз ету керек деп шешкен екен:

1. Басқарудың жайлылығын ескеру.

2. Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық ұйым орнату.

3. Халыққа құндылықтар жүйесін беру.

Осы үш талапқа толық сай келетін және ғасырлар тарихындағы ең ұлы тұлға ретінде Мұхаммед пайғамбар мен одан сәл төмен деңгейде Мұса пайғамбар танылған. Иса да, Будда да ілікпеген. Бұл – Мұхаммед пайғамбарды асқан ұлылық иесі деп атауымызға негіз болады.

### 3. Мұхаммед пайғамбар – ұлылардың ұстазы

Ислам дінінің мән-мағынасын, маңызын тереңдеп түсіну үшін адамзат ақыл-ойының алыптарына жүгінеміз. Қысқаша ғана мысалдар келтірейік.

Немістің ұлы ақыны Гете 1772 жылы 23 жасында құранды немісше аудармасынан оқиды. Осыдан бастап 51 жыл бойы осы тақырыпқа мұқият назар аударып отырған. «Батыс-Шығыс әуендерін» жазады.

«Достарым, Шығыс пен Батысты дұшпан ғып ешқашан бөлмейік», «Шығыс па, Батыс па бәрі бір, бәрінің ойы бір, жаны нұр» деп барша адамзатты достыққа шақыруында Құранның айрықша әсері болғаны анық.

«Құранның әр аятын жаттап алып,  
Күнәсіз әр адымын аттап анық.  
Дұға ғып ары таза әр мұсылман,  
Сыйласар, күн кешпейді жоққа налып.  
Ұжданын аулақ ұстап жалғандықтан,  
Кәрі, жас дәруіштер ән шалқытқан.  
Бұлынғыр тіршілікті нұрға бөлеп,  
Мәңгілік құран сөзі жан балқытқан».

(Ақын Ә.Нілібаевтың аудармасынан).

Міне, ұлыны ұлы осылайша түсініп, құранның құдыретіне бас иіп, құштар болған. Ислам дінін ұстаған араб халқына шексіз сүйіспеншілігін білдірген.

«Ұлы кітап – Құранға иландық ба, шырағым?  
Болмасын оған күмәнің.  
Мұхаммед айтқан әрбір сөз,  
Бойыма таққан тұмарым.

Осынау таңғажайып адам ақын емес, пайғамбар. Ал, Құран болса, құдыретті заң немесе Жарғы тәрізді. Және де құран ермек үшін оқитын немесе өнеге-үлгі үшін әлде кім жазған жай ғана кітап емес», – деп ұлы кітаптың қасиетін әлемге мадақ етеді.

Осы жерде Гете құранның жазылу стилі туралы ескерте кетеді. «Жеңіл қараған адамға түрлі мифологиялық фантазияға бой ұратын аңыз әңгімелер кездесетінін, мұның аса ақылдылықпен жасалғанын» даралап көрсетіп береді. Мұның өзі де Құранды сол дәуірдің білімі, өмір түсінігі төмен адамдарына арнап жасалған жазушылық әдіс деуге де болады.

Ал, біз қазір өз ақылымыздың жеткенінше түсініп, сол алғашқы айтылған, жазылғанындай қабылдасақ одан біздің біліміміз кеміп, төмендеп қалмайды.

Гете – Мұхаммед пайғамбардың даналығына, данышпандығына тәнті, ғашық болған ақын. Мына бір шумақ өлеңге қаншама сүйіспеншілік, құрмет сыйып тұр.

«Ішкі, сыртқы сезімдерді құдіретімен билеген,  
ұлы ұстазым, басымды идім,  
түсінгейсің мені шын.  
Бір Аллаға жүз ат беріп, тағзым  
еткен күйде мен,  
Әрбір атын жүрегімде атап өтем сен үшін».

Бұл жерде ақынның «Аллаға жүз ат беріп» деп отырғаны Жаратушының қасиеттерін паш ететін атаулар екенін байқаймыз.

Өмір қашанда қарама-қайшылықтан тұрады. Ислам дінінің дұшпандары да аз болмаған. Мәселен, Италияның атақты ақыны Данте «Құдіретті комедия» деген шығарма жазып, Мұхаммед пайғамбар мен оның күйеу баласы, төрт шадиярдың бірі – Әлиді «Тозаққа» салып, мазақ еткісі келеді. Сондай-ақ француз жазушысы, әрі философ Вольтер де «Могомет» деген пьесасында Мұхаммед пайғамбарды алдамшы етіп көрсетпек болады. Мейлі, «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» дейді халық мұндайда. «Ит үреді, керуен көшеді», Дантені де, Вольтерді де бүгінде біреу біледі, біреу білмейді. Ал, Мұхаммед пайғамбардың діні, ілімі дүние жүзіндегі 1,5 миллиардтан астам адамның жүрегіне жол тауып, нұр болып құйылып отыр.

А.С.Пушкин «Құранға еліктеу» деген аса бір көркем өлеңін буырқанған шабытпен жазғаны байқалады.

«Рақымды ел, Мұхаммедке аспаннан

Түсірген қасиетті құранды.

Көзді ашып, құдіреті асқан жан,

Санадан сейілтті тұманды.

Үлкен жүректі ақын өз ата-тегінің арабтарға, Мұхаммед пайғамбарға жақындығын мақтаныш еткен ғой. Құранның әр аятындағы парасаттылықты, рақымшылықты, мейірбандықты қалтқысыз танып, қабылдап, екінші бір туындысы – «Пайғамбар» атты өлеңін пайғамбарымызға арнағандай.

Абай – дана Ислам дінінің қағидаларын туған халқын жақсылық жолына салуға пайдаланады. Оның барлық шығармалары осы бір игі мақсатқа бағытталған. Кейбіреулер Абайдың сыншылдығымен қазақ халқын кемсіткісі келеді. Жоқ, Абай – сыншы өз халқын жек көргендіктен емес, сүйгендіктен, оның келешекте өнерлі, мәдениетті, өркениетті елдердің қатарына қосылуын армандағандықтан сынаған. Абай туған халқын оқуға, білімге, ғылымға үндейді. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза (ораза), қылған қаж (қажыға бару) ешбір ғибрат орнына бармайды...» дейді.

Адамды бұзатын тойымсыз нәпсісі. Нәпсі – Құранда шайтан деп аталады. Мұндай бұзылған адам тумысында ақылсыздығынан азбайды, жүрегінде жігер, қайратының кемдігінен азатындығын ескерте отырып, жан өмірін – рухтан, рух өмірін – зердеден, зерде өмірін – жүректен, жүрек өмірін – ақылдан, ақыл өмірін – ғылымнан іздестірген. Міне, осыдан келіп «Абай діні – ақылдың діні» деген қорытынды шығады.

Ұлы ақын жақсылық, жамандық құдайдың бұйрығымен болып түр дегенмен де келіспейді. Алла Тағала өзі сүйіспеншілікпен жаратқан адамды бұлайша адастырмаса керек. Бұл жерде өз қателігін, өзі жасаған қылмысын Аллаға аударып,



«кемшілігім болса кен құдай өзі кешеді ғой», «мың күнәға – бір тәуба» дейтін дінбұзарларды сынға алады.

«Әрбір ақылы бар адамға иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, енді біз ақылды еркіне жібермесек, Құдай Тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылмен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып қылған ғибадат неден болады? – деп баршамызға сұрақ қоя отырып, адам баласы жақсылық жасаса да, жаманшылық жасаса да өзі жауапты, бай болу да, кедей болу да адамның еңбек етіп, өмсір сүруіне байланысты, әр ісіне өзің Алла алдында жауаптысың деген талапты, міндетті Құранда тек орындаушы, құл ретінде айтылатын адам алдына тұңғыш рет қойған ұлы Абай, философ Абай.

Осымен бірге адам баласына адам баласының бәрі дос, адам бойындағы барлық қасиеттер рухтан туындайды, ал рухы өлген адам – адам емес, ақылы бар айуанға айналатынын Абай – дана қолға ұстатқандай етіп, дәлелдеп көрсетеді. Рухтын мекені – жүрек десек, махаббат, ар-намыс, қайрат-жігер осы рухтан туындайды. Рухани бай адам дегеніміздің өзі осы жан дүниесі таза, мөлдір, адамға жаманшылық ойламайтын мейірімді, барға да, жоққа да қанағатшыл, рухани ізденіс жолында қиыншылықтан қашпайтын, таймайтын, шындық жолында басы кетсе де ешкімді сатпайтын әрі сатылмайтын адамдар екеніне халқының көзін жеткізуді мақсұт тұтты.

Абай – дана «Алла Тағала өлшеусіз, біздің

ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды» дей келе, сол Алланың сипаттарына өзің лайық болуға тырыс деп ақыл-кеңес береді.

#### 4. Ұлттық дәстүр – исламға қарсылық емес

Сонау Құнанбай заманында Меккеден қазақ деген ұлттың барлығын, оның мұсылман екенін дәлелдейтін құжат табылмапты. Қажыға барған қазақтар ақыл қосып, жолын тапқандай болады. Нұрпейіс хазірет Меккеден тәкия (қонақ үй) салуға жер сатып алады. Соны төртке бөледі. Үш бөлігі үш жүзге, біреуі – қырғызға беріледі. Кіші жүзден Мырқы мырзаны, Орта жүзден Құнанбайды, ұлы жүзден Қасымбек датқаны, қырғыздан Шәбден батырды (Асқар Ақаевтың бабасы) таңдайды. Содан бері қаншама заман өтті. Құнанбай тәкиясы әлі табыла қойған жоқ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде Меккеде жаңа заман талаптарына сай сәулетті қонақ үй салынатындығын да құлақ қағыс еткен еді. Мұндай игілікті іс орындалатынына сенімдіміз.

Жыл сайын қажыға барушылар қатары көбейіп келеді. Қажыға өз дайындығымен бара ма, жоқ Қазақстан үкіметінің, одан соң Сауд Арабиясы королінің көмегімен барып қайта ма, ол жағын сөз етейік деген ойымыз жоқ. «Ниет қабыл болсын!» айту – мұсылмандық парызымыз.

Сонғы уақытта қажылар арасынан шыққан бір әңгіме: біздің сонау түрік заманынан келе жатқан дәстүріміз, салт-санамыз бұдан былайғы өмірімізге жарамсыз екен, біз тек құран сүрелерімен, аяттарымен, пайғамбар хадистерімен өмір сүруіміз керек екен. Ал, оны орындамасақ мұсылмандықтан шығады екенбіз. Қалай ойлайсыз? Кейінгі кезде

арты үлкен дауға айналып бара жатқан осы мәселе жөнінде пікірлесіп көрейік.

Қай мәселеде болсын оқырманға ой салып, ашық пікір алысуға шақырып отыратын «Жас Алаштың» 6 қазан 2001 жылғы санында Нәзира Байырбектің «Түркі әлемінің ғұламасы» деген мақаласында ислам дінін уағыздаушылардың ішіндегі аса бір білімдар құрметті ақсақалымыз Халифа Алтай Ғақыпұлының өмірі, қызметі туралы жылы пікір білдірілді. Қадірлі қария жас мемлекетімізде исламды насихаттауда әлі де олқылықтар бар екеніне көңіл аудара келіп, «қазақтарда шаман дінінің қалдықтары бар. Мәселен, көк тәңірге табыну, тәңірі дін деп жүргеніміз сол. Жеті шелпек тарату, өлгенге ас беру, қырқын, жылын өткізу, т.б. исламда жоқ қағидаларды халық өзі ойлап тапқан. «Пайғамбарымыздың да жетісі, не қырқы өткізілген жоқ» деп ортамызға ой тастайды. (Осы жерде бір мүлт кеткендік бар. «Құнанбайды әкесі Өскенбайға ас бермеді» деп емес, «әкесі Құнанбайға ас бермеді» деп Абайды кінәлағандар болған).

Енді өз пікірімізді ашық айта кетейік. Жасы жетпісті орталап қалған біз сияқты қариялар атынан айтсам: осы уақытқа дейін «көк тәңірге» табынып жатқан бірде-бір қазақты көргеніміз жоқ. «Сүт көп, көмір аз» деп киіз үйдің сыртын шөмішпен соққанды көрдік. «От – ана, май – пана» дейтін ырымды естуіміз бар. Ал, жеті шелпек пісіріп, құран оқып, «алла акпар» десе, ол нанға деген құрметтің бір түрі болуы керек. Өйткені, қазақтар нанды құраннан жоғары қойған.

«Егемен Қазақстан» газетінде (25 қазан 2001 жыл) жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының «Ұлттық дәстүрді қателікке баламайық» деген мақаласы Халифа Алтайдың пікіріне орай жазылып, түрлі дәлелдер келтіріледі.

Нәзира Батырбек «Жас Алашта» екінші қайтара мақала жариялап (8.12.2001 жыл) Б.Нұржекеұлының «сөйтіп, исламның жауы жап-жақын жерден табылғандай» деген сөйлеміп ұстап алып, «көңілге қаяу салғаны, Бексұлтан ағамыздың қиын-қыстау заманды басынан өткеріп, қатал тағдырына мойынұсына жүрсе де ғұмырын Алланы тануға, исламды дәріштеп насихаттауға арнаған ғұламаны «исламның жауына» балағаны еді» дейді тілші. Мақаланың соңына қарай Н.Батырбек «Жоқ, Халифа Алтайды тілдеді деп «халқын сүйген» (осылайша тырнақшаға алып жазылған) азаматқа наразылық білдіріп отырған жоқпын, ХХ ғасырда кеңестік дәуірде тәрбиеленген ағалардың жалған сөз бен жалаң сезімге бой алдырып, өзгелерді де адастырып отырғанын түсінбегеніне қынжыламын» деп тағы да салмақ салып, сенімсіздік көрсетеді.

Ал осының бәрі ұсақ-түйектен – Б.Нұржекеұлының «сөйтіп исламның жауы жап-жақын жерден табылғандай» деген бір ауыз сөзінен туындап жатқанын аңғару қиын емес. Нәзира Б.Нұржекеұлының контекстегі пікірін түсінбей асыра сілтеп, артық айтып жібергенін өзі де байқамаған. Б.Нұржекеұлының «исламның жауы жап-жақын жерден табылғандай» деп отырғаны – ұлттық дәстүр ғой. Егер Х.Алтайды кінәлағысы келсе «исламның жауы емес, халықтық дәстүрдің жауы жап-жақын жерден табылғандай» дер еді ғой. «Қазақ қырық деді, орыс сорок дедіпін» кері келіп, жаға жыртысуға апарғанына еріксіз таң-тамаша қаласыз.

Сонау бір аты өшкір «отыз жетінің» тұсында бір әріптен сотталып кеткендер болған екен. Құдайға шүкір, ел аман, жұрт тынышта бірімізді біріміз орынсыз кінәлап, кекетіп мұқатпай-ақ ел болып, жұрт болып кемшілігімізді жойып, олқы-



лығымыздың орнын толтыруға болады ғой. Тегінде бір кезде төбемізден төніп тұратын «бақылаудан» құтылды деп ақпарат құралдарын «автомат құралдарына» айналдырып алмасақ болғаны.

Әруақтың құдай емес екені рас. Әруақ – Алланың сүйіктісі деген мағынаны білдіреді екен. Сол Алланың сүйіктілерінің басына барып, құран оқысақ та Алланың, пайғамбарымыздың атымен бастап, «Иә, Алла жатқан жерін жайлы, топырағын торқа қыл, қабірін нұрға толтыр» деп тілек етпейміз бе? Осыдан Алланың беделіне нұқсан келе ме?

Тек бір шындықтың басын ашып айтқымыз келеді. Тәуелсіздік алғалы еркіміз өзімізге тигендей болды. «Не істеп жатырсың?» деп алдымыздан шығар тірі пенде жоқ. Тек өзіннің ақыл-ойың, арұятың төреші болсын. Өлік жөнелтуде, ас беруде байлық жарыстыру етек алып бара жатқан сияқты. Марқұмның жаназасына көмек деп өз үлесінді қосқаның дұрыс. Ал, кейбіреулер 100 теңгенің ырымын жасап, мың теңгенің шапанын даулап (тіпті дәметіп) жатса қалай ренжімессіз. Бейіт, мазар тұрғызудағы «жарысымыз» қайда апара жатыр? Жетісін, қырқын, жылын өткізудегі дарқандығымыз басқа ұлттарға «ертегі» болып бара жатқанын жасыра аламыз ба? Мұхаммед пайғамбар хадистерінде «құмалақшыға, жұлдызшыға, сиқыршыға сенбе» десе де сене береміз бе?

Осының бәрі сонау есте жоқ ескі заманнан келе жатыр екен. Бір күн түгіл, жүз жылда өзгерту қолымыздан келе ме? Революцияға үйреніп қалған халықпыз ғой... Әйтсе де мұндай халықтық дәстүр, салт-санаға «революцияның» күші жетпейді. Ертең күлкіге қалмайық десек шыдамдылық көрсетейік, ислам қағидаларын халық жүрегіне біртіндеп сіңірейік.

Алаштың ардагері Әлихан Бөкейханның ислам дініне, қазақтың әдет-ғұрпына көзқарасы туралы 1914 жылы 15-25 маусымда Петерборда болып өткен «мұсылмандар съезінен» кейін Досан молла Аманшы баласы (Орал облысынан) «Айқап» журналының бетінде «Әлихан Бөкейханов қазақтың әдет-ғұрпын қуаттап һәм түркі істерін шарифаттан шығармақшы болды. Не үшін десеңіз, қазақ халқы мұсылман емес, көп болса, жарты мұсылман. Ғұрып-әдет сақталса – қазаққа пайда, сақталмаса – зиян. Шарифат қазаққа өте зиянды» дейді деп үлкен айып тағады. Мұның үстіне Әлихан «миссионерлік политиканы» қолдап отыр дегендей күйе жағады. Әлекең 1917 ж. 21-28 шілдеде Орынборда бүкілқазақ құрылтайында баяндама жасап, онда руханият мәселесіне айрықша тоқталады. «Шіркеуді (мешітті айтып отыр) мемлекет қарамағынан шығару және оны Орынбор муфтиіне қаратып, бір орталықтан басқаруды ұсынады. Құрылтай оның ұсынысын көпшілік дауыспен мақұлдайды. Осыдан соңақ бұл ұсынысты қолдамаған Түркістан уалаятының бір топ молла-имамдары Әлиханды «кәфірлердің кәфірі, дінсіздердің дінсізі, жоламаңдар мұсылмандар, айтқанын алмандар, артынан ермендер!» деп халықты қарсы үгіттейді.

Әлекеңнің дін-исламға деген көзқарасының ерекшелігінің сыры неде еді? Әлиханның інісі Смахан төренің қолжазба естелігінде (18 дәптер) ағасы Әлиханның 7 жасында Қарқаралыдағы Зариф деген молланың медресесіне оқуға түскенін айтады. Екі жылда (1877-1879) құран кәрімнің негізін, қағидаларын жақсы меңгереді. Шарифат заңдарын ол татар-ноғай моллаларынан әлдеқайда терең түсінген. 1889 ж. «Қ. оязының молласының баяны» (Қ. – Қарқаралы) деген мақаласында дүмше моллалардың өтірік құран ұстап жан беретінін, елді

қараңғылықта ұстағанды тәуір көретінін сынайды. Бұл мақала 1889 ж. 12 мамырда «Киргизская степная газетада» жарияланған. Сол кезде Әлекең 19 жаста екен. 1900 ж. осы газетте тағы да «Аңқау елге – арамза молла» деген мақаласы басылады. 1896-1904 ж. Щербина экспедициясында болып, Ақмола, Семей облыстарының 12 оязын аралаған кезде ол ислам дінінің жайына енді ғылыми тұрғыдан келіп, тереңдей зерттейді. Ендігі жерде дүмше моллаларды ғана сынап қоймай, мәселенің бәрі халықтың өзінде, оның ұлттық мәдениетінің ерекшелігінде болса керек деп түйіндеген. Қазақтар ислам дінінің заңдары мен ата-бабаларының сенім-нанымын қатар ұстанады. Кейде тіпті исламнан да ата-бабасының сенім-нанымын жоғары ұстап, қастерлейтінін айтады.

«Шариғат қызды малға сат демейді. Бірақ қызды малға сатуды қазақ қоймай жүр. Жігіт пен қыз «ойнап» қолға түссе, дін жүз таяқ дүре бұйырады. Ал, қазақ рәсімі оларды кінәламайды. Шариғат ұрының қолын кес десе, қазақ рәсімі оған қарсы».

Бұдан түсінетініміз: Әлихан Бөкейхан қазақтар басқа мұсылман жұртына қарағанда исламды өзіне тән әдет-ғұрпын, өнер-білімін өзгертпей, негізін сақтап, оны көшпелі тұрмыс-тіршілігіне икемдей қабылдауды ұсынған.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген ойлы сөзді айтқан да қазақ. Ислам дінін кенестік тоталитаризмнің қысым-қыспағында жүрсе де ұмытпаған, қысылғанда «Құдайға шүкір, Алла демейтін шығармыз» деп түпкі ойын ойынға ұластырып, ұстатпай кеткен де сол қазақ. Олай болса, қазақ соншама түңілетіндей дінсіз халық емес. Шуаш, сақа, хақас, ғауыз, татарлардың бір бөлігін шоқындырғанда қазаққа да қысасты көрсетіп баққан. Өскембай сынды қасиетті билердің шоқынба-

дың деп сақалын қырыққан. Шоқынғандарға отаршылдар ақша төлеп, алдап-арбаған. Қазақ сонда да көнбеген. Кейбіреулері ақшасын алса да айнала беріп құдайдан кешірім сұрап, намазын жасырын оқып жүре берген. Марксизм-ленинизм сынды жаңа діннің қыспағында жүріп «құдай таза, сен де таза бол», «Құдай деген құр қалмайды», «Құдай деген құнықпайды», «Молла айтқанның бәрі шариғат емес, бұрынғылар айтқанның бәрі қағидат емес» деген сияқты мақал-мәтелдер шығарған да қазақтар.

Ислам діні – әлемдегі ең таза дін. Арақ-шарапқа, темекіге, есірткіге, адам тәнін саудаға салуға қарсы.

Ол өзінен бұрынғы діндерді, олардың пайғамбарларын жоққа шығармайды, жатсынбайды. Құранда өуелі Адам пайғамбардан бастап көптеген пайғамбарлардың аттары аталады, әрі оларды қасиет тұтуға, иман келтіруге яғни сенуге шақырады. Мұның өзі исламның ең соңғы қорытынды дін екенін, Мұхаммед пайғамбардың ең соңғы пайғамбар екенін айғақтайды. Бір сөзбен қорытындыласақ: ислам – ең хақ (шын, рас) дін.

Қазір әлемдегі 5 миллиард адамның 1,5 миллиардтан астамы ислам дінін ұстайды. Адамзаттың исламға бет бұруының басты себебі – жаңа айтқанымыздай, оның хақтығы, шындығы, тазалығы десек, екінші бір салмақты себебі – қара, қоңыр өңді адамдардың адам қолымен салынған ақ құдайдың суретіне табынғысы келмейтіндігі. Ислам дінінде құдайдың суретін салу күнә. Тіпті құдайды адам бейнесінде көз алдына елестетуге де болмайды. Христиан дінінде Иса пайғамбарды құдайдың ұлы деп атайды да, құдай ретінде табынады, шоқынады. Олай болса, құдайдың әйелі, баласы болғаны ғой. Бұл исламға сәйкес келмейді. Исламда Алла



– бір, пайғамбар – хақ, құран – шын. Алла тұмаған да, туылмаған. Алланы әр мұсылман өз жүрегінде қастерлеп сақтап, сол жүрегіміз, иманымыз арқылы қабылдаймыз.

## 5. Ислам діні – адамгершіліктің асқар шыңы

Адамзаттың Айтматовы атанған заңғар жазушы: «Әлемнің шексіздігі, мәңгілігі секілді Құдай мәңгілік қажеттілік. Бір жағынан, адамдардың бұдан өз пайдасын алып қалғысы келетіні аңғарылады. Дін негізіндегі соғыстар осындай пайдакүнемдіктен туады... Егер қазіргі замандық тілмен айтар болсақ, жер бетінде құдайды жекешелендіріп алуға күрес жүрін жатыр... Технологиялық даму жағынан Тәңірінің өзімен таласа алатындай дәрежеге жетіп отырған бүгінгі адамзат сол баяғы мешеу, аңғал қалпында қалып отырғанын» айтып, мұның ақыры адамзатты үлкен апатқа соқтыратынынан қауіптенеді.

Ауғанстан, Чешенстан жеріндегі қанды қырғын соғыстар христиандықпен де, мұсылмандықпен де сыйыспайтыны жалған емес. Мұндай соғыстар барша адамзат алдында ақтауға болмайтын қылмыс. Адамдар өз қылмысын жасыру үшін түрлі себепсылтаулар ойлап таба береді. Алайда, Жаратушы алдында қылмыскерлер ақтала алмайды.

Америкадағы террорлық оқиғалар (2001 жылдың 11 қыркүйегі) Усама Бен Ладенді мұсылманның бес парызын мың рет орындаса да жазықсыз жандардың қаны оны жауапкершіліктен құтқара алмайды. Осындай қылмыстардың бәрі адамның ішкі жан дүниесінің, жүрегінің ластығынан жасалады дейміз.

Жасынан дана Абайдың тәрбиесін көріп өскен

ақын, философ, Шығыстан шыққан әулие Шәкәрім Құдайбердіұлының жан тазалығын дәлелдейтін мына бір мысалды осы жерде ұсына кетейік. Ахат Шәкәрімұлы «Менің әкем – халық ұлы – Шәкәрім» («Жұлдыз» журналы №11 1992 жыл) деген естелігінде әкесінің мынадай өсиеттерін өмір бойы есінде ұстап, соны орындау жолында еңбектенгенін айтады.

«Адам бойындағы үш асыл қасиет: таза ақыл, ақ жүрек, адал еңбек. Осы үшеуі біріксе өзімшілдік, мансапқорлық, мақтан, өтірік, зорлық, мейірімсіздік, қараниеттілік сияқты қылықтарға орын болмайды» деген екен Әулие ақын. Бұл – Шәкәрім қажының бойына, жүрегіне құраннан құйылған асыл қасиет.

Мұхаммед Пайғамбардың хадистерінде «ең мықты адам – өзінің ашуын жеңген адам» деген сөз бар.

Шәкәрім қажы өзінің сүйікті перзентіне ең соңғы кездесуінде осы сөзді есіне салады. «Қазақ ашу – алда, ақыл – дос, ақылына ақыл қос» дейді. Ашу-ызадан пайда жоқ, әдет боп кетеді. Қайратты адам одан құтыла алады. Бойындағы ызакорлық, ашуланшақ мінезінді (әдетінді) таста балам! Екінші, сен өмір сүру үшін, біреуді өткелге салып, жолыңа құрбан ете көрме. Бұлай өмір сүргенше өлген жақсы. Мұндай қылық адамның өзін ғана емес, ата-ананың да қасиетін кетіреді. Біреуді құрбан етіп тірі қалғанша, ақпен, адал ісіңмен өл! Егер өткелге кісі салып өтсең – тіріде өзім, өлсем аруағым ырза болмайды. Менің ақтық тілегім осы!... Отанға, елге адал қызмет ет. Өзіңді адал қызметіңмен таныта біл. Адам баласына қиянат істеме! – дейді абыз әке.

Шәкәрім қажының бойындағы осындай биік адамгершілік қасиеттердің қайнар көзі ислам діні, Құран көрім, Шығыс, Батыс ғұламаларының, ең

алдымен өзінің ұстаз ағасы Абай – дананың үлгі-өнегесі деген жөн.

Біз Л.Толстойды да, Шәкәрім қажыны да әулие деп атап жүрміз. Әулие деген сөз оларды Алламен теңестіру, салыстыру емес, атақ беру емес, «Алланың жақын досы, құлы» деген атау. Мұндай бағаны Құдайдың қалауымен халықтың өзі береді. Алланың досы болу – Жаратқанның сипатын танып, сол сипаттарды жүрегіне сіңіріп, ақырында Мінсіз Йеге ғашық болу деген сөз. Пайғамбарымыз сахабаларына «Өз бойларыңнан Алланың сипаттарын табуға тырысыңдар» дейді екен. Яғни Алланың затын таныған жан ғана өзін тани алады. Немесе өзінің табиғатына терең үніле білген адам ғана Жасағанға жақындамақ.

Адам бойындағы менмендік, астамшылық, жасандылық, байлық буына мастанушылық, рухани азғындау жолына түсушілерді (мейлі кім болсын!) Л.Толстой менсінбеген, ондайларға тәкаппар болған ғой. Сол Л.Толстой Сарыарқаның қарапайым қазағы Шәкәрім қажының жазған хаттарына жауап қайтарып тұрған. Бір хатында «Қатесін түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол – адамға біткен ақ жүрек. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ымбалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, басқаның мінін де көре алады. Сондықтан әділ сыңшың – ақ жүрегің» деп жауап береді. Құдайға сену білімдарлықтан емес, «мен білемнен» арылған таза жүректің ісі, ал, құдай мен құлдың арасындағы ең үлкен кедергі «оқымыстылық» екенін Л.Толстой қайталап айтуды ұнатқан.

Шәкәрім қажының «Адамның арына тиетін жағымсыз қылықтардың ауыры не?» деген сұрағына Л.Толстой: «біліп тұрып білмедім, көрмедім, естімедім, — деген адам — арлы адам емес. Бұл —

өзімшілдік. Шығарма жазсаң — өз білгеніңді жаз. Таңғажайып шындық тап дсмеймін. Өз қатенді өзін түзегенің ең абзалы» деп ақыл-кеңес береді.

Христиан дінінің өз кезіндегі білімпазы атанған Сергей деген кісі Абайға: мұсылман дінінде құдай күш иесі, қорқытушы, сондықтан құдай жолындағы құлшылық, тазалық, ақтық — бәрі қорқудан туатын сияқты, — деген екен. Оған Абай-дана: қорқудан гөрі сенім құлшылығы қымбатырақ. «Рақмани рахим» деп отырғанымыз — рахим иесі, рахим қылушы», — деп ақылды, ойлы жауап береді.

Құнанбай қажы Меккеден келген соң ол жақтың жағдайын білгісі келгендердің сұрағына шындықты айтып, ештеңені жасырмай жауап берген екен. Сол Құнекең: — Меккеде аспан мен жердің арасында тіреусіз тұрған қара тасты көрдіңіз бе?— деп сұрағанға: «Құдай үйі Қағбаның жанында жатқан қара тасты көрдім. Адамдар ұстай-ұстай, сүйе-сүйе қырлы жиегін мүжіп жіберіпті. Ауада ілініп тұрған тасты байқамадым, — депті.

— Меккеде зәмзәм суын ішкен боларсыз?

— Арқаның тас бұлағынан дәмді емес, жылымшы, қышқылдау (минерал суы болса керек).

— Қарапа тауына шығып көрдіңіз бе?

— Жері құмды, ыстық болады екен. Үш мәрте ертеңгісін шығып, манайды барлап қайттым.

— Мекке халқының тұрмысы қандай екен?

— Қайыршысы да, тонаушысы да қиқымдай көп ел екен. Тұрмыстары төмен. Үйлері пәкене, күндіз терезесін көлеңкелеп қояды. Зікір салған кезде жер әлем дүбірлеп сілкінгендей сезіледі екен. Халық бейне құмырсқа илеуіндей. Оларды жетелеген ыстық жердің кепиеті емес, сөздің қасиеті, сенімнің күші сол жұртты үймелетіп қойған».

Бұл шындықты айтқызып отырған — Құнанбайдың байқампаздығы, көкірек көзінің ашықтығы,



ділмарсымайтын бірбет мінезі. Ислам дінінің тамыр тартқан жері, орталығы деп құрғақ, жалған мақтауға бармай шындықты айтатын турашылдығы. «Оларды жетелеген сөздің қасиеті, сенімнің күші» дегеннен иығады. Мұхаммед пайғамбар сөздің құдіретін сезінген ақын жанды, ірі ойшыл адам болған, ал Иса пайғамбардың саусағы киелі екен. Сал ауруларды, көзі көрмейтін зағиптарды да жазып жібереді екен, сондай-ақ Мұса пайғамбардың адам ойын алыстан оқитын қасиеті болған деседі.

Біз әңгімемізді ислам дінінің тазалығынан бастаған едік. Белгілі бір топты, сектаны құстаналау үшін бүкіл исламшыл мұсылмандарды қаралау қате әрі жала көзқарас. «Ислам фундаментализмі», «ваххабизм» деген теориясымақтар осы пікірімізге дәлел болады. Бір ғана ваххабизмді алайық. Қазір мұсылман дінінде 73 түрлі ағым болса, ваххабизм соның бірі ғана. Ваххабистер немесе, уаххабшылар ХVІІІ ғасырда Арабияда пайда болған. Олар Алланы, Құранды мойындағанымен әулие, әмбиелерді және басқа атрибуттарды мойындамайды. Мемлекетті, үкіметті діни адам басқару керек дейді. Олардың негізгі мақсаты — исламдық құрылысты орнықтыру. Ислам дінін ресми түрде мемлекеттік дінге айналдыру. Қазіргі Сауд Арабиясының мемлекеттік діні — Ислам, оның ішінде ваххабизм. Қажыға барып келгендердің әулие, әмбиелерден қатты шошитынының бір себебі осында болса керек. Бұл мәселеде ішкі мәніне терең бойламай асығыс қорытынды жасау — Құранда айтылғандай, шайтан ісі болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанда қазірде «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» Заң бар. Алайда, қазақ топырағында тамыр жаймаған жат діни ағымдар мен секталардың мемлекетімізді іштей ірітуге, дін саясатындағы демократияны арқала-

нып, астыртын дұшпандық әрекеттер жасауына үзілді-кесілді тыйым салу қажет. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің мына бір пікірімен санасқан жөн сияқты:

«Бір ұлттың екі-үш дінге бөлінуінің арты қайғы-қасіретке ұласады. Аталмыш заңның осал тұстары қатайып, «бір ұлт — бір дін» қағидасына, сол арқылы ел мен жер тұтастығына яғни мемлекет пен ұлт тәуелсіздігін нығайта түсуге қызмет етсін! Діні бір, ынтымағы мен рухы күшті ұлт біртұтас, қуатты мемлекетіміздің кепілі. Мемлекеттік идеология қажет деп табылған күнде оған елдің өзегін құрайтын, әрі байырғы тұрғыны саналар қазақ халқы ұстанар Ислам діні өзінен-өзі сұранып тұр. Оның өне бойы тұнған ізгілік пен қайырымдылық. Ешкімді түр-түсіне, ұлты мен жынысына, тіліне, аз-көптігіне, тегі мен дәулетіне, бай не кедейлігіне бөліп алаламайды. Барынша адалдық пен тазалыққа, әдептілік пен ұстамдылыққа, әділдік пен қайырымдылыққа, шыншылдық пен сабырлыққа, ешкімге қылдай қиянат жасамай, арлы, намысты, еңбексүйгіш, тындырымды, білімді болуға үндейді...»

Осы жерде ағылшын Бернард Шоудың «Адамзатты ислам ғана құтқарады», орыс Л.Толстойдың «Кез келген ақыл иесінің соңғы табан тірейтін нүктесі Ислам», қазақ Абай Құнанбайұлының «Қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса — мұсылман емес» деген жүрекжарды сөздерін ешбір дау тудырмас ақиқат ретінде қабылдағанымыз жөн.

Ислам діні жөнінде түрлі мағлұматтарға, өткен-кеткен даналар, ғұламалардың пікірлеріне сүйеніп айтылған сөзімізді жинақтай келіп, Кеңестік дәуірде ғаламда Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған

Әл-Фараби сынды ғұлама ғалымды қазақ халқының төл перзенті ретінде өзіне қайта табыстырған көрнекті оқымысты әрі жазушы жерлесіміз Ақжан Әл-Машанидің 1996 жылы тоқсан жасқа толған тойында айтқан халыққа арнау сөзін еске салсақ деп отырмыз. (Бұл сөз Қостанай облыстық теледидарынан арнайы беріліпті).

«Ассалаумағалейкум уә рахматулани, уә бәрәкәтуһу!»

Бисмиллаһи раһмани раһим!

Ей, Алла Тағала, бұл күнге жеткізгеніңе шүкір, тәуба... Ойланыңыздар, бұдан былай жаңа заман келе жатыр. Ол заманның аты — шындық, ол заманның аты — біздің ақырғы пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) арқылы салынған жол. Бұл — Исламның жолы, ол Абайдың жолы. Біздің келешек жолымыз сол болуы керек. Құран кәрімді басшылыққа алуымыз керек. Исламсыз, имансыз ғылым жоқ.

Мұғалімдеріміз, профессорларымыз өздерінің дәрістерін «Бисмиллаһи раһмани раһим» деп бастасын. Өйткені оқиын деп тұрған дәрісінің ішінде Құранда жоғы жоқ. Тау-тастың ғылымы да сонда, медицина да, өнер, тіршілік те сонда. Біз рухани жүдеп қалған халықпыз. Баршаңызға рахмет. Келген қадамдарыңызға Алла Тағала сауап жазсын. Өздеріңізге иман, тілдеріңізге тауфих беріп, баршаңызды Әл-Фарабидің әруағы қолдасын!»

Бұл көкірек көзі сәулелі ғалым ағамыздың Аллаға, Пайғамбарға, Исламға, Құранға білдірген салауаты, мадақ, ықыласы. Осылайша, Исламның тазалығына бас ие отырып, дінімізге сай өзіміз де таза болайық деген тілекпен осы бір шолу әңгімемізді аяқтаймыз. Әумин!



# Ү. АТАЛАР, АЙНАЛАЙЫН АРУАҒЫҢНАН



## ЖАЛАНТӨС (СОҚЫР) БАТЫР

«Аңыз — анасы — шындық»  
Ғабит Мүсірепов.

Жалаңтөс батыр болған заманында,  
Батырдың жау келмеген жанабына.  
Болыпты он жеті ұлы бабамыздың.  
Бар шығар сөнері де, жанары да.

Жалаңтөс Құлықұлы — он сегізінші ғасырда өмір сүрген, Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте қол бастаған батырлардың бірі. Тарихи құжаттардың қолда жоқтығы атақты батыр жайында ел арасында осы күнге дейін ұмытылмай сақталып келе жатқан аңыздарды жоққа шығармайды.

Тарихта біз білетін үш Жалаңтөс бар. Үшеуіне де батыр деген анықтауыш қоса тіркеліп айтылады. Мұның алғашқы екеуі жөнінде жазылып жүр. Біріншісі — Самарқанда билеуші болған, атақты Орбұлақ шайқасына жиырма мың қолмен келген, екіншісі — Әлкей Марғұлан әңгіме еткен Жалаңтөс.

Біздің әңгімемізге арқау болып отырған Жалаңтөс батырдың ата тегі — Аргын тайпасы, оның ішінде Қаракесек руының Сарым бұтағы. Жалғыз баласынан айырылған әке перзентінің жақсылығын былайша жеткізіпті: «Шақадан туған Қараменде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтөс батырдай



еді.» Шақа да, Құлық та біртоға, момын адамдар болса керек. Осы жалғыз ауыз сөздің өзі Жалантөстің тарихта болғанына, оның әкесінің аты Құлық екендігіне шүбә келтірмейді. Сөз реті келгенде айта кетейік, Құлықтың азан шақырып қойған аты — Жансары. Өтемістен Тоқсары (Боқсары), Жансары (Құлық), Күлсары (Көшкін) туған. Бұларды жеңгелері қалжындап басқаша атандырып жіберген екен десетін қариялар. Осы күнге дейін келіндері Құлықты «Құлаққа қатқан», ал Жалантөстың інісі Танатты «Түнжарған», Жалантөсті «Кершеуата» леп атайды. Бұл да бір қазақи ибалылықтың белгісі болар.

Осыдан біраз жылдар бұрын Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс ауданынан әрірек Орталық «Сарыарқа» әуежайына баратын үлкен даңғыл жолдың оң жағында қазақ зираты пайда болды. Әу баста осы жерде төбесі жанбыр, қар суымен мүжіліп, ортасына құлап түскен жалғыз шошақ бейіт бар екен. Ақтоғай ауданының тумасы, ғасыр жасап дүние салған қадірлі қария Аманбай ақсақал Қожамберді ұлы алпысыншы жылдары осы бейітті көрсетіп тұрып: «Мынау қасиетті топырақ біздің атамыз — Жалантөс батырдың бейітінің жұрнағы. Жаугершілік заманда сонау Балқаштан көшкен ел осы Сарыарқаның сауырына жайлауға келеді екен. Бір жыл емес, жылдағы әдеті солай болса керек. Сонда осы жерде Қаздауысты Қазыбек бимен де, сонау Қотанбұлақ — Балқаш өңірінде Тобықты руының Жуантаяқ бұтағынан шыққан атақты бай Сазан-Шортанмен де кездесіп жүреді екен. Атақтылар Жалантөс атты жас батырдың ерлігіне, адамгершілігіне сүйсінене, Соның бір шарапаты болар, Жалекен Сазан-Шортанның Жібек жеген қызына, одан соң Қазыбек бидің Манқан деген қызына үйленіпті. Үшінші әйелі қалмақтың

атақты бір батырының сұлу қызы болса керек. Оған ел Ақсұлу деген есім беріпті. Құлық руының Жалантөстен тараған үш бұтағын күні бүгінге дейін аналар атымен — Жібек — енең, Маңқан — енең, Ақсұлу — енең деп атайтыны сондықтан деп баяндайды Аман-аға. Менің жеке архивімде атам Халиолланың, өз әкем Жабастың қолдарымен жазылған шежірелер бар. Олар да осы әңгімені бекіте түседі. Соңғы кезде Маңқан анамызды әлде біреудің жұбайы етін көрсетіп жүрген «білгіштер» бүкіл бір рулы елдің тарихын, олардың жоғарыда аталған аналар атымен аталатынын жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

1989 жылы белгілі ақын Еркеш Ебікенов (Ибраһим) қайтыс болып, кейінірек ескерткіш құлпытасы орнатылғанда қаламы қарымды журналист марқұм Қайыркен Сұлтанов «Қазақ өдебиеті» газетінің бетінде «Еркеш Жалантөс (Соқыр) батырдың зиратына жерленді» жеп жазды. Еркештің қабірі Жалекең бейтінің батыс жағында жүз метрдей ғана жерде. Осы зираттың арғы тұсынан Соқыр өзені ағып өтеді. «Өзен неге Соқыр деп аталған?» — деген сұраққа кейбіреулер «Арнасы тар, сығырайып жатқан соң «Соқыр» аталған ғой деп жорамалдайды. Шындығында өзенді халық жағасында Жалантөс батырдың бейіті тұрған соң Соқыр батырдың (қысқаша Соқыр) өзені деп атапты. Жалекеңнің көзіне садақтың жебесі тигенде ешкім қолы батып суырып ала алмайды, сонда батыр «тәйірі-ай, бәрің жиналып бір инені суырып ала алмадыңдар-ау» деп, өзі жұлып тастаған екен» дейді аңыз. Содан Жалантөс аты сақталғанмен ел арасында Соқыр батыр атанып кетіпті.

1990 жылы Алматыда «Ақтоғай — алтын бесігім» деген кітап жарық көрді. Авторы — Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің редакторы, талант-

ты журналист Махмұт Сәдуақасұлы Жарылғапов. Сол кітапта Ақтоғай жерінен шыққан атақты адамдар туралды кең түрде қамтылып жазылған. Ертеде өткен от тілді, орақ ауызды шешендер — Жидебай, Қараменде, Шабанбай билерді атай келіп, Жалантөс батыр жөнінде былай деп жазады: «Жалантөс батыр жоңғар шапқыншылығы кезінде қол бастап, ел азаматтарын соңына ерткен тарихтағы Жасыбай батырдың үзенгілес досы, сенімді серігі болған. Қарағанды қаласының түбіндегі Соқыр өзені осы Жалантөс батырдың ерлігіне байланысты аталғаны жайында ел арасында дерек әңгімелер бар...»

«Арқа еңбеккері» газеті соңғы жылдары елдің, жердің тарихы, еліне елеулі, халқына қалаулы болған адамдар туралы тарихи деректерді жүйелі түрде жариялап келеді. Биыл сәуір айының 10-күнгі санында атақты ғалым Әлкей Марғұланға аудан көлеміндегі және одан сырт жерлердегі тарихи ескерткіштердің суретін салып, олар жөнінде құнды мағлұматтар берген, сол үшін де құрметті атаққа ие болған қадірлі ұстаз Аманқұл Мұсатайұлының мақаласын жариялады. Онда патша үкіметі тұсында Омбыға жер аударылған, сонда жүріп қызметке орналасып, Қазақстанның біраз жерлерін, оның ішінде Семей, Аягөз аймақтарын, Шыңғыстауды аралаған, «карадан хан туған» аға сұлтан Құнанбаймен жүздесіп, әңгімелескен поляк революционері Адольф Янушкевичтің жолсапары баяндалған. Бұл мағлұматты қазір Тоқырауын ауданындағы Нарманбет Орманбетұлы атындағы совхозда тұрып, өмір сүрген, көп жасап, көпті көрген Шайқыстанбек ақсақалдан жазып алған екен. Сол мақаладан мына бір үзіндіні келтіре кетейік. «Құнанбай А.Янушкевичке көп жерлерді аралатып мынадай деректер айтқан екен. Жиде-

байдың ата тегі — Әлтеке. Әлтекеден Дос батыр туған. Достан Қожаназар туған. Сол Достын немересі — Жидебай батыр. Елін басқыншы жаудан қорғауда үлкен ерлік көрсеткен. Сол кезде Жидекеңнің сонынан ерген атақты батырлар — Түйте Жарылғап, Керей Есей, Құлық Жалантөс, Төленгіт Қасабай, Қожагүл Торақ, Тобықты Байзақ қалмақтармен соғыста дара шығып, көзге түскен».

Батыр атағы кез келгенге беріле салмаған. Оған қырандай қырағы, арыстандай айбатты ерлер ғана ие болған. Үш ғасырдан аса уақыт туған елінің жүрегінен өшпеген қадір-құрметіне ие, ұрпақтарына мақтаныш бола алған батыр аталар аруағына бас ию кімге болсын парыз болса керек. Тек солардың қасиетті есімдерін жекелеген руларға меншіктеп, аз ғана қазақты алтыға бөліп, «Менің атам сенің атаңнан артық» деп «қымыз мақтанға» салынып кетуден құдай сақтасын!

Сонымен Жалантөс батырдың тарихта болғаны, оның Соқыр батыр атанғаны ешбір күмән тудырмайды. Аманбай ақсақалдың ұсыныс-тілегімен ел азаматтары қаражат жинап, Жалантөс зиратына батырдың өзіне лайықты шомбал ескерткіш қойылды. Оған мынадай сөздер жазылды: «Қаракесек Сарым Құлықұлы Жалантөс (Соқыр)». Кейінде, өттеген-ай, туған, өлген жылы белгісіз болғанымен өмір сүрген ғасыры белгілі емес пе еді. «ХҮШ ғасырда өмір сүрген, Жонғарларға қарсы ерлікпен соғысқан батыр деген сөздер неге жазылмады екен деп өкініш білдіргендер де болған. Биыл 6 ақпанда «Орталық Қазақстан» газетінде «Соқыр батыр басындағы сорақылық» аталатын мақала жарияланды. Авторы — Дәулет Рысбайұлы Жалантөс (Соқыр) батырдың зираты саяжайлардың ортасында қалғанын ренішпен баяндаған. Алдағы уақытта



зиратты қастерлеп күтіп ұстау, лайықты кесене тұрғызу керектігін ескерткен. «Жалантөс бабамызды күнде еске түсіретін бір белгі — бұл облысымыздағы Саран қаласы. Үлкендердің айтуы бойынша, осы жер ертеректе «Соқырдың сораны» деп аталған екен, бірақ оны дәл қазір кім біліп жатыр» деп өкініш айтады Дәулет. Қарағандыдағы «Соқыр сораны», «Соқыр өзені», Ақтоғай ауданындағы «Жалантөстің үш қорығы» «Жалантөстің Қызылтасы» деген жер атаулары батырдан қалған ескерткіштер сияқты. Бүгінде Ақтоғай ауданындағы Жәмші совхозының орталығы «Жалантөс батыр ауылы» атануы — аруақты бабаға көрсетілген ұрпақ құрметі.

Осы жерде кейбір жайларға түсінік бере кеткеннің артықтығы болмас. Жоғарыда айтылған Дәулет бауырымыздың мақаласында Жалантөс батырдың үш әйелінің есімдері білместіктен өзгертіліп айтылған екен. «Бұлар қазір Сарымнан тарайтын үш рулы ел — Айсұлу, Маңқа, Күнсұлу (Жібек)» деп жазылыпты. Дұрысы да, шыны да Жібек, Маңхан, Ақсұлу. (Күнсұлу, Айсұлу, Маңқа дегендер тарихи шындыққа қиянат болады). Қаздауысты Қазыбек бидің ерке де сұлу қызы Маңхан аталуы да күмән туғызбайды. Маң деген сөз ірілікті, үлкендікті, кеңдікті білдіреді ғой. (Маң дала, маң қыстау т.б.) және «Сарымнан тарайтын үш рулы ел деген де қисынсыз, анығы — Құлықтан тарайтын».

Жалантөс батырдың өмірін, ерлігін ертеден тиянақтап, ол жөнінде тиісті орындарға құлаққағыс жасап, баспасөз бетінде әңгімелеп жүрген батыр ұрпақтары Әнуарбек Адамбеков пен Ақылбек Шайхин атты азаматтар. Ә.Адамбеков 1985 жылы «Жұлдыз» журналының үшінші санында Қазыбек биге байланысты жарияланған кейбір

деректердің терістігін айтып, аталған журнал алқасына, хат жолдаған екен. Сол хатта мынадай бір пікір бар «...Қазыбектің бес ұлынан кейін Маңхан атты бір қыз туыпты. Маңхан бес ағаның ортасында өскен әрі атақты бидің қызы, өз замандастарына қарағанда алдына ешкім қарсы келмей еркелеп ер жеткен қыз болыпты. Бойжеткен кезінде қайсыбір әлді ру басшыларының Қазыбекпен құда болуға ниет етіп жүргендерін сезіп, Маңхан бір күні әкесіне: — Әке, сіздер мені қанша еркелеткендеріңізбен төмен етекті болып жаратылдым ғой, сонлықтан түбі бір жерден орын табуым керек болар. Сол орнымды өзім табайын, мені ешкіммен атастырмаңыздар, — деп тілек етіпті. Арада біраз уақыт өткен соң сол кезде Орта жүзге мәлім бола бастаған өзінің ағаларымен үзенгілес жүрген Жалаңтөс деген батыр жігітке әкесінің ақ батасын алып тұрмысқа шығыпты...»

Жалаңтөс батырдың үш әйелінен он жеті ұл болған екен. Солардың ішінен бізге белгілісі: Жібектен — Алтай батыр, Ажыбай, Толыбай, Маңханнан — Бәйгел, Берістен, Бөлтей, Сәрке, Ақсұлудан — Естай, Есет, Рүстем, Бабатай, Көбен. Қалған бесеуі не жастай өлеген де, не есімдері ел есінде қалмай ұмытылған.

Осы жерде Қарағандының Оңтүстік-Шығыс ауданы сыртындағы қазақ зиратындағы әуел бастағы жалғыз мола Жалаңтөс (Соқыр) батырдікі ме, әлде басқа біреудікі ме? — деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Бұл жөнінде Ә.Адамбеков маған мына бір жайды баяндаған еді: -1970 жылдары Ескі қаладағы мешіттің имамы Сармантай руынан шыққан Елібай деген кісі болды. Сол кісімен әңгімелескенімде өзінің ата-тегіні айтып, әкесінің келдей адам болғанын, қазіргі «Сарыарқа» әуежайы орналасқан жерде аздап егін салып күнелткенін

баяндап, туған әкесінің ерте уақытта өзіне Жалантөс батырдың бейітін көрсеткенін, жұма күндері сол бейіт басына барып құран оқып қайтатынын айтқан еді. Елібай қария әкесінен Жалантөс батыр туралы көп жайларға қанған екен. Соның бірі Жалантөстің Қанжығалы Бөгенбайды пір тұтып, аруақты батырды ардақтап, қадір-құрмет етіп өткені. Бөгенбай батыр өмірінің соңғы кезеңдерінде Абылайханға өкпелеп, ауылымен Кіші жүз жеріне көшпек болады білем. Бұған қатты ашуланған Абылай «Бөгенбай ауылын қайтарындар, көнбесе жазалаңдар» деп маңындағы Төленгіт жігіттерінен құралған үлкен жасақ жібереді. Мұны естіген Қаракесектен шыққан батырлар — Жарылғап (Бөгенбайдың құдасы), Жидебай, Жалантөс бас қосып, ашу үстіндегі әділетсіздікке жол бермейді. Орта жүздегі осы бір алауыздықты пайдаланған қалмақтар оңаша қалған Бөгенбай ауылын тұтқиылдан шауып, жайдақ атқа қарғып мініп, жаумен жағаласқан қарт батыр Бөкенді мерт етіп кетіпті. Жауды өкшелей құған қазақ қолын Жалантөс бастаған екен. Осы жолы қалмақтар ойсырай жеңіледі. Бөгенбай батырға құн төленеді...».

Менің атам Халиолла мынадай бір әңгіме айта-тын. Жалантөс батыр жорықтан қалмақтың үш баласын алып қайтады да үш әйеліне «осы балаларды аман-сау, маңдайынан шертпей өсіріңдер» деп тапсырады. Кейбіреулер: «Батыр, ежелгі жау ел болмас, етекпен кесіп жең болмас» деген бар. Қалмақ баласы қазаққа бала бола қоймас, өлтіріп тастағаныңыз жөн еді ғой», — дегенде Жалантөс:

«Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі — дүр, жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі дүр» деген мақалды ұмытпаңдар. Жауымыз біздің қызыл қарын жас баламызды құл етсе, біз олардың баласын ұл етейік. Жауыққанға — жай түсер, иман-

дыға — бақ қонар. Бейкүнә балаларды өлтіру — мұсылманның ісі емес, қаражүрек, қанды қол қарақшының ісі. Бұлардың ертең қандай қазақ болатынына көзім жетпейді, әйтеуір қалмақ болмайтынына иманым кәміл», — деген екен. Сол балалардың біреуін есерсоқтау бір адам ұрлық жасады деп өлтіріп тастапты дейді үлкендер. Сонда Жалантөс батыр назаланып: «Әй, сенің тұқымың өспес» деп, теріс батасын берсе керек. Айтқандай-ақ сол кісінің тұқымы көп ұзамай үзілді.

Енді батырдың ұрпақтарына байланысты ел арасына тараған кейбір әңгімелерге тоқтала кетейік.

Жорықта жүргенде батыр бір қалмақ қызын еліне алып келеді. Сұлу қыз атақты батырдың кіндігінен екен. Оған өзі үйленіпті. Сол тоқалынан туғандардың көбі батыр болыпты.

«Алтай батыр — Жалекеннің Жібектен туған тұңғышы. Батырлығымен қоса сері болыпты. Сән үшін атының шашасына күміс білезік салады екен... Түйеге теңдеген қайыңды жалғыз көтеріп, екі жүз қадам жерге апарып тастапты» деген әңгімені бала күнімізде үлкендерден естігенбіз.

Батырдың Берістен деген баласынан Анай, Жанай, Айтбай, Сартбай, Құсайын туады. Бір жылы Айтбай мен Сартбай Қарақозы, Майтас, Қызылтас деген таулардың бірінен аю алыпты. Осы оқиғаны атам былай әңгімелейтін еді: «Бір жылы қыс аяғы созылып, ел күйзеушілікке ұшырайды. Ағайынды екі жігіт тауга отынға барып, күнге беттен арша аударып жүріп, бір апанға тап болады. Айтбай қолындағы сойылымен үңгірді түрткілеп қараса, бір жұмсақ нәрсеге тиеді. Одан сайын түрткілейді. Сол кезде ұйқыдан оянған қара аю ақыра шығып, Айтбайды бас салады. Сонда Айтбай аюдың кеудесінен қапсыра құшақтап, арандай ашылған аузын, өткір тырнағын денесіне тигізбейді. Мынадай кереметті



көрген Сартбай жүрексініп, жоламай тұрады. Айтбайдың тілі сақаулау екен дейді.

— «Әй, Сайтбай, жаның менен тәтті ме? Үй ба-сқа» деп ақырса керек. Сартбай батылданып келіп, аюдың басынан балтамен ұрып, мылжа-мылжасын шығарыпты. Айтбай өлген аюдың денесін иығынан лақтырып тастап: «Әй, Сайтбай, мынау итің бой бейетін емес қой өзі, Әкелші, насыбайыңды. Ұйықтап жата бейсе біздің мұнда неміз бай. Ажал жетейін десе антұйған маза беймейді екен ғой» депті.

Кенес өкіметі кезінде шыққан, жауырыны жерге тимеген Ахмет балуан Ақсұлудан тараған ұрпақтан. Анықтап айтсақ, Жалекеннің Естай деген баласынан Нарбота, одан Байғоңды, одан Ахмет балуан туады.

Батыр аса қайырымды. сертіне берік, көп сөйлемейтін қара күштің ғана иесі емес, ақыл иесі болған деседі. Оны Жалантөс батырдың жорыққа шығарда айтыпты дейтін мына бір ғибратты сөздері айқындай түсетіндей:

Қар жаумасын, қан жаусын,

Қас дұшпаннан қаймықпа,

Жаратқан ием, қолдай гөр,

Айтқан серттен айнытпа.

Қайран елім, аман бол,

Айрылтып сенен қайғыртпа.

Жасын түссе басына,

Қалқаның боп қағайын.

Қан тілеген қалмақты

Алдаспан боп шабайын.

Қауышқанша күн жақсы,

Қош аман бол, ағайын.

Не жауыңды жайратам,

Не ақ өлім табайын!

Батыр сөзі сол айтылған күйінде жетпегенімен

ел іші алтын бесік емес пе? Сүйер ұлының аузына жасық сөз салмаған сияқты.

Біз Жалаңтөс батыр туралы ел арасына кең тарап кеткен осы бір аңыздарда тасқа басқандай дәлдік бар демегенмен шынайы шындық бой көрсеткеніне күмәнданбаймыз. «Халық айтса, қалп (қырғызша өтірік) айтпайды» деген рас.

1992 жыл.

### Жалаңтөс батырдың тілек-батасы

Уа, Жаратқан жаббар ием,  
Бір өзіңе сыйындым,  
Бар әулетім, өзім де  
Құлақ кесті құлыңмын.  
Адалдық, пәктік жолыңда  
Қиынға сал қиынның.  
Көтеремін қынқ етпей,  
Үзілгенше жұлыным.  
Табынарым — тәңірім,  
Құран кәрім — әмірің,  
Алла — бір, пайғамбар — хақ,  
Өз қолыңда өмірім.

Жасаған жалғыз тілегім:  
Еліме берік бірлік бер,  
Еріме ерік, тірлік бер,  
Жеріме биік шынар бер,  
Ұлыма адал сынар бер,  
Қызыма көрік, ақыл бер,  
Жан қиысар жақын бер.  
Ерімнің басын еңкейтпе,  
Алла ажалын ерте етпе.  
Тұлпарына қанат бер,  
Бес қару — жау-жарақ бер.

Сұр жебе бұзбас сауыт бер,  
Қалғытпайтын хауіп бер.  
Байтағым үшін жан пида,  
Қиынға салсаң — салып көр.

• • •

Қан майданда мерт болған,  
Ер иманын жолдас қыл.  
Артында қалған тұяғын  
Бет қаратпас алмас қыл.  
Арыстандай айбат бер,  
Жолбарыстай қайрат бер,  
Селт етпейтін жүрек бер,  
Ел қамын жеген тілек бер.  
Намысы найза бала бер.  
Ақылы кемел дана бер.  
Қансызды ұрпақ санама,  
Туа қалса сірәда,  
Өзің бердің, өзің ал,  
Бастан құлақ садаға!

• • •

Алладан бұйрық, ұрпағым,  
Ту көтерер шағын бұл.  
Қайрат пен ақыл ұласып,  
Сарқылмас бұлақ, ағын қыл.  
Атаның күшін, ананың сүтін —  
Ақтайтын зауал күн туды.  
Намысты, арлы азамат.  
Асынып садақ, жау қуды.  
Білектің күші, найзаның ұшы,  
Шешеді енді бұл сынды.  
Жаратқан жолын аша гөр,  
Дұшпанның көңілін баса гөр.  
Ғайып ерен, қырық шілтен,  
Бабай түкті шашты әзіз,  
Өзің қолда, бата бер!

\*\*\*

Жаныма малым пана ма?  
Арымнан жаным садага.  
Қанымның ыстық тамшысы,  
Өсиетім есті балаға:  
Көбелек қуып, гүл терген,  
Жар сүйіп, жүрек өртенген,  
Кіндік қаның тамған жер,  
Тұлпар мініп, ту ұстап,  
Жапыра жауды қуған жер —  
Анаң сол — Алтын бесігің.

Сонымен асыл есімін,  
Сонымен ашық есігің,  
Сонымен биік мәртебең,  
Сонымен жарық әр күнің,  
Сонымен гүлдер ертеңің.  
Қорға Анаңды — жеріңді,  
Сүйе біл Ене — Елінді.  
Қалмақтың қанын ағызсаң —  
Аруағы асқан қазысын.  
Атың қалар ұран боп,  
Алтынмен сөзің жазылсын.  
Сұрапыл жолда мерт болсаң —  
Жұмаққа кірер шәйітсің,  
Алапат жолда өрт болсаң —  
Асқар таудан биіксің.  
Қиямет жолда сыр берсең —  
Жүрекке түсер күйіксің.  
Халқыңның сүйер ұлы бол,  
Ақынның толғау жыры бол.

\*\*\*

Тереңге тартсын тамырың,  
Алысқа жетсін дабылың.  
Ашуыңды тізгіндеп,  
Тежеп жүрсін сабырың,



Айың туып оңыннан,  
Жұлдызың туып солыннан,  
Күнің шықсын маңдайдан.  
Тас бұлақтай сылдырап,  
Жыр төгілсін таңдайдан.  
Жауыңды жаншып, жеңіп қайт,  
Алдыңда әлі — сан майдан.

...

О, туған жер, туған ел,  
Кеудемді төсеп қорғадым.  
Шаршағанда — қуатым,  
Арқа сүйер — қорғаным.  
Шөлдегенде — кәусарым,  
Сағынғанда аңсарым.  
Бір шыбындай жанымды,  
Бір қасықтай қанымды —  
Жолыңа сенің арнадым.  
Топырақ сенен бұйырса —  
Менің де жоқ арманым.  
Сен болсаң — түгел жан-жағым.  
Сен тұрғанда, айбарым,  
Бұзылмайды қаймағым.

...

Уа Кәрім Алла,  
Мұхаммед Расулым!  
Тілегімді қабыл ет.  
Қасіретті елімнің  
Қасиетін кәміл ет.  
Фәни, бақи абыройын,  
Ажырамас серік ет.  
Шаңырағын шарықтат,  
Босағасын берік ет!  
Әумин!

*Ескерту:* Кейбіреулер осы тілек-батаны менің атыма меншіктегісі келеді. Бұл — білместік. Жа-

лаңтөс батырдың батасы болған, оны мен бала күнімде атам Халиолланың аузынан естігем. Мен сол батаны тірілтуші — әдеби өңдеуші ғанамын. Әдебиетте мұндай әдіс бұрыннан бар.

### Жалаңтөс (Соқыр) батыр кесенесі

Жалаңтөс батыр кесенесін алғаш анықтаған жүз жасаған қария Аманбай Қожамбердіұлы. Оған әкесі көрсеткен екен. Ол кезде биік шошақ бейіт алыстан көзге түсіп тұрған. Жетпісінші жылдары Қарағандының ескі қаласындағы мешіттің имамы болған Елібай есімді кісі өзінің әкесіне еріп Жалаңтөс батыр бейітіне барып құран оқып тұрғанын батыр ұрпағы Әнуарбек Адамбековке әңгімелеп айтқаны «Жалаңтөс (Соқыр) батыр» очеркінде жазғандықтан ол мәселеге айрықша тоқталмадық.

Жалаңтөс (Соқыр) батырға жаңадан кесене-мазар тұрғызу жөнінде әңгіме кеңес өкіметі тұсында көтерілген болатын. Алайда тоталитаризм тоқпағынан шошыған жұртшылық іске ашық кірісе алмай, құлаған бейіт іргесіне ескерткіш тас қоюмен шектелген еді. Ол ескерткіш әлі сол орнында тұр.

Қазақ елінің тәуелсіздігіне қол жеткен тұста батыр ұрпақтары және аруақты ердің атына, оның аңызға айналған ерлік істерін жасынан құлағы қанық болып өскен Ақтоғай, Балқаш, Ақшатау өңірінің, Ақжал және басқа рудниктердің тұрғындары, сол жерлердегі кәсіпорындар басшылары моральдық, материалдық көмектерін көрсетті.

Алғашқы ақылдастар кеңесіне сол кездегі өндіріс, шаруашылық басшылығында жүрген Райымқұл Игенұлы, Сәкен Қойшанұлы, Мейірхан Тәтибекұлы қатысып, жан-жақты пікір алысылды.

1995 жылы 5 қазанда кесене-мазардың ірге тасы көтерілді. Батыр ұрпақтары Зікірия Көпбаев ақсақал, Әнуарбек Адамбеков, Масғұт Жабасұлы, Құрал Рақыманұлы, Ыбырақым Аманбайұлы, Ыбыш Жұмабеков, Төлеген Айтанұлы, Секербек Шайқыұлы, Серік Құдайбердіұлы және басқа көптеген азаматтар осы іске белсене қатысты.

Құрылыс жұмысына Орал Рақымбекұлы басшылық етті. Архитекторы Ақшатау комбинатының суретшісі Асқар Имашев болды. Тікелей кірпіш қалаушылар: Онғар Мауқиұлы, Еркін Аманқұлұлы, Ғабиден Күзембайұлы, Абзал Шөкенұлы, Құрманғазы Қаленұлы, Әзілхан Тәтибекұлы, Ілияс Әбілдаұлы (бәрі Жәмшіден), Тұрсынбек, Кәріғұл есімді жігіттер (Ақжал руднигінен)' Ыдырыс Әбілдаұлы ас-су қамдау, сойыс малдарын бағу жұмыстарында жүрді. 22 қазан 1995 жылы кірпіш қалау жұмыстары аяқталды. Ал, кесененің күмбезі келесі жылы тұрғызылды. Биіктігі — 9 метр.

## КЕУДЕСІН КЕК КЕРНЕГЕН КЕСЕК ТАЛАНТ

Көкорай көлге біткен шалғынымын,  
Ішінде көк қаршыға алғырымын.  
Тайында ат бәйгеден дәмесі бар,  
Бәпидің атым Мәди жалғызымын.  
Аққаптал ағайыннан арқам жауыр,  
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр.  
Дұшпанның сүңгі, найза сұққанынан,  
Туыстың саусағымен түрткені ауыр.

Мәди.

Шынжыр балақ, шұбар төс атанып, ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс болып тиген ортадан шыққан Мәди Бәпиұлы Алшынбаевтың балта са-

бындай қысқа өмірі көптен бері өнер зерттеушілердің де, әдебиет сыншыларының да, жалпы көзі ашық, көңілі ояу жұртшылықтың да назарын еріксіз аударып, ойға қалдырып келе жатыр. Мәдидің арғы аталары Қаздауысты Қазыбек, Бекболат, Тіленші, Алшынбай — сахарاداғы шешендік өнердің айтулы шеберлері. Жүсіп, Қақабай, Қосық, Шәпи, Бәпи — Алшынбай кіндігінен тараған ұрпақтар. Алғашқы төртеуі «сен түр, мен атайын» атанған, малға да, жанға да бай шонжарлар болса, Бәпи кісіге қиянаты жоқ, момын да, инабатты, адал адам болған. Басқа ағайындары ақар-шақар ауыл болып думандатып жатқанда ол басқа да жарымайды. «Жақсыны жарым еттен қысады» дегендей, көпке дейін перзент көрмей, қам көңіл болып жүргенде дүниеге Мәди келеді. Алшынбай бидің кенжесі Бәпиден туған Мәди енді ежелгі дәстүр бойынша атаның қара шаңырағының иесі атанып, мейірбан әже — Ұлжанның бауырына салынады. Осыдай қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқттырмай өсірген әже қойнынан түлеп ұшқан өжет, тапқыр әрі тілмар Мәди жасынан қиянатқа жаны қас, астамшылықты басынан асырмайтын тәкаппар болып өседі. Тал бойына ақындық, әншілік, композиторлық, балуандық, атсейістік, зергерлік, етікшілік және басқа өнер мол дарыған Мәди шын мәнісінде ел еркесі, той-думанның гүлі атанды. «Жігіттік ақ семсердің жүзі емес пе, қайрап ап қалың жауға сермегендей» деп Мәдидің өзі айтқандай, оның бойындағы талант оты лапылдап, өрттей лаулап келе жатыр еді. Әйтседе, өнерді — есерлік, тура айтқан әділ сөзді — тентектік, қазан бұзар, шідер үзер кесел-кесапаттық деп білетін, солай бағалайтын даңкеуде, даңқмас ағайын Мәдиді телі-тентекпен шайнасуға, кедей кепшіктің жағасына жармасуға айдап салмақшы, сөйтіп, Бәпидің еншісіне тиген мал



мен жерді өздері билеп-төстемекші болды. Жасынан кеудесін кеселдіге бастырмайтын, кекке соққан алмас қанжардай лыпып тұрған Мәди олардың ойлаған жерінен шыға қоймады. Қайта ол ел тыныштығын аңсады, зорлық-зомбылыққа, қиянатқа қарсы шықты, жарлы-жақыбайды қанатының астына паналатты. Осы жерде Мәдидің жұбайы Қазиді айтты деген сөзді еске сала кетейік. Ол Мәди қайғылы қазаға ұшыраған кезде жиналғандарға былай деген екен: «Әйтеуір біреулерге көмектескенді, қиянатқа қарсы күрескенді өзіне борыш санайтын тынымсыз жан еді. Байғұс алты аласы, бес бересі жоқ қаймана қазаққа жәрдем көрсетуге жаны құмар еді ғой. Біреуден жәбір көрген адам үшін оққа ұшты ғой...» Осы сөздердің түп-төркіні Мәди адамгершілікті ту етіп көтерген, жақсылық жасау, жаманшылыққа қарсы күресу — оның ақыл-ойының ғана емес, ыстық жүрегінің әмірі деген пікірге саяды. Қазақта «Сүтпен біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» деген аталы сөз бар. Адамға аяныш, құрмет сезіммен қарау, Мәдидің бойына туа біткен мінез. Ел арасында айтылып жүрген әңгімелердің қай-қайсысына зер салсаңыз да осы пікірді анықтап, дәлелдей түседі. Мәди жүрегіндегі адамгершілік асқақ сезімді түртіп оятқан жайлардың бірі — сөз жоқ, Абай өлеңдері. Ол жездесі — Абай өлеңдерін (Абайдың үлкен әйелі Ділдә — Бәпидің ағасы Жүсіптің қызы) қаршадайынан жаттап өскен. «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның қырдағы әні» сияқты әндерін ол он жасында-ақ шырқаған. Арамза болыстардың қитұрқы, жылымқұрт қулық-сұмдығын ажуалайтын сықақ өлеңдерін жатқа айтқан. Өз әкесі Бәпидің ағасы Қақабай болыстың қаншелек озбырлығын Абайша бағалап, жермен жексен еткен.

Құдай-ау алмай қойды Қақабайды,

Шаяндай беті қызыл шақа байды.

Қойғанша Едірейге едірсидетіп,

Ажалын неге мұның тақамайды, — деуінде де Абай өлендерінің әсері бар екені даусыз.

Сонымен бірге Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Шөже мен Кемпірбай — Мәдидің рухани ұстаздары. Сарыарқада саф өнердің туын тіккен осындай саңылақтардың әсем әндері мен көркем жырлары Мәди жүрегіне ерте-ақ жол тапқан.

Адамның ішкі сырын тамыршыдай тап басып тани білетін Мәди өз айналасындағы атаның аруағын жамылып, ел билеген мешеу жандардың жайын ерте-ақ түсінген. Оған себеп, күн сайын аттаншу көтеретін әлдінің әлсізге жасаған зорлық-зомбылығы болса, көп ұзамай-ақ сол қиянат тағы өз басына да сарт-сарт тиеді. Жуан жұдырық, кеуделі, кесірлі ағайын Бәпидің жерін, малын тартып алды. Мәдидің атастырып қойған қалыңдығын астыртын түрде басқа біреуге өңгертіп жібереді. Қиянатқа қаны қайнап қарсы шыққан Мәдиді соққыға жықты. Тіпті болмаған соң Қақабайлар ол заманда сирек кездесетін о жар мінез, оспадар қимыл жасап абақтыға жапқызды. Мәди қайда болмады. Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Кереку, Омбы, Семей түрмелерінен дәм бұйырды. Сарыарқаның шонжары Қазыбек би ұрпағының ол заманда түрмеге қамалуы құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық еді. Алайда, Қақабай бастаған ағайындары еркіндік аңсаған ер азаматты осылайша отқа салып, шыжғырып отырса да бар пәленің түп-төркіні, бар сұмдықтың күнәкәрі деп Мәдиді нұсқады. Телі-тентек, ұры-қары, барымташы, басбұзар атандырды. Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады. Ақты, қараны таразылап жататын кім бар, қол-аяққа бұғау түсіп, Мәди түрмеден түрмеге айдалып кете

барады. Табиғат түр-тұлғаны, көрікті аямаған Мәди күштен де, жүрек жұтқан ерліктен де кенде емес еді. Тас түрменің табан тасын етіктің нәлімен қазып шығып, талай рет қашып та кетті. Сарыарқаның сар даласын тебіrentіп, «Қара кесек», «Үшқара», «Шіпкін-ай» әндерін шырқады. Көмейден емес, кедуден күмбірлеп, толқып, арындап шығатын асқақ үн тылсым бұған сайын даланы ғасырлық ұйқысынан оятып, сан мәрте дөңбекшіткен де болар.

«Мен ғибрат бұл дүниеге келген жанға,

Жазасыз жаманшылық қалмас таңға.

Басымды тауға да ұрдым, тасқа да ұрдым,

Баспа-бас айырбастап мың мен санға»,

Бұл сөзді Мәди жайдан-жай айта салмаған. Данышпан Абай « Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» десе, Мәди «Мен ғибрат бұл дүниеге келген жанға», деп отыр. Иә, оның өмірі шынында да ғибратты өмір. Адам болып туып, азамат болып дүниеден аттанған үлкен таланттың өмірі өзін де ойландырмай, толғандырмай қоймаған. Міне, бүгін де өнер сүйген қауымды тоқсан тарау ойдың торабына әкеп тіреп отыр. Егер Мәди ортамызға қайта оралып, оған «өз өмірінді қайта бастасан не істер едің?» деген сұрақ берілсе, ол сөз жоқ «Адамдықты жақтап, зұлымдықты даттар едім» деп жауап берер еді. Бір сөзбен айтқанда, ол өз өмірін сол бәз баяғы қалпында қайталауды қалар еді.

Мәдидің ақылдылығын, батылдығын, ел арасындағы беделін әркімнің-ақ пайдаланғысы келеді. Қақабай тобы да, патша чиновниктері де Мәдиді өзіне тартты. Бірақ тумысында бір бет әрі адал азамат алған жолынан қайтпаған. Сондықтан да « ат жақсысы кермеден, ер жақсысы түрмеден кетпеген дәуірде өмір сүрдік қой» деген екен Мәди сырластарына.

Мәди — бунтарь. Күштіге тайынбай күш көрсет-

кен, көк шыбықтай иілмеген, тобылғыдай майыспаған, тек емен ағаштың иір бұтағындай шарт сынып кеткен. Мәди Абай айналасындағы ақындар тобы арқылы Пушкиннің «Дубровскийпен» де танысқан. «Рақымсыз сол иттің зорлығынан разбойник боп ел шаптым қорлығынан» деген Дубровский — кеудесін кек кернеген Мәдимен рухани туыс.

Бүгінде Мәдиді көрген адамдардың жер басып жүргені некен-саяқ болар. 1968 жылдың 24 мамыры күні біз Мәдидің жүзін көру ғана емес, әсем әнін тыңдаған, жол серігі болып сапарға бірге аттанған Тоқан Кәдікеев қариямен әңгімелескен едік. Тоқан сол кезде 75-темің деп еді. 1981 жылдың шілде айының 7 күні дүние салды. Мәди 1880 жылы туған десек, (кейбір документтерде 1889 жылы туған деп жазылып жүр) сол жылы ол сексен сегізде. Тоқаш ақсақал бізге Мәди биыл 90-да, жылы ұлу деді. Сәл ғана жаңылысы болмаса, Мәдидің 1880 жылы туғанын анықтайтын пікір.

Сол Тоқан — Мәдидің қазір елдің қолында жүрген жалғыз суретін бойтұмардай сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізген аяулы адам. Егер Тоқан болмаса Мәдидің бейнесі қолымызға түспей кетер ме еді, әлде қайтер еді.

Тоқаш Мәдиге туыстық жағынан аса жақын — күйеу баласы, яғни Мәдидің қарындасы Мәпрузаға (Мәпішке) үйленген. Бәпидің екі әйелі болған. Бәйбішесі Күләнда Бітібай қызынан атақты Мәди және оның қарындастары Үрия мен Мәпруза туған. Сөз арасында айта кетейік, Тоқаш пен Мәдидің қарындасы Мәпрузадан Ләтай туады. Мәдидің жиені — Ләтай Кәдікеев қазірде Шерубай-Нұра шахтасында директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып істейді. Жұбайы Шолпан қалалық сауда бөлімінде. Бұлардан туған төрт бала —



Мәдидің жиеншарлары — Мәди — милицияда, Еремек — әскери қызмет жүйесінде, Гуля — тау-кен техникумында істейді, Ботакөз бесінші класта оқиды. Егер Мәдидің өз кіндігінен тараған ұрпақтың жоқтығын еске алсақ, оған туыстық жағынан ең жақын адамдар Кәдікеевтер.

Мәдидің түрі-түсі туралы әркім әртүрлі пікір айтады. Мәселен, Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдарында» «Асқан сұлу жігіт, ақ сұр беті аздап тотыққан, бойы сұнғақ, дене құрылысы аса көркем» деп жазады. Бектасов пен Адамбековтің «Қазақстан» баспасынан 1969 жылы жарық көрген «Мәди» атты өмірбаяндық очеркінде мынадай жолдар бар. «Оның ақылы мен мінезіне сұнғақты, кең иықты келбеті, атжақты, қыр мұрынды, жазық маңдайлы бет пішіні, шаминырақтай шаралы, жалынды көздері жарасып, жарқырап тұратын. Ол ер тұлғалы сұлу денесіне лайықты киімді де қымбаттан таңдап, жаңа үлгімен киінетін. Орысша киімдеріне қарағанда ол оқыған ғалымға, ширақ қимылына, ісіне қарағанда әскери адамға ұқсайтын, Омбыда оны соттаған бір қарт офицердің Мәдидің сұлу да сымбатты сүйегіне қызығып, тілмаш арқылы сөзін тындап, қасында отырған Қасенге «Шіркін-ай, мына тұлғасына, ақылына, жүректілігіне лайық европаша білім, әскери тәрбие берсе, өзінен қандай келбетті генерал шығар еді» дегені бар.

Ал Тоқаш ақсақалдың сөзін сол қағазға түсірген қалпында баяндасақ, мазмұны мынадай: Мәдидің суреті Атбасарда Қаракесек Жайсаң қажының баласы Кәмалдың үйінде сақталған. Кейінде 1953 жылы оның әйелінің қолынан Тоқаш алады. Мәдиді патша жендеттері 1914 жылы тұтқындап, басында Қараөткелге, одан соң Атбасарға айдағаны белгілі. Ал, қазір ел қолында жүрген суретке Мәди

1915 жылы түскен. Бұл жөнінде Тоқаш ақсақал «Мәди бір сөзінде осы суретке 1915 жылы Атбасар абақтысынан қашып шығып, жасырынып жүргенде туысым Кәмал бір суретшіні үйге әкеліп түсірген еді. Басымдағы тымақты Алшын-Жаппас елінің азаматы, абақтыда бірге болған жолдасым беріп еді дегені есімде» деп баяндаған.

Тоқаш ақсақалдың айтуынша, «Мәдидің түрі ақ сұр емес, қара торы, қашып-пысып қуғын-сүргінде жүргенде жүдеуліктен ақсұр боп көрінуі де мүмкін». «Басына жазда жеңіл елтірі тымақ, қыста түлкі тымақ, үстіне плащ не пальто киетін. Кейде шаш қоятын, шылым да тартатын. Дауысы кеудеден күнгірлеп шығатын, құлаққа жағымды қоңыр дауыс еді. Көбіне-көп өзі шығарған әндерді айта-тын. Қазіргі айтылып жүрген әндерден басқа да әндері бар еді, қазір ұмыттым. Көзі отты, қасқырдың көзіндей қып-қызыл еді. Жауырыны жалпақ, сондықтан да белі жіңішке көрінетін. Арабша жазған жазуы тасқа басқандай еді. Қыста ақ байпақты саптама етік киетін, көбіне орысша киінетін, бір орнында көп отырмайтын — екі қолды қалтаға салып, түрегіліп жүретін.

Мен Мәдимен жолдас, дос болдым демеймін, ол артық сөз. Мәдидің атын ұстап тұрғанға мәз болатынбыз. Атсайыстың пірі еді, шауып келе жатқан аттан қарғып түсіп, қарғып мініп кете беретін. Талай рет күш сынасқанын да көрдім. Балуанға түскен бір оқиғасы есімде қалыпты. Қоянды жәрмеңкесі кезінде Жаңғыз төбе деген жерде Керекудің түйе балуанын жыққаны есімде қалыпты. Кереку балуанын шынжырлап әкеліпті. Ол кезде шынжырлау балуанның күштілігін көрсететін, айбынын асыратын белгі әрі сәні болатын. Өзі де бір атан түйедей нән неме екен, күресуге дәті барып ешкім шықпады. Бір кезде қарасам, Мәди үндеместен шешініп

жатыр екен. Шапанын шешіп, бізге қарай лақтырып тастады да бешпентшен шықты. Аяғында өкшесі бір қарыс қара былғары етігі бар еді. Оны өзі тіккен. Апырай-ай, тобығы шығып кетіп, жазым болар ма екен деп аллалап біз тұрмыз. Екі балуан жанаса бергенде қарасам Мәди анадан әлдеқайда биік, әлде қайда жіңішке екен. Түйе балуан Мәдиді олай да шиырып лақтырды, былай да шиырып лақтырды, бірақ Мәди мысық сияқты дік ете түседі. Осылайша қарсыласын әбден қалжыратып, титықтатып алған Мәди бір кезде түйе балуанның бауырына кіріп кетті де «әуп!» деп арқалай жөнелді. Көзді ашып-жұмғанша анадай жерде алқа-қотан отырған би-төре. бай-бағлан, ақсақал-қарасақалдардың алдына апарып бір-ақ ұрды, шаң бұрқ ете түсті. Аржағында не болғанына қарағанымыз жоқ, жүрегіміз жарыла қуанып, Мәдиді көтеріп әкеткенімізді білемін әйтеуір. Сол балуанға түсіп алған бас бәйгеден Мәди сыңар суыртпақ иемденген жоқ. Пышақ үстінде үлестіріп берді жиналған елге...».

Тоқаш қария Мәдидің қолының ісімерлігін де бір сүре әңгіме ететін. «Тамаша етікші еді, аякөз арулар Мәдиді қолқалап етік тіктіріп алатын. Киімді өзі пішіп, өзі тігетін. Оның орысша киім кигенін байлар сөз етін, Мәди шоқынған деп бірқауым әңгіме ететін».

Мәдидің өлімі жайында әртүрлі пікірлер бар. Ахмет Жұбанов та, Ә.Бектасов пен Б.Адамбаев та Мәдидің Қарқаралыда түрме сыртында атылғанын бекіте жазады. О.Орынтаев мақаласында Мәдиді өлтіруге себепкер болғандар, құныкерлер аталады.

Ә.Бектасов пен Б.Адамбеков Мәди жөніндегі өмірбаяндық очеркте «Мәди өлімі жөніндегі 1921 жылы март айында Семейдан шығатын «Қазақ тілі» газетінде басылған мақаланың авторы Мұстақым

Малдыбаев» дейді. Мәдиді атқан соң Мұстақымды түрмеден босатып жіберді дегенді айтады.

Ал, А. Жұбанов Мәдиді өлтірген деп Жасановты атайды. Кейбіреулер Чумаков деген атты дегенді айтатынын ескертеді.

«Мәди» атты очеркте Мәдидің жұбайы Қази Жасановты жүрегіне пышақ салып өлтіреді. Ал, Жұбановтың «Замана бұлбұлдарында» Қази Чумаковты қинап өлтірді деген сөзді де келтіреді. Осы пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсысы теріс? Міне, Мәди өмірін зерттеушілердің бір анықтайтын жайлары осылар сияқты.

Жоғарыда айтылғандай Мәди аумалы-төкпелі, аласапыран дәуірде өмірге келіп, өмірден кетті. Біріне де бас иген жоқ. Совет дәуірінде еркіндікке шығып, бостандық алып, көкірек кере тыныстағандай болып еді, қой терісін жамылған қанды ауыз қарақшылар соңына түсіп жүріп ақыры арандатты — мерт етті. «Батыр — аңқау, ер — көдек» деген ғой. Ақкөңіл, жас баладай иланғыш Мәди досқа да, дұшпанға да риясыз сенді. Қапас дүниеде тура жол таба алмай жанталасты.

Жастық шақ жиырма-отыз бұғауда өтті,

Қырықта бостаншылық шықтым тауға.

Николай, Колчактардың заманы өтті,

Советпін, қимылдайын денім сауда.

Болғанда тілім — қылыш, қалам — найза,

Сілтейін, кетпесін кек, залым жауға, — деп жазды ол.

Қорытып айтқанда, Мәди еркіндікке талпынған, бостандыққа ұмтылған, азаттықты аңсаған алмас тілді ардагер ақын, дауылпаз әнші, шебер композитор, жалынды күрескер, әрі мейірбан азамат. Бүгінгі ұрпақ оның есімін қадір тұтады, бай мұрасын қастерлеп сақтайды.

1975-1983 жж.



## МӘДИ

(телевизиялық сценарий)

Қатысушылар:

1. Мәди — әнші, композитор, сері жігіт.
  2. Қазі — Мәдидің келіншегі.
  3. Қақабай — болыс, Мәдидің әкесінің ағасы.
  4. Афанасий (Апанас) — түрме күзетшісі.
  5. Шақпақ — Қақабайдың атарман-шабарманы.
- Эпизоттарға 2 жігіт, 2 әйел қатысады.

Оқиға Қарқаралы, Үшқара маңында және Атбасар түрмесінде өтеді.

### Бірінші көрініс.

**Киноролик арқылы:** Жөңкіле көшкен жалбыр-жалбыр қара бұлт. Кейде күн күркіреп, нажағай жарқылдап, қалың нөсер жауып өтеді. Осы көріністер өтіп жатқанда қуатты, серпінді музыка ойналып тұрады. Бұл музыка Құрманғазының «Жігер», «Адай» сияқты дауылды күйлерінің бірі болса, тіпті жақсы.

Осы көріністермен қабаттаса, «Мәди» деген титр шығады.

Музыка бірде күшейіп, бірде баяулап жалғаса береді.

### Екінші көрініс.

Терезесі темір торлы түрме камерасы. Қолында бұғау, аяғында кісен салынған Мәди терезе алдында сыртқа қарап тұр. Жүзінен ішкі күйініш, толғаныс байқалады. Бұл жердегі музыка Мәдидің жан күйзелісін айқындай түсетіндей болуы керек.

**Мәди: (ішкі дауыс)**

Барады бұл түрмеде күнім өтіп,

Бір күні ажал шіркін келер жетіп,  
Жасымнан жағаласып жауыздықпен,  
Кетіп өд Қақабайға тізсем өтіп.

Бұл күнде абақтыда біз жатамыз.  
Көңілді құмалақпен жұбатамыз,  
Алыстан іздеп келген ағайынға,  
Тесіктен алақандай тіл қатамыз.

**(Мәди ірі планмен көрсетіледі. Көрүшілерге қарап сөйлейді).**

Қолда бұғау, аяқта кісен! Сарыарқанын сар даласында жолбарыстай жорытқан Мәди тас түрмеде санадай сарғайды. Іш қазапдай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ! Ойхой, шіркін, азаттық әлеміне шығып, Кертөбелдің жалынан үстар күн туса... Ата жауыммен айқасып өлсем, арманым болмас еді-ау! Көңілде шөккен қайғы-шер тарқар ма екен? Әлде торға түскен арыстандай өзімді-өзім мүжіп, қажып бітем бе?

**(Түрме алдындағы күзетші Афанасий Мәдидің дауысын естіп, жақындап келеді. Есіктің тесігіндегі тақтайды сырғытып тіл қатады).**

**Афанасий:** (жай ғана) Жас жігіт, неге сонша күйінесің? Издегенің еркіндік болса, кең далада қойыңды құрттап, айраныңды ұрттап, тып-тыныш жүрмес пе едің.

**(Осы жерден бастап күзетші мен Мәди кезек-кезек екі камерамен көрсетіледі).**

**Мәди:** Сен еркіндік қой аузынан шөп алмас момындықпен, қиянатшының алдында құрдай жорғалап, бұралқы күшіктей құйрық бұлғандатумен келеді деп ойлайсың ба?!

**Афанасий:** Әйтсе де, тек жүрген тоқ жүреді ғой.

**Мәди:** Олай десең біз түсінісе алмайды екенбіз.

**Афанасий:** Тыңда жігіт, сені еліктіріп жүрген

жастық мастығы ғой. Әйтпесе атақты би тұқымы, Қақабай сияқты мәртебелі болыстың інісі түрмеден қоныс теппес еді.

**Мәди:** «Ата данқымен қыз өтеді, мата данқымен бөз өтеді» дейтін, мен қыз да емеспін, бөз де емеспін. Ата атын жамылғанда мен қай жұмаққа бармақпын?!

**Афанасий:** Қателесесің, жігітім, қателесесің. Ақ патшаның сахарадағы оң көзінің бірі — болыс ағанның абыройын сыйламағандық бұл. Қақабай мырза сені қимайды. Алайда, әділдік телі-тентекті жөнге салуды міндет етеді. Ал, сен жігітім, сол тентектердің бірісің.

**Мәди:** Қол-аяғыма бұғау салып, түрмеге жапқызығанда ол да мені қимағандықтан істеген ғой, тәрізі. Сен әуелі кімнің тенек, кімнің келдек екенін білсең еді. Болыс түрмеге мені ғана жауып отырған жоқ, ол менімен бірге еркіндікті де, елімнің асқақтаған әнін, арындаған күйін, балапандай талпынған талабын жауып отыр.

**Афанасий:** Жігітім, сен жайлы сырттан естігенім болмаса, жай-күйімен жете таныс емеспін. Сырт сөздің көбі жалған. Біреу-міреу келіп қалмай тұрғанда айтшы сырынды, Өз құлағыммен естиін.

**Мәди:** Тыңда, ендеше. Апанас. Сен де іргелі елдің баласысың ғой. Төреші өзің бол, Апанас.

### Төртінші көрініс.

**Киноролик арқылы:** Қарқаралының жазғы сұлу табиғаты! Таудың сай-саласынан сылдырап ағып жатқан айна бұлақ, сырнайлы өзен, сайраған бұлбұл үні.

**Кадрдан тыс Мәдидің дауысы:**

Мен дарқан табиғат құшағында туып, өстім. Туған жер менің аялаған анам еді. Жүрегімде жомарт-

тық, кішіпейілдік болса, дарқан даладан дарыған. Көңілімде жайдарылық, мейрімділік болса, шұғылалы күннен жұққан. Мінезімде басымнан сөз асырмас төкаппарлық болса, ола да қара тасты қақ айырған нажағай отынан сіңген қаныма.

Мен аталы жердің ұлы болғандықтан бұла өстім. Бірақ буыным бекіп, бұғанам қатқан сайын сол бұлалық менің қол-аяғыма бұғаудан кем батқан жоқ. Айналама қарасам зар жылаған елді көрдім. Ел мойнына ерттеп мініп алған өзімнің ағам Қақабай сияқты көр көкірек болысты көрдім. Көрдім де көңілім мұздады. Бойымды от, жүрегімді өрт иналды. Ел күйіне үнілдім: үнілдім де ел қамқорымын дегендерден түнілдім. Олар елдің қамқоры емес, құныкері екенін түсіндім.

**Сурет арқылы:** Жайлаудың сұлу табиғаты. Өзен жағалай тігілген ақ шаңқан үйлер. Ортада Қақабай болыстың ақ ордасы.

Камера болыстың сәнді жиһазды үйінің ішін көрсетеді. Қақабай төрде, іргені түргізіп қойып, самалға кеудесін төсеп желпініп жатыр. Үстінде ақ көйлек-дамбал. Шабарманы Шақпақ қымыз сапырып беріп отыр. Болыс төкаппар, жүзі суық.

Осы кезде сырттан шырқалған ән естіледі.

(Бұл жерде Манарбектің орындауында пленкаға жазылған Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнін берген жөн сияқты).

Ән біртіндеп көтеріліп, асқақтап, өрлей береді. Қақабай жақтырмай, тыжырынып, теріс айналады.

**Қақабай: (шабарманына)** Әй, Шақпақ, әлгі жынды тағы да жігіт-желен, қыз-қырқын жиып, дырду тойын бастады ғой. Тұқымымызда ән қуған әуейі, әулекі жоқ еді, құдайым берді ғой бір сауықмасты.

Баршы, айтшы Мәдиге, тоқтасын де, алмасын мазамды, бұзбасын тыныштығымды. Көнбесе ал-



дына салып осында айдап кел.

(Шабарман үнсіз мақұлдап шығып кетеді).

Мәдидің шағын отауы. Қасында дос-жолдастары (екі жігіт, екі әйел). Келіншегі Қазиді екеуі қатар отыр.

Сауық құрған — ән салып, күй тартқан көңілді топ.

**Мәди:** (бір жігітке қарап) Ой, бәрекелді, соқтыр солай. Қайтсын, Мұса жаны күйген соң іштегі ызакегін әнмен қайраған ғой. Атағы Ғазиретіғалыдай шоң Мұстафаны осы бір әнімен-ақ жермен жексен етіп, қамырдай илеп тастады емес пе!

**Жігіт:** Мәди, өзінде әншісің, өлең де жазасың, Ішіне бүге бермей, шығаршы сыртқа өнеріңді.

Мұсаның әні емес, енді өз әніңді еститін уақыт жетті.

**Мәди:** Ей, достар-ай, (күліп) ән тумайын деп жүр ме, күні жетпей жатқан жоқ па?!

**Қазиді:** (еркелеп) Қайдам, көп толғатам деп, өлі туып жүрмесен деп қорқамын. (Қақабайдың шабарманы аңдаусыз кіріп отыра кетеді).

**Мәди:** (арқасынан қағып, құшақтап) Қорықпа, Қазиді, Мәди тапса жаман әйел сияқты ынжық таппайды, батыр табады әлі (бәрі мәз болып күліседі).

Ал, біздің перзентті туған кезде көрерміз. Онан да сен (екінші жігітке қарап) Тәтті ағаның бір күйін тартып жібер.

Екінші жігіт Тәттібеттің «Саржайлауын» тартады. (Күй магнитофон арқылы Әбікен Хасеновтың орындауында берілгені дұрыс). Күй тартылып тұрғанда дала көрінісін бейнелейтін кадрлар көрсетіледі.

**Мәди:** (ойлы) Қайран, Тәтті-аға, күйінде күніренген мұн бар-ау...

**Бірінші жігіт:** Мәди, бұл күй неге Саржайлау

атанды екен.

**Мәди:** Саржайлау — Тәтті ағаның ата мекені. Шыңғысхан тұқымы Құсбек төре тасы өрге домалап, аузымен құс тістеп тұрған шақта от тілді, орақ ауызды аз ғана Шаншыр руынан шыққан Тәтті ағана тырнағын батырып жүріп, шұрайлы мекені Саржайлауды тартып алып, өздерін түріп айдап тастаған. Күйші аға сол зорлыққа күйіне жүрін осы күйді шығарыпты.

Осы кезде үнсіз тыңдап, өзі де келген шаруасын ұмытып кеткен шабарман Шақпақ селк етін ұйқысынан ояғандай болып, Мәдиге таяп келіп, бата алмағандай жүрексініп:

— Мәди, шырағым, Қақан ауылда. Дыр-дуды тоқтатсын, тынышымды алмасын деп жатыр, — дейді.

**Мәди:** (оқты көзбен қарап) Қақанның тынышын алып жүрген ән-күй емес, жарлы-жалшы, кем-кетіктің бірді-екілі тор шолағының кісінегені шығар. Бар, солай деп айта бар!

**Шақпақ:** Шырағым, Мәди, інісінің сөзін ағасына тасып, екеуінің арасына от тастар жайым жоқ. Не айтсаң да өзің айт, көзіне айт.

**Мәди:** Жүр, ендеше (Мәди шапшаң орнынан тұрып шығып кетеді).

**Бесінші көрініс:**

Қақабайдың үйі. Сырттан Мәди келіп кіреді. Сүлесоқ амандасып, болыс екен деп ығыспай-ақ төрге шығып отыра кетеді.

**Қақабай:** (қабақ шытып) Құл-құтанды құтыртып, Қаздауысты Қазыбектей, аруақты Алшынбайдай атаның ақ ордасының іргесіне әкеліп ән салғызып, желіктіргенде не ойың бар сенің?!

**Мәди:** Ән дейсіз бе, ақсақал. Ән салғаннан ақ орданың сәні кетпейді. Көңілі бітеу жара әлде біреу болмаса, ән мен күйден жүдсген адамды әлі көрген

жоқпын.

**Қақабай:** Ән қуып, күй күйттегенде тапқанын өңкей бір қу тірсектер болыпты. Бұл қылығының аруақты ата — би тұқымының сүйегіне басқан шақпақ таңба, төрдегі басты есікке сүйреу екенін түсінермісің сен, жазған!

**Мәди:** Өнер қуу, ән салу сүйекке таңба болғанда әлсіздің малын ұрлатып, жансыздап жасырып сатқызу абырой, даңқ әперер іс дейсіз бе?!

**Қақабай:** Енді менімен осылай сөйлесетін болдың ба?! «Торғай құтырса, бүркітке шабады» деуші еді, енді сен маған ауыз салғың келген екен ғой. Олай болса сол ұрлықтан қолым таза деп айта аласың ба?! Таза десең, жанынды бер, арашалап көр басыңды!

**Мәди:** Ақсақал, «Қылмыстың шетін бассан, ортасы былқылдайды» деген бар. Қол басқаныкі болғанмен, көсеу — сіздікі. Мен жарлының жалғыз тайына тиген пәнде емеспін. Арым таза. Ұрлаған анау сіздің түнқатар, жортуыл бөрілеріңіз. Соларды айтақтап қойып, ұтырғыдан баспағып отырған да сіз.

**Қақабай:** Онда сенің ұрлағаның кімнің малы?

**Мәди:** Менің ұрлағаным айналасын қан-қақсатқан шибөрілердікі. Патша әскеріне деп жинаған 40 атты қырқа-матап бір түнде айдап келіп, кемкетікке таратқанымды мен ешқашан, еш жерде жасырмаймын.

**Қақабай:** Жасырмайсың ба?

**Мәди:** Жасырмаймын!

**Қақабай:** (көлгірсіп) Тағы да қайталап сұраймын, жасырмайсың ба?

**Мәди:** Айдалып, атылып кетсем де жасырмаймын! Ердің екі сөйлегені — өлгені, емен ағаштың иілгені — сынғаны! Пысықтап алыңыз. Қолмен істегенді мойынмен көтеруге пейілмін. Және бұл

ісімді ауыл үйдің моншағын күндіз ұрлап, түнде тағатын ездің ісі емес, еңіреген ердің ісі деп мақтанышпен айтамын!

**Қақабай:** Мақтансаң, құрығы ұзын һұқмет алдында айыпкерсің!

**Мәди:** Әзірмін көтеруге, тау құласа да басыма. Бірақ, есіңізде болсын: туысым еді, ағайыным еді деп бүйрегім бұрмас енді. Ат құйрығын кесіскен жеріміз осы! Жағаласар жауым, қаскөй қарсыласым өзіңіз екі дүниеде! (Мәди ызғармен тесіле қарап тұрып шығып кетеді).

**Қақабай:** (ашулы) Өлер бала молаға жүгіреді. Сен от басқан ботадай ойнақтап кеткен екенсің, екі көзіңді түрмеде жылтыратайың!

(Шабарманына) Әй, Шақпақ, кел мұнда. Ал қағазды. Жаз шапшаң.

(Шабарман қағаз алып жазуға әзірленеді. Қақабай айтып тұрады).

Ұлы мәртебелі генерал гүбірнатор!

Қарқаралы уезінің қарақшы ұрысы Мәди Бәпиұлы патша ағзамның жеңімпаз әскеріне жіберуге жинаған 40 арғымақты ұрлап, өзінің сыбайластарына таратып берген. Әскер жіберіп ұстатып, түрмеге жапқызуыңызды сұраймын.

Жаздың ба?

**Шақпақ:** Жаздым, болысеке!

**Қақабай:** Жазсаң, тез жеткіз де, әскер әкел, ұстат!

**Шақпақ:** Құп, болысеке!

**Алтыншы көрініс:**

Екінші көріністегі түрме камерасы. Қол-аяғы бұғаулы Мәди іште., Афанасий сыртта (Бірінші көріністегі музыка қайыра беріледі).

**Мәди:** (ұзақ паузадан кейін) Біздің жай осындай Апанас... Қазан бұзар, шідер үзер тентек десең де, намыс отына өртенген еркек десең де өзін біл.



**Афанасий:** (ойланып) Түсіндім жай-күйіне, жігітім. Мен сені арындаған ашуға тізгін берген телі-тентектің бірі ме десем, кеудесіне кек ұялаған ірі екенсің. Алайда, жігітім, күреспегің, тіреспегің кім? Өз әкеңнің ағасы. Ол сенің де әкең емес пе? Қатты айтса да, тәтті айтса да өз бауырың. Өз халқыңның «Енесі тепкен құлынның еті ауырмас» деген сөзі бар. Ойлан, жігітім. Ашу — алда, ақыл — сонда.

**Мәди:** Апанас, мені түсіндім деп едің, бірақ түсінбепсің. Түсіне де алмайсың ғой, ол үшін мен сені кіналамаймын. Егер бұл бұғау жалғыз ғана менің қол-аяғыма салынса, бір сөрі. Бүгінгі менің көргенім — басқаның ертеңгі көрері.

Бұл тәңірдің басқа салған тауқыметі емес, тәңірдей өмірдің қияметі. Дәл қазір Қақабайдың өзі келіп, қол аяғымдағы бұғауды алып, басыма еркіндік берер болса да, мен осы түрмеден шықпас едім!

**Апанас:** Неге, жігітім?

**Мәди:** Дұшпан берген еркіндік бір күндік. Құшақтап құшып тұрып қысып өлтіретін жауымнан кешірім алғанша, осы түрмеде бүрге мен қандалаға жем болып, шіріп өлгенім мың есе артық!

**Афанасий:** Кеуденді жауына басқызбас ер екенсің, жігітім. Ерлігіңе, сүйсіндім! Қолымнан келер көмегім болса аямаспын. Есебін тауып, қашып шығар болсаң, қол ұшымды беруге әзірмін. (Есік алдында әрлі-берлі жүреді).

**Мәди:** (камера ішінде ойлы). Сонда бұл бишара маған не көмек көрсетпек? Күні үшін жүрмесе, түрме есігін күзеткенге бұл да қанша мәз дейсің. (Қол-аяғындағы бұғауын сылдыратып ол да әрлі-берлі жүреді. Ынылдап әндетеді.. Әннің әуенінен «Қаракесек» екені сезіледі. Бір кезде анық түрде «Қаракесекті» бастап кетеді. Ән алғашқыда баяу,



Жалаңтос батырдың бесінші ұрпағы -  
Кеңесбайұлы Халиолла (1876-1948) мен  
немересі - Бибіш. (1939 ж.)



Әкеміз Жабас, анамыз Жаңылған шаңырағында.



Отағасы Мақаң, отанасы Нұрфатима балалары -  
Ардақ, Арнұрмен.



Тұңғышымыз Гүлмира Гауһарымен.



Құдай қосқан құдалар -  
Сібір мен Мәкен Кәрібековтер.



Мәскеу. Әжесі Нұрфатима Жанелдің мектепке  
бару қуанышында. Суретте Темірлан, Айгүл,  
Гүлнәр, Ерұлан (1994 ж.)





Құдай қосқан құдалар - Айтқазы мен  
Гүлбараш Бапиевтер.



Құдай қосқан құдалар - Әли, Ляйла Мұқышевтар



Екінші сүйген баламыз Гүлліра жұбайы Нафихпен.



Немере - жиендер Амаль мен Әмина.



Арнұр алтыға келгенде.



Әкеміз Жабас Кеңесбаев (бірінші қатарда он жақтан үшінші) әріптестері арасында (1948ж.)



Фатекең балалары Айгүл, Ардақ, Арнұр,  
немерелері Жанел, Әлия, Данелмен бірге.



Қаныш пен Ардақ Әлиясымен.





Гүлмира, Гүллира, Ардақ балалары Шыңғыс, Алмас, Әлиямен бірге.



Сәуле мен Амальдің достығы жарасқан.

одан соң күшейе береді).

Мандайын ұстап отырып қалады. Экран қараңғылана береді. Бір кезде Афанасийдің сыбырлаған дауысы естіледі).

**Афанасий:** Әй, жігіт, оян ұйқыңнан.

**Мәди:** Бізге құс ұйқы жолдас болғалы қашан. Ұйқы келе ме мұндайда.

**Афанасий:** Тұр ендеше. Азаттыққа шығам десен, ал мынаны! (ораулы түйіншек береді, Мәди ішін ашып қарайды. Ішінде егеу, арқан, Мәди қуанып, көзі жайнап кетеді).

**Мәди:** Рахмет, бауырым. Мылтық асынып жүргенге қара жүрек қаныпезердің бірі ме десем, ақпейіл адал азаматым екенсің ғой!

**Афанасий:** Бол, тездет, таң қараңғысы сейілмей осы арадан алыстап кет.

**Мәди:** (қолында егеу) Жақсылығыңды ұмытпаспын, Апанас!

(Егеумен терезенің темір торын егей бастайды. Камера Мәдидің қолын көрсетеді. Құрманғазының «Түрмеден қашқан» күйі пленкадан орындалып тұрады. Енді бір кезде лақтырып тастаған бұғау, Мәдидің терезеден арқанмен төмен түсіп бара жатқаны көрсетіледі).

**Мәди:** (артына қарап) Қош, Апанас, көріскенше күн жақсы болсын!

**Афанасий:** Қош, жігітім, жолың болсын! Сен өнерпаз ер адамсың, ал өнерді сүйген адам ешқашанда жауыздыққа баспайды. Оның жаны да, ары да таза, мөлдір болмақ. (Күй біртіндеп баяулап барып тынады).

### Жетінші көрініс.

Киноролик арқылы: Қарқаралы тауының әсем көріністері көрсетіліп келіп, студиядағы көрініске ұласады. Мәди жартастың түбінде отыр. Үсті-басы

жыртылған, сақал-мұрты өскен, өні жүдеу.

**Мәди:** О, қасиетті мекенім, кіндік кесіп, кір жұлған жерім. Темір торға қамалған балапаның келді бауырына. Аш құшағынды, аймала ұлынды. (Жартасты құшып сүйеді, Көзінде мөлдіреген жас.)

Ішкі дауыс:

Атыңнан айналайын Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.

Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қашып жүрген Арқадағы.

Бір кезде екі солдат Қазиды айдап келе жатады. Оның да өні жүдеу. Шашы тарқатылып кеткен. Мәди оларды көріп тасқа тығыла түседі.

**1-солдат:** (зілдене) Ұры байың түрмеден қашып кеткелі екі ай болды. Мүмкін түн жамылып қойнына келіп тұрған болар. (Мәз болып күледі) Айтшыныңды, шыныңды айтсаң осы жерден аулыңа босатып жіберем.

**Қази:** Білмеймін. Көргенім жоқ. Қайтейін, өнім түгіл түсімде көрсем, бір көріп өлсем арманым болмас еді.

**2-солдат:** Бұл көкбезер қатын шынын мұнда айтпаса, түрмеде айтады. Айтқызамыз бұған. Бас аяғынды шапшаң. (Мылтықтың дүмімен итеріп, жүр-жүрдің астына алады. Осы кезде екі көзі қанталап ашу-ыза кернеген Мәди арыстандай атылып келіп, бірінші солдаттың қолындағы мылтықты жұлып алып, оны дүмімен ұрып ұшырып түсіреді. Екінші солдат есін жинағанша оған мылтық кезеп тұра қалады).

**Мәди:** Таста мылтықты! (Анау қорқып мылтықты жанына тастай береді) Көтер қолыңды!

**Қази:** (есін жинап, қарсы ұмытылып құшақтап) Мәди! Жалғызым есен-аман жүрсін бе?

**Мәди:** Қазыым! Жаным, жарым! (Екі солдат естерін жинап қайта ұмтылмақ болады. Бірақ

Мәдидің сұсты түрінен қорқып, бата алмайды). Өңкей ез! Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып күнелткен сілімтіктер. Түсіндер алдыма. Қол-аяқтарыңды байламай-ақ қояйын. Бұғау азабын өзім де көрген едім. Бос жібердім. Барындар сүйек-саяқ тастаған қожаларыңа. Қақабайға сәлем айтындар. Тірі болсам қанды қанмен қайтарармын! Көрінбеңдер көзіме. (Екі солдат қалбалақтап тұра жөнеледі).

**Мәди:** (Қазиды аймалап құшақтап). Қазижан, туған жерді көріп қуанышымды баса алмай тұрғанда өзің кездесіп көңілімді көлдей тасыттың ғой. Құлынтайдай тел өскен достар, құрбы-құрдастар аман ба?

**Қази:** Аман, жаным, аман.

**Мәди:** Сағындым достарды. Кейде дұшпанның қастығы да көзіңді ашуға себепкер болады екен. Кімнің қас, кімнің дос, екенін әбден айырғандай болдым.

**Қази:** Өзің айтушы едің ғой, Мәдижан, ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді. Болған іске болаттай бол деп. Дұшпандарың ұры десе де, достарың ұлы дейді сені.

**Мәди:** «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» Қудым намысымды, қасірет тартқан елімнің еркіндігі үшін от шайнауға әзірмін, жаным! Тек тар қапас, тас қамаудан шығар жолды іздеу керек.

Жарайды, басқа әңгімені ести жатарсың. Кір жуып кіндік кескен жерді ансап жеткенде дәл осы арада туған бір әнім бар еді, қазір соны алдымен өзіне айтып берсем деймін.

**Қази:** Айтшы, жаным, әніңді. Сенің әніңді бәріміз — мен де, дос-жолдастарың да да сағынды.

(Мәди Қазиды құшақтап тұрып «Қарқаралы» әнін толғана бастап кетеді. Осы көрініспен қабаттасып коноролик арқылы Қарқаралы көріністері өтіп жатады. Әннің аяққы куплеті күшті жігермен



айтылады. Соңғы кадр Мәди мен Қазиды көрсетумен бітеді).

1975 жыл.

### Халық даналығынан нәр алған...

(Әкем жайлы естеліктер)

Әкемізді «тәте» деп атайтын едік. Ата-анадан жалғыз болатын. Өз кіндігінен 11 перзент көріпті. Мені ұл баланың үлкені болғандықтан қазақ ғұрпымен үлкен әкем бауырына салыпты. Содан болар мектепке апарғанда Кеңесбаев болып жазылудан бас тартып «Кеңесбайды көргем жоқ, мен Халиолланың баласымын» деп, Халиоллин болып жазылыпты. Сонымен әрқайсымыз өз аталарымыздың есімдерін иеленіппіз.

Тәтемнің көзін көргендер қатары азайып барады. Биыл туғанына 100 жыл толып отырғанда (өзі Қарқаралы педагогикалық техникумына оқуға түскенде, сол кездегі жағдайға қарай бірер жасым кем жазылып еді деп отыратын. Құлпы тасына да сол бойынша жазылды), кейбір есте қалған жайларды айтуды перзенттік борышым деп санаймын, әрі «Тоқырауын тынысы» газеті редакциясының сұрауы да қозғау салды.

Мен еміс-еміс ес білген кезде ол кісі Қотан-бұлақ жағында (кейін сол жерде «Береке» деген колхоз ұйымдасыпты) мұғалім болды. Одан Ақтоғай елді мекеніне таяу «Өндіріс» колхозына көшіп келген едік. Әкем аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істеді. Ол кезде мұғалім кадрлары аса қат болса керек. Кейін туысымыз Серікбай Есенбаев айтатын: «Тәтем (барлық туыс іні, қарындастары осылай атайтын) мені аттың артына мінгестіріп Қарқаралыға оқуға апарды. Содан ұстаздық

жолға түстім». Қазір арамызда аман-есен жүрген, туған інісіндей болған шәкірттері, кейін ағартушылық еңбектерімен еліне елеулі, халқына қалаулы болған ардагер азаматтар Амантай Жүнісов, Аманжол Қауымбеков және басқалары әкемнің ұстаздық шарапатын көргендер. Көпке жаққан, еңбегінен бақыт тапқан марқұмдар Сәрсенбек Әлжанов, Қабыкей Баймағанбетовтер де ол кісіні ұстаз тұтатын. «Бірде кеудесі бір құшақ, балуан бітімді дәу бала асық ойнап жүр екен. «Оқу оқығың келе ме?» дедім. «Ия, оқығым келеді» деді ол. Содан Қарқаралыға оқуға апардым. Кейін мұғалім болды. Соғыстан кейін парторг атанды. Сөйтсем ол мына нағашыларың Сәрсенбек екен» деп күліп отыратын әкеміз. Мұндай естеліктер толып жатыр. Бәрін тізіп айтып шығу мүмкін емес.

Ғаламат соғыстың үшінші не төртінші жылы болуы керек, ардақты ұстаз Байғожа Жарқынбаев майданнан мүгедек болып оралды. Отбасынан айырылып, адасқан қаздай жалғыз қалған аяулы азаматты әкем өз інісіндей қабылдап, өзі директор болып істейтін М.Горький атындағы орта мектепке орналастырып, үйге әкелді. Оқу бөлімінде статист болып істейтін Бикен Смақова деген бойжеткенге құда түсіп, үйлендірді. Халиолланың інісі Қобайдың бәйбішесі, әжеміз Ақбеттің қолына келін болып түсті. Байкең майданға кеткен ағамыз Қайсейіннің орнын басты. Майданнан оралғандар — Жанәділ Сапарғалиев, Сағади Мыңшалов, Арын Өтешов, Күлтебай Стамқұлов, Бейсембек Күземханов және басқалары әкемді мектеп директоры ғана емес, жасы үлкен аға ретінде де сыйлайтын. «Өзі жақсыға қашанда бір кісілік орын бар» деген сөз осындайда айтылғандай.

Сөз реті келгенде айта кетейін, әкем рушылдық тар шеңберден өзін аулақ ұстайтын. Ұлтшылдыққа

қарсы еді. Өз халқын сүйе тұра басқаларды алаламайтын. Оған дәлел: Калмыкова, Шнар деген мұғалім қыздар біздің үйге өз үйіндей еркін келіп-кетіп жүретін. «Руынды біл, бірақ оған байланып қалма, адамдық қасиетіне қарай дос, жолдас, туыс тап» деп құлағымызға құя беретін.

Енді бір мінезін — қайырымдылығын айтайын. Соғыс басталған жылы. Қарашаның бас кезі — жер қара, бірақ күн суық уақытта жер аударылған неміс отбасыларын Ақтоғайға әкелді. Кәрі-құртан, кемпір-шал, әйелдер мен балалар интернат үйіне орналастырылды. Бір ғажабы ішінде бір жас жігіт жоқ. Кейін соғыс аяқталған соң да отбасына оралған бір адамды көрмедік. Тәрізі зұлмат диірменіне түсіп кеткен сияқты. Содан олар колхоздарға таратылды. Бір жылдан соң олардың көпшілігі аудан орталығынан, оның ішінде мектеп пен интернаттан орын тапты...

Солардың арасынан Андрей, Роман Шнайдерлер сияқты ұсталар шықты. Виктор (Витя) деген бала біз құралпы еді. Элма, Эмма деген екі қарындасы, Фрида деген шешесі бар. Бәрі мектепте, интернатта жұмыс істеді. (Ол кезде қазақ қара жұмысқа үйрене қоймаған, үйін немістерге ақ топырақпен сылатып, ақысына бидай беретін). Отын тасып, от жақты, еден жуды. 70-ші жылдары Витямен Қарағандыда кездесіп қалдық. Такси жүргізуші екен. — Ей, шал мені танымай отырсың ба? Бетіне қарадым. — Ау, Витямысың?! — Ия, соның өзімін, — деді ол таза қазақша. — Жабеке аман ба, Қарағандыға келсе хабарлас, — деп телефонын берді. Таксиге ақша төлемекші болып едім «Туысқаннан ақша алған ұят емес пе?!» деп азар да безер болды. Әкем бір келгенінде Витяға телефон соқтым. Артынша анасы Фрида — апасты (апас — неміс тілінде апай деген сөз екен) ертіп үйге келді. Сол кездегі

олардың толқыған көңіл-күйін көрсеніз. Екеуі кезек-кезек әкейді құшақтап, көздеріне жас алды. Артынан Витя айтады: «Жабеке болмағанда кім біледі, біздің қандай қиыншылық көретінімізді. Ол кісінің жақсылығын өлгенше ұмытпаймыз» деп үйлеріне қонаққа шақырып, қолтықтап алып кетті. Міне, «ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» деген осы.

Жалғыз бұлар емес, Айкен-апас деген аяғы түйенің төс табанындай көн болып кеткен бір қартандау әйелді бес-алты жасар ұлымен бірге колхоздан алып келіп, мектепке үй сыпырушы етіп орналастырғаны есімде. Кейіннен өзім облыстық газеттің пілдей қызметкерімін деп жүрген кезімде Ақтоғайға барғанымда, сондағы неміс әйелдері сыртымнан «директордың баласы» деп сыбырласып тұрғанын да естігенмін. Әкемнің есімі, беделі мені екінші кезекке сырғытып тастайтын.

Адам болған соң пендешілік те кездеседі. Қызмет өз алдына, үй-ішіндегі мінез-құлық бір басқа. Алайда әкеміздің үй ішіндегі осал мінезін көрмегенімді азаматтық ар-ожданымен айта аламын. Қанша ренішті жағдайда да ауызынан артық сөз шықпайтын.

Мен он жылдықтан соң жеті жылдай оқу соңында жүрдім. Байқағаным, қанша сағынып көріссек те, қол алысатын да, бетімнен сүймейтін. Ішінен жақсы көріп тұрса да, сезімін сыртқа шығармайтын. Ал, жаны немере, жиендерінің үстінде болатын. Олар шулап ойнап жүргенде де бетінен қақпайтын. «Ойнамаса, бала болама?! Мен баланың дауысын күміс қоңыраудың сыңғырындай қабылдап үйренген адаммын», — дейтін жарықтық.

1950 жылы Қарағандының оқытушылар институтын бітірген соң мені аудан орталығындағы мектепке қалдырған жерден өзі оқу бөлімінің



менгерушісі Әшіреновке «өзіме де көмекші керек» деп «Ұлы Октябрь» колхозында (қазіргі Шабанбай ауылы) сол жылы ашылған орталау мектепке алып кетті. Ауылды жерде шалалау оқыған балалардың білім дәрежесі көңілден шыға бермейтін. Абзал азамат марқұм Махмет Оразалин екеуміз «революционерсіп» әкейге барып, балалардың кейбіреулерін бір-бір класқа төмендетейік деп ұсыныс жасадық. Сонда әкей тандана қарап: — «Сендер қызықсындар. Ата-аналары оқытсын деп берді, бір класқа шегерсін деп берген жоқ. Бір жылды жоғалту оңай емес, ынталары түседі, жігері мұқалады. Қосымша сабақ өткізіндер, білімдерін толықтырындар. Естерінде жүрсін, жаман оқитын бала болмайды, жаман оқытатын мұғалім болады» деп майдалап ақыл айтып шығарып салған еді. Артынан сол балалар ұлгерушілер, тіпті жақсы оқытындар қатарына көтерілді. Бұл да әкейдің ұстаздық ұлағаты болып, ұмытылмастай көңілде қалды.

«Таспен атқанды аспен ат» дегенді қатты ұстайтын. Бір мектепте директор болып жүргенде ішіне арамдық түйген біреу ауданнан комиссия келерде интернат балаларының төсек орнын ескі, кірлегендерімен ауыстырып қойған ғой. Сондай қылығын біле тұра кейін әлгі адамды орденге де ұсыныпты.

Бір асыл қасиеті — қандай мінезді кісімен болсын тіл табыса білетіндігінде, сүйегіне сіңген ұлттық мәдениетінде, қарапайым кішіпейілдігінде, әдепті сыпайылығында еді. Әңгімелескен адамын өзіне тартып алатын. Біреуді тындай да, өзін тындата да білетін.

Алпысыншы жылдар басында Сарытерек орталау мектебіне мұғалім болып бір орыс қызы келді. Тәрізі педагогикалық училищені бітірсе керек, уылжыған жас бала. Бұрын ауыл көрмеген, жерсінбей

жүреді. Әкейдің онымен таза әкелік мейіріммен сөйлесіп, көңілін орнықтырғанына куә болдым. — Мынау келінім, — деп Нұрфатиманы көрсетіп, — бұл да алыстан Семейден маған бала болып келді. Сен де баламсың. Әлі-ақ ортаға үйреніп кетесің, ешкімді жат көрмейміз, оған көзің жетеді, — деді. «Жақсы сөз жан семіртеді» деген. Сол қыз кейін қазақ тұрмысына үйреніп, жұртпен араласып кетті.

Қалжыңға аса ұтқыр, айтқыр еді және ешкімнің көңіліне келмейтін етіп, биязылап айтатын. Бірде, қазір де аман-есен жүрген, «майданда бір аяғын фашисті басқа тебем деп сындырып алған» (әкесінің сөзі) Нұрмұқаш Қазыбеков деген жиеніміз: — Қырық серкешімді беріндер, — деп қалжақтап отырды. Сонда әкей бізге: — Жиеннің назы жаман деуші еді, мынаның серкештерін жинап беріндер. Бірақ ылғи ешкі болып кетіп жүрмесін, арасына қой қосып беріндер, кебенектер желдеп кетсе, жете алмай қалып жүрер, — дегенде Нұркең: — Ой, Алла-ай, осы шалды өмірімде бір жеңе алмай кеттім-ау, — деп мез болғаны бар. Жасы ұлғайып, ауру мендеген кезде: — Бұрын біреудің қатты айтқан сөзін ойынға айналдырып, өзін күлкі етіп кетуші едім. Енді қартайғандық белгісі болар, көңіліме алып қалатын сияқтымын, — деп өкініш білдірді. Қалжың, әзіл әңгімелері елге тарап кеткен.

Енді бір мінезі ауыл аралап жүргенде қандай тамақ берсе де талғамайтын. «Нан мен сүт берсеңдер жетіп жатыр» деп отыратын. Әсіресе, әйелдер жағы «дәм берсең Жабекене бер, ішінде қыл-қыбыр жүрсе, өзіңе айтпай алып тастап, ішіп-жей береді. Тіпті дәмді мақтап, өзіңді риза етіп кетеді-ау», — деп еске алатын. Қанша орден алып, абыройға ие болса да, қарапайым қалпынан өзгерген емес.

Мен бір ауыз қосымшасыз, өзім куә болған, ол

кісіні көргендердің есінде сақталған әнгімелердің кейбіреулерін ғана қағаз бетіне түсірдім. Ал, ұстаздық еңбегі, ақындық алғырлығы айтылып та, жазылып та жүр. Жалғаса береді.

Әкем Жабас Халиоллаұлы Кеңесбаевтың туғанына бір ғасыр, дүние салғанына 18 жылдың жүзі болған екен. Уақыт алыстаған сайын оның адами, азаматтық, ақындық, ұстаздық бейнесі дүниеауи тозаңынан арылып, дараланып жақындай түсері хақ. Бойына біткен жарқын қасиеттері, бүгін ойлап отырсам, таза, ешбір қосымшасыз, қазақ деген ұлы, бауырмал, дархан халқымыздың сүйегіне, қанына сінген даналықтан нәр алғанына көзім жеткендей.

Әкемнің отыз жасында дүниеге келген мен ол кісіге деген еліміздің ақ пейіліне куә болғанымды бақыт санаймын. Аяулы анамыз — Ел аман болсын! Алтын бесік — туған жеріміз Қазақтың көгілдір туы астында бақыт шуағымен нұрлана берсін! Ақ тілегім, асыл арманым осы.

1999 жыл.

*ЕСКЕРТУ:* Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылы 12 қазандағы №1576 қаулысы бойынша Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округіндегі орта мектепке Жабас Халиоллаұлы Кеңесбаевтың есімі берілді.

Арманда батты ай, күнің  
(жоқтау)

Әкесі Ыбырақым, анасы Мәкен Аманбаевтар  
атынан бауырымыз Сәулетке ескерткіш

Жиырма сегіз жасыңда,  
Фәниден болдың бақилық.  
Тағдырдан келген жасыңға,  
Не шара бар — аһ ұрдық.

\*\*\*

Әдепті бала атандың,  
Ақылды, ойлы, құлыным.  
Жүз жасаған атаңның,  
Бермеді-ау жарты ғұмырын.

\*\*\*

Сен туғанда, Сәулетім,  
Ата-анаң қуанды.  
Қапыда ұшып сен кеттің,  
Көңілден үміт суалды.

\*\*\*

Артыңда қалды үш ботаң —  
Ақдидар, Ақнұр, Арнұрын.  
Өмірің болды тым қатаң,  
Арманда батты ай, күнін.

\*\*\*

Папам жүр деп алыста,  
Іздейді-ау ботаң күндіз-түн.  
Қарайлап жатқа, танысқа.  
Үзбейді-ау шексіз үмітін.

\*\*\*

Ата-анаң, жарын аңырап,  
Қайғыдан белі бүгілді.  
Қара орман қалды қаңырап,  
Қызықтың жібі үзілді.

\*\*\*



Жылап бір бүгін аққандай,  
Тоқырауын өзенін.  
Шатыршан өксіп жатқандай,  
Өрт шалғандай өзегін.

\*\*\*

Көнеміз енді, не шара,  
Алланың салған ісіне.  
Жүрекке түскен мың жара,  
Жазылмай кетер ішімде.

\*\*\*

Қайғымды бірге бөліскен,  
Айналдым туыс, елімнен.  
Қаралы күнде у ішкен,  
Асқар тауым боп көрінген.

\*\*\*

Сәулетім, енді қош боп тұр,  
Мезгілсіз ұшқан бақ құсым.  
Жасаған, алдын жарық қыл,  
Жәннатта нұры шалқысын.

\*\*\*

Жаратқан, өзің сақтай гөр,  
Арттағы тұяқ — ертеңін.  
Болса да қайғым қанша зор,  
Сол үшін сабыр етейін.



# ҮІ. ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ — КӨҢІЛГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

(Очерктер, эсселер)



## Баукеңмен өткен бір күн

Бұл 1961 жылдың қысы болатын. «Жазушы шығармасының өзегі — бүгінгі өмір» деген ұран көтерілгенде қырық жазушы Алматыдан көмірлі Қарағандыға сау ете түсті. Баспасөз, радио, телевизия қызметкерлерінде дамыл жоқ. Меймандарды жеке-жеке таныстырып, шығармаларын жариялап, мұрнымыздан шаншылып жүргенбіз. Кеншілердің Мәдениет сарайында олармен кездесу жиыны өтті. Басшысы — үлкен ақын Әбділда Тәжібаев. Екі-үш жазушыдан кейін сөз Бауыржан Момышұлына тиді. Баукең әскери киімді, гвардия полковнигі шенінде. Қимылы ширақ. Төралқа қатарынан көтеріліп, мінбеге келді. Зал толы жұртшылық орындарынан тұрып, ду қол шапалақтап, ерекше құрмет көрсетті оған.

— Халайық! — деп бастады сөзін ол. — Мен орышаны басын жарып, көзін шығарып сөйлейтін қазақтың бірімін. Сондада болса, мына арамызда үлкен ағаның балалары отырған соң орысша сөйлейін деп тұрмын. Оған ғафу етіңіздер! — деп сәл тыныстады да ар жағын орысша жалғастырып кетті. Мен қасымда отырған журналист, өзімнің университеттегі курстас жолдасым Константин Кимнен (кейін «Казахстанская правда» газетінің

редакциясында қызмет істеді) орысша қалай сөйлейді? — деп сұрадым. Ол бас бармағын көрсетіп: «Во, чисто литературным языком» деп аузын ашып, көзін жұмып қалыпты. Сөз аяқталған соң да жиналғандар дүркірете қол соғып, көпке дейін тыншымады. Осыған қарағанда, маған Баукең таразының бір жағына тартқан 39 жазушыны жалғыз өзі басып кеткендей көрінді.

Кездесу аяқталды. Бас редакторымыз Бейсенғали Тәйкіманов тарапынан тапсырма болмаған соң біз де тарастық. Сөйтсек ол тапсырманы шымалдық сыртында басқа бір адамға берген екен.

Ертеніне танертен редакцияның бір қызметкері маған еңтігіп жетіп келіп, бес жарым парақ қағазды ұсынып, өзінің асығыс бір шаруамен кетіп бара жатқанын сылтауратып, тездетіп аударып, қазіргі Бұқар жырау даңғылындағы қонақ үйіне (кейінде облыстық коммуналдық шаруашылық басқармасы орналасқан) барып Бауыржан Момышұлына оқытып алуды қиылып сұрап тұрып алды. Мен келістім. Ойым — Баукеңді Алматыда оқып жүргенде сырттай көргеніммен бетпе-бет сөйлеспеген едім, сәті түсті деп іштей қуандым.

Баукеңнің өткен түні өзіміз тындаған сөзінің нұсқасын екі-үш қайтара оқып, кейбір ауырлау сөйлемдерді екі-үшке бөліп аударсам дұрыс болар деп, іштей жоспарлап, мәшенкеге жазбай, журналистер тілімен айтқанда, диктовать етіп аударуға кірістім. Сағат 11-лер шамасында бұл жұмысты тәмамдап, Баукеңе қарай аяндадым.

Редакция Ленин көшесіндегі 5-ші үйде, мейманханамен арасы жақын.

Атақты қолбасымен Александр Бектің «Арпалыс» атты шығармасы арқылы жақсы таныспын. Орта мектепте оқып жүргенде осы кітапты әр бала бір күннен иемденіп, қолдан-қолға тигізбей қызығып

оқығанбыз. «Шіркін, Бауыржандай батыр командир болсақ-ау» деп армандайтынбыз. Кейін Баукеңнің өзі жазушылық жолға түсіп, майданда бастан кешкен оқиғаларды ешбір қоспасыз мөлдіретіп жаза бастағанда да құныға оқитынбыз. Егер ол «менің қай шығармамды оқыдың?» деп сұрай қалса, қысылмайтыныма сенімдімін.

Қонақ үйдің «люкс» аталатын бөлмесінің есігін қағып едім, ар жағынан «войдите!» деген дауыс қатты шықты. Кіріп келіп, «Ассалаумағалейкум» деп амандастым да өзімді таныстырып, келген шаруамды айта бастап едім, сөзімді аяқтатпай, «где тот дурак!» деп гүж ете түсті. Шаншыла қарайды. Көзі от шашып, өңменіңді өртеп кетердей. Баукеңнің материалын маған берген қызметкер жайшылықта «Еділді алып, Ертісті бұзып» жүретін сияқты еді. «Қойға шапқан батырың, батырды көрсе қой болардың» кері келіп, мені қолқалауында бір қулықтың жатқанын жалт еткендей бір сәтте түсіне қойдым да: «ол кісі асығыс бір шаруамен жүріп кетіп еді» деп, өтірікті соғып жіберіп, көзіне тура қарадым. Баукеңнің «сөзі тайғақтың — көзі тайғақ» деген мақалынан хабардар едім. «Мынау шын айтып тұр ма?» дегендей бетіме тесірейе қарады да» орындықты нұсқады.

— Садись!

Баукең орысша сөйлейді. Мен ұзақ жылдар бойы көңілімде, жүрегімде қалыптасқан тұла бойы қазақша сомдап соғылған әрі өз тілі, өз ұлты дегенде «өлетін» Бауыржан Момышұлын көре алмай таңтамашамын.

— Оқы! — Мен аударманы желдірте оқи жөнелдім. Бірінші беттен өттім. Екінші беттің орта тұсындағы «алдыңғы линияда» деген жерге жеткенімде Баукең «тәйт!» деп гүр ете түскенде шошып қалып, бетіне қарадым. Түсі суық.



— Сен өзін қай жердің қазағысың?

— Мен осы Қарағандының қазағымын, — дедім бойымды жиып.

— Өзбектің, қырғыздың тілі араласпаған Орталық Қазақстанның қазағы орыстанып барасындар ма? Русификацияның әсері ме? Сенің аузыңа «алдыңғы шепте» деген сөз түспеді ме?

Осының алдында орысша сөйлеп отырған Баукең енді мені «қазақшаң қайда!» дегендей жазғырып барады.

— Гафу етіңіз, Бауке! Әскери терминдер біздің күнделікті жұмысымызда жиі кездесе бермейді. Біз бейбіт өмірдің адамдарымыз ғой! — деп мен де қыжырта сөйлеп жатырмын. — Дальше! — деді Баукең, Алғашқыдай емес, сабасына түскен сияқты. Дауысында екпін бар да зіл жоқ. Қойшы, сонымен Баукеңнің түнде сөйлеген сөзінің қазақшасын сол күйінде бір сөзін өзгертпей оқып шықтым да «уһ» деп дем алғандай болдым.

— Әй, қазақ! — Баукең енді қазақшаға көшті. — Сен мұны неге әдеби етіп аудармадың? — деді шұқшыып.

— Бауке, сіз не жазсаңыз, соны аудардым. Өз жанымнан сөз қосып, сәндеп, сырлауға қақым жоқ, — деп мен де қыныр сөйлей бастадым.

Баукең үндемеді. Оиланып қалғандай.

— Ладно! — деді бір кезде. — Кездесуде сөйлеген сөз газетке мақала болып жарытпайды екен. Қарағандыға келген соң газет арқылы жұртшылыққа арнап бірдене айтқан жөн болар. Жанадан жазу керек! — Отырған орындығынан тұрды да кішкене бөлмені қыдырыстап кетті.

— Жаз! — Баукең айта берді, мен жылдамдастып жаза бердім. Арасында «дұрыс па?» деп қояды. Тек бір сөйлемде «Халық, Ленин, партия» деген үш сөз айтылғанда «Бауке, Ленин, партия, халық» деп

айтушы едік қой» дегенімде, «жоқ, әуелі халық, одан соң Ленин, соңында партия» деген дұрыс. Лениннің аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ, ол да халықтан шыққан. Партияны құрған Ленин, оның партиядан бұрын жазылғаны жөн деп тоқтады. Әр сөзі балғамен шеге қаққандай.

...Түс ауа мақаланы аяқтадық. Көпше «аяқтадық» дегеніммен менің міндетім — айтқан сөзді жылдамдата жазып отыру.

— Мынаны бастырып, әкелгін. Сағат төрттен бес минут кешіксең — келме. Сағатыңды менің сағатыммен салыстырып, түзеп ал.

— Ерте келсем, келе берейін бе, Бауке?

— Келгін.

Ентігіп редакцияға келсем, мәшеңкешілер дүкен аралап кетіпті. Баратын дүкен алыс емес. Жүгіріп есік алдына шықсам Қадиша Ақпанова деген мәшеңкеші келе жатыр. Қадишаны ұстай алып, сүйрегендей етіп алып келіп, айта бастадым. Мақала алты бет болды. Қадиша әрі шапшаң, әрі қатесіз басады. Рахметімді жаудырып, Баукене қарай ұшып келемін. Сағатыма қарасам Баукен белгілеген уақыттан 15 минут бұрын келіппін. «Ерте келсең — келгін!» деп еді ғой, мен де бір шапшаңдығымды көрсетейін деген менмендік оймен есік қағып едім, ар жақтан Баукеннің үйреншікті болып қалған «войдитесі» естілді. Кіріп келдім. Баукен қонақтарына қарап: — Встать! — әлгілер атып-атып тұрды орындарынан. — Енді жүре беріндер. Біз жұмыс істейміз! Бүгін қолым тимейді. Қонаққа шақырсаңдар — тек ертең. Бүрсікүні де босаймын. Телефонымды жазып алыңдар. Нөмірін айтты. Олар шығып кеткен соң мақаланы оқуға кірістік. Аздаған түзетулер енгізумен отырып, едәуір уақыт өткенін де сезбей қалғандаймын. Қыстың қысқа күні ұясына қоныпты. Шам жағыл-

ды. Мен «мақалаға қол қойып беріңіз» дедім. Баукең «жоқ, қазір қол қоймаймын. Түнде беттен оқимын, сонан кейін ғана қол қоямын» деп сіресіп отырып алды. Менің де шыдамым шегіне жеткендей. «Ауру адам — тырысқақ, аш адам — ұрысқақ» дегендей, танертеңнен екі шыны шайдан басқа нәр татпаған мен «қол қоймасаңыз — алмаймын» деп мақаланы өзіне қарай итеріңкіреп қойдым. Осы кезде есік қағып Сәуірбек Бақбергенов, Зейнолла Қабдолов және Тұманбай Молдағалиев кірді. Баукең оларға назар аудармастан: — Молчать! — деп үстелді қойып қалды. — Ты еще молокосос!

Анау үшеуі мәселенің қай жаққа бет алып бара жатқанын түсінгендей. Сөйтсе де күліп тұр. Баукеңнің мінезі өздеріне мәлім. (Сол жолы бөлмесіне рұқсатсыз кірген қызулау екі орыс жазушысын сыпыртып айдап шығыпты).

— Бауке, — дейді жібектей есіліп тұратын, өзімнің университетте дәріс алған ұстазым Зейнолла, — қол қойып беріңіз. Газеттің тәртібі солай. Қол қоймасаңыз, шынында қабылдамайды редакцияда.

Баукең «солай ма» дегендей менің бетіме барлай қарады. Мен басымды шұлғыдым. Мақаланың соңына «Бауыржан Момышұлы» деп сойдақтатып қол қойды. Қойған қолы бір парақ қағаздың сол жағынан оң жағына дейін созылды. Мақаланы ала салып, «сау болыңызды» шалалау қайырып, тұра жөнелдім. Есік алдына жетіп қалған кезде:

— Ей, тоқтағын! — деген дауыс санқ ете түсті. Мен жалт бұрылдым. Ол менің жаныма келіп: — Сен өкпелеп барасың ғой? — деді.

— Жоқ, Бауке. Неге өкпелейін, халық қадірлеген батырға өкпелемес болар! — дедім. Ол күлді.

— Екеуміз бүгін көп жұмыс істедік. Бір күніміз осымен өтті ғой. Сен өзің бір жақсы жігіт екенсің,

— деп арқамнан қақты. — Ертең газеттің 2-3 данасын маған беріп жіберіңдер.

Бағанағы қаһарлы Баукен жоқ, енді жадыраңқы. Мақтағанды кім жек көреді? «Жақсы жігіт екенсің» деген үш сөзі күні бойы шаршағанымды сыпырып тастағандай, бойымды жеңілдетіп, қанаттанып қалдым.

3.10.1996 жыл.

Тағдыр

Сөзі қалды артында айта жүрер...

«Он бес минуттық бой жазып, дене шынықтырудан үш минуттық күлкі артық». Осы сөздерді қайталап айтудан жалықпайтын, дос-жолдастар арасында шалқып, тасып, күлкіден шашу шашып, бір өзі кішігірім бір театрдың қызметін атқарып, өзіл-қалжыңды гу-гу ақтарып жүретін Сібір бауырымыздың арамыздан алыстап кеткеніне де екі жарым айдың жүзі болып қалыпты. Енді, міне сәуірдің 25 жұлдызында ата жасы — алпысын атап, ұзақ өмір, көленкесіз көңіл тілеп айтар сөзімізді қағаз бетіне түсіріп отырған жайымыз бар. Баяғыда бір ақсақал жүз жасап, өмірмен қоштасар сәтте: «Дүние-ай, мына есіктен кіріп, ана есіктен шыққандай болмадың-ау» деген екен. Сол айтқандай, өмірді қиып кету қанша қиын болса, оның шырқау бір биігі — алпыстың аулына таяқ тастам жерге келіп тұрып, жетемін деп жете алмаған да үлкен арман екен ғой...

Сібір Зейнелғабиденұлы (өзі оңайлатып Зейнелұлы болып жазылатын) Кәрібековті мен қырқыншы жылдардың соңына таман Ақтоғайда көрдім. Арықша келген әлжуаз балаға ол уақытта кім көңіл аудара қойды дейсіз. Қарқаралылық қара баланың



сол кезде Ақтоғайда жүру себебін кейін білдім. Өмірдің ашы дәмін ерте татқан, бойы өсіп, бұғанасы қатпаған көкөрім жас әкесінің қарындасын паналап келген екен.

Әкесі қызыл империяның қанды қармағына ілініп, Сібірге жер аударылған кезде сол жақта дүниеге келген перзентіне Сібір деп, енді бір досының баласына Край деп ат қойыпты. Сөйтіп, олар елге оралғанда Сибкрай өлкесін осылайша олжалап, Қарқаралыға «бөктеріп» ала келіпті. Сібір бізге белгілі — Қарағанды көмір ошағына бір кісідей-ақ еңбек сіңірген, майталман кен инженері, марқұм Сібір Кәрібеков те, Край — денсаулық саласының танымал маманы — Край Тоқсанбаев. Бұл екеушің достығы алқалы бір жиында арнайы әңгімеге арқау боларлықтай. Достығы құрдастығымен өріліп, бір-біріне шуағын түсіріп, толықтырып жүретіндей көрішетін.

Осыған орай Сібірдің өзінен естіген бір әңгімені еске ала кетейін.

— Мен ұзақ сапарда жүргенімде Край досым алыстау жердегі бір сұлуға көзі түсіп, үкі тағып үйленіп те қойыпты. Мені қайда жүрсем де іздеп тауып, тойына шақырмағанына «жыным» ұстап, жас келіннің қызметке орналасты деген мекемесіне реті келсе мықтап бір «соқтығайын» деп бармаймын ба? Барсам, аршыған жұмыртқадай әппақ перизат отыр. Дәу де болса құрдастың ғашығы осы болар деген оймен «Сенің атын Ләтифа ма, осы?!» дедім көзімді ежірейтінкіреп, «мұртымды» тікірейтінкіреп. «Иә» деді перизатымыз ақырын ғана сызылып. Тосыннан келіп, едірейіп тұрған «әлде біреуден» шошып қалғанын сездім де бастырмалата жөнелдім:

— Ләтифа болсаң, өзіне өзінің қастығын бар ма? Осынау кен дүниеден бай таба алмағандай,

бұрын сырын білмейтін, қаңғыған, қайдағы бір желаяқтың етегінен ұстап ере кетуіне жол болсын! — деп сылдыратып, судыратып жатырмын. Ләтифамда үн жоқ. Көзі жыпылықтап, бетіме қарай береді. Бір кезде ес жинағандай болды-ау деймін, езуіне күлкі үйіріліп: «Осы сіз Сібір емессіз бе?» деді дауысын әндете созып. Тәрізі Край «Сібір деген құрдас досым бар, ойыны отқа түсіреді, содан сақ болғайсың» деп «оқытып» тастаса керек.

— Дәл өзімін. Сол Сібір деген пақырыңыз, міне, алдыңызда тұр. Ендігі жерде бір үлкен іске қадам басар болсаң менімен ақылдасып жүретін бол! — деп қолын алып, заңды некесімен құттықтадым.

Екеуіміз де мәз болдық.

Бұл «Сібірдің «достық әзілдерінің» бірі ғана.

Жастайынан тағдыр тауқыметін көп көрген бала (анадан ерте айырылды, әкенің қуғын-сүргін, айдауда болуы) қиыншылықтан беті қайтып жасымаған, қайта шынығып, шыңдала түскендей. Бұған дәлел оның Қарқаралыдағы Абай атындағы педагогикалық училищені, одан соң Қарағандының политехникалық институтын үздік бітіруі. Шахталарда аз жыл ішінде кен шеберінен бас инженердің орынбасарлығына дейін өсуі. Келешегінен үміт күттірген талапты жастың Алматы партия мектебіне оқуға жіберілуі. Оны тәмамдаған соң бассейн шахталарында партком хатшысы, облыстық партия комитетінде өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет істеуі, он жыл бойы Қарағанды өндірістік көмір бірлестігінде партком хатшысы болып сайлануы, адамдармен қарым-қатынастағы қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен, аңқылдаған ақкөңілділігімен танылуы. Бұйрық, жарлық емес, ақыл-кеңестің, қысылғанда қол ұшын беретін әркімнің «өз адамы» болуымен даралана білді. Сібірмен қыз-

меттес, аралас-құралас болғандардың бәрінің ақылдасып алғандай айтатыны осы. «Аулыңа жақсан — аймағыңа жағасың, аймағыңа жақсан — еліне жағасың» деген даналық сөздің шындық сырына көзіміз осындайда жете түседі.

1989 жылы халықты еңбекке орналастыру жүйесіне ауысып, Монголиядағы қандас бауырларымыздың ата-баба мекеніне оралып, еңбекке араласуына айтарлықтай үлес қосты. Байөлкеге бірнеше рет барып, көш-қон мәселесімен мықтап шұғылданып жүргенде көңіліне түйген жайларды ұзақ әңгіме ететін.

— «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалдың мән-мағынасын енді ғана жете түсінгендей болдым, — дейтін ол. — Аузыңнан ақ май ағызып қойса да, жат жерде жүрген адамның аты — отансыз, кірме екен ғой. Мұнғыл жерінде қазақтардың алдында малы, бауырында қазаны болғанымен келешегіне сенімді емес екен. Көп қашанда әлімжеттік жасайды, ойлағанын орындатады, айтқанын істетеді. Соңғы жылдары жергілікті мұнғылдардың түптің түбінде аз қазақты «сорып» алып, «жұтып» қоятынын саясаттан бейхабардың өздері де түсінген сияқты. Ондағы қазақтарды ұрпағының болашағы қатты толғандырады екен. Міне, сондықтан да түпкі Отаны — Қазақстан олардың алдынан жарық жұлдыздай жарқырап көрініп тұрады. Ежелгі қазақ жерінің тынысына, жүрек соғысына құлақ түреді. Тәуелсіздік ісіне үлес қоссам деген асыл арманы әркімді-ақ толғандыратынын біз жақсы сезіндік. «Еруліге — қарулы» деген ғой алыстағы ағайынның көңілінен шығу үшін біз де аянып қалғамыз жоқ...

Кейінгі уақытта экономикалық қиыншылықтарға төзе алмай, жаңа жерге байырқаламай, мұнғыл жеріне қайтып кеткендерді көргенде қатты қина-

латынын да жасырмайтын. Сағынып келген бауырларымызды сырттатып, «мұнғыл» атандырып жүрген кейбіреулердің надандығына, жосықсыздығына қатты реніш білдіретін.

Сібірдің осы әңгімесін әу баста «Нұра» совхозына көшіп келіп, қоныс тепкен, кейін отбасы жағдайына байланысты Ақмола жаққа ірге аударған Юхан Бабен деген жігіт 1992 жылдың қоңыр күзінде теледидарда жандандыра түскен еді. Совхоз басшысы Баян Жәркеев бастаған азаматтар Байөлкеге өздері барып, жиырма шақты отбасын көшіріп әкеліпті. Обалы қанша барлық жағдай жасалған. Ең тәуір қыстақтарды соларға берген. Малдың қондысы да көшіп келушілерге тиген. Отын-су, жаңа үйлер бөлу жағы да ойластырылған. Тарихи отанын тапқан қандастарымыз мәресәре. Совхоз орталығында өткен қарсы алу тойы таусылмас әңгіме. Мектеп мұғалімдері жаңа қоныстанушылардың балаларын интернатқа жатқызбай өз үйлеріне алып, қамқорлыққа бөлепті.

— Ағайындарымызға дән ризамыз, — деген еді сонда Юхан, — ыстық құшақтарына алып жатыр. Әсіресе, Байөлке аймағына барған Сібір Көрібеков пен Баян Жәркеев бастаған ағаларымыздың ақ пейілдері есімізден кетпестей. Олардың құшақтарын атамекеніміз Қазақстанның құшағындай сезіндік. Арқа сүйер еліміз, аңсап келіп, топырағын сүйер жеріміз бар болғанына аллаға мың да бір шүкіршілік еттік. Марқайып өсіп қалдық...

Мен Юханның осы бір жүрекжарды сөзінен көңіліме мынаны түйдім: шетелде жүрген қандастарымызға біздің жақтан барған өр адамымыз Қазақстанның өзі болмаса да көзі, ыстық сәлемін, жүрек жалынын жеткізуші елшісі екен-ау. Енді ойлаймын, Сібір мұнғыл жеріне әлденеше рет барғанда елші болып барған екен ғой...



Тағы да бір үлкен оқиға еске түседі. 1992 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы өткенде біздің облысымыздың делегациясы да барды емес пе? Сонда Халық шаруашылығы көрмесі тұрған жерге қаншама киіз үй тігілді. Біздің облыстың «Абылайдың ақ ордасы» деп жұртшылық орынды атап кеткен ақшаңқан үйінің аруағы басқалардан асып тұрған еді. Сібірмен біз сол жерде кездестік. Төңірегінде жүргендердің көпшілігі мұңғыл жерінен келген ағайындарымыз екен. Көңіліміз көкке өрлегендей көтерілді. Бұдан үш-төрт жыл бұрын тәмам қазақтың басын қосқан, қай жерде болсын тек ана тілінде сөйлескен осындай жиынды көз алдымызға елестетудің өзі қиын еді. Мен Сібірдің осы жиын жөніндегі пікірін сұрадым.

— Айтары жоқ, бұл өң мен түс аралас тамаша оқиға ғой, — деді сонда Сібір. — Дүниенің төрт бұрышынан жиналған қандастарымыз сағынысын қауышып жатыр. Шынымды айтсам бір кезде ақ патша, қызыл патшалардың тепкісінен тоз-тоз болып кеткен бауырларымыз ата жұртқа ағылып келіп, аяулы Алматысына өз үйлерін тігіп, шаңырақтарын көтеріп жатқандай сезімде жүрмін. Басқаларға бұрынғыша бас имейтін тәуелсіз еліміздің жарқын болашағын көргендеймін. Әттен, аз ғана қазақты алтыға бөліп, әрі тартып, бері тартып жүретін «ескі ауруымыздың» осы жерде де шаң беріп қалғаны ұнамайды-ақ. Өне қараңызшы, анау Семей облысы Абай мен Мұхтарды иемденіп, суреттерін өз аулының алдына қондырып қойыпты. Көкшетаулықтар Ақан сері мен Біржан салды бауырына басыпты. Қойшы, әйтеуір әркім өз жерінде туған жұлдыздарына үкі тағыпты. Маған бір ой келеді: қазақтың маңдайына біткен мақтаныштарын ауыл ауылға бөліп алмай, дәл ортадан

ойып отырып, құрметтеп орын берсек бәріне тән, бәріне ортақ болмай ма? «Ала болса ағайын, алдындағы ас кетер. Дұшпандары күшейіп, қанжығада бас кетер» деген ғой даналарымыз, сонау ескі замандардың өзінде. Осыны түсінетін уақыт жетті емес пе?!

Иә, жаны бар сөз. Кейде үй ішінен үй тігіп алып, «сенен мен артықпын» деп күпінетін білімсіздігімізді, ұлттық намыс, ұлттық санадан рушылдықты, жүзшілдікті жоғары қоюмен өзімізді өзіміз төмендететін бишаралығымызды Сібірдің ұнатпай тұрғандығын айқын аңғардық. Бас изеп мақұлдадық. «Баршамыз, баламыздан бастап, ақсақал-қарасақалдарымыз осылайша ойлап, осындай биіктен табылар болсақ, қазақ бүгінгісінен ғөрі аталы да жоталы, абыройлы да айбарлы көрінер еді-ау» дестік ішімізден.

Сібір қаламының желі, аузының ебі бар тілші болғандықтан газет, теледидар, радио қызметкерлерімен де жақсы араласып, сыйласып өтті. Көп жылдар баспасөз саласында қызмет істегендіктен талай-талай азаматтармен сыйлас, достас болдым. Сібірмен де алғаш рет осы салада рухани жағынан достастым. Бірде Сібір Бөрілі көмір разрезінен хабар ұйымдастырды. Ол хабардың ұйымдастырушысы да, сценарийін жазушы да, жүргізушісі де өзі болатын. Ал өндіріс тақырыбынан хабар ұйымдастыра қою онай шаруа емес. Өйткені өндірісте жүргендердің көбі ана тіліне шорқақ, орысша ойлап, қазақша сөйлейтіндер де жетіп артылады. Оның үстіне біздің режиссеріміздің қағазға қарап сөйлейтіндерге «жаны қас». Алдарындағы қағаздарын хабар таспаға жазылар кезде жинап алады. Бұрын жарқыраған жарық астында отырып, сөйлеп көрмегендер хабарға келгенде «ет жемесе де сорпа ішкендей болатын». Сібірдің хабарға ертіп әкел-

ген жас жігіті осындай бір мазасыз күйге түсті. Алты батпан тас арқалағандай қиналды. Сөзі бірікпеді, хабардың алдына қойылған мақсат орындалмайтын жағдайға тап болдық. Хабар басталардың алдында әлгі жігітіміз «Ағатайлар, мені қинамаңыздар. Мынадан екі тәулік шахтада жұмыс істегенім жеңіл. Босатыңыз мені» деп қиылды. Не істеу керек? Мен Сібірмен ақылдастым. Ол бұл тығырықтан шығудың жолын тапты. Бассейннің жағдайын бес саусағындай білетін ол «Мен тастың ауыр жағын көтерейін. Мына бауырымызға «солай емес пе?» дегенде мақұлдап, бір-екі ауыз пікір қосып отырса болды» деп күлді. Көрермендер біздің «қулығымызды» қайдан білсін. Сібір тілге шебер, қиыннан қиыстырып жымдастырып жібереді. Сөйтін, хабарамыз көңілімізден шықты. Тағы бір кезде қазақшасынан гөрі орысшасы басым бір ассистент қызымыз хабарға қатысушыларға қарап, «пожалуйста, қысылмай еркін отырыңыздар» деп қалды сөз арасында.

Хабар жазылып біткен соң Сібір:

— Сіздер бізге таза қазақша сөйлеңдер дейсіздер, ал өз қыздарыңыз орысшаны омпасынан түсірін жүреді. Бұл қалай? — деді сыпайы әзілдеп.

— Мәселен, — деп қалдым мен.

— Мәселен дап-дайын «мархабат» деген әдемі сөз тұрғанда «пожалуйста» деді. «Мархабат» тіліне орала қоймаса «тәңірі жарылқасын» немесе «тілеуіңізді берсін» дегеннің бірін айтса жетіп жатқан жоқ па?

Осы бір ғана мысалдан Сібірдің ана тіліміздің қадір-қасиетін де, құдыретін де қаншалықты түсіне білгенін аңғаруға болады. Бір жолы қыстың ақтүтек боранында Қақаралыға ұзақ уақыт жүріп, шаршап жеткеніміз бар. Көлік тізгіні Сібірдің қолында. Қанша қиындық көрсе де ол баяғы ақжар-

қын қалпында. Жол-жөнекей аялдама жасаған сәтте ол «Әнебір тау бұрын сонау бір тұста тұратын сияқты еді. Мына сынаптай сырғыған өмірде ол да байыз таппай жылжып кеткен бе, қалай өзі?» деді әзілдей сөйлеп. Оның қалжың сөз екенін түсінсек те «жылжыса жылжыған шығар өмірде өзгермейтін ештеңе жоқ деп жүр ғой білетіндер» деп біз де қостап жатырмыз оны. «Әй, біз де бір күні жылжып келеміз-ау осы өмірден». ...Сол жолы Сібірдің үнінен бұрын байқалмайтын бір мұң сезілгендей болды...

Қалай десек те өмірдің өз заңы бар. Ол ешкімге бағынбайды, ешкімнің көңіліне де қарамайды. Сібір Зейнелғабиденұлының ортамыздан кетіп, мәңгілікке жылыстағанына енді көзіміз жеткендей. Қимағанмен бола ма? Өзі болмаса да көңілімізде қалған кейбір сәттерін туған күні қарсанында еске түсіріп отырмыз.

«Жақсының аты өлмейді» дегендей, Сібірдің арты жақсы, Өмірлік асыл жары, төрт баланың аяулы анасы — Мәкен Аймағамбетқызы жас ұрпақ тәрбиешісі болып, қадір-құрметке бөленген жан. Бүгінде балаларының, немерелерінің ортасында. Үлкен ұлы Темірлан, одан кейінгі қызы — Гүлнәр ғылым кандидаттары, докторлықтарын дайындауда. Марғұлан мен Эльмирасы да халыққа қалаулылар. Немересі Ерұлан да университет бітіріп, еңбекке араласты. Сібір мен Мәкен көтерген шаңырақ биіктей берсін! деген тілегімізді білдіреміз.

24 сәуір 1996 жыл.

### Қаламдас аға бейнесі

(Журналист, азамат Ғ.Ә.Нәдіровты еске алу)

Арада қанша жылдар өтсе де жарқын бейнесі көз алдыңнан кетпейтін, көңіліңнен өшпейтін адам-



дар болады. Мен үшін солардың бірі емес, бірегейі Ғалымбек Әбдіхалықұлы Нәдіров еді. Осы бір ынағын естелікті сол үлкен жүректі ұстазымның рухына бағыштауымның өзіндік себептері бар.

Біріншіден, қызмет бабымен алуан-алуан адамдармен кездесіп, жақсыны да, жаманды да көріп, біле жүрін, бірде сүйіне, бірде күйіне қалам тербейтін, сөйтіп мазасыз күндер, тынымсыз жылдарды бастан кешетін журналистер еңбегінің көбінесе ескеріле бермейтін, бүгін оқып, ертең, қазір мұражай деп атап жүрген, архив қоймасына қарай сырғыта салатын сарғайған газет беттерінен табылатыны.

Екіншіден, Ғалекеннің жас журналистерге деген қалтқысыз, риясыз қамқорлығы, түбінде жасаған жақсылығымның есесін қайтарар деген пендешілік есептен аулақтығы.

Ең бастысы — осы адамның рухани тазалығы, ақ пен қараны тап басып, айыра білетін сезімталдығы мен көрегендігі, бұра тартпайтын тура мінезді әділдігі.

Осы пікірімді дәлелдеу үшін кейбір оқиғаларды еске алудың артықтығы болмас деп ойлаймын. Мақсат — әлде біреуді марапаттау емес. Ғалекен сынды «ақырын жүріп, анық басқан», өмірде өзімді көрсетейін деп өзеуремеген, редакцияның «жұмыс көлігі» болған, талайларға шапағаты тиген шын мәнісіндегі адал, Азамат ағаның ұмытылмас бейнесін бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету.

Мен 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінің Ш-курсын тәмамдаған соң жазда «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің редакциясына өндірістік жаттығуға келдім. Бас редактор Бейсенғали Тәйкіманов іссапарда екен. Бірден онын орынбасары (ол кезде бір ғана орынбасар болатын)

Ғалымбек Нәдіровтің кабинетіне кірдім. Ғалекен нұсқаған орындыққа отырмай, түрегеп тұрып, өзімді таныстырдым.

— Отыр, қарағым! — Бұл Ғалекеннен тұңғыш естіген сөзім. Өзі алдымен қағазына үңілген қалпы жұмысын жалғастыра берді.

— Қазір...

Біраз уақыттан соң оқып отырған материалының сыртына қызыл сиямен «Қайта бастырылсын» деп қол қойды. Кейін байқасам қызыл сиямен қол қою, қараған материалын егжей-тегжейлі «електен өткізу» Ғалекеннің әдеті екен.

— Практикаға келін қалдым де. Жөн. Былтыр да практиканттар келген бізге. Қолдарында жоспарлары жоқ. Мақсат белгіленбеген. Не істейтіндерін өздері де білмейді, бір айдай кабинет-кабинетке қыдырыстап жүріп, Алматыға қайтқан. Ал сендердің Бекқожиндерің (Қайыржан Бекқожин — тарих ғылымының докторы, журналистика кафедрасының меңгерушісі) «Социалистік Қазақстан» бетінде «практиканттарға қамқорлық жасалмады» деп біраз газеттерді сынапты. Соның ішінде біз де бармыз. Оқыған шығарсың?

— Оқысан газеттерді бір беткей сынаржақ сынаудан гөрі практиканың мақсатын айқын белгілеп, студенттердің қолына белгілі бір жоспар ұстатып жіберген дұрыс емес пе?

— Дұрыс, аға, биыл біз жоспарлармен келдік. Не жазуымыз керектігі мұнда көрсетілген, — деп тасқа басылған жоспарымды ұсындым.

— Е... жөн.

Ғалекеннің әлгі жоспарды көз жүгіртін қарап шықты да: — Бұл жалпылама. Мұндай жоспар шаруашылығы түрлі-түрлі барлық облыстарға сәйкес келе бермейді, нақтылау керек. Шахтаға түсіп көріп пе едің?

— Жоқ.

— Қай саланы жақсы білесің?

Мен университетке дейін мұғалімдер институтының тарих факультетін бітіргенімді, бір-екі жылдай ұстаздық еткенімді және аудандық партия комитетінде насихатшы болып қызмет істегенімді, ауылдық жерде туып-өскенімді айттым.

— Онда сені биыл ауыл шаруашылығы бөліміне жіберейік. Ауылдың шаруашылығы, мәдени жайкүйі, әлеуметтік жағдайы туралы тереңірек жазып, үйрен. Бірден ауыр өнеркәсіпке барсаң — шағылып қаласың... Биыл практиканы өзім басқарам. Бекқожиннің сынынан қорытынды жасамасақ болмайды ғой, — деп жымыып күліп қойды. Алғашқыдай емес, Ғалекеңе бойым үйрене бастағандай. «Түсі игіден түнілме» деген. Мені студент деп оқысынбай шешіле сөйлескен соң жүзіне барлай қарап отырмын. Қызыл шырайлы, әдемі дөңгелек жүзді, мейірімді көзқарасы адамды баурап, өзіне тартып алғандай екен.

— Ұстаздықты, партия қызметін тастап, журналистиканың мазасыз қызметін қалауыңның қандай себебі бар?

— Ұстаз — аз ғана шәкіртке ұстаз. Партия қызметінде бас бостандық жоқ, өз сөзінен гөрі бастықтардың сөзін сөйлейді екен. Берілген тапсырманы орындаушы. Ал журналист үлес қосатын газет — көптің айнасы ғой. Мен өз жүзімді сол айдан көрсетсем деп едім...

— Дұрыс айттың. Бірақ журналистке қойылатын талап та жеңіл емес. Жауапкершілік күшті. «Что пишешь пером, не вырубешь топором» деген мақалды білесің ғой. Мұнда жасырынбақ ойнай алмайсың. Ең бастысы — талантың болсын. Ойлана, жаза білмейтін журналист өзін де, өзгені де қор етеді. «Ойлана» дегенді ұмытпа. Ойлана білсең,

жазу да жеңіл. Енді сен газеттің өкілісің. Газет абыройы — сенің абыройың. Газетке кіндігіңнен байланасың. Одан соң, тек шындықты жазатын бол. Бізде бір журналист Шахтер күнін тойлағанда сонау Дальний паркте үш киіз үй тігілген еді, соны «отыз киіз үй тігілді» деп жазып әкеліпті. Қарағым-ау, біздің көргеніміз үш-ақ киіз үй еді ғой? — десем:

— Журналисте «вымысль» деген болмай ма екен? — деп өзіме қарсы дау айтып, қарап тұр. «Вымысльдің» өтірік айту емес екенін сондайларға түсіндіріп көр... Ол бір. Одан кейін айтарым, ескерткенім де, кейбір көңілшек, жалпақ шешей журналистер өзінің жақын-жуықтарын, тамыр-таныстарын, жолдас-жораларын, тіпті туған-туыстарын ұялмастан мақтап жазуға үйір. Есіңде шығар, А.С.Пушкиннің «Журналист — государственный деятель» дегені. Осында көп мағына жатыр. Сол айтқан қайраткер дәрежесіне жетпесе де, көптің көңілінен шығатын қаламгер болу — үлкен міндет... Журналисте алалау деген болмау керек. Біреудің сый-сыбағасына шырмалып қалу жөнінде айтпай-ақ қояйын. Құдай оның бетін аулақ қылсын! Әр материалын фактілердің жиынтығы емес, өзіннің сол фактілерге көзқарасың байқалатын болсын. Галекенның әңгімесі университетте тыңдаған лекцияларымды еске түсіргенмен жаңа ұстаздың аузынан естіліп, маған ақыл, фибрат ретінде айтылып жатыр.

— Түстен кейін ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі Қағазбек Сәденовпен таныстырамын. Аптаның жұма күні маған келіп ақылдасып тұр.

Галекен алдында қаттаулы жатқан қағаздардың бір парағына «практикантты тапсыру» деп жазып, үлкен үстелінің шетіне қарай сырғытып қойды. Міне, Галекенмен алғаш кездескендегі көңілімде



қалған өсерім осындай.

Журналист өзінің көргенін, көңілін алаңдатып, толғандырған жайларды жазады. Галекеннің кеңесі өсер етті ме, алғашқы мақалам — ауылды көркейту, көгалдандыру туралы жазылды. Өзім туып-өскен Ақтоғай селосында көшелерге, үй маңына ағаш отырғызу, бау-бақша өсіру әдет-дағдыға айналмағанын айта отырып, тек Садық Жанкин деген кісінің үйінің маңына ағаш егіп, бау-бақша өсіруді қолға ала бастағанын сөз еткен едім. Материалымды мәшеңкеге бастырғанмен қарап, тұзетілмеген күйінде үстел тартпасына қалдырып, өзім Шет ауданына жүріп кеттім... Екі-үш күннен соң оралсам, «Сені Галекен іздеп жатыр» дейді бөлімдегілер. Галекен бұл жолы салқындау қарсы алды.

— Шырағым, сен жазған адамдарынның аты-жөніне көңіл аударасың ба? — деді де әлгі мақаламды өзіме қайтарып берді. Қарап жіберсем кейбір сөздерінің тұсына қызыл сиямен сұрақ белгісін қойыпты. Оны редакциядағылар, Галекеннің «қызыл күршегі» дейді екен. «Галекен қызыл күршекті қоя береді, құдай білсін, сол күршек кімнің мойнына ілінерін» деп сырттай дұрдараз болып жүретіндер де кездесетін. Түсіне қойдым.

— Материалдың сыртында менің қолым жоқ қой? — деп қайыра ұсындым. Сөйтсем бөлімдегілерден материал сұрағанда дайын дүние болмайды да менің шала мақаламды ұсына салады ғой. Мен жағдайды түсіндірдім.

— А... солай екен ғой. Гафу ет, қарағым. Сенің кінәң жоқ екен. Бәсе, сен өз аулыңның адамдарын жақсы білуге тиіссің ғой. Мынада Жанкин «Жанкин», Садық «Салық» болып кетіпті. Мұндайда кейбір жігіттер мәшеңкені кіналауға өзін тұрады. Осының өзі саған сабақ. Жалпы кісінің аты-жөніне

сақ болу керек...

Кейін оқу бітіріп келіп, редакцияда қызмет істегенімде көзім әбден жетті. Ғалекен үшін қатенің үлкен-кішісі болмайды екен. Жазған екенсің — бәріне де жауап беруге тиістісің. Осы қағида бойымызға мықтап сіңгені сондай кейін өзім басқалардың материалын қарағанда тым шұқшиып кететін болсам керек, кейбір жолдастар «Сен Ғалекеннің шәкіртісің ғой» — деп қалжыңдайтын.

Түскі үзілісте Ғалекен таяқ тастам жердегі үйіне бармайды. Шайын, кефирін қыздары Клара мен София әкеліп беретінін талай көрдік. Уақытты қатты бағалайтын еді.

Сонымен өндірістік жаттығу жаман өтпеген сияқты. Жоспар орындалды. Материалдық жағынан да кемшіндік көрмедім. Штаттан енбекақы, авторлар есебінен қаламақы алып, байып қалғандай болдым. Кетерде газеттің бір санына шолу жасатып, өзімнің пікірімді тыңдады. Осының бәрі Ғалекеннің қамқорлығы мен талап қойғыштығының арқасы екенін көңіліме түйіп, Алматыға оралдым.

Екі-үш материалым секретариаттын қоржынында қалған еді. Олардың да жарияланғанын кафедраға келіп жататын газеттерден көрдім. Бірақ қаламақысы кешігіп, қолыма тимеген соң Ғалекенге хат жаздым. Арада бір апта өтпей жауап хат келді. «Масғұт, қаламақың бухгалтериядағы тоңмойындардың кінәсынан жіберілмей жатып қалыпты, жіберттім» депті. «Жарлының бір тойғаны — шала байығаны» дегендей, курстас дос-жолдастар ортасында «жуып», бір көтеріліп қалғаным әлі есімде. «Төртін жоқ жерде — береке жоқ» дейтін Ғалекен. Сол бір кезде кейбіреулердің ішімдікке үйірлігі байқалып қалатын. Теңселіп жүргені «қолға түскенмен», «шалабуырылды» тани қою мүмкін емес.

Мынадай бір әзіл әңгіме тарап жүреді. Бірде Ғалекен өзі тұрғылас бір қызметкерге шаруашылық активі жиналысының есебін даярлауды тапсырады. Жұмыс аяғына дейін алдына материал келмеген соң мазасызданып «тездетсенші» деп телефон шалады. Сонда әлгі кісі «Ғалекен, бітіп қалдым, 200 грам қалды» депті. Ептеп «жылылау» отырған қызметкердің аузынан 200 жолдың орнына, ойында тұрған 200 грамм шығып кетсе керек. Мұндай «мұлт кетушілік» сырттан келіп «сый-құрмет» көрсетушілердің жомарттығымен сабақтасып жататын.

Жиналыста бас редактор «кейбіреулер жұмысқа ішіп келетін болыпты» дегенде, Ғалекен: «Бейсеке, ішіп келеді дегеннен гөрі ішіп кетеді» дегеніміз дұрыс болар» деп шындықты шырқыратып айтып салғаны бар. Бір ішімдікке үйірсектеу корректорға Ғалекен ұрсып отырса керек. «Ақымақсың, арақ ішесін. Антұрған-ау, арақтан миын шіріп кетеді ғой. Онандағы қаймақ ішшейші. Денсаулығына сол пайдалы емес пе?» десе әлгі жігіт: «Ғалекен-ау, қаймағы бар болғыр көңіл көтермейді ғой» депті. Осындай күлкілі оқиғаларды көңілденіп отырғанда өзі әңгіме етіп, мол денесімен қозғалақтап, екі иығы селкілдеп күліп алатын.

Тәртіп бұзушыларға қанша қатал болса, беріле еңбек етушілерге сонша қамқор болатын. Кейде тымауратып ауырып жүріп жұмысқа келгендерді көзінен, қабағынан танып: «Сен екі-үш күн үйде жатып емдел. Ал осындай созаландатып жүрсен, ұзақ ауырып қалуың мүмкін» деп қайтарып жіберетін.

Редакцияда Дәулетбек, Қыздарбек Әкімбековтер қызмет істейді. Екеуі егіз. Екеуінің де қаламы ұшқыр, екі айтқызбайтын елғезек. Бір-бірін киімінен айырмасаңыз, түстеп тану қиын-ақ. Бірде Ғалекен

Дәукең марқұмды шұғыл тапсырмамен ауылға жұмсайды да, кешке қарай өзі үйінің жанындағы моншаға барады. Барса Дәулетбек моншада жүр. Ғалекен қатты ренжіп, ал кеп ұрсады. — Біз егін орағын бастамай омалып отырғандарды сылқитып сынайтын тілші жібердік деп мәз боламыз, ал сен найқалып, қызара бөртіп моншада жүрсің...

— Ғалекен-ау, мен Дәулетбек емес, Қыздарбекпін ғой! — депті әбден шыдамы таусылған Қызкең.

— Солай ма еді, ой, бар болғыр. Апырай, мен неғып шатастырып алдым. Ғафу ет, айналайын! — деп Ғалекен Қыздарбектің арқасынан қағып, әкесіндей мейірленіп бауырына тартыпты. Осы әңгімені Дәукең айтқанда тіпті әсерлендіріп жіберетін. Дарқан көңілді ағаның осындай мінездері де болатын.

Бір жылы баспаханада жұмыс істейтін Миллер деген жас жігіттің үстіне рулон құлап, ойламаған жерден мерт боп кетті. Ғалекен редациядан Ораз Сағынаев пен маған қабыр басына баруды тапсырды. Мен түскі үзіліске дейін үйге барып, шайымды ішіп, асығыс келсем, Орекең әлі жоқ. Тосып отырдым. Бір кезде шаруашылық меңгерушісі Шәймерден Құлмағамбетов (ол кісі өзін редактордың шаруашылық жөніндегі орынбасарымын дейтін) «ал кеттік» деп жетіп келді. Астында редактордың «Победа» мәшинесі. «Ораз келсін, бірге барамыз» деген менің сөзіме тоқтаған жоқ, бізді тастап өзі жалғыз кетті де қалды. Орекең келген соң, мен мән-жайды айтып едім, «онда қабыр басына жаяу барамыз ба? — деп, ол да қисая кетті. Екеуміз кабинетте отырмыз. Ескерусіз, ептеп өтіп кетер деген ойдамыз. Түстен кейін сағат төрттердің шама-сында Ғалекен шақырады. Мен ерте келгенімді, Орекеңді тосып қалғанымды, Шәймерденнің тоспай кетіп қалғанын қысқаша айтып, түсіндіріп жа-



тырмын.

Сонда Ғалекен біздің қабыр басына бармағанымыздың қате, ұят екенін ренішпен айта келіп: Жігіттер-ау, мыналарын саботаж ғой. Біреуің сылқылдап ерте келесің (онысы — мен), біреуің былқылдап кеш келесің (онысы — Орекен), екеуің келісіп дәл уақытында неге келмейсіңдер, — дегені бар. Артында зілі жоқ аға сөзін біз көңілімізге алмай, көпке дейін күлісіп жүрдік.

Ол редакция қызметкерлеріне тапсырма беріп жаздыруды ұнататын. Сонда көбіне сырттан келген хаттар көтерген мәселелерді негізге алатын. Бір жолы Ғалекен шақырады дегенге барсам бөлмесінде белгілі хирург Хафиз Мақажанов отыр екен. «Хафекене бір науқас жігітке көмектесуін сұрап қолқа салған едік. Сен ол кісінің қасында бол. Кейін бұл кісі туралы жазуына қажет болады» деді. Мәнісі былай, Егіндібұлдақ ауданында бір жасөспірім жігіт шөп тиеген арбадан құлап, аяғын сындырып алады. Дәрігерлердің көмегі тие қоймайды. Содан ауыр жағдайын айтып, газет редакциясына хат жазады ғой. Ғалекен хирургпен ақылдасып, қол ұшын беруін сұрайды. Әлгі жігіт Ескі қалада «Китай городта» (базардың түбінде) бір үйде жатыр екен. Хафекен өзінің шапшан қимылдайтын әдетімен жігіттің жіліншігін саусағымен басып-басып айналдыра қарап шықты да: «ертең машина жіберем, ауруханаға жатасың, я тебя отремонтирую» деді. Ғалекеннің шапағатымен, Хафекеннің сиқырлы қолының шипасымен сол жігіт аяғын қаз басып жүріп кетті. Кейін редакцияға келіп, көз жасы мөлдіреп тұрып, рахметін айтқанын қалай ұмытарсың!

«Турасын айтсаң — туғанына, әділін айтсаң — әкене жақпайсың» деген аталы сөз бар. Ғалекеннің тура мінезі жұрттың бәріне жаға береді деуге ау-

зым бармайды. Ұнатпайтындар да болатын. Жерлестікті, рушылдықты күйттейтіндерді, арақ құмарларды ит етінен жек көріп, «бұлар азғандар ғой, қазақтың өркенін өсірмей жүрген осындайлар» деп күйінін отыратын адамның екінін біріне ұнай беруі мүмкін емес екенін өмір көргендердің көбі түсінетініне енді шүбәланбаймыз.

Бірде қызметке жаңада келсе де өзіндік қолтаңбасы танылып қалған жас журналистің соңына «шырақ» алып түсіп, тіпті оның жазған материалдарына «жұмысшы табына жала жапқан» деген кінә тағып, халық жауының жаңа түрін іздеген кеудемсоқ, әпербақан, әумесер жігітке «әй, сен отыз жетінші жыл бар деп жүрсін бе? Оның басқан ізін бекер тіміскілейсің, оның арты таза, одан ештеңе таба алмайсың. Қойғаның жөн, жарқыным. Бұл менің соңғы ескертуім!» — деп шымбайына батыра қатты айтып, бетін қайтарып тастағаны бар. Кейбір басшылардың түпкі ұпайын көздеп, артында сүйемесі барларға бата алмай, былқылдатып отыратыны осындайда еске түседі. Ғалекен ондайлардың сортынан емес еді. Бетің бар, жүзің бар демей, қылышпен шапқандай қиып түсетін. Оның ең сүйікті адамы — еңбек аламы еді. Бір ұнатқан адамына қашанда ақпейілмен, берік сеніммен қарайтын. Ештеңе істемейтін, «күріш арқасында су ішіп жүретін күрмектер» ғана қателеспейді. Қателіктің өзінен сабақ алу керек. Ең абзалы — өзіннің кемшілігіңді түсіне білу, қайыра қайталамау» деп отыратын Ғалекеннің осы мінезі «қанын шығарып ұрып, майын шығарып сүйетін» басшыларда ғана кездесетін сияқты. Ғалекен әскер командиріне ұқсайтын. Бірде-бір кемшілік ескерусіз қалмайтын.

Бір күні жұмыс аяғында Ғалекенмен бірге ҚазТАГ-тан түскен ұзақ материалды қарағаным есімде. Ол кісі орысшасын, мен қазақшасын қарап, салыс-

тырып оқимыз. Сөз реті келгенде айта кетейін, Ғалекең аудармаға сене бермейтін. Өзі орысшаға жетік. «Онда отырғандардың ішінде де можантопайлар жетіп жатыр» дейтін. Ара-арасында шаршадың ба? — деп қояды. Түннің бір уағы болды. Шегім шұрылдай бастаса да сыр бергім келмейді. Сонда жасы алпысты алқымдап қалған адамның ерінбейтін еңбекқорлығына, табандылығына таңқалатын едім. Танертең жұмысқа елден жарты сағат бұрын келетін, түн ортасында газет беттерін үйінде шапанын жамылып отырып, мұқият қарап шығып, кейбір «ұры» қателерді (суреттердің ауысып кетпеуін, тақырыптарды, клише анықтамаларын қатты қадағалайтын) түзетіп, «исправить, сверить, затем в печать» деп қол қоятын.

Сол күні Ғалекеңе еркінсігендей болып, бірер сұрақ бергенім бар.

— Ғалеке, журналистен журналист интервью ала ала ма?

— Е... неге алмасын, алады.

— Онда сізге бірер сұрақ қоюға бола ма?

— Болғанда қандай! Сұра.

— Сізді гимназия бітірген дейді ғой.

— Бітіргем. Қазір гимназия деген сөз құлаққа тосаңдау естілетін болар. Бірақ гимназияның сапасы өте жақсы болатын. Жан-жақты білім беретін. Одан кейінгісі — өз бетіммен оқу. Тегінде бір жоғары оқу орнын бітірдім деп тоқырап қалу, өсіресе журналистерге қатер. Журналист ғылымның, әдебиет пен көркем өнердің әр саласынан хабардар болуы керек. Кіммен сөйлессен де, сол адамның мамандығы бойынша әзірленіп, қажетті материалдарды қарап барған жөн.

— Сіз адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалайсыз?

— Оу, жақсы қасиеттер көп қой. Сонда да,

әсіресе, әділдікті, бірсөзділікті ұнатамын. Мың жылтыр сөзден осы бүгін арамызда жүрген адамдардың біріне қайырымдылық жасағанды жөн көремін. Кейбір адамдар болады: жазғанын оқып, айтқанын тыңдасаныз, құдай сақтасын, әулие екен деп ойлайсыз. Ал өзінің күнделікті ісін көрсеңіз, көңіліңіз жүдеп қалады. «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме» дегендей.

— Ең жек көретііңіз?

— Жек көретінім де толып жатыр. Сонда да, әсіресе, көлгірлік. Күліп отырып, астыңнан қиятын қылқұрттық. Құшақтап отырып, қылғындырып өлтіретін зымияндық. Бүгін қойнына кіріп, ертен мойнына шығатын — сатқындық. Енді әлгі «көксуға» құмарларды суқаным сүймейді. Түбінде осы арақ бізді аздыра ма деп қорқамын. Баяғыда, білемісің, ауылда есікке құлып салушы ма еді? «Іт кірмес» деген болатын. Шыбық өткізе салатын. Енді қарашы, есікте қос-қос құлып, арақтан азғындап, рухани шөгіп бара жатқан мүсәпірлер көбейіп кетті емес пе? Мұнын тамырының бір ұшы басқада болса, екінші ұшы өзімізде. «Албасты қабаққа қарап басады» деген бар. Сол албасты айналдыра бастады бізді. Көңілшекпіз, көрсеқызармыз. Бірдемені көрсек еліктемей, солықтаймыз. (Ғалекең «осы сөзім қалай әсер етті» дегендей маған қарап қояды көзінің астымен). Осындай пәлелердің «бір ұшы басқада» деген сөзінің астарын түсіндім де іштей тынып қалдым...

— Балаларыңыздың тәрбиесіне қатысыңыз қалай?

— Мектепке бір баламның жиналысына барып көргенім жоқ. Бәрі де үздік оқыды. «Жетектеп қосқан тазы түлкі алмайды» дегендей, ынтасыз баланы қалай сүйресен де ештеңе шықпайды. Баланың бойындағы ынтаны (егер бар болса) ояту



қажет. Абай айтқандай, «талап, еңбек, терең ой, қанағат рақым» — осы «бес асыл» бір аламның бойынан табыла бермейді, табылса — бақыт деген сол! Тым болмаса, алғашқы екеуіне қол жетсе де қор болмас едік...

Ол кезде сыр айту қауіптілеу болатын. «Мен саған бір сыр айтсам аузыңнан шығармайсың ғой» деді Ғалекен. — «Мені соғыс алдында қажының баласы» деп құдалаған, соңымнан ит қосып, төбемнен құс салғандар осы Қарағандыда әлі де бар. Мен содан бас сауғалап Павлодарға қашып кетейін. Майданнан қайтқан соң енді тынышталған шығар деп мына құттыхана редакцияға қайта оралдым...

Газет жұмысында атүстілікке, салдыр-салақтыққа, алдымнан былай кетсе, құлай кетсін дейтін немқұрайдылыққа жаны қарсы еді. Кейбір өз тұстастарынан осындай мінездерді көргенде тіпті күйіп кететін.

Жауырды жаба тоқуды білмейтін, ешқашанда кемшілікке кеңшілік жасамайтын тура мінезді, талапқой басшының өзі ұнатқан адамдардың еңбегіне, адалдығына риза болғандарға деген биязылығы, қамқорлығы өзгеше еді. Кейде «сен тимесен мен тимен бадырақ көздерді» көргенде жетімсіреп тұрғандай ішін ашып, көңілің жасып қалады. Амал қанша өмір тек жақсы адамдардан ғана құралмайды. Аяғының басына қарап жүріп-ақ «екі жеп, биге шығып» кететіндер де құдайдың пендесі. Одан қашып құтыла алмайсың.

Адамның бой мәдениеті мен ой мәдениеті қабысып, тамырласа кетуі сирек ұшырасатын қасиет. Ғалекеннің табиғатынан осы екеуі де табылатын. Үстіне қылшық жуытпайтын кірпияз, кінәздігі — кербездік емес, сүйекке сінген сырбаздық еді.

Алпыс жасын мерейтой етіп өткізген кезде біз теледидар және радио комитетінің қызметкерлері

(ол кезде мен сонда бас редактор болып ауысып кеткенмін) ол кісі туралы телеочерк әзірлеп, дидар айнадан көрсеттік те, артынша таспасын қайта көшіріп, ыстық, суықтан сақтайтын арнайы сауытқа салып, Ғалекеннің облыстық газетте өткен салтанатында ізгі тілегімізді құттықтау хатқа сыйғызып тапсырдық. (Қазір сол ролик Ғалекеннің қызы Клараның қолында). Сонда аяулы аға бек ризашылығын білдіріп:

— Сендер мына сыйлықтарыңмен маған ат мінгізгендей болдыңдар. Рахмет, қарақтарым! — деген еді. Бұл да Ғалекеннің үлкен бір ұжымның атынан тапсырған аз сыйлықты көптей көрген, жүрек ілтисатын бағалай білетін мәдениеттілігінің бір мысалы болар.

«Шөп шыққан жерге шығады» дейді халқымыз. Ғалекеннің арты бүгінде шалқыған көлдей, самал желдей, думан тойлы елдей. Үлкен ұлы — Шаймұраты (Шәйкен) көп жылдар Москва сыртқы істер министрлігінде, елшіліктерде қызмет істеді. Қазір бір ғылыми институтта ұстаз, Ғылым докторы, профессор. Кларасы осы Қарағандыда, дәрігерлік академияның профессоры. Ол да ғылым докторы. Облыс қана емес, Қазақстанға есімі мағлұм шипагер-дәрігер-невропотолог... Ермұрат (Еркен) мен Софиясы да ғылым кандидаттары, доценттер. Тындырымды, жемісті еңбектерімен, кішіпейіл мінездерімен жұртқа жаққандар. Ғалекеннің немерелері де бұл күнде арнайы әңгіме етуге тұрарлық. Арасында елшілер де, ұстаздар да, ғылым кандидаттары да бар. Тіл, көзден қағас болсын деген ниеттен сөз етпей отырмын. Тек аталарының қадірлі есімін ардақ тұтып, оған дақ түсірмейтіндеріне сенім білдірсем деймін.

\*\*\*

Өзінің бар саналы гүмырын баспасөзге арнаған,

сол арқылы туған еліне адал қызмет еткен, талайларға қамқор болып, алғыс алған журналист, абзал Азамат 1969 жылы 61 жасында өз кабинетінде жұмыс үстінде майданда мерт болған жауынгердей жүрек талмасынан құлап түсті. Үлкен өмір жолы осылай үзілді...

Галекен туралы әлі талай материал жазылар да. Алайда, ол кісінің көзін көріп, майда қоңыр үнін естігендер қатары сиреп барады. Одан тәлім-тәрбие алған шәкірттері, баспасөз саласында айтарлықтай еңбек сіңірген Ораз Сағынаев, Қойшы Шаяхметов, Есімбек Бәйтенев, Тілеухан Жүсіпов енді арамызда жоқ. Ауыз екі әңгімеде олар да ұстаздың адамгершілігіне тәнті болып отыратын. Қазір жемісті еңбек етіп жүрген қаламгерлер менің пікірімді бекіте түсер деп ойлаймын.

Мен осы шағын естелікке газет жұмысында кездесетін көпке мәлім жайлардан гөрі ұстаз ағаның адами, азаматтық бейнесін ашуға көмектесетін оқиғаларды арқау етуді жөн көрдім.

Аса қадірлеп, ардақ тұтқан адамды еске алғанда Галекен өмірден өткен күндері қойын дәптеріме түскен мына бір өлең жолдары тіліме орала береді.

Күнде тартыс бұл өмір қызу майдан,  
Басылмайтын қырқысқа қалдым қайран,  
Сөзге тұрған батырлар көрге түсіп,  
Өрге шығып жатады серттен тайған.

Реті келгенде сол сөзіне берік, ісіңе мығым, өзінен гөрі өзгенің жайын көбірек ойлаған (Л.Н.Толстой айтқандай, «өзгенің сезімімен өмір сүрген») адамдардың бірі — Ғалымбек Әбдіхалықұлы Нәдіровтің есімін есте қалдыруды ескерсек деген тілегімді оның шәкірттері, избасар інілері, тұстастары атынан облыс, қала, газет редакциясының, Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің басшыларына құлаққағыс еткім

келеді. Галекен шын мәнісінде мақтауға да, есімін атап мақтануға да лайық Адам еді...

1996 жыл.

Сұхбат

## Тағдырмен тайталас

Кейіпкеріміз Жақсылық Серікбайұлы Толпақов 1950 жылы Балқаш қаласында туған. Жиырма жасында Орталық тұтынушылар одағының Қарағанды коператив институтын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша қызыл дипломмен тәмамдаған.

Жиырма үш жасында Львов қаласындағы сауда-экономикалық институтының аспирантурасын бітіріп, өзінің ұшқан ұясы — Қарағанды коператив институтына оқытушы болып оралады. 1976 жылы экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алады.

Институтта оқытушы, аға оқытушы, доцент, факультет деканының орынбасары, декан қызметтерін атқарған. 1998 жылғы қыркүйектен профессор.

«Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген» — талантты жас 1990 жылы Өмір атты майданда құйрықты жұлдыздай жарқырап көрініп, ұлы дүбір, аламан бәйгеде Құлагердей құйындатып келе жатқанда тағдырдың қатал соққысына ұшырады. Жымысқы дерт қапияда екі аяққа тұсау салып, мүгедек арбашасына отыруға мәжбүр етті.

Тағдыр қанша қаталдық жасап, мейірімсіздік танытса да жас Жақсылық еңсесі түсіп, есенгіреген жоқ, бас иіп, бағынған жоқ. «Болған іске болаттай берік бол» деп, ақылы мен қайратын, шар болаттай мұқалмас ерік-жігерін қарсы қойып, тағдырмен тайталасқа түсті. Қаламын қару етіп, өліспей



беріспес айқасқа шықты.

Соның бір дәлелі — аспирантураға түскеннен бері екі көлемді ғылыми монография, 6 кітап, 3 кітапша, бірнеше көлемді мақалалар жазыпты. Жалпы көлемі — 100 баспа табақ екен. Тағдыр тауқыметіне бағынбаған қайсар азаматтың ғылыми еңбектері өз республикамыздан тыс жерлерде де — Мәскеу, Львов қалаларындағы баспалардан жарық көріп келе жатқаны бізді өте-мөте сүйсіндіреді.

Осының бәрі тынымсыз еңбектің, ізденістің жемісі екені даусыз. Әйтсе де қыр гүліндей жайнаған Гауһар, Меруерт, Маржан есіді үш баланың анасы, Жақсылықтай қайсар мінезді ер жігіттің сүйікті жары — Шараның қалтқысыз қамқорлығының шарапатын айту ләзім.

Шара Ақтоғай ауданында мыңдаған жастарға тәлім-тәрбие беріп, қанаттандырған ұлағатты ұстаз Жанәділ Сапарғалиевтің жалғызы. Ол Қарағанды мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін жақсы бітіріп, мектепте ұстаздық еткен. Бүгінде отбасының батағөй ақылшысы, ерлізайыптылардың ортақ анасы болған Қамария апай мен Жақсылықтай асыл жарын аялап күтіп, үш перзентін әлпештеп, тәрбиелеп отыр. Қарағанды экономикалық университетінде қызмет істейтін Шара Жақсылықтың көз майын тауысып, жүрек жалынымен жазған дүниелерін баспалармен келісіп шығаруда тамаша табандылық танытып жүр. Шара қарындасымыздың еңбегіне зор ризашылықпен ағалық рахметімді айтып, игі тілек білдіремін.

Жақсылық бүгінде бергенінен берері көп дейтін жаста. Жас баладай ақ көңілмен аңқылдап, күле сөйлегенде өзіңізді еріксіз баурап алатын сүйкімді азаматпен көп пікірлесіп, ұзақ-ұзақ сұхбаттасып жүремін.

— Жақсылық, қазақта «Атаңның кім болғанын қонысынан білемін, өзіңнің кім болғаныңды өрісіңнен білемін» деген аталы сөз бар ғой.

— Егер менің бойымда қандай да бір айтуға тұрарлық қасиет болса, алдымен ата-баба тәрбиесін көрген ата-анамнан, одан соң ұстаздарымнан жұққан дер едім. Абай атындағы мектеп облысымызға, республикамызға танымал. Талай-талай белді адамдар сол жерден шықты.

— Экономист болу мектепте жүргенде туған арманың ба еді, әлде...

— Мектепте жүргенімде «Кім болам?» деген тақырыпта бір әдеби шығарма жазғаным бар. Сонда экономист боламын деп көрсеткенмін. Оған Жанаарқа, Ақтоғай аудандарында тұтынушылар одағының бастығы болған нағашым Бейсенбай Базаров деген кісінің, сонан соң әлгі мекемелерде дайындаушы болған әкемнің де әсері тиді-ау деймін. Мектеп бітірген жылы Қарағандыда кооператив институты ашылды да, әлгі мақсатымды орындауға мүмкіндік туды. Конкурс өте қатты болды. Сол жылы небәрі 250 бала ғана студент атанды.

— Институтқа қалуға, ғылым жолына түсуге себепкер болғандар кімдер еді?

— Ен алдымен институт ректоры Павел Филиппович Котляровтың есімі тілге оралады. Бұл кісі туған әкемдей қамқоршы болды десем артық емес. Бұл аз ба? Одан соң бухгалтерлік есеп кафедрасының меңгерушісі Сәлім Көпжасарұлы Қошқаров, партия бюросының хатшысы, қадірлі ұстаз Алтын Жанағұлов, кәсіподақ комитетінің төрағасы Ойрат Зиядаұлы Шахзадин ағалардың, Кеңже Әлмағанбетқызы Китебаева апайдың ақ пейілдерін өмірімде ұмытпаймын.

Ал өзіңнің ұшқан ұяна қайтып оралу екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін бақыт!

Бұрыннан өзімді жақсы білетін Зейнеш Шахметұлы Шүмеков, Сәрсен Сүйгенұлы Аяжанов, Руза Ібіжанқызы Рахымжанова, Ермек Алмажанұлы Алмажанов, Мария Михайловна Никитина құшақ жая қарсы алды. Ал, 1990 жылы тағдыр тауқыметіне тап болып, өмірден түнілмесем де торықандай болғанымда қолтығымнан сүйеп, жігер берген, айтып жеткізгісіз достық пейіл білдірген, ардагер азаматтарға тән асыл қасиет танытқан бауырлас-достарым — қазіргі Экономикалық университет ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерқара Балқараұлы Аймағамбетов, проректорлар Сайран Нұрсұлтанұлы Ұлақов, Әнуар Мұхамедұлы Нивматуллин, бухгалтерлік есеп кафедрасының меңгерушісі Құралай Сағынайқызы Мәдиева және басқа да әріптестеріме шын жүректен мың да бір алғыс айтып, ризашылығымды білдіремін.

— Жақсылық, Абай атамыз айтқандай «Жаман дос — көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың». Бұған біздер талай куә болғанбыз. Өз басыңа қиыншылық түскенде осы жайды қалай сезіндің?

— Әрине, адам баласының бәрі бірдей емес. Ұлттар, халықтар да солай. Бір-екі адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына қарап бүкіл жұртқа баға бере алмайсыз. Кейбір іші тар, өзімшілдер кездеспейді десек шындықты бүркемелегенім болар. «Ақкөңілдің аты арып, тоны тозбас» дегендей, маған көбіне көңілдері адал, ақжайлау адамдар кездесіп келеді.

Достарым мені ұмытқан жоқ. Қашан да болсын ортасына, құшағына алып, құрметтеп, көтеріп жүреді десем — құрғақ мақтаныш емес.

Алға қойған мақсатқа жету жолында тағдыр-

мен тайталасқа түсіп, қиындықтарға қаймықпай қарсы тұрып келе жатқан Жақсылық бауырым-зыға: «Қашанда біліміңе, ақылыңа қайрат-жігерің серік бола берсін!» — деген ағалық ақ тілегімді білдіремін.

24.04.1999 жыл.

### Бақыт дегеніміз — жеңіске жету

Қарағанды мемлекеттік медицина институтының онкология кафедрасының меңгерушісі Ғани Жұмкенұлы Мұсылманбековпен арада болған бір әңгімеде біз одан «дәрігер бақыты» деген ұғымды қалай түсінетінін сұрадық. Қашанда сөзге саран ғалым-дәрігер бұл жолы да шешіліп кете қоймады.

— Қалай деп айтсам екен, — деп біраз уақыт үнсіз қалған ол қараторы жүзін бізге бұрып, жымиып күліп қойды. — Бақыт деген ұғымды әркім өзінше түсінеді ғой. Мен оның бәріне талдау жасамай-ақ қояйын. Өмір — күрес. Сол күресте жеңіске жету, менің ойымша, бақыт деген сол болса керек. Ал «дәрігер бақыты» дегенді де осы тұрғыдан түсінген жөн сияқты. Біздер, медицина қызметкерлері — күрес адамдарымыз. Күресетін жауымыз — ауру, қорғайтынымыз — адам денсаушылығы, адам өмірі. Күрес құралымыз — адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған білім қоры, техника, медицина ғылымдарының жетістіктері. Міне, сондықтан да мен дәрігер бақыты деп адамдардың денсаушылығын, өмірін қорғау жолында жеңіске жетуді, сөйтіп олардың ақ жүрегінен шыққан алғысына ие болуды айтар едім, — деп түйіндеді ол ойын.

Осы орайда біздің ойымызға осыдан он жыл бұрын болған бір оқиға оралды. Алыстағы Ақто-



ғайдан жер ортасы көктөбеден асқан бір әйел адам осы Қарағандыға дәрігерге қаралуға келді. Біраз уақыттан бері өңешінен ас өтпейтін дертке ұшырапты. Ішетін тамағы — сүт қатқан шай, кілегей қаймақ. Өңі — жүдеу, көңілі — сәлен. Уайымдайтыны — әлі өз қолдары өз ауыздарына жетпеген жас балалары. «Енді бір он шақты жыл жүре тұрсам қарғаларым жетімдік көрмей жетіліп кетер еді-ау» дегенді қайта-қайта айта береді.

Сол кезде облыстық онкологиялық диспансерде әлгі адамға күрделі операция жасап, өңеш пен ұлтабардың арасында пайда болған қатерлі ісікті сылып тастаған хирург-дәрігер осы Ғани Жұмкенұлы болатын. Біз сол оқиғаны Ғанидың есіне салдық. Сол алдамның өз өмірін ажалдан арашалап алып қалған дәрігерге үнемі алғыс айтып, аузынан тастамай отыратынын жеткіздік.

— Қазір қалай? — деп дәрігер бізге тіктеп қарап қалыпты. Жүзінде қуаныш та, өз еңбегіне сүйініш, орынды мақтаныш та бар.

— Қазір аттай шауып жүр. Сол жылы күзде келіп диспансерде бақылаудан өтіп кеткен. Одан кейін Қарағандыға ат ізін салған жоқ. Жанына бататын аурудан құтылған соң дәрігерді не қылсын. «Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ» деген ғой, — деп күлісіп алдық. Сол адамның балалары қазір ер жеткен. Ұлы — ұяға, қызы — қияға қонып, дегендей, ақар-шақар семья болып, шалқып отыр. Шипагер дәрігердің шарапаты тек науқас адамға ғана емес, оның балаларына, ұрпағына да тиіп, олардың бақытты болашағына шұғыла болып құйылғандай.

— Иә, ол дұрыс болған екен. Мен он үш жылдан бергі уақыт ішінде 170-тен аса адамға операция жасаған екенмін. Соның бәрі дерлік қылтамақ ауруымен ауырған адамдар. Сонау Арқалық,

Көкшетау, Жезқазған, Қостанай облыстарынан, тіпті Қарақалпақстаннан да келіп емделіп жатады. Бір өкініштісі, кейбір адамдар уақытты өткізіп, ауруын әбден асқындырып барып келеді. Мұндай жағдайда операция жасағанмен емнің де, еңбектің де зая кететіні кездеседі, — деп бір түйіп қойды әңгімесін Ғани Жұмкенұлы. — Мен мұндай бір өзара сырды сіздерге айта кетейін. Газетке жаза қалсаңыздар ел оқып, ойланар. Қылтамақпен ауыратындардың басым көпшілігі — қазақтар. Бұл, әрине, қазақтардың басқа ұлт адамдарынан өзінше бір ерекшелігінен емес, тұрмыс жағдайына, әдет-дағдысына, ішетін тағамдарының құрамына байланысты деп білемін. Қазақтар сонау атам заманнан бері ет жейді, ыстық шай ішеді. Жатар орында мөлшерден артық желінген ет ұлтабарды бүлдіреді. Гастрит, язва ауруларына (асқазан сілекей безінің қабынуы) апарып соқтырады. Өңешті күйдіре ішкен ыстық шай да жайлы тимейді. «Тамшы тас жарады» деген бар. Күн сайын қайталанан берген соң өңеште өзгерістер пайда болады. Одан соң біздің қазақтар адам организміне күш беретін овощ, жеміс сияқты витаминді тағамдарды аз пайдаланады. Ауылдық жерлерде мұндай тағамдар әлі жеткіліксіз. Ал, тіпті кейде мүмкіндік болып тұрғанның өзінде оларға «шөп» деп қарайтындар аз емес.

— «Қазақ шөп жемейді, шөп жесе, көп жемейді» дегенді шығарып жүргендер солар екен ғой, — деп қалдық сөз реті келгенде.

— Дұрыс айтасыздар. Солар болмаса да солардың пікірін құптайтындар шығарған болар. Ал, енді сіздерді қуантатын бір жайды ескерте кетейін. Қазір осы қылтамақ ауруы ел арасында азайып келеді. Оның есесіне рақтың (қатерлі ісіктің) кейбір түрлері көбейе түскені байқалады. Бұл туралы

кейінірек айтайын. Әуелгі сөз еткен қылтамақ ауруының тарауы біздің облыстың аудандарында түрлі-түрлі. Осының өзінен де тиісті қорытынды жасауға болады. Мәселен, жүз мың адамға шаққанда қылтамақпен ауыратындар Осакаровка, Молодежный аудандарында он адам болса, Егіндібұлақта, Қарқаралыда ондаған адам. Соңғы аталған екі ауданда тұратындардың басым көпшілігі қазақтар. Ауыратындар да солар. Міне, мана қылтамақтың пайда болу себептері тұрмыстағы әдет-дағды, тамақтың қоректік құрамына байланысты дейтініміз осыдан.

Біз Ғани Жұмкенұлынан рак (қатерлі ісік) ауруының соңғы кезде көбірек білініп жүрген түрлері туралы айта кетуді сұрадық. Ол біраз ойланып қалды да әңгімесін әрі қарай сабақтады.

— Бұл да бар жұртшылықтың жете танысуың, біліп жүруің керек ететін мәселе. Ұмытып барады екем, қылтамақ ауруының бір көзі — алкоголь ішімдіктерін көп пайдалануда жатыр. Асқазанды бүлдіретін. гастрит, язва ауруына ұшырататын, сөйтіп рақтың «ірге тасын» қалайтын «сабазыңыз» сол болады. Жақсы, енді сіздердің сұрақтарыңызға тоқталайын. Кейінгі кезде рақтың көбірек білініп жүрген түрлері: — өкпе, әйелдердің емшек рагы аурулары. Өкпе рагы көбіне ауа ластанған аймақта, әсіресе, өнеркәсіпті жерлерде жиірек кездеседі. Біздің елімізде қоршаған атмосфераны ластауға қарсы күрес заң жүзінде бекітілген. Соған қарамастан әлі де болса бұл салада атқарылатын істер аз емес. Одан соң шылым тарту, өкпені түтінмен ыстау, никотинмен улау, жасыратыны жоқ, етек алып бара жатқан жай. Қаршадай балалардың шылым шегіп тұрғанын көргенде мен ең алдымен олардың өкпелерін ойлаймын. Ал, әйелдердің емшек рагы баланы аз табумен, ал тапқан соң аз емізумен,

түсікті жиі тастаумен тығыз байланысты. Осының бәрі әйелдердің емшек рагына ұшырауына соқтыруы мүмкін.

Біздің ойымызға американдық онколог Роберт Гуттын рақты тудыратын себептер болып тұрады, бірақ біздің организмimiz оны басып тастап отырады. Ал, бірде әлгі себептер күш алып, ақыры раққа ұласып кетуі мүмкін деген пікірі оралды. Шынында да рақтың өзінен-өзі туа қалмайтыны қазір ғылымда дәлелденген жайт. Жоқтан бар болмайтыны сияқты рақ ешбір себепсіз пайда бола қалмайды. — Сіздер мына бір жайға ой жіберіп көріңіздерші, — деді Гани Жұмкенұлы жаңа бір әңгімені бастап, — қазақ семьяларында бауырсақ, құймақ пісірмейтін немесе табаға картоп қуырмайтындар аз шығар. Ал сол қазан немесе таба түбінде сарқылып қалатын майдың құрамы туралы ойлап көргендер бар ма? Болса, өте аз болар. Қатты күйген майда химиялық (канцерогендік) заттар көп. Оны келесі тамақ пісірген кезде жақсылап жуып, сүртін тастау керек қой. Кейбір «пысық» женгейлер мен келіндер сол күйген майдың үстіне жаңадан май құйып, қайталай береді. Міне, ұлтабар ауруының бір көзі осында екені қазір дәлелденіп отыр.

Ғалым-дәрігер рақтың пайда болуы жайында көптеген мысалдар келтіріп, кейбір жайларды көпшілік білсе екен деген тілек білдіреді. «Рақ» деген терминнің ар жағында жүзден аса ауру түрлері тұр. Қазір рақ түр-түрге жіктелгенде оның 150-ден аса аты аталады екен. Отандық онкологияның негізін салушы академик Н.Н.Петровтың айтуынша, қатерлі ісік — патологиялық процестердің толып жатқан тобының жиынтығы. Сондықтан рақтың пайда болу себептерін бір ғана фактордан іздеу дұрыс емес екен. Біреулер рақтың негізіне вирус-



ты қойса, екіншілер аурудың вирусогенетикалық табиғатынан іздейді. Рак өсімдіктерде де, малда да кездеседі. Қысқасы, рак аурының пайда болуы жайында ғалымдар арасында дау-талас мол, әлі де талай уақытқа созылуы мүмкін. Түбегейлі бір қортынды жасау — келешектің ісі.

Алайда, қоршаған ортаның халықтардың өмір сүрудегі әдет-дағдарыларының әсері кейде ауру тудыруға себепкер болатыны басы ашық мәселе. Фактілерге жүгінсек, өкпе рагы Англия сиықты халқы тығыз орналасқан, өнеркәсіп орындарының газ, түтіні ауаны ластаған елдерде өте жиі кездесе, біздің Орта Азия республикаларында жоққа тән. Тері рагы ауа райы өте ыстық елдерде көбірек байқалса, солтүстік елдерде өте сирек. Бұған қарағанда, ыстық климат, ультра күлгін сәулелер, жел, шаң-тозаң, тағы басқа жайлар терінің тозуына стимулятор болады. Ерін рагымен ауыратындардың 95 проценті насыбай ататын, темекі тартатын еркектер екені де көп жайды аңғартса керек. Тоқ ішектің рагы, көбінесе дамыған елдерде, тамақты мөлшерден артық ішіп, дене қимылымен аз шұғылданатын аламдар арасында көбірек кездесіп отырғаны, ал бауыр рагымен кәнігі маскүнемдер жиі ауыратыны әбден дәлелденген жайлар.

«Өмірді ұзарта білу дегеніміз, ең алдымен, өмірді қысқартып алмауды үйрену» деген екен академик А.А.Богомолец. Осы бір аталы пікірді біз Ғани Жұмкенұлының аузынан да естідік. Сондықтан да жиі-жиі дәрігерлік бақылаудан өтіп тұру — аурудың алдын алудың басты шарты екенін ескертеді ғадым-дәрігер.

Біздің әңгімелесіп отырған адамымыз — Ғани Жұмкенұлы Мұсылманбеков осы үлкен шабуыл сапындағы жауынгерлердің бірі. Қарағанды медицина институтының түлегі. 1957 жылы оқуын

төмамдаған соң Москвада онкологиялық орталықта аспирантурада оқыды. 1968 жылы «Асқазан мен өңештің арасындағы ісік ауруын емдеу» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Одан соң облыстық онкодиспансерде дәрігер, екі жылдай бас дәрігер болып қызмет істеп, 1972 жылы өзінің ұшқан ұясы медицина институтында онкология кафедрасының меңгерушісі болып ауысты. Міне, осы уақыттан бері болашақ адам жанының сақшыларын оқытып, тәрбиелеп, көптеген күрделі операцияларды өз қолымен жасап, практикалық жұмыстар жүргізіп келеді. Ұзақ жылдар бойы тамтұмдап жинаған тәжірибесі докторлық диссертацияға жинақталып, сәтті қорғалды.

Біз тынымсыз қимылдайтын еңбек адамы, қарапайым да кішіпейіл дәрігер-ғалымға сәттілік тілей отырып, соңғы сауалымызды қойдық.

— Рак ауруын емдеуде болашақта дәрігерлердің мықтап арқа сүйейтіні медицинаның қай саласы болмақ?

— Рак ауруына шабуыл жан-жақты жүргізіледі. Бұрын ауруды сылып тастауға көбірек арқа сүйеуші едік, бұл әрине емдеудің бір ғана жолы. Қазір химия терапиясы кең қолданыла бастады. Соның нәтижесінде рак ауруынан емделіп жазылушылар саны көбейе түскені үлкен қуаныш. Біздің елімізде тамаша емдеу аппараттары жасалуда. Осымен байланысты айта кететін бір жай, рак ауруы аталса «е, ол болса, емдеуден келер пайда жоқ» деп үмітсіздікке салыну дұрыс емес. Онкологтар — оптимистер. Сол қасиет емделушілерде де болса, емдеу шараларының тиісті нәтиже беретіні өмірден көрініп жүр.

Иә, қатерлі ісік ауруы — бүкіл адамзат баласы көз тігіп, шешуін асыға күтіп отырған проблема. Сол қиын жолда еңбектеніп жүрген ғалым-

хирургтің шығар биіктері әлі алда дейміз. Ежелден халық тамаша хирургтерде қыранның қырағы көзі, арыстанның батыл жүрегі, әйелдің биязы қолы болуын қалаған екен. Біз де сол тілекті қайталағымыз келеді.

1980 жыл.

### Қаскең айтқан бір өлең

Ел ішінде көкірек көзін күн шалған шежіре ақсақалдар аз емес. Солардың бірі — бүгінде Балқаш қаласында тұратын Қасабек Аманбеков қария. Қаскең — үл өсіріп, ұядан ұшырған, қыз өсіріп, қияға қондырған ақар-шақар отбасының түп қазығы. Жасы тоқсанды орталап, гасырға аяқ басты.

Кезінде белді де беделді қызметтер атқарды. Біз ес білген кезде ол Ақтоғай аудандық (ол кезде Қоңырат ауданы) әскери комиссариаттың қызметкері еді. Соғыс жылдары аудандық өндіріс комбинатын басқарды. Комбинат шығарған тон, пима өнімдеріне сұраныс көп болатын. Кейін ұзақ жылдар кеңшарлардың тұтқасын ұстады. Аудан басшылары қыспаққа алғанда «орындаймыз бұлжытпай» деп уәде беріп, шыға бере «болмайды тағы жылжытпай» дейтін осы Қаскең. Бұл сөз Қаскеңнің уағдаға селсоқ қарағандығынан емес, буынсыз жерге пышақ ұратындарға қыжыртып айтқан ғой.

Қайда жүрсе де «алла» деген қасиетті сөз аузынан түспейді екен. Жасырып намаз оқып, ораза ұстайды. Қажылыққа да бардым деп жүрді. (Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи-Хазірет Сұлтанға барғанын айтады-ау деп ойладым. Әйтпесе, ол кезде қажыға бару онай болмайтын). Бір кезде діншіл деп газетке де жазылды. Сексенінші жылдардың бас кезінде діншілдігі үшін партиядан шығарылды.

Содан бастап дін жолына біржола түсті. Соңғы уақытта Балқаш қаласындағы мешіттің имамы болды. Бүгінде тоқсанның торына шырмалып, кәрілік етектен алып, аяқтан шалса да Қаскеннің ойына, тіліне бөгет бола алмапты. Осыдан бір жыл бұрын Қарағандыға келіп, маған баласы Ғазиз арқылы сәлем айтқан екен. Барып жолықтым. Сол баяғы әзілқой, ширақ, денесінде қырым ет жоқ — тарамыс қалпы.

Мені өлеңдете қарсы алды.

— Ассалаумағалейкүм, Қарағанды,

Аз екен мұндай қала санағанда.

Асты көмір, үстінде әсем шаһар,

Бұл жерге қыдыр баба жанаған ба? — деп қол алысты.

— Ақсақал, мен Қарағанды емеспін ғой, — деп сөздің бетін қалжыңға бұрдым.

— Ұмытпасам, сенін де қарағандылық болғаныңа жарты ғасырға жуықтады-ау деймін. Қарағанды дегенде қарағандылықты бөлемін бе? — деп әзілден ұстатпай кетті.

— Осы сен Жалаңтөс батырдың ұрпағысың ғой. Бабаң туралы жазғандарыңды оқып та жүрмін. Мына бір ауыз өлеңімді соған қосып қойшы:

Жалаңтөс батыр Құлықтан,

Артық болған ұлықтан.

Ол кісінің тұсында,

Жамандықты халық ұмытқан, — деп термелей жөнелді.

— Қаске, еске сақтау қабілетіңіз әлі жасты қызықтырғандай екен! — деп сүйсінгенімді білдірдім.

— Академиктің зердесі жаман болмайды, — деді ақсақал сығырая қарап.

— Сіз академиксіз бе?

— Болғанда қандай! Мен академияда оқығанмын.



Сенбесең мынаған қара, — деп төс қалтасынан алып, сыртқы мұқабасы қатты, көкшіл куәлікті ұсынды. «Аманбеков Қасабек действительно обучался в 1939-1940 г.г. и окончил трехгодичную Всесоюзную промышленную Академию им. И.В.Сталина, Упр. глав. народного комиссариата тяжелой промышленности». Жақыпбеков «көшірме дұрыс» деп қол қойған. Берілген уақытты — 31.08.1995 ж. Қаскең Жақыпбековті Балқаш қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы деп түндірді.

— Журналистер көп біледі, бірақ академиктен артық білмейді, — деп Қаскең жас балаша мез болып күліп алды.

Біраздан соң мен әңгіменің бетін өткен бір оқиғаға бұрдым. Бұдан үш жыл бұрын Балқашта туған әпкем — Бибіш қайтыс болып, сол кісінің жаназасын шығарған осы Қаскең еді. Қонақасы үстінде Қаскең аса бір мәнді да мазмұнды өлеңді жатқа айтып отырды. Тар жерде қалтамнан қағаз, қалам алып, жазып жатудың реті келмей тек «кімнің өлеңі?» — деп сұрағанымда:

— Абайдың, болмаса Шәкәрімнің өлеңі болса керек, — деп жауап берген. Мен кейін Абай, Шәкәрім жинақтарын ақтарып, мұндай өлеңді таппадым. Сөз саптауына қарағанда Шәкәрім қолтаңбасы байқалады. Кейбір жолдары ұқсас.

Осыдан соң біраз уақыт өтті. Балқашта тұратын қарт ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері Баймырза Ырғайбековке хат жазып, Қаскеңнен сол өлеңді қағаз бетіне түсіріп, жіберуін сұрадым. Байкең тілегімді орындады. Былтыр марқұм болып кетті. Хаты менің қолымда. «Жас кезімде жаттаған өлең ғой. Кәрілік жеңіп барады, ұмытқаным да бар сияқты» — депті Қаскең. Мен сол Баймырза жазып алып, маған жолдаған өлеңді Қаскеңе оқып бердім. «Дұрыс, Баймырза жазып алған. Енді мұны неге

ұстап жүрсіңдер? Газет арқылы елге жеткізбейсіңдер ме? Ертең мен аттанып кеткен соң, ұмыт болады ғой» деді наз қылып. Тағы да «кімнің өлені?» деп сұрадым. Қаскен:

— Абай мен Шәкәрімнің бірінікі болу керек. Оларға қимасандар, Қаскеннің өлені деп жаза салыңдар, — деп әзілмен жауап берді. Міне, ақсақалдың аманаты мойныма қарыз болмасын деп газетке ұсынып отырмын. Мұсылманшылық парызын мықты ұстаған ақсақалдың тілегін мезгілімен орындай алмағаным кешірім сұрай отырып, «ештен кеш жақсы» деген нақылды еске алдым. Енді сөзді әлгі өлеңге берейін.

Лә, илаһи илалла сөздің басы,  
Бір алладан басқа алла жоқ — мағынасы.  
Он сегіз мың ғаламды жаратқан хақ,  
Ұлығы — расулымыз һәм падишасы.  
Аспан, жер, ғаршы-гүрші, ләуқұл мақпуз,  
Тіреусіз ай менен күн тамашасы,  
Жұмақ-пейіш, жаһаннам-тозақ анық,  
Сираттың құрылмақшы босағасы.  
Мизанның таразысы тастан қиын,  
Екі жақ — от пен қылыш жанталасы.  
Ғарасатқа жиналмақ жанның бәрі,  
Мұсылман, кәпір ашылмақ шекарасы.  
Қызметкері ол заманның-шәкәрия,  
Ұлығы-расулымыз һәм падишасы.  
Адамды ағзу айтқан дейміз молла,  
Жақсы молла жүрмейді жаман жолда.  
Әмір мәнүрік нәһи мүнүмді ажыратса,  
Молланың нағыз өзі, міне, олла.  
Кейбіреу көп білем деп көтерілер,  
Айтқанға ағзуді әрең-зорға.  
Мақтану, ғайбат айту — шайтан ісі,  
Жолымен әзәзәлдің түсер торға.  
Андап бас аяғынды, андап сөйле, ей моллеке,

Мұнафих бар аңдып тұрған оң мен солда.  
Құдай — бір, пайғамбар — хақ, өлім-анық,  
Фәниден бақи жөнін біліп толға.

Аузында аят ғазіз дұға болсын,  
Молланың моллалығы әні сонда.

Біраз сөздер арабша екен. Қазақ-араб сөздігінен қарап, анықтаған болдым. Мәселен, шәкәрия — пайғамбардың төрт досы — шаһариялар; мизан — таразы, мәһрүк-шарифат ұнатпаған, бірақ арам деген нәрсе; мүһім-манызы, мәні; мұнафих — іштей дінге қарсы, мұсылмансыған адам; фәни — осы дүние, бақи — о дүние; әміре — бұйрық, билеуші; һәм — және.

Кейбір сөздердің, жолдардың, (мәселен, «әмір мәһүрік нәһи мүһүмді ажыратса») мағынасына толық түсіну қиындық келтіретінін де еске салғым келеді. Көпшілік арасында бұл өлеңнен хабары бар адамдар болса, газет арқылы хабарласар деп ойлаймын,

16.12.1998 жыл.

### Ұстаздар мен тұңғыштар (Естелік)

Адам өмірінде сап алуан оқиғалар кездескенмен солардың бәрі бірдей есте қала бермейді. Ал, алғашқы есігін ашқан мектебің, алқашқы ұстаздарың ұмытылмайды екен. Менің алғашқы мектебім болған үй Ақтоғай кентінің орталығында әлі бар. Сұрапыл соғыс басталған тұста пайдалануға берілген жаңа мектепке көшкен соң ол үй көп жылдар клуб, кітапхана болды.

Біздер — «Өндіріс» атты ұжымшардың балалары сол мектепке сонау Қарамойын, (Ақүй), Мұқан, Мұқатай қорасы деген қыстақтардан келіп оқитын-

быз. Ауа райының аяз, боран-шашынына да қарамайтынбыз. Кішкенелеріміз ересек балалардың етегінен, белдігінен ұстап алып, жортақтап отыратынбыз. Қазір ойлап отырсам, қалың тоғайдың арасындағы соқыр соқпақпен 5-6 шақырым жерден ит-құстан сескенбей мектепке келіп жүрген қара домалақтар шын мәнісінде батыр екен-ау. Қыста таң қаранғысында тұрып, жолдағы қыстақтарға жеткенде қорасына от жағып жылынып алып, тарта беретінбіз. Біз жеткенше мектепте сабақ басталып, мұғаліміміз бізді сыртын қаңылтырмен қаптаған тік пешті құшақтатып, жылындырып қоятын.

Дін мұсылман «Мешіт — құдай үйі» десе, мектеп те қасиетті орын, бар білімнің бастау көзі, қайнар бұлағы ғой. Оны құрметтемеген ата-анасын жерге қаратқан адаммен тең саналады. Соғыс жылдары орта мектептің терезесінің әйнегін ұрлаған Ш.А. деген жігіт (сол мектептің бұрынғы оқушысы) қолға түсті. Оны ұстаған — оқушылар. Сонда мектеп директоры Ж.Кенесбаев аудандық «Қызыл ту» газетіне мақала жазып, әлгі ұрыны «Еменнің түбін қазған шошқа» деп атаған болатын. Осындай бірлі-жарым келеңсіз оқиға болмаса, жалпы жұртшылық мектепке бас киімін алып кіретін.

Біздің балалық шағымыз соғыс жылына шарпылды. Кімге болсын онай болған жоқ. Әсіресе, майданға кеткен ұлдарын сағынған аналардың мұңзары әлі күнге құлағымызда тұрғандай сезінемін. Балалары — Жаһаншаһ (Жәнша) мен Мүбәрақшаһтың (Мүкен) аман-сау оралуын мойнына бұршақ салып тілеген (тура мағынасында) Қырмызы шешемізді көрдік. Хат-хабар келмей зарықтырған баласы Қасейінді іздеп мұнланған әжеміз Ақбеттің көз жасы жүрегімізді өртейтін. Қайда барсаң, қайда қарасаңыз қайғы бұлты түншықтырып тұрғандай әсер ететін. Содан да болар елге



түскен ауыртпалыққа бүгінге дейін жайбарақат қарай алмайтын бір сезім жүрегімізге орнап қалғандай...

Тым алыстан бастағанымға ғафу өтініп, осы естеліктің нақтылы тақырыбына көшейін. Төрт жылға созылған ғаламат соғыс аяқталып, майдангерлер елге орала бастады. Ең алғаш келген Байқожа Жарқынбаев еді. Ол соғысқа дейін Балқашта тұрып, мектепте оқу ісінің меңгерушісі болыпты. Елге оралғанда бірден Ақтоғайға келген екен. Бір аяқпен жауын таптап, бір аяқпен елге қайтқан. Үстінде шолақ ақ тоны, басында шошақ бөркі (буденновка) бар. Қос балдақпен жүреді. Алғашқыда мінезі тұйық көрінетін. Жүре келе байқағанымыз: Байкең ақкөңіл, кісіге іш тартып тұратын қайырымды адам екен. Бір күні кешкілікте мектепке қарай кетіп бара жатқанын әкем байқап қалды да маған: — Анау мұғалімді үйге шақырып алып кел, — деді. Содан былай қарай Байкең біздің үйде тұрды да, көктем шыға аудандық оқу бөлімінде қызмет істейтін Бикен Смақова деген қызға үйленді. Бізге ең алғаш рет орыс тілін үйреткен, орысша кітаптарды қалай оқып, пайдалануды түсіндірген сол Байкең еді. Одан бұрын бір-екі орыс қыздары сабақ берген еді, олар бізді, біз оларды түсінбейтінбіз.

Майдангер мұғалімдеріміздің бірі — Жанәділ Сапарғалиев. Жәкең — Ақтоғайдың тумасы. Соғысқа дейін «Қарасу» деген жерде жетіжылдық мектепте менің әкеммен бірге қызмет істеген. Ол кісі тәртіпті қатаң сақтайтын, көңіліне жақпаса, ұрсып тастайтын. Тентек мінез көрсеткен баланы сабақтан шығарып та жіберетін. Содан болар балалар Жәкеңнен қатты қаймығып жүретін. Сабақты өте ұқыпты, түсінікті жүргізетін. Химияны «немішкеше шағып», оқушыдан да сондай білімді

талап ететін. «Құдай жолынды қылғыр» деген сөзінің нәші еді. Студент күнімде Жәкеңе сәлем беруге үйіне бардым. Аmandықтан соң «қалай оқып жүрсің?» болды бірінші сұрағы. Мен «жаман емес», — деп күлдім. — «Емесінді» қоя тұр, студенттік кітапшанды әкел!» деді. Кітапшаны мұқият қарап шығып: — «Құдай жолынды қылғыр, жүрегім жаңа орнықты ғой. Осында кейбіреулер Ақтоғайда мектеп бітіргендер жоғары оқу орындарында нашар оқиды екен. Мұнда жөнді білім бермейді» дейтін көрінеді. Бермесе — мынау не? Ұстаз «төртті» көтермелеп қойса қояр. Ал, «бесті» білмейтін студентке кім қоя береді?» — деп ризалығын білдіріп, қуанып қалды. Түйіндеп айтқанда, Жәкең қатан талап та қоя білетін, шәкіртінің қуанышына ортақтасып жүретін нағыз патриот ұстаз еді.

Есімі естен кетпейтін бір ұстазымыз — Сағади Мыншалов. Сақаң өмір бойы ізденіп, сырттан оқыған кісі. Майданнан ауыр жарадар болып оралғаннан кейін ерінбей еңбектеніп, педагогтік училищеі, одан соң институтты тәмамдады. Қиындықтан қашпады. Бір жолдан аумайтын, өнбейтін шаруаға мойын бұрмайтын, оқығандарын іштей қайталап, зердесіне тоқып, бойына сіңіріп, кейде өзімен-өзі «тілдесін» жүретін әдеті де бар еді. Жағрафиядан, астрономиядан сабақ берді. Карта атаулыны жатқа білетін. Оқушыларға қарап әңгімелеп тұрып, артындағы картаны нұқып көрсеткенде, сөз еткен жеріне таяқшасы тақ ете түсетін. Біз қызығып, кейде өзді-өзіміз қалғанда «Сақаң мұғалімше көрсетейін бе?» деп жаттығу жасайтынбыз.

Тоғызыншы, оныншы кластарда математика, геометрия пәндерінен Арын Өтешев деген мұғалім сабақ берді. Майданда болған. Соғыстың соңында Жапониямен шекараға жіберілген. Негізінен Қарағанды жақтан. Ақтоғайдан кеткен соң Қарағанды-

да Жамбыл атындағы орта мектепте көп жылдар директор болды. Жұбайы Жамал да мұғалім еді. Екеуі де осы Қарағандыда дүние салды.

Арекең біздің тұңғыш көрген математик мұғаліміміз. Оған дейінгі мұғалімдеріміз «ұяттылау» екен. Оны кейін білдік. Арекең бізді басынан бастап қайта оқытты. Қосымша сабақтар ұйымдастырды. Кейде үйіне баратынбыз. Есепті өзімізбен бірге отырып шығарысатын. Шаруамыз орындалған соң «е, онай екен ғой» десек, «әрине, есеп шыққан соң оңай болады» деп бізді көңілдендіріп, жігерлендіріп жіберетін. Тарихтың «ғылымдардың атасы» екенін Сыздық Ысқақов деген мұғалімнен естіп, осы пәнге ықыласымыз арта түскен еді.

Енді бірер сөз Ақтоғайда алғаш рет орта мектепті бітіргендер туралы. 1946-1947 оқу жылында аудан өмірінде бірінші рет М.Горький атындағы орта мектепте 10-класс ашылды. Бұған дейін аудан жастары Балқаш, Қарқаралы қалаларына барып оқиды екен. Оқушылар саны аз — небәрі 8 бала ғана. Төрт қыз, төрт ұл. Олар: Мүслима Түсіпбекова, Лиза Адамбекова, Зақан Қазанғапова, Тая Каребина, Мінтай Жүнісов, Әлімжан Ысқақов, Сағит Кенжебаев және осы жазбаның авторы. Қыздар жағы — математика, геометрия пәндерін ұнатады. Әсіресе, Мүслима мен Лиза. Ұлдар тарих пен әдебиетке бейім. Зақан қаладан келген қыз — орыс тілі мен әдебиетке жақын. Немісшеге келгенде басқалардан бұрын «нан сұрап жерлігі» бар. Тая — орыс (әлде украин) қызы болса да психологиясы қазақша, 1-кластан бастап қазақ балаларымен бірге оқып, бірге ойнап өскен. Шашын ауыл бойжеткендерінше ұзын бұрым етіп, әсемдеп өріп қоятын. Жетпісінші жылдары Қарағандыда кездескенімде Жаңаарқа ауданында «Жеңіс» кеңшарында тұратынын, мектепте сабақ беретінін, жұбайы Қорда-

баев деген қазақ мұғалім екенін айтқан еді. Зақан Қарқаралыда сауда қызметкері болатын.

Таяны мектеп бітіргеннен соң 25 жылдан кейін кездестірмейінді айта кетсем артық болмас. Ол кезде мен радио, телевизия хабарларын тарату жөніндегі облыстық комитеттің бас редакторы едім. Түс әлетінде бір әйел келді. Қазақша амандасты. «Татар ма, әлде орыс па?» деп отырмын.

Бір кезде бетіме тіктеп қарап: Немене, танымай отырсың ба? — деп күлді, денелі, толыса бастаған бейтанысым. Затында адамның түрі қанша өзгерсе де көзі көп өзгере қоймайды.

— Осы сен Тая емессің бе? — деймін өзіме сене алмасам да батылданып. Ол басын изеп мақұлдады.

— Ойбай-ау, қылдырықтай қыз едің, сарқарын бәйбіше болыпсың ғой?! — деп мен де қалжындап жатырмын.

— Сен де жаман жігіт емес сияқты едің. Шашың ағарып, мұрныңның үстіне көзәйнегің жамалып қалған ба? — деп қулана күлді. Екеуміз құшақтасып көрістік. Біріншіден оныншы класқа дейін бірге оқыған, балалық, балауса шақтарды бірге өткізген қимас құрдас-құрбың қандай ыстық, қандай қымбат!

Кластас құрбыларымның мінез-құлықтары да әр түрлі болатын. Мүслима — салмақты, биязы, кішіпейіл, қалжыңы да жұмсақ — нағыз қазақ қызының үлгі-өнегесі. Лиза — ұяң, кісі бетіне тіктен қарап, қатты сөз айтпайтын, «қой аузынан шөп алмайды» дейтіндей момын. Зақан — ашық, ойға алғанын «бетің бар, жүзің бар» демей, сарт еткізіп айтып салатын. Тая — бір қарағанда ашық, өткір мінезді көрінгенмен ұялғанда қып-қызыл боп, қаны бетіне теуіп шыға келетін. Мінтай — тілге ұста, мысқылшыл, әзіл әңгімелерді өзі шығарып айтып,



күлдіріп жүретін. Әлімжан — аусарлау, тентектеу. Күреске түскенде «түйе балуан» атанған неміс жігіттерінің жауырынын жер иіскетіп кететін шапшаң. «Шалатын балуанның бөксесі қисық келеді» дегендей, аяғы шалуға жетсе-ақ Әлімжан жықты деп тақиямызды аспанға атып тұратынбыз. Сағит — аңқау, не айтсаң да сене беретін. Өзі егіздің сынары болғандықтан ба, ішіміздегі әлжуазымыз сол еді. Ал, осы жолдарды жазып отырған пақырыңыз — шындықтан шырмалып шыға алмайтын, кеуделілерге иіле қоймайтын бір бет қыңыр болатын. «Сүтпен біткен сүйекпен бірге кетеді» дегендей, содан өзгере алған жоқ. Мен кластас құрбыларымының сол бала күнгі мінез-құлықтарын жазып отырмын. Әй, қазір де содан өзгере қойған жоқ шығар.

...Сонымен 1947 жылы осы жоғарыда аталғандар орта мектепті бітіріп шықтық. Бұларды мен тұңғыштар деп атап отырмын. Кейінде кейбіреулер Ақтоғайда орта мектепті ең алғаш бітірген біздерміз» деп жүрген көрінеді. Ол жансақ сөз. Бізден кейін келесі жылы бітіргендердің арасында Төкіш Ақышев, Ортай Әбдірақманов, Төкеш Айтбаев, Мәрия Смағұлова, Совет Мақажановтар болатын.

Тұңғыштардан Мұслима, Лиза, Тая, Әлімжан ұстаздықты қалады. Институт бітірді. Сағит пен Зақанның қайда оқығанын білмедім. Мен Қарағанды мұғалімдер институтын (тарих факультетін) бітірген соң екі жыл мектепте мұғалім, аудандық партия комитетінде насихатшы болып қызмет істедім де қайыра оқуға кеттім. ҚазМУ-дың журналистік бөлімін бітірдім. Одан соңғы қызмет облыстық «Орталық Қазақстан» газеті мен облыстық телевизия және радио комитетінде өтті. Зейнетке шыққан соң да үш жылдай Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымын бас-

қардым.

Бүгінде сол тұнғыштар аман-сау. Немерелі, шөберелі. Ел мүддесіне еңбек етіп, осы күнге жеткенімізге Аллаға мың шүкіршілік етеміз!

Осы бір естелікті жазуымның өзіндік себебі де жоқ емес. Бір кезде шамшырақтар деп кеншіні, астық, мал өсіргендерді, құрылысшыларды атаппыз. Ал адам тәрбиелейтін — ұстаздарды екінші қатарға шығарыппыз. Кейінгі уақытта олардың жағдайы тіпті төмендеп кеткенін көріп жүрміз. Тереңірек ойласақ, қоғамды сауықтыратын «дәрігерлер» осы ұстаздар екеніне көзіміз жетіп, көңіліміз сенеді. «Ұстаздық — ұлы іс» дейтін сөзде терең мағына бар. Ұстаз алдын көрмеген адамның тәрбиесі кемшін, білімі саяз болады екен. Бүгінде ұстаздардың ролін төмендетіп, оларға мұрын шүйіре қарайтын шенеуніктерді көргенде болашағымызға сенімсіздікпен қарай бастаймыз.

Осы жерде мына бір оқиғаны айта кетейін. Талай жыл ауданда басшы қызметтерде істеген, 1976 жылы жол апатына ұшырап, арамыздан ерте кеткен аяулы азамат марқұм Әзибек Смағұлов бар бір әңгіме үстінде отырғанда дәрігерлік қызметін жана бастаған бір жас жігіт: — Біздің ауданда оқушыға жөнді білім бермейді, — деп ұстаздардың намысына тиетін «бөстекі» сөзді қоңырсыта бастағанда Әзибек шыдай алмай кетіп: — Әттеген-ай, біз ақымақ болған екенбіз. Мына сияқты иттерді оқытпай, шала хат танытып, қуып жіберуіміз керек еді, енді жоғары білім алған соң өзімізді кінәлай бастады, — деген еді.

Лұқпан Хакімнің «ұстазды әкеннен артық деп біл» деген сөзі бар. Ұстазын сыйламаған, құрметтемеген шәкірт те, ел де өсіп-өркендемейді.

Бір кезде орыс жазушыларының «бәріміз де Гогольдің шинелінен шықтық» дегеніндей, басшы-

мыз бар, қосшымыз бар — бәріміз де ұстаздардың алдынан өттік қой. Ұстаз алдындағы қарызымызды, ел алдындағы парызымызды ұмытпасақ біздің де мерейіміз өсіп, мәртебеіміз биіктей түсер еді дегім келеді.

...Ия, содан бері жарты ғасырдан аса уақыт өтіпті. Тұлпар — уақыт шаңына ілестіретін емес. Құнанбай қажы айтқандай, «кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ». Кешегі күннен естелік қалады. Өткенімізді еске алып отырмасақ мәңгүрттенудің бір белгісі сол болар.

1996 жыл.

### Қайран, нағашылар!

Қазақта «Жастығың еске түссе — қайнына бар, еркелігін еске түссе — нағашына бар» дейтін мақал бар. «Әзілің жарасса — атаңмен ойна» дейтін қазекем нағашымен ойнап, еркелегенді сөкпейді. «Жиенді ұрма, қолың қалтырайды» деп, жиенге еркіндік беріп қоятыны тағы бар.

Менің туған нағашым — анамның ағасы — Ордабек Еркешұлы дейтін кісі еді. Ұзын бойлы, қалың қасты, қара сұрлау, әзіл-қалжыңды ұнататын, бір мысқыл сөз айтарында жымыңдап күліп алатын. Еш адамға зияны жоқ, қолынан келген көмегін аямайтын, сол ақпейіл мінезіне қарама-қарсы басқаның кісімсіген «артықшылығына» бас имейтін өрлігі де болатын. Аншы, саятшылықты сүйетін. Көп жылдар колхозда жылқышы да болды. Сайын далада табиғатпен тілдесіп еркін, бұла өскен адамның өзі де саяқ болып кете ме, колхоздың кейбір атқамінерлері екпіндеп келгенде Ордекеннен қаймығып кері қайтады екен. Тіпті күпініп, зорлық-зомбылық жасаймын дегендерге «қолыңмен

тіреп тұрған аспаның болса, тастап жібер» деп қырын келген кездерін де білетіндер бар.

1949 жылы Қарағандыда мұғалімдер институтында оқып жүргенімде жазғы демалыста аулына бардым. Бірер күннен кейін қайтамын деп едім, лұқсат бермеді. Тағы да екі-үш күн ұстады. Қайтарымда екі сиырының бірін алдыма салып берді. «Алмаймын» деп азар да безер болдым. «Ертең мына ел жиеніне не беріпті?» деп сөз қылады, алып кет» деп қанша айтса да көнбедім. Ақыры бір адамнан әлгі сиырды артымнан айдатып жіберіпті.

Келесі жылы нағашымның ауылы — «Ұлы Октябрь» колхозында сол жылы ашылған жетіжылдыққа мұғалім болып барған кезде жиі араласып тұрдық. Сонда бір байқағаным: Ордекен кеңес үкіметін мойындамаған сияқты көрінді. Біреуге жарамсақтанып, жақсы көрінуді суқаны сүймейтін. Айтатын сөзін бүкпейтін. Және оны ұрыс-керіс, айқай-шу ғып айтпайды. Күліп тұрып бетіне айтады. Нағашымыздың осы бір мінезінің салқыны бізге де тиген сияқты.

1953 жылы Алматыда ҚазМУ-дың журналистика бөлімінде оқып жүргенде жазғы демалыста жылқышылар аулына — нағашыма бардым. Қуана қарсы алды. Бір тайын сойып сол маңдағы ауыларды шақырып, қонақ етті. «Мынау саған мінгізгенім» деп, бір сүліктей әсем құнаншығарды ұстап әкелін байлап қойды. (Бұл сыйын да «мен оқу бағып жүрмін, жылқы бағып жүргем жоқ, осында жүре берсін» деп алмай кеттім). Сонда түнде мені қасына алып жатып, әңгіме сұрайды. Көп оқымаса да, көңіліне көп тоқыған адам еді. Үкіметтің мал ұстатпай, халықты қайыршыландырып отырған экономикалық саясатын ұнатпайтын. Қаршығалы жайлауының аржағында Семей полигоны тиіп тұр. Сонда жарылыс дүмпуін естіп



тұрып: мына пәлесін ауылымыздың іргесіне орнатып қойды. Бізді жұтатын аждаһа осы болып жүрмесе негілсын деген еді. Ақыры сол жылқыда жүріп ауырып қайтыс болды. Аждаһаның өзін жұтатынын болжап, сезіп жүрсе керек.

«Ат тұяғын тай басар» деген ғой. Артында қалған шиеттей балалары ер жетті. Жалғыз ұлы Ғазиз Ордабеков атақты механизатор болды. Орден, медальдармен марапатталды. Аудандық, облыстық жиындарда төралқада отырды. Бірде беделді ордендердің бірін алып тұрып: «осы темірді салдыратып бере бергенше, елге пайдалы бір материалдық жағдай жасамай ма екен» дегенін әркім-біркімдер естіп қалса керек. Құдай сақтап, кейбір көре алмай жүргендердің құлағына жетпеген. Әйтпесе, мынау сол кезде алдыға салып айдап кетуге жарайтын сөз ғой. Осы мінезіне қарап Ғазиздың бойында Ордекеннің қаны тулап жүргенін байқауға болатын сияқты. Қазір Ғазиз де зейнеткер. Бір шаруа қожалығын ұйымдастырып, балаларымен бірге дөңгелетіп отыр. Әттен күре жолдан алыс. Балқаш, Қарағандымен қатынасу қиын. Осыдан екі-үш жыл бұрын барғанымда тәуелсіздігімізге қуанышты екенін айта отырып, шаруа қожалықтарының құдайдың да, мемлекеттің де назарынан тыс қалғанын (малға, жерге салынатын салық ұмытылмайтынын, ат ізін салатындар тек сол үшін ғана келетінін), «өз күніңді өзің көр» саясатынын әлсіздерді одан сайын тұралатып бара жатқанын жасырмай ренішпен айтқан еді. Қазір Елбасы, үкімет «енді таяу жылдарда ауылға бет бұрамыз» деп жатыр ғой, мүмкін әр сайда қорғансыз жетім қалған шаруа қожалықтарына бір жақсылық жасалар, өмір бойы отаршылдықтың тақсыретін тартып, ашы зәрін татып келген ауыл қазақтарының көзі ашылып қалар деген үміт отымен жылына

тұрайық.

Енді бір нағашымыз — Сәрсенбек Әлжанов деген кісі еді. Оған қатты еркелеп, ойнай беретінмін. Ұлы Отан соғысынан оралғанда екі жәшік киім-кешек әкелді. Мен Балқашта кездесіп, немістің түрлі суреттері салынған ойын картасын олжаладым. Содан елге «Сәрсекен екі жәшік дүние әкелді, бір жәшігі сақал қыратын ұстара, етіктің нәлі, екіншісі — толған әйелдердің ерінге жағатын бояусояуы екен» деп қалжың тараттым. Жарықтық ойынды көтеруші еді. «Әй, алтыатар, (маған қойған аты, бетке-жүзге қарамай, алты атар мылтықтай басып салып тұрсың деп) біреу-міреу сеііп қалса, ертең «нағашысы Германиядан темір-терсек артып келген» деп өзіне сөз келеді ғой» деп күлетін.

1950-1951-дің қысында Сәрсекен қаз мойын қара деген сұлу мүсінді ат мініп жүрді. Бір күні түнде Махмет Оразәлин есімді мұғалім екеуміз (ол Сәрсекеннің балдызы) әлгі атты қорасынан шығарып әкетіп, ертеде монша болып, кейін иесіз қалған бір үйге апарып, алдына шөп, шөлдемесін деп қар ойып салып, байлап тастадық. Сәрсекен колхозда партия ұйымдастырушысы. Қыстақ аралайын десе аты жоқ. Амалсыз жіпсіз байланып үйде отырды. Жан-жаққа кісі жіберіп, «шығып кеткен» атты іздетті. Екі-үш күн өткен соң атының «хабарын» сұрай үйіне барып отырмыз. «Жоқ, қасқыр жеп кетті-ау жануарды» деп мұнаяды.-Бір кезде Махмет шыдай алмай мырс етіп күліп жібергені. «Әй, қос мырза, сендерден келген екен. Атымды қайтарындар, не айтқандарыңды орындаймын» деді қуанып. Атын әкеліп тапсырып, соғымның жылы жұмсағын жеп, Сәрсекеннің өзі де аса жек көрмейтін ащы судан ұрттасып, күлісіп тарастық.

Сәрсекеннің бір осал жері — жыланнан керемет қорқатын еді. Ол кісінің осы бір осалдығын біз де

пайдаландық. Бірде Ақтоғай кентіне жүрейін деп түр едім «Әй, алты атар, темекім таусылып, насыбай ата алмай, бас қаңғырып, мәңгірін жүрмін. Маған темекі ала кел» деп тапсырма берді. Орындадым тілегім. Темекіні үйде қалдырып, бір газетке ала шұбар рәзенке орап, Сәрсекеңнің үстелінің үстіне қойып кеттім. Сәрсекең менің келгенімді сыртымнан көріп, «темекі» ораған газетті жалмажан ашып жібермей ме? Ішінен ала шұбар рәзенке шиырылып шыға келгенде Сәрсекең лақтырып жіберіп, кабинетінен ара талағандай атып-ұрып тұра қашады ғой. Артынан «жүрегім жарылып, өліп қалсам, кіммен ойнайсыңдар, Енді мұндай ойынды қойыңдар» деп жалынды. Сондай кезде бір ренжу деген болсайшы!

1950 жылдың күзінде оқу бітіріп келісімен Сәрсекең қояр да қоймай жүріп мені партия мүшелігінің кандидаттығына өткізді. Коммунистерге партия тарихынан сабақ беремін. Күн бата басталған жиналыс таң ата аяқталады. Күн тәртібінде алуан-алуан мәселелер болады. Бірде Жінішке деген жерде өткен жиналыста әйелін тастаған А. деген коммунистің жеке бас мәселесі де қаралды. Аупарткомның өкілі тапсырма бойынша әлгі коммунисті партиядан шығару керек деп зіркілдейді. Сәрсекең қатан сөгіс берейік дейді. Бір жағы — жолдас, екіншіден — туысқан. Сәрсекең екі оттың ортасына түсіп, қатты қысылды. Өкіл «совет семьясын бұзған, совет адамы, қасиетті Ленин партиясының мүшесі — коммунист деген ардақты атаққа кір келтірген, пәнимаешь, топты баланы жетім қалдырып, әйел теңдігін аяққа таптап, феодалдық-байшылдық салт-сананың сарқыншағын сарқып ішкен А. сияқты қара бетті қанатының астына алып қорғағысы келетін мына Өлжанов жолдастың өзінің тәртібін қарап, партиялық

принципшілдікпен баға беріп, шара қолдануымыз керек» деп қалшылдайды. Кәзір ойлаймын: партияның қадірін кетірген, тәрбиелеушіден жазалаушы органға айналдырған жаңағы өкіл сияқты шаш ал десен, бас алатын, ұзын сойыл ұр да жықтар-ау. Сәрсекең кен пішілген бет-жүзін жуып кеткен тер бұршағын туырлықтай орамалмен сүрте береді. Ақырында өкіл айтқанын орындатты. Оның қоқан-лоққысынан қорыққан «күнбағыстар» «шығарылсынға» қол көтерді. Мен «қатаң сөгіс берілсінге» қол көтеріп едім, кандидаттың кеңесші ғана дауысы бар екен, саналмады. Сонымен құлдық психология партиялық әміршілдікке бас иді. А. партиядан шығарылды. Сонда әлгі бишараның еңкілдеп жылғанын көрсеңіз! Жаныңыз ашиды. Қолдан келер не бар...

Сәден деген ақсақал нағашымыз пошташы болып істеді. Өзі бала мінезді, ойнап, қалжыңдасып жүретін ақкөйлек, еркөңілді кісі еді. Бірде күресем деп жығылғанда шалбарының қалтасындағы насыбай шақшасы сынып, санына шыны кіріп кетіпті. Соны бізге білдірмей кетіп қалып, мейірбике қызға тазалатып, таңдырып алыпты. Білетіндерге «ешкімге айтпаңдар. Өзім кінәлімін. Жастармен күресіп нем бар еді» депті әулие қария.

Осындай ойындар, әзіл-қалжындар жиен мен нағашының арасын алыстатпайтын, бұрынғыдан да жақындата түсетін. Ордекен, Сәрсекеңнің тұстастары Қабыкей Баймағамбетов, Сәдуақас Ахметжанов, Мақсұт Өмірбеков, Қабиболла Әшірбеков, омырауы орденге толы майдангер Бөленді Бектұрғанов сынды нағашылар еркелігімізді ерлерше көтере беруші еді. Бүгінде олар «келместің кемесіне мініп» бақилық болып кетті. Әйтсе де сол нар тұлғалы, мәрт мінезді азаматтар көңілден кеткен жоқ. «Имандары жолдас, топырақтары торқа болсын!»



деп еске алып, сағынып жүремін. Артында қалған ұрпақтары — балалары — Ғазиз, Мұқсиын, Мұғиын, Елубай және немере, шөберелері аман болғай! — деп тілек етемін.

2002 жыл.



## ҮІІ. КҮЙДІРГІ

[Скетч, фельетон, сықақ әңгімелер]



### «Тауықсыз да таң атқан»

(Ұлытау ауданындағы көркемөнерпаздар үйірмесінде ойнауға арналған бір актілі пьеса)

#### Бірініші көрініс.

Ұлытау ауданының орталығы. Сахнадан аудандық Советтің атқару комитеті орналасқан үй көрінеді. Осы көріністің фонында сақал, мұрты қырылмаған, желке шашы үрпиген бір жігіт пен қолында кішкене жол чемоданы бар жолаушы жігіт бір-біріне қарсы жүріп келе жатады. Алыстан мынадай ән сазы естіліп тұрады:

Монша жоқ Ұлытауда жуынатын,  
Болғанмен отын арзан, суы жақын.

Сақал, мұрт желмен ойнап желкілдейді,  
Көрмедік шаштаразы қырынатын...

Жолаушы жігіт. Ақсақал, осы селодағы моншаға жөн сілтеп жіберіңізші.

Сақалды жігіт. А, солай ма (көзін сығырайта, қулана қарайды). Мен сізге атқан оқтай турасын айтайын. (Айғайлап) Ұлытау селосында монша жоқ! (Өзінің кабинетінде солқылдақ орындықта жайласып отырған Ұлытау аудандық Советі атқару комитетінің председателі Өтеу жолдас осы дауысты естіп, селк ете түседі). Менің өзім аңқылдақ, ағынан жарылатын адаммын. Өтірік,

өсекпен жаным қас. Тағы бір жаңалық айтайын. (Айғайлап) Ұлытау селосында шаштаразы жоқ! Мына күректей қаба сақал мен тусыған шиырма мұртты көрген балалар "ата!" дегенді шығарды. Сақал-мұртты күзетіп, жалбыраған шашты түзетіп келу үшін түү сонау Жезқазған қаласына селкілдеп барып, селкілдеп қайту керек. Ол уақытта менің қызметімді кім атқарады?...

### Екінші көрініс.

(Өтеудің кабинеті. Қабырғада Ұлытау ауданының картасы. Қарсы алдындағы орындықта селолық Советтің председателі Бекенов жолдас отырады).

**Өтеу.** Пай-пай, жаңағы бір дауыстың ащысы-ай. Құлағымның дабыл жарғағын қақ айырып, бөліп түсе жаздады. Аузынан шыққаны өнкей бір жоқ, жоқ та жоқ. Бізде осы не жоқ?

**Бекенов.** Бізде ме? Бізде монша жоқ. шаштаразы жоқ. Тағы не жоқ? Ойланып алайын.

**Өтеу.** (Қолды сермеп, желпіне сөйлейді). Сол да сөз боп па? Атам қазақ баяғыда көшіп жүріп-ақ күн көрген. Сол заманда моншасы мен шаштаразысын кім түйеге теңдеп, артынып-тартынып жүріпті, айтшы көне? Естиін!

**Бекенов.** Дұрыс айтасыз, отағасы. Дұрыс айтасыз.

**Өтеу.** Ия, "Тауықсыз да таң атқан". Моншасыз, шаштаразысыз-ақ алға баса бермейміз бе?!

Осы кезде манадан бергі әңгімені түп-түгел естіп тұрған сақалды жігіт пен жолаушы жігіт "қайырлы күн, ағалар!" деп кабинетке кіріп келеді.

**Екеуі қатарынан.** Әңгімелеріңізді естідік, біріңіз бастап, біріңіз қостап отыр екенсіздер. Бірақ қатты қателесіп барасыздар. Халықтың күн сайын өсіп отырған мәдени тілегін қанағаттандыра алмай отырсыздар. Монша, шаштаразы жайындағы әңгіме

мәдениет мәселесімен түбірлес, сабақтас нәрсе. Елді мәдениеттендіру, селоны сәулеттендіру керек. Алдымен монша салу керек. Шаштаразы ұйымдастыру керек. Қойын дәптерлеріңізге көрнекі етіп жазып қойыңыздар. Ұмытып кетерсіздер. (Өтеу мен Бекенов жолдастар қойын дәптерлеріне үніліп "монша, шаштаразы" деп жазып жатады. Шымылдық жабылады. Хормен айтылған "Монша жоқ Ұлытауда жуынатын" әні көпке дейін алыстан талып естіліп тұрады).

1957 жыл.

### «Ақмағамбет» араласқанда...

«Ынталы» совхозының алпыстағы ақсақалынан бастап, алтыдағы баласына дейін қызу еңбек үстінде. Өйтпегенде ше? Кәзіргі уақыт найқалуды көтермейді. Бір күнінді бекерге өткізсең, қыстың бір айында ұтылдым дей бер!

Осындайда қол ұшын беріп көмектесетін дос-жолдастарың болса қандай тамаша. Алыстан талмай шауып келе жатқан желаяқ жүйрік қарауылға тақалғанда адамдардың ащы айқайын естіп, бауыры жазылып, көсіліп сілтеп жеке дара шықпаушы ма еді? Тап сондай-ақ тұс-тұстан көмекке туыстар, жолдастар, достар ағылып келсе, шөбің шабылып, астығың орылып, тау-тау болып үйіліп жатса, тынысың кеңіп жүре бермей ме, шіркін!

Аудан орталығынан жексенбіге қарай көп адам көмекке келеді екен, келгенде де «жұмысың болса көрсетші» деп алақандарына түкіре келеді екен деген хабар «Ынталы» колхозының ол шеті мен бұл шетіне сүт пісірімде-ақ тарап кетті. Енді бірде келетіндердің басқарушысы, ақыл айтар ақсақалы



аудандық жол бөлімінің ортан қолдай бастығы Ахметов екен десті жұрт.

Басқаны қайдам, Ахметовтың атын естігенде етіме мұз тигендей дір ете түстім. Кәдімгі Ахметов, «ақмағамбет» антұрғанмен ауылы аралас, қойы қоралас Ахметов көз алдыма елестеп, «Мен-мен!...» деп кеудесін қағып тұрғандай болды.

Осы ойлармен өткен жылды шолып тұрғанымда «келіп қалды!» десті жиналған жұрт.

— Әп, бәрекелді, қарақтарым, дер кезінде жеттіндер. Өңкей бір сырықтай жігіттер екен. жұмысты жапырып-ақ жіберетін шығар осылар, — деп бір ақсақал шынымен желпініп тұр.

Әне-міне дегенше, көзді ашып-жұмғанша жолдың шаңын бұрқыратып тоқтаған жүк машинасынан сайдың тасындай 17 жігіт секірін-секіріп түсті. Ең алдыда қой бастаған серкедей Ахметов.

— Па, шіркін, мына баланың тұлғасы келіскен-ақ екен. Бір адам жұртты ұйымдастыра білсе, — нақ өзі, екеу болса бірі осы шығар, — деп күлімдейді тағы да манағы қарт.

Айтса айтқандай екен. Ахметовтың қай жағына шығып қарасаңыз да мін таба алмассыз. Ықшам киінген, жалпақтығы төрт елі былғары белдікпен белін қынай бұған. Қара қалпақты желкесіне таман сырғытып қойып, қызара бөртеп келеді.

— Бүгін күн кешкіріп қалды, ертең таңнан іске кірісеміз. Дем алындар! — деп Ахметов жолдастарын топ-топқа бөліп. колхозшылардың үйіне таратып кеп жіберді.

«Ұры басынып ұрлайды, қонақ таңдап қонады» деген рас-ау. Ахметов бас бухгалтер Балапановтың үйіне аяңдады. Қабат-қабат көрпе жамбаста, қос-қос жастық шынтақта Ахметов төрдің төбесінде шіреніп жатыр. Үстел үстіне тағам жауып кетті.

Көл беті — үстел үсті. Ақ арақ — ақ қаз. Қызыл

вино — қоңыр үйрек. Шампан шарабы — кербез аққу. Жазғытұрым құс базарындай үстел үсті арақ-шарап базарына айналды.

Ахметовтың көктен іздегені жерден табылып, талай бөтелке қуатынан айырылып, «шала жансар» күйімен төсек астына домалап барып, «серейіп» құлап жатыр.

Түн ортасы ауған. «Темір қазық» күзетте. «Жеті қарақшы» Ахметовтың арағынан дәмете ме, кірпік қақпай қадала қарайды. Ахметов жатар емес. «Тентек суды» сыңғытып, майлы етті қылғытып, ақанмен тіресіп, бой бермей сіресіп отыр. Өмірі жаурыны жерге тимеген «ақмағамбет» Ахметовты бұйым көрсін бе, бір кезде көтеріп-ақ соқты. Сол жығылғаннан тырп етуге шамасы келген жоқ, мол құлады. Сәске түсте көзін ашып, жан-жағына алақтап қарап еді, үйде тірі жан жоқ, бәрі де жұмысқа кеткенге ұқсайды. Көзді бір уқалап жіберіп, қайта салды қолды ақаңа. Бұл жолы сырттай тіресті. Ақаң жата тастап кетер деп, қоян қолтық келуге қорықты білем.

Түнгі мастыққа түскі қызулық қосылып шала мас Ахметов үй-үйдің арасымен етек-жеңді түрініп, екі өкпесін қолға алып келе жатыр еді, кешегі өзі басқарып келген бір топ жігіт көлеңкеде әңгіме дүкен құрып отыр екен. Ахметовты көріп орындарынан атып-атып тұрды.

— Қыздыр моторды, айда аттандық жұмысқа, — деп Ахметов анадайдан айқай салды. Е дегенше жолға шықты. Тақтай жолмен аңыратып айдап келеді. — Тез, бірінші скоростымен, — деп Ахметов шофер жігіттің жанын жағасынан алады.

Қарсы кездескенді қағып өтердей қарқыны бар. Айтқанша болмады, жолдағы бір машинаға соқты да Ахметовтың машинасы шонқайды да қалды. Мерттік машине кешке дейін орнынан қозғала

алмады. Ел орынға отыра өлдім-талдым деп жөндеп алған Ахметов келген ізімен «аудан қайдасың» деп бір-ақ тартты. Артында будақ-будақ шаң қалды.

Тағы да бір күні «Ынталы колхозына Қаражал руднигінен 42 адам сау ете түсті.

— Бұл кімдер? — десті колхозшылар.

— Жұмысшылар, бізге көмекке келгендер, — деді білетіндер.

— Бастығы кім екен?

— Бастығы жоқ. Өңкей бастықсыз жұмыс істейтін, өздері білетін, саналы адамдар көрінеді, — деді біреу.

— Ахметов сияқты бастықсымақтың барынан жоғы. Өздері білетін болса... десті олар.

Көмекке келгендерге арналып колхоз орталығынан бірнеше бөлмелі үй дайындалды. «Ас адамның арқауы» деген ғой, тамақтары тоқ болсын деп тағамдардың неше атасы алдарына тартылды. Көмекке келушілер екі бригадаға бөлінді. №9 бригадаға 20 адам, орталық базаға шөп тасуға 22 адам суыт жүріп кетті. Бірақ келушілер айырға ұмтылмай, араққа ұмтылды. Талай «көк мойындар» құрғады, талай жырлар жырланды. Бір кезде қып-қызыл төбелес басталып, нелер мықты жігіттің шекесі үсіген сарымсақтай күлтілдеп, торсиып шықты. №9 бригадаға барғандар «майданы» оңай болмады, Промстройдың бастығы Клецкий ұзынынан сұлады. Араққа елірген мастар қолы жетсе Клецкийді, жетпесе жерді ұрды. Күн төбеден ауганда Клецкийді домалатып тастап, Қаражалдың жолымен қайқайып тартып отырды.

«Ешкің құрысын, текемді ала кетті» дегендей, «көмекшіл» мастар қолқабысы былай тұрсын, колхозшылардың аяғына шырмауықтай оралып, бөгет жасады. Мастарды арашалау, татуластыру оңай болып па?! Осы жайды айтқанда Жанаарқа

ауданының басшылары мен Қаражал руднигінің басшыларына арнап қояр мынадай сұрақтарымыз бар:

**Бірінші сұрақ:** Сіздер колхозшыларға қолқабысқа адамдар жібергенде олардың қолынан іс келер, келмесін ойластырып, салмақтайсыздар ма? Әлде, әйтеуір бір міндеттен құтылайық, барып төбе көрсетіп қайтыңдар деп шығарып саласыздар ма?

**Екінші сұрақ:** «Жұмыстан» қайтқандардан не тындырдыңдар деп сұрайсыңдар ма?

Ахметов сияқтыларды қайтып барғанда қалай қарсы аласыздар?

**Үшінші сұрақ:** Мұндай жарамсыз жайға қашанғы тезуге болады. Араққа елтігендерді қатаң жазалап, есін жиғызуға бола ма?

1958 жыл.

### Нем бар «ҚЫЗЫЛКӨЗ» атанып...

Совхоз директоры Қаратай жыл қорытындысы жайында баяндама жасаудан қашайын деген жоқ. Әйтсе де ол мұнда қызметке жақында келген адам болғандықтан баяндаманы өзінің орынбасарына тапсырды.

— Апыр-ай, — деді орынбасар Жәйлібай — мен өзім осы баяндама дегенге шорқақтау едім, бірдемесін бүлдіріп алып жүрмес пе екенмін?

— Несін? — Жаңа директор оған таңдана қарады.

— Былайша дегенім ғой... Менің өзім турасын айтқанды тәуір көремін. Ал, сын дегеніңіз, құдай сақтасын, адамды елден шығаратын пәле емес пе?

— Сіздің мәймөңкеден аулақ болғаныңыз жөн ғой, — деді Қаратай өзінің ресми сөйлесердегі әдетімен сеннен сізге ауысып.



— Сын айтты, сынады деп сізді ешкім сөкпейді. Әрі беріден кейін сынның өзі адамды өткірлеу үшін баз-базда жанып-жанып алатын тас қайрақ деп біліңіз.

— Солайы солай гой, Қареке, әйтсе де...— деп мінгірледі Жәйлібай.

— Ал, енді келісіп алайық. — Қаратай ұзын арқан, кең тұсаудың адамы емес. Мәселені тақ-тұқ шешіп, шотқа қаққандай тықылдатып отыруды ұнатады. — Баяндаманы дайындауға неше күн керек?

— Енді бір он-он бес күн жетіп қалар?

— Жоқ, он-он бес күн көп болар, Бір апта уақыт беремін, Келістік қой осыған?

— Келістік.

— Онда баяндама дайын болған соң маған әкеліп көрсетіңіз.

Осымен сөз тәмам болды. Жәйлібай терең ойға шомғандай тұнжырап екі-үш күн жүрді де, бір кеште үстел басына отырды. «Жолдастар! Өткен жыл біз үшін қажырлы күрес, үлкен жеңіс, зор табыс жылы болды десем артық айтқандығым болмас. Менің дәл осындай қуанышпен айтуға морально правом бар сияқты. Оған дәлел ретінде тілге тиек етерім мынадай: мал басын өсірудің жоспары барлық саладан асыра орындалды. (Бұдан соң әр салаға жеке-жеке тоқталып талдау жасады). Мал өнімін өндіруден де шыққан биіктеріміз көңілге олқы емес. (Мұны да цифрмен шегелеп, тас табан бекітіп тастады). Осының бәрі кімнің арқасы дейсіңдер гой? Әрине, алтын адамдарымыздың, атап айтқанда, осында отырған Нүрекеннің, Ірекеннің, Білекеннің, Әйкеннің, Сайрекеннің және басқаларының арқасы. Жолдастар! Мен әрине, бұл тізімді әрі қарай жалғай берсем, бәріңіздің де аттарыңызды атап шығар едім, бірақ қымбат

уақыттарыңызға қиянат жасағым келмейді. Менің сіздерге түсімде де риза екендігімді түсінер деп білемін...»

Осыдан соң ол шаруашылық өмірінде орын алған кейбір оқиғаларға тоқталуды жөн көрді. Әсіресе, ферма меңгерушісі Мылтықбайдың қысты күні боранда адасып кетіп екі тәулік далаға түнегенін, қоғам малы десе жарғақ құлағы жастыққа тимейтін ер азамат екенін шабыттана отырып жазып шықты.

«Енді сын керек. Кімді сынасам екен? Ей, анау Жарылғаптың Сұрағаны бір отар қойды қыста қырып алып, елден жылу жинап орнына салғаны қайда? Соны неге айтпасқа? Сабыр, сабыр. Оның бір носы бар екен ғой. Сұрағаны құрығыр біздің Ержекең құданын жиені емес пе? Ертең Ержекеңнің бетіне қалай қараймын.

Оны қоя тұрайын... Қоя тұрғаны несі-ей? Ержекең түсінетін адам. Айт, айды аспаннан шығарып осындайда. Директордың алдына әнеу күні «мен өзім турасын айтқанды тәуір көремін» демеп пе едің?»

Құлағына директордың «сіздің мәймөңкеден аулақ болғаныңыз жөп ғой» деген сөзі келгендей. Ойланып отырып-отырып қайтадан сүйкектете жөнелді.

«...Жолдастар!» Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөзді алдарыңызға тартамын. Неге десеніз, енді біраз жайларға сын көзімен қарағым кеп тұр. Артық айтып, асып кетсем, кем айтып, жетпей қалсам, алдын ала кешірім сұраймын. Осында арамызда отырған Сүрекеннің өткен жылы бір отар қойды қырсыздықтан қырып алғаны сіздерге жасырын сыр емес қой. Әйтеуір, шүкіршілік, ел боп, жұрт боп орнына салды. Әйтсе де осының астарында талай қитұрқы жатыр. Неге десеніз, біріншіден, ферма мал азығы-

мен жеткілікті қамтамасыз етілмеген, Екіншіден, мал азығының сапасы нашар — құнары жоқ қу шөп. Үшіншіден, аға шопан Сүрекең өзіне жүктелген жауапкершілікті жете сезінбейді. Осы жайлы басшы жолдастарға дер кезінде айтпады, «жауырды жаба тоқып» жүре берді. Міне, сонымен істің ақыры бір отар қойдың жан тәсілім етуімен аяқталғанын өздеріңіз жақсы білесіздер...» Жәйлібай енді кімді қарауылға алсам екен дегендей бөлменін төбесіне қарады. Түн ортасы жуықтаса да өзін әлі сергек сезінеді. Ұйқы шіркін бүгін алты қырдың астына ауып кеткендей.

«...Жолдастар! Енді бір мәселеге, яғни төл алудың жайына тоқталмақпын. Осында үлкен гәп бар. Неге десеңіз, ағынан жарылып, әділін айтсам, біз төл алу жоспарын орындамақ тұрсын, маңайын көре алмай жүрміз. Бірақ Бейсекең жүзінен жүз отыз бес, Дүйсекең жүзінен жүз жиырма алды деп үрген қарындай қорбитып көрсеттік емес пе? Көрсеттік! Солай бола тұрса да олардың алғандары фактический жүзінен жүзге де толмайтын еді. Ел болып, жұрт болып көмектесіп, қозыны жинап берді емес пе?»

Ағайын, туған ештеңесін аяған жоқ. Барын алдарына тартты. Енді соларды нағрадқа да ұсынбақ ойымыз бар. Ей, ағайын, адалын айтыңыздаршы. Осымыз дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Осындай түлкі құйрық жайлар тек жанағы аталғандардың ғана емес, осында отырған бірсыпыра шопандардың да басында бар жай десем қателеспеймін-ау деймін...»

Жәйлібай өзіне-өзі риза. Өмірінде жан болып жарып айтқаны осы шығар. Құлағына жиналғандардың гу-гу үні келгендей, «Ойпырмай, Жәйлекең батыл айтты-ау» дегенін естігендей. Енді бір естен тандыра дерлік мықтап сын айтып

тастаған жөн болар. Иә, сонымен...» деп жалғастыра жөнелді.

«...Иә, сонымен жолдастар! Бізде жұмыс қолы жетіспейді деп жыларман боламыз. Неге жетіспейді? Қайда кетіпті сол жұмыс қолы? Айтайын оның да сырын. Біздің шаруашылықта еңбекке жарайтын адам көп. Бірақ олар жұмыс басына жоламайды. Клубқа келсең — көзің тұнады. Кинодан соң туфлилерінің өкшесі ұшқанша секектеп билейтін де солар. Иә, солар кімдер? Олар Ержекеңнің Сәулесі, Төрекеннің Қазыбегі, Сұлтекеңнің Айнұры, Орекеңнің Ақнұры... Міне, жолдастар, бұл тізімді әрі қарай соза беруге әбден болар еді, бірақ осымен тоқталайын.

Бір сөзбен айтқанда, біздің жұбайларымыз еңбекпен қырғиқабақ болып жүр. Бұлғақтап жүр. Ендігі жерде бұған төзуге болмайды...»

Жәйлібай бүгін күн жексенбі болған соң ұзақ ұйықтап, сағат тілі бірге таянғанда оянды. Түнде жазған баяндамасының кейбір жерлерін хош көңілмен еске алып, миығынан күліш қойды. Жеңіл шапанын желбегей жамылып аулаға шықты. Күн бұлыңғыр болса да ауада жылы леп бар екен. Төрт-бес жылдан бері не оқуға түсе алмай, не еңбекке араласпай «шаткомпред» атанған жалғыз баласы — Жоригі Барбоспен ойнап жүр. Өмірі бұта басын сындырмаған тобылғы торы жұбайы — Жәмиласы көрші үйдің ерке бойжеткенін ертіп былқылдай басып магазинге кетіп барады. Осыны көргенде Жәйлібайдың іші шортан түрткендей солқ есе түсті... Көз алдына шопан агасы Көпжасар елестеді. Оның былтырғы жылы екі үйдің бар қозысын иемденіп, санаққа енгізгені, ал күзде соның есесін қосымша ақымен-ақ қайтарғаны есіне түсті... Мәссаған...

Баяндамасын апы-ғұпыл қайта қарап шықты да,



сын бөлімін үстінен айқұш-ұйқыш сызып-сызып тастады. «Тек жүрген — тоқ жүреді» деді іштей күбірлеп. Ел аман жұрт тынышта «қызылкөз» атанып түлен түртіп пе мені. Әуелі өзімді, одан соң өз айналамды жөндеп алайын» деді ерні жыбырлап. Жүрдек қалам тағы да жортақтай жөнелді.

...Жолдастар! Табысымыз табысқа ұласып...

### Ішектің қырындысы

Ай батқалы қашан. Бірақ Бекен астынан су шыққандай дөңбекшиді. Соңғы кезде көрер таңды көзімен атқызатын дауасыз дертке ұшырады. Сыртта терезені сулы қанатымен ышқына сабалаған мазасыз жел оның көңілінде қымтанып жатқан әзәзілді жұлқылап оятып алғандай.

Төсегінен құйын ұшырған қаңбақтай лып етіп көтерілген Бекен шам жақты да столға отырды.

Бекен шар тартса да мінезі әлі шаппай бер. Көңіліне бір ой келсе, түптемей тынбайды. Сандық түбін аудара төңкеріп, әуреленіп тауып әкелген кішкене суреттен отызды орталаған жігіттің мысық көзі оған оқтай қадалады. Көз жанарының терен түкпірінде бұғып қалған зымияндық кезек күтіп баспалап қарап тұрғандай.

Ол жанағы суретке мүйіз көзілдірікпен сығырая ұзақ қарады да, қолына шомбал сүйек қаламын алды. Сұйық, ақ селеу шашын басын кекжите желкесіне қарай бір сілкіп тастады. Мыртық, жуантық саусақты алақанымен стол бетін шарт еткізіп соғып қалды. Басын сол иығына қиқайтып, үстіңгі жалақ ернін мықтап жымырып алды. Бөлмеде тек қалам сықыры, әне бір бұрышта тышқан тықыры естіледі. Екеуі де асығыс іске кірісті.

«Уа, жүрегімнің жарымы, білегімнің қарымы,

үмітімнің жарығы, өзіне арнаймын осы үшбу өсиет хатымды. Қырық бүркіттің тырнағынан шыққан қырқылжың не айтар дейсің деп, лақтырып тастай көрме, жарқыным. Жалынып айтамын, онда өкінесің.

Егер мен кісі танысам, түптің түбінде сенен бірдене шығады. Есебін тапсаң, ептеп-септеп бірер қырқа асып кетуің мүмкін. Тек менің сескенетінім — сенің осы бір алды-артыңа қарамай, сыңар езулеп, періп кетпе ұрт мінезін. Сонау бір жылғы оқиға есінде шығар. Мен сені қылпылдатып қайрап-қайрап әне біреулерге айдап салдым да, нақ қыл мойынға келгенде жалт беріп, бас сауғалап кеттім. Нысанаға сені байлап қойып, бұғып қалдым. Байғұс бала сен болсаң мойның астына қайырылып, омақаса құлап түскеніңді бір-ақ білдің. Сонынан өкініштен өзегің өртеніп, бармағыңды шайнадың. Өнбесті қума, бауырым, өткен істі көңіліңе алма. Жұмыр басты пенде өмірде не көрмейді. Ағанның баз-базда осындай түлкі құйрық айла-шарғысы болады. Олла деп айтайын, одан сен сыңар суыртпақ зиян шеккен жоқсың. Ертең сен де бір тыз етпені қолпаштап жүріп, ауыздандырып аласың да, иек артпадан қосып жіберіп, қырғын қызыққа жымың-жымың қарайсың да тұрасың. Сонда мына жаман ағана алғыс айтуың өз алдына, бөркінді алып үш мәртебе иіліп тағзым етерсің!

Желің оңынан тұрып, әмсе тілегің қабыл болсын. Әйтеуір зәушайтанда қолың бір мансапқа жете қалса, шүу дегеннен маңайыңа ағайын-туыстың, жерлес-жемдестеріңді, тамыртаныстарыңды қыт-қыттап шақырып, топырлатып жинап ал. «Ойбай-ау, мына жұрт пыш-пыш сөз қылмай ма?» — дейсің ғой баяғы. Десе дей берсін, кімнің аузына кім қақпақ қояды! Қанша шулағанымен қолдарынан не келуші еді! Жабыны

— тұлпар, қарақұсты — сұңқар, маубасты ғайыпты бол жаған данышпан, қолымен қосаяқ соқпайтын әлжуазды — азуы алты қарыс арыстан деп бөсе бер, желқайықтай есе бер. Егер солардың бірі бір пәлеге душар бола қалса, қызғыштай қорға, от алып қамысқа түс. Беттің арын бес төксең де қара дәудей қасқайып, қанатынның астына ал. Шамаңнан асып бара жатса, ол жерден жып еткізіп сырғытып жібер де, қолақпандай бір мекеменің басына топ еткізіп отырғыза сал. Бітті жұмыс!

Ең әуелі тірегінді, тірегінді мықта, бауырым! Түбі бірге тұтпейді. Жаман айтпай жақсы жоқ, ертең олай-пұлай болып кетсең, жанағы тобырдың бәрі өзіннің қармар талың. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес» дегендей, сенің жақсылығыңды ұмытар ма олар?!

Одан соң, бауырым, бастығынның қабығынан көз айырма. Ол жымиса — ішегің түйілгенше күл, ол мұнайса — көзіннен тарам-тарам жас ағыз. Етігінің ұлтанын жаласанда көңілін аулап, жағынып қал. Мұндайда кейбіреулердің «жарамсақтық» дейтіні болатын өзінше ақ жүрексініп. Ондай пайдасыз сөз бергі құлағыңнан кірсе, арғы құлағыңнан атқан оқтай ағып өтсін. Түпкі есебіңе мықты болсаң — кенейің түгел. Жиын жерде бастығыңның аузын аңды. Егер оның ернінің емеуріні оңға бұрылса, аузыңды қамшылар жаққа қарай қисайтып жібер. Ол қол көтермей тұрып тыбыр етпе. Саусағы шошайса-ақ бітті, «браво» деп атып тұр орныннан, қармақ қапқан шортандай сопаң етіп. Оның қаһарына душар болғандарға қырғидай тиіп, бөрідей дүрліктір. Құдай болса да аяма! Алды-артына қарама! Бөркінді көзіңе басып киіп ал да, «қаранғыда көзім жоқ, тиіп кетсе сөзім жоқ» деп шөп шапқандай сипап сал. Міне, сонда бәсекең «қырыпсалым» деп еркелетіп, арқаннан

қағып, маңдайыңнан иіскейтiнiне бәс тiгемiн.

Ендi бiр айтарым: мына қутындаған қу балалардан бiр сақтан да мың сақтан. Өңкей бiр iстiк найза, иiр садақтар. Бiреуi бiр күнi мүйiзiне iлiп кетiп, үйiрiн соғып жүрмесiн-ау. Егер солардың бiрi қол астыңа келе қалса (екеуiнiң басын қоса көрме) әу бастан ашсаң алақаныңда, жұмсаң жұдырыңда ұста. Тайдың мiнгенi, баланың iстегенi бiлiнбейдi. Командировкаға жiберсең — ит арқасы қиянға айда. Тапсырма берсең — сиырдың бүйрегiндей бытырап, ащы iшектей шұбатылып жатсын. Құрсақта оқып дүние пәленi түптеп шықпаса, орындай алмайтынына қылша мойным талша. Орындай алмады ма — қаққанда қанын, соққанда сөлiн шығар. Аяғына алты мәртебе бас ұрса да босатпа. Жүрсiн жiпсiз байланып. Жай сөгiс, жаяу сөгiс дегендердi көзiнен тiзiп қаттап таста. Аяйсың ба, қолыңнан келiп, қонышыңнан басып тұрғанда. Ертең едiрек мiнез көрсетiп, қиқақтайтын болса, өз обалы өзiне. Сол қару қағаздарыңмен-ақ қан сонардағы тұлкiдей бұран еткiзiп, белiн үзiп тастай саларсың. Үндемесе жүре берсiн. Жатқан жыланның құйрығын басып, түлен түртпi пе сенi?!

Алты айлық жолға шықсаң, арымас сырғытпа болсын мiнгенiң. Айтқан сөзiм — атқан оқ деп, бiр бетiңнен қайрылмай қатып қалсаң, күдай төбеннен қос-қолдап ұрғаны. Жұт жылғы ұйытқыма борандай құбылып тұр. Әсте «болмайды» дей көрме. «Көрермiз, хабар өзiмнен болсын» деп ұзын арқан, кең тұсауға салып, оңды-солды шиырлай бер. Жүре-жүре су аяғы құрдымға айналып, ақыры iзiннен адасып қалады талайлар.

Бiр кездескенде «қайт дейсiң-әй, ретi келмедi ғой, сен үшiн жанымды салып, басымды тiгiп едiм, Тағы бiрде көрермiз, өмiр болса», деп шынымен



ішінен қан өткен адам бола қал. Сонда құда да, құдағи да риза. Бұл жұрттың бәріне қолданылатын тәсіл емес. Ал, ертең ісің түсетіндердің лебізін самал жел деп біл. Оның дәмету мезіретісін қас қабағынан аңдап, жарты сөзінен түсіне біл. Жаушы-жаужалам бұйымтайын орындап жібер де: «сыйға — сый, сыраға — бал» деп танауыңның астынан күнк ете түс. Келешекте ол да бір көпірден өтуіңе жарап жатыр.

Астапыралла, ұмытып барады екем, өзіннен зорлар шықса екі көзің сонда шығады ғой. Қарамағыңдағылардың арасынан ертең осы орнына көз алартады-ау дегендей күдіктенерлік біреу-міреу шыға қалса, ұзақ жыл орнын таппай отырып қалып, ұзатылатын қыздай мақтауын қиыстыра жеткіз де басқа жерге бір саты жоғарлатып жіберудің қамына кіріс. Әрине, бұл істе өзім дескен достарыңның көмегі қажет. Аттанарда «қимасым-ай, бізді тастап кеттің бе!!!» деп, кеудеңді көрік етіп уһілеп қал. Осы жақсылығыңды тіршілігінде ұмытса, мұрнымды кесіп берейін.

Көптен-көп үміт күткен, бауырым, бұл жазғандарым — менің ат жалын тартып мінгеннен бергі тырнақтап жинақтаған азды-көпті өмір тәжірибемнің негіздерінің негізі. Ендігісі осыдан туындап, қоздап жатады. Тек тірі пәндеге тісіңнен шығара көрме. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады. Әлде біреу сезіп қалса, менің де сырым ашылды, сенің де құйрығың қарға шаншылды...

Түн жарымда тұрып ап қалам тебірентуші өзектес өз аған: Бекен Тозғанбасов. Хош, бауырым!»

1976 жыл.

## Суға кеткен миллиондар

«Жүрген аяққа жөргем ілінер» деген қағиданы қаққан қазықтай етіп, қасарыса ұстанған Қожекең — өзіміздің Қожанасыр бұл жолы Қарағанды облысының шекарасына сонау Павлодар жақтан Баянауылды баурайлап, жолдың шаңын аспанға атып, бұрқырата кіріпті. Бұрқыратып келе жатқан баяғы өзінің көк есегі емес, аспан түстес «Жигулиі» екен. Жарықтықтың жаңа модаға көшкені ғой, басында сәлдесі де жоқ, аузында алласы да жоқ, сыптығыр жігіттей сылаң қағып, ойпаң жерден орғытып, қырлау жерден қарғытып келе жатады. Жолшыбай Бұқар жыраудың зиратына тәуіп етіп, Семізбұғыны басып өтіп, Ботақараға қарай бет түзеген шақта көл бетінде қалқып тұрған қораларды көреді.

— Ой, тоба, о заман да бұ заман ата-бабамыз дарияға кеме салушы еді, енді қора салатын болғаны ма? — деп басындағы ши қалпағын алып, тершіген маңдайын бір сипап, желпініп қояды.

— Мынау өзі бері айтқанда мың жылда бір кездесетін жаңалық екен. Қой, мұның жайын біреуден сұрап білейін, — деп әлгі самсап тұрған құрылыстардың бүйіріне ат басын тірейді де:

— Ей, тілдесіп кет. Кім бар-ау? — деп айғайға басады.

— Іздегеніңіз кім еді? Мен бар-ау! — деп арғы жақтан бір адам басын қылтитады.

— Ей, жаным, мына көл бетінде қалқып тұрған сарайлар кімдікі? — дейді Қожекең өндірішегін созып.

— Менікі, — дейді қараторы келген дембелше кісі.

— Менің кім, жарқыным?

— Менім мен. Мен осы мал комплексінің қожасы,

Ульянов арнаулы шаруашылық бірлестігі бірінші бөлімшесінің меңгерушісі Жидериян Ваграм Семенович, — деп өзін таныстырды.

— Мына мал комплексі салынғалы он екі жыл болды. Содан бергі көрген күнімізді досың тұрсын, қасыңның да басына бермесін. Жазда белуардан су кешеміз, қыста көк мұздың үстіндеміз. Аяққа коньки байлап алсаңыз ғана рақатқа батасыз. Сырғанайсыз да жүресіз, сырғанайсыз да жүресіз...

— Ей, сырғанап жүреді екенсің, малың не болды сонда? — деп Қожекең ашу қысты-ау деймін, көзін ежірейтіп, мұртын тікірейтіп, танауы қусырылып Жидериянға шұқшия қарайды.

— Мал дейсіз бе, отағасы? Малда тіл жоқ, көк мұздың үстінде қыс бойы қарауыл қарайды.

— Бәтшағар! — Қожекеңнің аузынан өзінің осындайда айтатын жеке меншік сөзі шығып кетті. Бәтшағар, мына қораларды жер жетпегендей су үстіне әкеліп салған кім өзі сонда?

— Ойбай, отағасы, бұл құрылыстың әкесі де, шешесі де «Облсельстрой» тресінің №1001 жылжымалы мехникаландырылған колоннасы. Әу баста құрылысшыларға: Мына жерге құрылыс салсандар құрыдық. Бір кезде осы жерде айдынында құс қонып, бақа шулап, балық жүзген көл болған. Бертін келе тартылған, енді, міне, күрек бойы жерден су шығады. Басқа жерден салыңдар», — деп құдайдың зарын қылдық емес пе? Тыңдайтын құлақ болды ма сонда?

— Айттым бітті, кестім үзілді, — деп шіреніп тұрған өңкей бір дөкейлер. Сонымен, 1974 жылы осы жерде 4008 бастық жалпы құны 2 миллион 300 мың сомдық стандартты қора қаздай тізіліп дүниеге келді. Содан бері жыл сайын жөндеу, жыл сайын жамаумен 2,5 миллион сом тағы да суға кетті.

Көктем шығып, наурыз айының құлағы қылти-

ғанда іргеден сылдырап су кіреді, көкекте жер астынан фонтан көтеріледі, мамыр айында әлгі су дарияға айналып, мал комплексі қалқиды да тұрады. Сонау сәби көктемнен малды құла далаға айдап, қорадан дірдектетіп қуып шығамыз.

Не керек, желтоқсан бүрқ-сарқ етіп жетіп, судын беті сықиып қатқанда ғана малды қораға айдап кіргіземіз. Міне, біздің мүшкіл халымыз осындай, ақсақал! — деп Жидериян әңгімесін тәмамдайды. Қожекеннің кеудесі көріктей гуілдеп, құлағы шыңылдап қоя берді.

Әлқисса, сонымен Қожекен бұл жерден түніліп кетті. Көзінің алды тұманданып, жан-жағына қарап еді, тағы да ит жемеге ұшыраған бір құрылысты көрді.

— Бұл да бір бәтшағардың кесірінен рәсуа болған дүние-ау! — деп Қожекен мән-жайды түсіндіретін адам іздей бастады. Сұрай-сұрай келгенде бұл құрылыстың өмірбаяны мынадай болып шығады: 1981 жылы осы жерде Қарағанды көмір өндірістік бірлестігіне қарасты техникалық қызмет көрсету пунктін сала бастапты да, көп ұзамай жайына қалдырыпты. Жыл сайын құрылысшылар ат ізін бір салып, әрқайсысы бір кірпіш қойып, қайтып отырады екен. Сонымен — тәмам. Қалқиған төрт қабырғасын жаңбыр, қар суы шайып, құлауға да шақ тұр. Тасып жеткізген кірпіш блоктар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете барған...

Ульянов аудандық арнаулы шаруашылық бірлестігін қамқорлыққа алған Қарағандының Ленин ауданы басшыларынан да тырс еткен хабар-ошар болмаған. Ульянов аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестігінің басшылары да кейінде бірер мәрте ат басын тіреп, сөз болған екі құрылыстың о жақ, бұ жағына шығып көріп, таңдай қағудан



әрі аса алмапты.

Әлқисса, біз сонымен Қожекеннің хатшысы ретінде бар мәзір, жоқ жайды сіздерге шыпшырғасын шығармай жеткізіп отырмыз. Осыдан кейін Ульянов аудандық арнаулы шаруашылық бірлестігіндегі жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндіз-күні дірдектеп жүріп, мұзға байлап, суға салып мал бордақылаған еңбек адамдарының қандай күйде екенін түсінуге болады ғой деп ойлаймыз. Мүмкін, облыстық аграрлық-өнеркәсіптік комитеттен жазда белшелерінен су кешіп, қыста сырғанақ тепкендерге жаны аштитындар табылып қалар. Тек періштенің құлағына тезірек шалынғай!

1986 жыл.

### «...Бара бер... пара бер»

— Ой, тоба-ай, мұндай да сұмдық болады екен? «Естімеген елде көп» деген рас-ау осы.

— Жайшылық па, Шәке, неге сонша ренжідіңіз? «Сарыарқа» тігін фирмасының тігіншісі Шәмшіғайын Шәйкенова қинала отырып әңгімесін бастады.

...«Өмір озады, ажар тозады» деген ғой. Тіршілік күйбеңімен жүріп ұлғайғанымызды да байқамай қаламыз. Биылғы жылдың бірінші мартында пенсия жасына толған екем. Содан оныншы март күні пенсия тағайындауға қажетті документтерім — еңбек кітапшам, еңбекақым жайындағы анықтамаларым түгелдей Ленин аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне тапсырылды.

— Иә, сонымен пенсияңызды тағайындатып алған шығарсыз? Қайырлы болсын!

— Тағайындатып алсам, осынша ренжитін не жөнім бар? — деп Шәкең төмен қарады. Жанары-

на үйірілген моншақтарды сырт көзге көрсетпейін дегендей теріс айналды.

— Содан бері сегіз айдың жүзі болған екен.

— Күлімдеп көктем келді, жадырап жаз шықты, міне, қоңыр күздің арты қарға айналып барады дейсіз ғой...

— Айтқаның рас, бірақ табиғат өзгергенмен аудандық қамсыздандыру бөліміндегі кейбір адамдар тастай қатып өзгерер емес. Дұрысын айтсам, олар да өзгеріп тұрады. Амал қанша, менің мүддеме қарай емес. Асықпасаң, бастан аяқ баяндайын.

...Обалы қанша, сол алғашқы күндері бөлімнің қызметкері Роза Смайылова деген сіңілім, тіпті қызым десем де болады, күлімдеп қарсы алды.

— Апай, сіз тігін фабрикасында істейтін көрінесіз ғой?

— Иә, қарағым, сонда істеймін.

— Сіздерде жақсы материалдар болып тұратын шығар?

— Үлкен фирмаға не түспейді дейсің, қалқам.

— Онысы жақсы екен.

Ал кремплин бар ма?

— Болады, қалқам.

— Трикотин ше?

— Ол да болып тұрады.

Міне, біздің арамыздағы алғашқы әңгіме осылай басталды. Розаның әдемі көздері жайнап кетті. Өңіне жайдары бір жылылық енген сияқты.

— Онда сізбен істес болуға болады екен?

«Жол мұраты — жету» дегендей-ақ, менің мұратым — пенсиямды дұрыстап алу ғой. Сол мақсатпен көп ұзамай тағы да аудандық қамсыздандыру бөліміне бардым. Кіналауға тілім бармайды, Роза қарағым жарқылдап қарсы алды.

— Шүйінші, апай, сіздің пенсияңыз 95 сом болып тағайындалды! — деді.

Қуансам да көңілім сенер емес. «Әй, осының бір шикілігі бар-ау, жеті қат жер астынан кен қопарған шахтердің пенсиясы да жүз жиырма сом шамасында болушы еді. Мен сияқты қатардағы тігіншіге 95 сом көп болар» деп ойлаймын іштей.

— Шырағым, Роза. Менің фамилиямды басқа біреумен шатастырып тұрған жоқсың ба?

— Түу, апай-ай, өзіңіз қызық екенсіз ғой. Сіздің фамилияңызды мен білмеймін бе?

— Онда көсегең көгерсін! — деп шын жүректен рахметімді жаудырып жатырмын. Розаның екі көзі менің сумкамды ішіп-жеп барады. Іштеңеге түсінбестен мен кеттім.

Документтерім даяр болған шығар деп біраз күннен кейін тағы да оралдым. Роза бұл жолы тісі ауырған кісідей томсырая қарсы алды.

— Сіздің пенсияңыз 75 сом 65 тиын болды!

— Неге, қалқам-ау, әнеу күні өзің 95 сом деп едің ғой?

— Сол да жарайды ғой.

— Е, жарайды, қалқам. Бұйырғаны болыпты да...

Сонымен документтерім даяр болмаған соң тағы да кете бардым. «Жазған құлда шаршау бар ма» дегендей, келесі бейсенбіде қайыра бардым. Алдындағы есеп-шотты сарт-сұрт қағып-қағып жіберді де:

Сіздің пенсияңыз 66 сом 86 тиын болды! — деді. Бұл жолы Розаның дауысы өзге бір дүниеден келгендей қатқыл шықты.

— Шырағым-ау, мені неге алдай бересің? Біресе 95 сом, біресе 75 сом дейсің, енді бүгін 66 сомға түсірдің. Қазақ баласысың ғой, мендей шешең бар шығар?

Розам мырс ете түсті.

— Қазақ, қазақ дегенде сондайсыз. Қазақтың қазақшылығын неге білмейсіз?

— Ойбұй, күнім-ай, көкейінді мен түсінбеппін ғой...

Осы жайды сол күні өзіммен бірге еңбек ететін Базар Жұмабаеваға айттым. «Апыр-ау, — деймін өзіме-өзім, — мұның кремплин, трикотинін мен қайдан тауып беремін? Ол бар болғырдың өзі айында жылында бір түседі фирмаға. Басында сол бар болғырларды бар деп несін айттым екен», — деймін күйініп.

Ертеде біреу айтқан екен: «Бір бақаннан бір қазық шығара алмадым» деп. Менің Розам да да сол болды. Басын бапандай, аяғын сапандай етті. Әуелдегі 95 сом жоныла-жоныла 62 сом 57 тиынға бір-ақ түсті. Сонда қалай, бұл пенсияны тағайындайтын, өзі би, өзі қожа Роза ғана болғаны ма?! Көңілі түссе өсіретін, көңілі түспесе өшіретін мықтымыз, табынар тәңіріміз, бұйырар әміріміз сол болғаны ма?

Амал жоқ, аудандық қамсыздандыру бөлімінің бастығы Қ.Нұртаева жолдастың алдына барып, мұнымды шағуға тура келді. Бірақ ертеде біреуге «мына қызың неткен сорақы» десе, әлгі мақтанып: «пәлі, Тәшкенде бір қызым бар, бұдан да сорақы» деген екен. Сол айтқандай-ақ, Розамның бастығы одан да сорақы болып шықты. Сөзімді тыңдамас-тан «бар, барып тұр. Біз пенсионерлермен сөйлеспейміз. Әй, Роза, өзінің бастығы кім екен?» — деді. Мен Баширов екенін айттым. Сонда: «Ендеше телефон номерін жазып ал, звонит ету керек» деді де есікті долдана жауып, сыздана шығып кетті. Әжептәуір бастықтың мынадай паңдығы маған еріксіз жағамды ұстатты. Міне, сегіз айға сүрленген пенсиямның хал-жайы осындай, — деп Шәкең сөзін аяқтады.— Шәке-ау, сонау бір кезде «төреге бара берме, пара бер», — дейді екен. Енді осы мақалды сәл өзгертін «аудандық қамсыздан-



дыру бөлімше бара бер, Розаға пара бер! Пара жеген құсады, қызметінен ұшады» десек қайтеді? Облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміндегі басшы жоластар бұл жаңа мақалға қалай қарар екен?  
1975 жыл.

## Теспей сорған Телеком

Биылғы жылы Қарғандыда «телефон дүрбелені» (Қазақстанның басқа жері аман-есен) шарасынан асып, чешен соғысынан кем болмай тұр. «Қайда барсаң — да «телефон жыры» алдыннан сарнап қоя береді.

— Күні кеше дін аман тұрған телефоным құлаққа ұрған танадай қантарылып, мылқау болып қалды, — дейді бір қария адам.

— Себеп?

— Себебі, он жыл бойы қызмет етіп келген телефоныма енді орнатқаным үшін ақы төлеуім керек екен.

— Төледіңіз бе?

— Жоқ-ә... Кейін анықтағанымдай, ақыны орнатқаным үшін емес, қала ішінде сөйлескенім үшін төлеуім керек екен. Жиырма күннің ішінде екі мың теңге борышты болып қалыппын.

— Шыны солай ма?

— Ойбай, қайдағы шыны? Логика қайда? Минутына 50 тиыннан төлегенде мен екі мыңға борышты болу үшін неше сағат сөйлесуім керек, өзіңіз есептеңізші. Сайға сыймайды ғой, тіпті!

Арыз айтушылардың көпшілігі — зейнеткерлер. Ақшасы барлар «бас қатырып жүремін бе, пәлесінен аулақ» деп төлей салады. Енді бір ақсақал айтады.

— Павлодарда қарындасым тұрушы еді. Ауру-сырқау болған соң халін білейін деп 5-6 рет телефон соқтым. Ар жақтан тырс еткен хабар

болмады. Ауруханаға түсіп қалса керек. Енді ақша төлеуге келгенде әлгі компьютер жәшігі «300 теңге борыштысын» деп қарап тұр.

Мына бір жақтан бір бәйбіше мұнын шақты.

— Қарағым-ау, үрім-бұтағыма бітпеген «сотовый телефон» деген ақша төлерде алдымнан шықты ғой. Ол пәлеге звондасаң құны удай көрінеді. Төле деген соң, төле, әйтпесе телефоның қиылады» дейді Телеком.

Міне, осылай тізе берсең, әр телефон иесінің мұн-зары жалғаса береді.

Қарағандының Оңтүстік-Шығыстағы телеком бөлімшелеріне барсаңыз еститін «жырыңыз» осындай. Ол жерде мәселені шеше алмайсыз, Орталыққа келесіз. Онда да иін тірескен халық. Кезекке тұрасыз. Бір кісінің мәселесін анықтауға 15-20 минут кетеді.

Өліп-тіріліп есеп айырысу операторына жетесіз. Арыз жаздырады. Оның нәтижесі ай-ай жарымсыз шықпайды. Телефоныңыз әрі-сәрі күйде қалады. Қала ішінде қай жермен сөйлескеніңізді анықтап беруді сұрайсыз. Жарты сағат сырылдатып, қолыңызға ұзыннан ұзақ, көкке тұзақ дерліктей қағаз ұстатады (осы қағаздың құны да телефон иелерінің мойнына түсетініне күмәнданбаймын). Қарайсыз. Телефон тұтқасын көтерсеңіз-ақ болды, арғы жақ жауап бере ме, бермей ме, онда шаруа жоқ, аппарат есептей беретін көрінеді. Қысқасы, сіз қанаушының қолына қалай түскеніңізді білмей, ауырмай өлетін күй кешесіз...

Осы пәленің — халықты қан жылатқан Телекомның жаңа жұмыс тәсілінің қайдан шыққанына миыңыз жетпейді. Шетелде солай дейді. Ал біздің техникамыз, мамандарымыздың іс-қабілеті соған сай келе ме? Әй, келмейді-ау. Жоғарыдағы қателіктер (мұлт кетіп жатсын, әдейі болсын) осы

пікірімізді дәлелдей түсері сөзсіз.

Енді кімге мұнымызды шағамыз? Жазған етінішіңіздің кімге бағыталғаны да мәлімсіз. Сұрасаңыз — айтпайды. Телефон номеріңізді, мекен-жайыңызды көрсетесіз. Сонымен іс төмам.

Кейінгі тәсіл бойынша ай сайын телефонның абонемент ақысын сәл азайтып төлейсіз. Бірақ әр минут сөйлескеніңіз үшін (5 секунд болса да) 50 тыйын төлеуге міндеттісіз. Мұндай жағдайда абонемент ақысын не үшін төлегенсіз? Бұл «құпия» Телекомға болмаса, сізге беймағұлым. Оның үстіне әрбір он күн сайын есеп айрысып тұруыңыз керек. Әйтпесе, телефоныңыздың аузына құм құйылады. Оны қосуыңыз үшін тағы кезекке тұрасыз. Қарақұрым кезектен шаршап-шалдығып операторға жеткеніңізше жүйкеніз жүн болатынын ескеріп жатқан тірі пәнде жоқ. Есеп айырысу орталығымен арада әрлі-берлі жүргенде көлікке төлеген жолақыңыздың мөлшері телефонға деген борышыңыздан асып кептпесе, кем түспейді.

Осындай қызыл танау шапқылау, жүйке жүндеу қанша уақытқа созылар екен?

§ Ақыры телеком жеңілді...

2000 жыл.

## Алабажақ көріністер

(скетчтер)

### Оқалақ суды қуып...

Шағын шелекке құйған сыраны ортаға алып екі жігіт сіміріп отыр.

1-жігіт: (қойнынан бір жартыны шығарып, құя бастайды екі стаканға). Кел, наурыздың құрметіне ыздитып жіберейік.

**2-жігіт:** Бұл шіркіннің өзін ішерінді де, ішпесінді де білмейсің. Бағасының өзі удай болып кетті ғой. Ептеп иіскеп отырғың-ақ келеді. Әттең, шыдамын жетпейді. Кел, тартып жіберейік. (Екеуі көтеріп қояды).

**1-жігіт:** : Ей, осы біздің қазақтар қазірде арақтан алдына жан салмайтын шаң тимес жүйрік болды деген рас па?

**2-жігіт:** : Рас болғанда қандай? Өзін айтшы, басқалардың үйіне барсаң, арақ бере ме саған. Бермейді. Арақ тұрсын, судың өзін татырмайды. Ал, қазақтың үйіне баршы. Өзі аштан өлсе де, барын алдына қоя ма? Қояды. Үйінде арағы жоқ болса, көршісінен, көршісінде жоқ болса, ауылынан, ауылында жоқ болса, аймағынан сұрап, ат түйедей қалап әкеле ме? Әкеледі, Сенімен бірге өзі іше ме? Ішеді. Ертең менің үйіме келсе, мен де соның қарызын қайтарам деп тыраштанып жатқаным. Бүрсікүні сен міндетінді орындайсың. Арақ бермеген үйдің асын ішпей, табағын төңкеріп кетіп жүргендер кімдер? Біздер — қонақжай қазақтар. Келін түсірсе, бала туса, шала шабылып, бірінен бірі байлығын асырам деп жанталасып жүргендер кімдер? Тағы да біздер, қазақтар. Тойға шақырса бас-басына сөз беріп, «ішіп қой», «ал, давайдын» астына алып, сілейгенше сіміретін кімдер? Мына біздер — қазақтар.

**2-жігіт:** : Ей, сен өзін оратор екенсің ғой. Тамағым құрғап барады. Майлап қойып сөйлесейік. (Тағы да бір-бір стаканды тастап жібереді). Қазір ғой, кәсіпорындарды жеке меншікке сатып жатыр. Соларды сатып алған қазақ көрдің бе? Саусақпен санарлық. Тіпті алғысы келгендердің өзін қақпайлап жүр ғой кейбіреулер сона көзденіп.

**1-жігіт:** : Ойпырмай, екеуіміз оқалақ суды қуып жүргенде, басқалар келешегінің ірге тасын қалап,



қақпаларын бекітіп жатыр екен ғой. Ертең есігінен қаратпай кеудемізден итеріп жіберетін шығар.

**2-жігіт:** Ол да болмай қоймас. Ей, бауырлар, (көпке қарап) өстіп жүре береміз бе, жоқ бізге де ақыл кіріп, ел қатарына қосыламыз ба? Мен қазір мас емеспін. Ойланайықшы. Ойпырмай, онбайды екенбіз бүйте берсек.

**1-жігіт:** Ойланайықшы, мырзалар! Оған дейін осының күйігіне бір-бір тартып жіберейік, (екеуі стакан соғыстырып, қағып салып, тәлтіректей басып кетіп бара жатады).

### Ей, мынаның басы жұмыс істейді...

Екі өкпесін қолына алып, қашып келе жатқан жігіт. Сахнаны бір-екі айналады. Соңында — милиция. Ысқырып келеді. «Стой! Стреляю» деп қояды. Бір кезде қуып жетіп ұстайды.

**Милиция:** Әкел малақайды?

**Жігіт:** Қайдағы малақай?

**Милиция:** Анау қойнында тұрған.

**Жігіт:** (кекете) Мынау ма, мә, ала ғой.

**Милиция:** Ей, мынау ескі малақай ғой (иіскеп), өзі бензин сасиды.

**Жігіт:** Енді неғыл дейсің? Мен — шофермін. Бензин сасымағанда әтір аңқиды дейсің бе?

**Милиция:** Жанағы әйелдің басынан ала қашқан бөркің қайда?

**Жігіт:** Ол ма, оны анау көшемен қашқан жігіт алып кеткен.

**Милиция:** Ол кім?

**Жігіт:** Откуда я знаю. Ол да қарны ашқан бір студент шығар.

**Милиция:** Қарны ашқанда ұрлық жасай ма екен?

**Жігіт:** Ұрлық жасамағанда, аптан өлеміз бе?

Еттің келесі 500 сом болса, малақай 30 000 сом, ең аяғы тіс пастасы 250 сом, етігім 25 мың сом болса, оны маған кім береді? (екіленіп) Айтшы, құдайшылығыңды, менің орнымда өзін болсаң не істер едің? Дүкендерің анау қараң қалып, қанырап тұр. Алыпсатарың анау қолына түкіріп, жалақтап тұрған. Баяғыда «Чапай» кинофильмінде шаруалар айтушы еді ғой: «ақтар келін бір тонап алды, қызылдар келіп екінші тонап алды» деп. Сол айтқандай, дүкендегі сатушы бір тонайды, базардағы алыпсатар екі тонайды. Тонаушылар көбейді. Енді мен жан үшін біреуді тонасам, соған да кінәлімін бе? (жыламсырайды).

**Милиция:** Ей, мынаның басы жұмыс істейді, ей. Мынадай ұсақ ұрылардан гөрі, азуы алты қарыс акула ұрыларды неге ұстамаймыз. Әлде саудагерлік дегенді коммерция деп өзгерткенге, кооператив, биржа, тағы немене еді, әне біреулерді көбейткенге, мәселе шешілді деп жүрміз бе? Жүр, қарағым, енді сендердің соңынан жүгіргенше түкті түйені түгімен, жүкті түйені жүгімен жұтатын мафия, рекет ұрыларды ұстайық. Сен де көмектес маған. Солардың есебінен мынау деген (бас бармағын көрсетіп) бір малақай кигізуге сөз берейін (екеуі қол ұстасып кетеді).

### Жариялылық жалына жармасып...

Дамы, господа! Дамы, господа! Мырзалар, ханымдар!

Демократияның денсаулығының арқасында, жариялылықтың жанына жаманшылық бермесін деп құдайдан күніне он рет тілеп жүргендердің бірі мына менмін. Мына мен Бөспеслав Ызгытович Көбікауызов деген жігіттің Сіздерге мына бір хикаяны айтайын. Мен жығылсаң нардан жығыл

деп, соғысты облыстық дәкейден бастадым. Жиналыс сайын сынайтын болдым. Осы күні қой дейтін қожа жоқ, әй, дейтін әже жоқ емес пе? Әлгі Крыловтың мысалындағы «пілге де үрген бұл шіркін» дейтін шәуілдектің өзінен аумай қалдым. Әйтсе де байқаймын, беделім күн санап арта түсетін сияқты. Төменнен де, жоғарыдан да қолдаушылар табылып жатты. Аз қазақты шілдің қиындай бытыратып, жік-жікке, топ-топқа бөлетіндер пайда болды. Дегенмен солардың ішіндегі еті тірі, ет пен терісінің арасында желі барларды да маңайыма топтастыра бердім.

Кейде бір-бірімізді сынаған, мінегенсіп, тарпайысып, қоқиланып қалатымыз да бар. Нечауа! Ол да саясат. Ішкі есебіміз өзімізде.

Сөйтіп не керек, депутаттыққа кандидат десе, мені ұсынатын болды. Төраға, өраға дейтіндерге де менің атымды атап, қалың жауға қаймықпай шабатын жүрек жұтқан батыр етіп, көбіктей көшіртіп қояды. Біреу сөзінді сөйлеп жатса, аузын қышып бара ма?! Ондайда торғауыттың қамалын тоғыз рет бұзған, тор көзді көк сауыт киген Қара батырдай қасқайып тұра беремін ортасында.

Ал, маған деген кеудесінде қыжылы барларды беттен алып, аузына құм құйып, көмейін кептеп, бітеп тастаймыз. Содан әлгі облыстың бетіне қараған дәкейі де «Осы пәледен құтылайық» деді-ау деймін. Бір үлкен мекеменің қойқандаған бастығы етіп көтерді де жіберді. Тегінде естерінде болсын, «өз бетін аямаған, өзгенің бетін шиедей қылады» деп сескенеді білем осы жұрт. «Пәледен машайық қашыпты» дейді ғой баяғы. Енді міне өзім би, өзім қожа. Көпірген сыннан да, демократия, жариялылық деп жар салған белсенділіктен де жұғыны қалған жоқ. Жынын алдырған бақсыдай басылып қалдым. Осы ақылымды алсандар, қор

болмайсындар. Ұқтындар ма? Ұқсандар сол...

## Не дейді мына сайтан?

Сахнада цыган әйелі.

Бір-екі қыз бен жігіт шығады. Цыган әйел алдын кес-кестей: сигареты, сигареты, Тютун! Тютун! Молодой человек, покупай! Надо угостить девушек!

**Жігіт:** Сигарет қаншадан?

**Цыганка:** Совсем не дорого. Екі жүз елу сом.

**Жігіт:** Астапыралла, екі жүз елу сом дейсін бе?

**Цыганка:** Чего удивляешься. Коммерческиде бұдан да қымбат. Не хочешь не надо!

**Екінші жігіт:** (қасындагыға) Ей, ала бер осыдан арзан таба алмайсың. Мен кеше мына шашымды 300 сомға алдырдым.

**Қыздар:** Шаш қымбаттаса, ми толатын болса, онда біздің басымыз алтынға бағаланатын шығар. Мен шәшімді 1500 сомға боятып бұйралаттым.

**Цыганка:** Что вы говорите, не понимаю? Аласың ба, жоқ па?

**Жігіт:** Ей, мынау қазақша сөйлейді гой.

**Цыганка:** Как қазақша сөйлемейсін. Менің товарларымды алатын ылғи қазақтар!

**Қыздар:** Как қазақтар?

**Цыганка:** Ты думаешь я тебя обманываю. Қазақта ақша аз болғанымен ақыл көп. Оларға темекі тартудан да, арақ ішіп шалқудан да, наша тартып балқудан да орыстарды, цыгандарды да басып озу керек. Білесің бе, кім артта қалса, сол таяқ жейді. (айналып жүріп кетеді).

**Жігіт:** Не дейді мына сайтан! (жігіт аң-таң).



## «Біз Калайгирдікіміз»

Алыс жолдан келе жатқан ақсақал адам. Алдынан қыз бен жігіт шығып, шүлдірлесіп, аймаласып тұрады. Ақсақал беттеріне қарап, таңқалған пішінде.

**Ақсақал:** Балалар, түрлеріне қарасам қазақ сияқтысындар. Тілдерің — орысша, Кәріссіндер ме?

**Жігіт:** (Қызға қарап). Кто такой карис?

**Қыз:** По-моему кореец.

**Ақсақал:** Иә, Иә, карис дегенім ғой.

**Жігіт:** Кореец емеспіз, қазақпыз.

**Ақсақал:** Онда қазақша сөйлессендерші, айналайындар, мен Беркінай деген көшені іздеп жүр едім, білесіңдер ме?

**Жігіт:** Беркін-ай емес, Верхний, ата.

**Ақсақал:** Болса болар, қарағым. Сен сорық деп, мен қырық деп, әбден шатастық-ау.

**Қыз:** Наверно, ол улица Крылова. Крылов сол көшеде тұрыпты. Слышала бұрын Верхний деп аталыпты. Ол, ата, там. Сначала направо, потом налево, потом прямо.

**Ақсақал:** Ой, пряманнан айналайын. Бақытты бол! Өздерің қай жердің баласысындар?

**Қыз:** Как, қай жердің? Жердің баласы бола ма?

**Ақсақал:** Қай қаланың, қай совхоздың дегенім ғой.

**Жігіт:** А, түсіндім, ата. Біз Калайгирдікіміз.

**Ақсақал:** Мен де түсіндім, қарақтарым. Құлайғырдың балалары екенсіңдер ғой. «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады» деуші еді бұрынғылар. Әйтеуір қазақтан туған соң, ешкімге мазақ болмасандар болды, айналайындар. Қош болындар!

23 сәуір, 1993 жыл.



## ҮІІІ. КӨҢІЛАШАР ӘҢГІМЕЛЕР



### АҚТОҒАЙДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

Қытай халқының «Сен маған досыңды айт, мен сенің кім екеніңді айтайын» деген мақалын сәл өзгертпін: «Сен маған еліңді айт, мен саған кім екеніңді айтайын» деуге болатын сияқты. Ежелден әнші, күйшілердің ұшар ұясы, самғар қиясы саналатын Ақтоғай атырабы — қырғи тілді тапқыр, айтқыштардың да ортасы. Талай-талай қиынқыстау шақтарда да езуінен күлкі кетпеген, әзіл, қалжың, сықақ, мысқылдың шақпағын шағып, отын тұтатқан ақтоғайлықтардың асыл сөздерін ерінбай жинап бастырса, қалың кітаптарға жүк болар деп ойлаймын. Мен аяулы елімнің от тілді, орақ ауызды азаматтарының есімімен байланысты кейбір әңгімелерді сөз қадірін білетін жұртшылыққа ұсына отырып, бүгінгі нарық қыспағының тұманы тұмшалаған көңілдерге күлкі сәулесін түсірсе, еңбегіміз ел кәдесіне жарады дер едім.

«Мұрныңың маңқасын да қимайды екен»

Ақтоғай селосының оңтүстік шетінде, Тоқырауын өзенінің жағасында Нұрбек бәйбішенің үйі бар еді. Ұлы Отан соғысының майданына Қапасәлі, Үкітай есімді балаларын аттандырған кейуананың тұрмыс жағдайының мәз емес екенін жұрт байқап жүріпті. Жаратылысында тәкаппар, текті кісі «менің

жағдайым нашар» деп тіс жармапты. Сонда да кейбір жөн білетін, еті тірілер «Сіз әскер семьясысыз, аудандық Кеңес атқару комитетіне барып, көмек сұраныз. Отын, шөп түсіртіп берер» деп ақыл-кеңес айтады. Бұрын өмірінде кеңсе есігін ашып көрмеген Нүрекен «нар тәуекел» деп төрағаға келеді аяндап. Ол кезде төрағаның есігін күзетшілер аз болмайтыны белгілі. Әйтсе де кезек күтушілер қадірлі қарияны сыйлап, бәрі де орындарынан өре тұра келіп, қол береді. Реті келгенде айта кетейік Нұрбек бәйбіше Алаштың ардагері Әлихан Бөкейхановтың туған қарындасы. (Оны біз кейінірек білдік). Әрі он саусағынан өнер төгілген ісмер болатын. Нүрекен жағасын, жеңін кестелеген әсем көйлектер — жігіт біткеннің арманы еді. Нүрекеннің осы өнері қызы Әнелге де жұғысты болды. Сонымен Нүрекен кеңсеге кірген кезде төраға телефонмен сөйлесіп жатады да бәйбіше кіруін кірсе де түрегеліп тұрып қалады. Басекен қызу әңгімемен байқамады ма, әлде қарт адамды елемеді ме, «отырыңыз» деп мезіретті жасамайды. Бір қауым уақыт өткен соң әңгіме аяқталып, төраға «отырыңыз» дегендей ілтисіпат білдіреді. Нүрекен бастық нұсқаған орындыққа отырып, өтініш айта бастағанда телефон қайта шылдырайды. Төраға сала құлаш орамалын алып, мықтап бір сіңбіріп қайта қалтасына салады да, телефонға жармасыды. Сөйтіп, ұзақ сөйлеседі. Осы кезде шыдамы сарқылған Нүрекен ептеп басып сырғып шығып кетеді кеңседен.

Есік алдында кезек күтіп тұрғандар «көп бөгелдіңіз ғой, қалай көмек көрсететін болды ма?» деген сияқты сұрақтарды жаудырады. Сонда Нұрбек бәйбіше: «Әй, балалар-ай, «Қоянның түрін көр де қалжасынан түніл» деген бар ғой. Мына бастығың мұрнының маңқасын да қимай қалтасы-

на салып алады екен. Осыдан ештеңе шықпас деп шығып кеттім, — депті.

...

Сол Нүрекен үйде кесте тігіп отырса бір жігіт кіріп келеді. Күн жаңбыр екен. Басынан су сорғалап, мойнынан құйылып тұрғанын Нүрекен байқап қалады да:

— Байғұс-ау, мына жаңбырда жалаңбас жүргенің қалай? — дейді. Әлгі жігіт «бөркім су болмасын деп қойныма тығып алып едім» деп көрсетеді, сонда Нүрекен:

— Қарағым-ай, бөркің өзіннен құнды болса, бекер-ақ өмір сүріп жүр екенсің, — дейді.

### «Біз де әйел алдық деп жүрміз-ау...»

Ұлы Отан соғысының алдында Қарасу деген жерде (кейін XXII партсъезі совхозының орталығы болды) Сатыпалды, Сатый деген ағайынды жігіттер болды. Сатыпалды — байсалды, орнықты адам еді, Сатый жүрген жері күлкі, тума актер болатын. Бір көрген адамның да жүріс-тұрысын, сөйлеген сөзін аудармай салатын. Шоғыр деген ақсақалдың дауысын айнытпай «Қойдың жүні шеңгелдің басында қалып қояды» деген әңгімесін айтқанда жұрт қыран-топан болып күліп, құлап қалатын.

Бірде Сатый кірешілермен бірге Балқашқа қарай жол тартады. Қарасудан шыққан соң қоналқы жер — Шолақ бекеті. Қас қарая кірешілер сықырлап сонда жетеді. Қыстың күні. Үй суық. Бекетшінің әйелі жас талды пешке тыққыштаған болады. Жанбайды. Бықсиды. Көк түтін үйдің ішін алып кетеді де, амалсыз есікті ашып тастайды. Осылай итшілеген күйде бір дәуір уақытта дастарқан жайылады. Оншақты ақсақ-тоқсақ құрт, қуырған би-



дай шашылады. Шай жоқ. Ақ суды сораптап, тоңып келген кірешілер жан шақырады. Бекетшінің әйелі бейуақытта келген қонақтарды мылтығы болса атып жіберердей сызданып, екі-үш рет теріс айнала беріп сіңбіріп тастап отырады.

Сол кезде Сатый таңдайын қағып, «Әй, әй, иттің баласы-ай, әй, иттің баласы-ай» дей беріпті. Кірешілер елендеп, «ей, саған не болды, кімді иттің баласы деп отырсың» дейді, Сатыйдың бір қулықтың шетін шығарғалы отырғанын аңғарып.

— Кімді айтушы ем. Әлгі біздің үйдегіні айтамын да. Иттің ғана баласы-ай! Танертеңнен кешке дейін қолы бос отырып бір сіңбірмейді-ау. Мына кісіні қарашы, осы жерде шай құюдан қолы босамай отырып, су отынды жаға алмай, бір жағынан көк түтінді бұрқыратып отырып, е дегенше екі сіңбіріп жіберді емес пе? Әй, құдай-ай, біз де қатын алдық деп күпініп жүрміз ғой. Мына кісі келді десе, сүйіншісіне беруге жарамайтын шөпжелке, осы отырған ай мен күндей аппақ жеңгемнің садағасы кетсе болмас па еді?! — дейді сөзін әндете созып.

Сатыйдың әлгі астарлы сөзін мақтады деп түсінген әйел дастарқанды қайта жасап, нан араластыра бауырсақ төгіп, шығара құйып шай берген екен.

Сатыйдың шешесі аңқау адам еді. Бір жылы Қарасудан Ақтоғайға келді. Жеккендері қара айғыр. Түнде далаға шыққан Сатый еңтігіп жүгіріп кірді.

— Апа, апа!

— Не болды, сонша аптығып?!

— Апа, сүйінші, қара айғыр құлындап қалыпты. Қара төбел құлыны бар, аяқтаныпты.

Сонда аңқау ана:

— Әй, жүгірмек-ай, бүгін күні бойы әкең өлген-

дей қуалап айдап едің, обал болды-ау, жануар-ай!  
— дегенін өз құлағымызбен естіген едік. Сол күлкінің гүлі — Сатый майданда мерт болды.

### «Арақ антұрғанның жықпайтыны жоқ...»

Қырқыншы жылдың қысында «Бірінші Май» ұжымшарының орталығындағы Қарасу орталау мектебінің директоры, жұртшылыққа ұстаздығымен қатар ақындығымен жақсы мәлім Жабас Кенесбаев «Сартерек» елді мекеніне жақын «Қарашлік» қыстағындағы Спан балуанға сәлем беруге бұрады. Секең сол кезде жетпісті орталап қалған — қария кісі пеш түбінде жантайып жатса керек. Енді әңгімені Жабекеннің өзінен естіген күйінде қысқана баяндайын.

«Амандық-саулықтан соң Секең «елдерінде не жаңалық бар?» деп қайталап сұрай берді. Мен «ел аман, жұрт тыныш, бөтен әңгіме жоқ» деп, қысқа ғана қайырып қоямын. Байқаймын, бұл жауабым балуанды қанағаттандыратын түрі жоқ. Секең әлгі сұрағын тағы қайталаған кезде жайбарақат қана: «бөтен әңгіме дейтіндей емес, жай, мына бір Балқаштың арғы жағасындағы Жалайыр елінің үш балуаны келіп, елді аралап жүр» дедім. Сол кезде құс жастықты шынтақтап жатқан қарт балуан кеудесін тіктеп алып: «Е, бағанадан бері соны айтпайсың ба? Мүмкін мен білетін шығармын. Кім деген балуандар екен өзі?» — деп, ынтыға түсті. Мен балуандарды таныстыра бастадым. — Басшысы — 90 жастағы шал — Толыңқарт деп атайды екен. Қасында екі ұлы бар. Үлкені 50 жаста. Есімі — Байбұлан. Кішісі — 40 жаста, аты — Ақмағамбет.

— Толыңқарт, Толыңқарт... — Секең ойланып отырып қалды. — Мен білмедім. Ондай шалдың

есімін естігенім жоқ. Жә, сонымен, немене біздің жігіттер жығып жүр ме, әлде жығылып жүр ме? — деді ақсақал.

— Ойбай, Жалайыр балуандары шыдатар емес. Әсіресе, анау тоқсандағы шал қырқа шалып тастап, қырып бара жатыр, — деп «өкінішімді» білдірдім.

— Не дейт? Әлгі Моншақбай соққан қайда? Ұялмай тоқсандағы шалдан ол да жығылды ма?!

— Жығылғанда қандай? Моншақбайыңыз сол шалдың қолынан ұстауға жарамады-ау, — деп Секеңнің намысын шабақтап, шымшылай түстім. Секең шын торықты. — Апыр-ай, ә, апыр-ай, мына шіркіндерді құрт жеп қойған шығар, мен биыл жетпістің жетеуіне шықтым. Осында бір келсе, сол шалдың жауырынын жер иіскетпесем — Спан атым құрысын! — деп, көк қаршығадай ғана қария екі білегін сыбанып, осы қазір Жалайыр балуандарымен белдесетіндей қаһарланып алды.

— Қайтесіз, ақсақал, солармен күреспей-ақ қойыңызшы. Өздері бір кісі сыйлай білмейтін тәртіпсіз балуандар көрінеді. Аяққа жармасады, қарсыласының киімін жыртып, көзін көгертіп, бет-аузын тырнап тастайтын жаман әдеттері де бар екен, — деп майдалап жатырмын. Қойшы, сонымен мен Секең ауылынан аттанып кеттім. Қайтуда соққаным жоқ. Ақсақал болса, өткен-кеткеннен әлгі үш балуанды көрдіңдер ме? — деп сұрап, мазасызданып отыра береді. Күндердің күнінде біреу жұмбақ балуандардың сырын ашыпты.

— Ақсақал, Жабекен айтқан балуандар біз сияқты екі аяқты, бір басты тірі адамдар емес, шөлмекке құйған жынды сулар. Толыңқарт — 90 градусық спирт, Байбұланы мен Ақмағамбеті 40 және 50 градусық арақтар. Жабеке сіз жаңалық сұраған соң көңіліңізді қимай сол әңгімені өзі шығарғ-

ан ғой, — дейді жолаушылардың бірі.

— Апыр-ай, Жабас та дұрыс айтқан екен-ау. Шынында да бұл антұрғанның жықпайтын адамы жоқ болар, — деп Спан балуан ел жігіттерінің шынымен жығылып қалмағанына шүкіршілік етіпті.

Бүгінгі ұрпағының қирай жығылып жатқанын көрсе, қайран намысқой балуан не айтар еді?!

### «Тақымдайтын тар жерде...»

Қасабек Аманбеков ақсақал қазір Балқаш қаласында тұрады. Ертеден жасырын болса да ораза ұстап, намаз оқыған, алладан иман тілеген адам.. Әскери комиссариатта, шаруашылық салаларында еңбек еткен Қаскеннің сүйегіне сіңген бір мінезі — қайда жүрсе де, қашан көрсең де әзіл, қалжыңнан ажырамайтындығы. Аудандық партия комитетінің бюросында қандай бір қиын іс тапсырса да «орындаймыз бұлжытпай!» деп сенім береді екен. Орындалмайтынына көзі жетін тұрса да — солай демеске лажы жоқ. Бюродан шыға бере: «Болмайды тағы жылжытпай» деп күліп жүре береді екен.

Сол Қасекең жоғарыда әңгіме еткен Жабас Кенесбаевпен құдандалы әрі әзілі жарасқан, тәтутәтті, сыйласып жүретін. Бір жолы Қаскен Жабекеңе дәретханада кездесіп қалады да тосынан өлеңдетіп қоя береді.

Отырарын көбейсін,

Амансың ба демейсің.

Құда, жекжат болсақ та,

Көптен бері үйімізге келмейсің, — деген екен.  
Сонда Жабекең жұлып алғандай:

Ауыл алыс, жұмыс көп,

Қол тимесе не дейсің...

Тақымдайтын тар жерде,



Неге сен маған өгейсің?

Отырған жерім пұшпақ қой,  
Зәр деген нәрсе қыспақ қой,  
Құда, жекжат болғанда

Тілегенің маған тышқақ қой, — деп «реніш» білдіреді. Осы әңгімені маған ұзақ жылдар ұстаздық етіп, жемісті еңбегімен танылған марқұм Қабыкей Баймағамбетов 1978 жылы 23 шілдеде Қаратал кеңшарының орталығы Шылымда айтып беріп: «Ән-күймен таң атырған, ойын-күлкімен күн батырған, қайран дәурен-ай!» деп жастық шағын сағынғандай күй танытып еді.

«Сенімді ғой деп Мүгілге сатып жіберіп едім...»

«Қаратал» кеңшарында Қабан ақсақал тұрады. Бір жылы ол үй салып жатыр екен. Аралап қарасақ бөлмелері көп те кең болып көрінді бізге.

— Қабеке, үй құтты болсын! Қатырып жатқан көрінесіз...

— Қарағым, мешкі үй ғой. Ал, енді ана біреулерге қарашы, үй емес, тура Дом Советов!

Сол әзіл, мысқылмен елді аузына қаратқан Қабекең өзінің балдызы Қайырбек Байсеркинмен де қатты қалжындасып ойнай береді екен. Қайрекен де ешкімнен сөз сұрайтын адам емес, жездесімен итжығысқа түсіп жүреді ғой баяғы.

Бірде Қайырбек Қызыларай тауынан бір мәшине ақ сөңке қарағай арттырып, Шылымда отырған жездесінің үйіне келіп, шай ішеді де аттанарда «менімен бірге жүріп, мына отынды түсіріп, бұтап қораға кіргізіп бер» деп қолқа салады. Қабекен келіседі де, мәшинаға таудай етіп артқан отынның үстіне шығып жайғасады. Мәшина орнынан қозға-

ла бергенде көңіліне бір қорқыныш кіріп, «Әй, тоқташы, мен үйге кіріп қош айтысып шығайын» деп айқай салады. Мәшине тоқтап, Қабекен үйге кіреді де, содан қайтып шықпай қояды. Қайырбек әрі тосып, бері тосып, шықпаған соң ыза болып, жерге бір түкіріп тартып кетеді. Біраз уақыт өтіп кеткен соң қайыра келген Қабекене өкпесін айтады ғой...

— Сен өкпелеме, Қайыржан! — дейді Қабекен. — Менде кінә жоқ, кінә өз апанда — Мүгілде. Мен үйге барып жағдайды айтқан соң, таудай болып артылған отынның үстінен құлап өліп қаласың деп, жібермеді ғой. Әйтпесе, мен аянайын деген жоқ едім. Өлсем де төсекте жатып емес, биіктен сұңқардай құлап өлетін едім. Құдай оған да жазбады ғой, — депті.

— Жарайды... Енді бір шаруа тапсырсам орындайсың ба? — дейді Қайырбек.

— Ойбай, екеуін тапсырсаң да мен дайынмын — дейді Қабекен.

— Орындасаң — маған бір соғым дайында. Ақшасын төлеймін. Тегін алады деп ойлама, — депті Қайрекен.

— Айттың — бітті. Қар түскен кезде ет қатады-ау дегенде кел! Өзің алып кет, менде жеткізіп беретін көлік жоқ. Оны өзің білесің.

— Е, ол жағын біз қатырамыз? — деп Қайрекен кетеді...

Айтқандай қар түсіп, күн аязданған кезде мәшинамен Қайырбек келеді. Соғым сойылған. Жылқының қазы-қартасы, жылы-жұмсағын асып, балдызын қонақ етеді. — Ал, Қабеке, — дейді Қайрекен жатарда мен қайтуым керек. Шаруа сол — анадағы уағдаласқан соғымды алып кету. Басқа бұйымтайым жоқ.

— Қайыржан, айналайын, — дейді Қабекен өкінішті дауыспен. — Осы менде бір жаман мінез

бар. Анадағы соғымды сен ақшасын қолыма тигізе ме, тигізбей ме, әлде ендігі жылға дейін созып кете ме деп күмәнданып, мына Мүгіл өз адамымыз сенімді ғой, үй ішінен жалғасып отырамыз ғой деп, осыған сатып жіберіп едім. Кешір, қарағым, менде кінә жоқ, — деп жуып-шайып мәймөңкелейді.

Қайрекен жездесінің бетіне тандана қарап:

Апырай, Қабеке-ай, сізге дауа жоқ екен ғой? — деп орнынан тұрып, етегін қағып жүре береді. Қабекең «қарағымды» мінгізіп, «шырағымды» жетектетіп шығарып салады.

• • •

Қабан ақсақал қалжыңға шебер және жұрт оның сөзіне қыран-топан күлісіп жатса, өзі езу де тартпайды. Бірде ауылдың еріккен жігіттері Қабекеңді бір мықтап мас қылмақшы болады да, сол кездегі Шылымның көк сырасына суарады ғой. Қыза-қыза біраз жерге барып қалса керек, Қабекең енді аттың басын тарта бастайды. Бірақ жігіттер жанын қоймай қолқалап ішкізіп, кеңірдектен келтіреді. Бір замандарда Қабекең киімін киініп сыртқа шығады. Қай жерде сүрінер екен деп аңдып, жігіттер артынан ілеседі. Қабекең тоқал үйдің бұрышын айнала беріп лоқсып-лоқсып тастайды да, әрі қарай тарта жөнеледі. Артына бұрылып мәз болып тұрғандарды көреді де:

— Әй, мыртымбайлар, қимағандарын анау ғой, таласпай бөліп алыңдар енді, — дейді.

### «Біріншіге еркіндеп жете алмайтын үшіншімісің...»

Ақтоғайдың «Сөйлемесе сөздің атасы өледі» деп жүретін атақты бір азаматы Есенбай Тақанов көп жылдар шаруашылықтарды басқарған. Бір жылы курортқа барады. Бөлмелес серігі лебімен диірмен

тартып, аузымен арыстан алып жүрген даңкеуде біреу болып шығады. Ескенді менсіне қоймапты. Сондай адамдардың кісімсіген әдетімен: Қайда істейсің? — дейді Ескене.

— Мен бір кеңшарда...

— Онда кім болып істейсің?

— Сол... әйтеуір бір басшылық қой, — деп Ескең биязылайды.

Анау ыңыранып «Е... е» дейді де қояды. Біраздан соң Ескен бастайды әнгімені.

— Өзің қайда істейсің?

— Мен райкомда хатшымын! — дейді әлгі «көтерсең-көтер, көтермесең — ойылып кет, қара жер» дегендей сызданып, сонда Ескең:

— Хатшы болғанда қайсы? Әлгі екпіндеп барып төрге шығатын біріншімісің, жоқ әлде есіктен келіншілеп кіріп, біріншінің алдына жете алмай тұратын үшіншімісің? — деп ежірейе қарайды.

Шынында анау үшінші хатшы екен. Содан былай мынау ішімдегімді көзімнен оқып қоятын пәле болмаса игі еді деп, кетер кеткенше Ескеннің алдында құрдай жорғалап жүретін болыпты.

Әне бір жылдары институтқа түсуге дәмелілер емтихан тапсырып жатқан жерде Ескең отыр екен. Сәлемдескен соң ол кісінің бір әдемі әнгімесін бастатып, біз де қызықтап отырып қалдық. Бір кезде абитуриенттердің бірі көзі жыпылықтан шығып, жанымыздан өтіп бара жатыр еді. Ескең:

— Әй, балақай, қаншаға тапсырдың? — деді.

— Құлап қалдым — деді бала.

— Ештеңе етпес, айналайын. Еш жерің ауырмаса болды ғой. Үстіңді қағып жібер, — деп Ескең баланы көңілдендіріп жатыр.



«Өз көзіндей шүңірейтіңкіреп  
итеріп қойшы...»

Әубәкір ақсақал — Қызыларайдың тумасы. Соғыстың алдында сол жерді мекендеген Кеңасу, Жұмыскер, Мәдениет аталатын үш ұжымшар (колхоз ғой баяғы) Қарқаралыдан Ақтоғайға қосылды. Әукең соғыс кезінде ерен еңбегімен көзге түседі. Әзілқой Әукеңді балаларға «Әй, оқу қайда, Баку қайда?» дегені үшін НКВД-ның үндеместері бір пәлеге ұрындырып та жібере жаздайды. Соғыс бітеді. Ел есенгіреп қалған. Шаруашылық келеді. Қонақ қабылдай қоятын да жағдай шамалы. Көктем егісі кезінде Ақтоғайдан уәкілдер көбейіп кетеді. Ішінде ауатком, аупарткомның мықтылары Адамов, Итбалин деген кісілер де болады. Олардың аты-жөнін Әукең сырттай естіп жүреді. Бір күні Әукең мал қарап ауылдан ұзап шыққан кезде бейтаныс уәкілдердің бірі кездесе кетеді де:

— Ауылдарында кімдер бар? — деп сұрайды.

Әукең өзінің қиқар мінезіне салып:

— Қайдан білейін, иттің баласы дей ме, адамның баласы дей ме, қаптап кетті ғой әйтеуір, — дейді. Сөйтсе әлгі Итбалиннің өзі екен. Бірақ ол да сыр бермейді. Тымырайып: — Ауылыңда қонатын үй бар ма? — дейді. Әукең: — Бар, майлық Әубәкірдің үйіне барсаңыз күтін алады, — дейді де жүрін кетеді. (Майлық — Әукеңнің руы).

Айтқанындай Итбалин Әубәкірдің үйін сұрап келіп түседі. Бәйбіше қонақты жылы қарсы алып, астына көрпе төсеп, басына құс жастық тастайды. Көп кешікпей Әукең де оралады. Бұл кезде Итбалин төр алдында ұйықтап жатыр екен. Бәйбішесіне «шайыңды қамдай бер, мен мал сояйын» деп, тездетіп іске кіріседі. Шай қайнағанша Әукең бір қойды жәукемдеп тастап, қонақты оятады.

Қонақ мына шалдың тегін кісі емес екенін сезеді. Үндемей отырып шайын ішеді, етін жейді. Ертеңіне Әукең ерте тұрып, егістікке барып, жер жырттып жүреді. Біраздан соң Итбалин сол жаққа келіп, әркімдердің жыртқан жерін көріп, аралап шығады. Бір кезде Әукеңнің жерін шұқшия зерттей қарайды да бір айналмада алақандай жерде табан қалған екен, сол жерді қамшымен нұсқай көрсетіп:

— Әй, шал, — дейді (кешегі сөз есінде, кек қайтармақ қой) — Мынау жерде табан қалдырып кетіпсің. Мынауың халық жауының ісі. Осы тұрған жерінде көзіңді шығарып жіберейін бе? — деп зіркілдейді. Әукең сасқалақтап, кешірім сұрайды. Анау одан сайын өшерлене түседі. Содан «ақыр өлдім, неде болса нар тәуекел» деген Әукең: «Ағатай-ай, көзімді шығара көрмеші. Көзім шықса, бала-шағамды кім асырайды? Өледі ғой, тым болмаса өзіңнің көзің сияқты шүнірейтіңкіреп, әрі таман итеріңкіреп қойшы, жарқыным, — дейді. Басына қамшы тигендей есенгіреп қалған Итбалин атының басын бұрып алып жүрін кетеді. Содан кейін ол ауылдың қарасын көрмесе керек.

Жетпісіңші жылдары Әукеңді аудан орталығында бір қадірлі ақсақал қайтыс болып, соның жазасына жиналғанда көрдім. Ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей келбетті адам екен. «Осы жұрт бір әйелді жөндеп ұстай алмай үйдің ішін ырың-жырың қылып отырады. Мен екі әйелді апалы-сіңілідей тату етіп, суын тауып жүрмін» деп жұртты күлдіріп тұрды. Бір кезде былғары пальтосының қалтасынан «Беломор канал» папиросын алып тұтатты.

Қасында тұрғандардың бірі: — Ақсақал, жасыңыз ұлғайған адамсыз (сол кезде Әукең 83-темін деді), денсаулығыңызға зиян ғой темекі тарту, — деп еді Әукең: — Әй, жігіттер, мен осы жасымда

не арақ ішкен, не темекі тартқан, не зина жолға түскен адам емеспін. Осы бір-екі жыл ғана болды, дүниеден түк көрмей, мақұрұм кетермін деп, мына түтінді ермек қылып жүрмін,—деп өзі де күліп, жұртты да күлдірді.

Жиналғандар енді Әукеңнің жеңіл киінгенін айтып; — Суық тиіп ауырып қалманыз,—дей бастады. Сонда Әукең:

—Сендер білесіндер ме, менің мына былғары пальтоны неге киіп жүргенімді? Сәнге киіп жүрмін. Астары атлас,—деп түймесін ағытып астарын көрсетті.—Жарайды мына аяз пальтомнан өтсін дей-ақ қояйық. Ар жағында Әубәкір тұрған жоқ па, одан қалай өтеді—деп тағы да жол тауып кетті сабазын.

### «Белі ауырып, бензинмен емдеймін деп..»

Алшынбек Кенжебеков — көп жылдар оқу-ағарту саласында еңбек сіңірген, тілінің бізі бар, ойынтойдың сәнін келтіріп дүрілдетіп отыратын қадірлі азамат еді. Ақтоғайға «Жанерке» әнін алып келген сол Алшекең болатын.

Бір жылы Алшекең Сартерек ұжымшарына барып біраз жерін аралап, соңғы күні Желтаудан «Сартерек» орталығына оралды. Ол жақта Көшкін руының ағайындары көп болса керек. Кіріп-шығып, амандасып жатқандар қайта-қайта «ол жақтағы біздің туыстар аман ба екен?—деп сұрай беріпті. Сонда Алшекең ақсия күліп:

Желтаудағы Көшкіннің бәрі күйлі,

Бір-біріне көрсетіп үлкен сыйды.

Белі ауырып бензинмен емдеймін деп,

Ақаң деген ағанның арты күйді, — деп жантайып жата кетіпті.

## «Өстіп шақырып тұр, айналайын...»

Құрма Алшынбеков ойын-тойдың гүлі еді. Қызылшырайлы жүзінен нұр төгіліп, мөлдіреп тұратын Қүрекен қалжынға шебер, бір өзі бір театр болып думандатып жүретін. Елдің мәшинені қызықтап, басқа көлікке бұрылмайтын кезінде «Таза ауа жұтайықшы» деп ат-шанамен малшыларды аралаған жалғыз осы Қүрекен болар.

Бір жылы Қүрекен өзінің адвокат ағасы Қоқым ақсақалмен көрші тұрады. Жазды күні қой-ешкі араласып кетеді ғой. Қоқанның бір семіз лағы Қүрекеннің қорасына кіріп, сонда түнеп жүреді. Қүрекен әлгі лақты ұстап сояды да ертеңіне Қоқанды қонаққа шақырады. Лақтың жылы-жұмсағына тойып алған Қоқан: — Құрмашжан, мына лағың семіз екен. Жем бергенсіндер ме немесе? — депті. Сонда Қүрекен: «Қоқа-ау, бізде мал жоқ қой. Сіз көптен біздің үйден дәм татпаған соң ұят болды-ау өзі деп, сіздің бір лағыңызды кіпит қылып едік, — деп балаша мәз болыпты.

Інісінің еркелігіне риза болған Қоқан да: — Бұйырған малға тіс тиеді деген, қасқыр жеп кетсе қайтер едік. Өстіп қонаққа шақырып тұр, айналайын! — депті.

Әзілі жарасқан қайран, ағалар-ай!

## Қаракуыс жабылмаса, жабусыз қалсын...»

Сәрсембай Әбілдин аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген уақытта атқару комитетінің төрағасы Нұрсұлтан Дайырбековпен бірге Қарқаралыға сапарға шығады. Жол бойы әр жерде «ат шалдырып» думандатып келе жатқан жолаушылар Қарқаралыға жақындап қалғанда Сәрсекен мәшине жүргізушіге «сәл аялда-



шы» деген тілек білдіреді. Тоқтаған жері Қарақуыс тауының түсі екен. Сәрсекең мәшинеден түсе сала екі қолын дүрбі етіп ұзақ қарап тұрады да оңды-солды адымдап жүре бастайды. Қойын кітапшасын алып бірдемелер жазады да қайта адымдайды. Қайта жазады. Осылайша сүт пісірім уақыт өтеді. Әбден шыдамы сарқылған Нұрсұлтан:

— Әй, не істеп жүрсің? — деп айқайлап қояды. Оған қарайтын Сәрсекең бе?

Қанша дегенмен ауаткомның төрағасы емес пе? Нүрекең енді мынадай «еркелікті» көтере алмай ашуланып:

— Әй, өзіннің денің сау ма? Ай далада жер өлшеген сені көрдім. Бол енді... — деп дауыстайды. Сәрсекең «шаруасын» асығыс аяқтап, мәшинаға отырады.

— Қап, — дейді Сәрсекең өкінішпен, — есеп шалалау болды-ау, кейін тағы келетін болдым. Екі жұмыс деген осы! — деп бірденесі қалып қойғандай артына жалтақ-жалтақ қарай береді.

— Ей, жұмысың не, есебің не өзіннің! Айтшы жұмбақтамай.

— Айтсам былай... Мына Қарақуыс тауының анау екі биігінің арасы қалың шабындық — тұнып тұрған өлке. Малға жайлы жерді жер шарын аралап іздесең таппайсың. Иманды болғыр, Құлсарт атаңыз осыны ертеде-ақ ойлап, екі биіктің арасын жауып алсаңдар мұрттарыңды балта шаппайды, — деп өсиет қалдырып кетпеп пе еді... Өсиет орындалмай жерде қалды. Мен сол өсиетті орындасақ — қанша құрылыс материалы — салдау, сырғауыл, тақтай кетеді, қанша дiңгек керек болады екен деп бағанадан бері соны есептеп жүрген жоқпын ба? — депті Сәрсекең көкшіл көзін сығырайта күліп.

— Дурак! Түс машинадан! — төраға бұлқан-тал-

қан болып ашуланады.

— Қой, аманымда түссем түсейін! — деп Сәрсекең мәшиненің есігін ашып, сыртқа шығады.

Атасының өсиеті өз ұрпағына керек болмағанда маған керек пе?! Қарақуыстың төбесі жабылмаса, жабусыз қалсын, о несі екен-ай! — деп Сәрсекең Қарқаралыға жаяу тартыпты.

### «Сүйінші, Сәрсеке, сүйінші!»

Сәрсембайдың «Қаратал» кеңшарында директор болып жүрген кезіндегі бір оқиғаны айта кетейік. Бір күні аудан орталығы Ақтоғайда Сәрсембайға облыстық газеттің осында жаңадан келген меншікті тілшісі Мардан Оспанов кездеседі. Тілшінің қашанда селбесіп жүретін әдеті емес пе? Сәрсекеңмен бірге «Шылымға» жол тартады. Жол бойы Сәрсекең тілшінің бетіне үніліп қарай береді. Біреуге ұқсатады. Е, есіне жаңа түсті. Кеңшар парткомының ұйымдастырушысы Сәрсембек Әлжановқа ұқсайды екен. Тек мынау қораштау. Сәрсембек кең кеуделі, батыр тұлғалы, өмірде де ірілікті сүйетін аптал азамат. Сәрсембайдың көңілінде бір қулық сәулесі елес бергендей...

Ауылға келіп, қонағын жайғастыра сала, үстінің қарын да қақпастан Сәрсембай партком ұйымдастырушысының үйіне келеді. «Етек-жеңін түрініп, екі өкпесін қолға алып» дегендей, «сүйіншілей» кіреді үйге.

— Сүйінші, Сәрсеке, сүйінші!

Сәрсембек те «айтсаңшы енді. Сүйіншің дайын» деп тосын хабарға елендеп, қауқалақтап қалады ғой.

— Сәрсеке, сүйінші, ақ түйенің қарны жарылды. Баяғыда аумалы-төкпелі заманда Қытай өтіп кеткен бір бауырынды алып келдім. Біздің үйде отыр.

Ештеңеден хабары жоқ Мардан бұл кезде төрде жантайып жатыр екен. Екі Сәрсекең ентігіп кіріп келгенде басын жастықтан жұлып алып, аң-таң қалады. Жолсерік болған Сәрсекеңнің қасында өзінен аумайтын бір адам тұр. Сонда Сәрсембай:

— Сәрсеке-ау, неғып шыдап тұрсың. Бауырын келді ғой алыстан аңсап, көріспейсің бе? — деп итер-мелей түседі.

Бұл қулықтың иесі Сәрсембай екенін сезген үлкен Сәрсекең: «Күресе білмейтін ит қабырғамды сындырасың ба?!» дегендей, туһ, ойнағанда да осылай ойнай ма екен, жүрегімді жара жаздадын ғой! — деп орындыққа сылқ етін отыра кетіпті.

Бүгінгідей тиын қуған емес, ойын-күлкі қуған заманда мұндай әзіл-қалжың жарасып-ақ тұратын еді.

### **«Жаны тәттілер жанды қармап қалғанда...»**

Хамит Стамқұлов күміс көмей әнші, домбырашы, сері кісі еді. Біржан салдың әндерін Хамкеңдей нәшіне келтіріп орындайтын адам сирек кездесер. Сол кісі елуінші жылдардың бас кезінде қазіргі Қаратал кеңшарының жерінде ауылдық кеңес төрағасы болды. Оқымаған адамның зерегі, бір істі қолға алса, аяқтағанша тыным алмайтын мазасыз кісі еді. Ұжымшар төрағасы Кенжеқара Жүкіжанов, оның орынбасары Жасымбек Жұмажанов, партком хатшысы Сәрсембек Әлжанов кейде Хамкеңмен келіспей қалса: — Сендер хұқыметті хұқымет деп білмейсіңдер. (Үкіметті осылай арабша атайтын). Жүкіжан, Жұмажан, Әлжан — өңкей жан, басқа ел жанын тастай алмай жүргендей, қарашы-ей бұларды, — деп күйш-пісіп қалатын.

Сонда біреулер: «Хамке-ау, сіздің әкеніздің аты-

на «құлды» емес, «жанды» жалғаса біреу қой деп пе?» деп қалжындаса Хамкен:

— Сендер нені білесіңдер, жаны тәттілер жанды қармап қалғанда, бізді кемсітіп «құлды» қалдырған емес пе? — депті. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген солдағы.

### **«Тостағандай қызмет берсең, өзі шарадай қылып алады...»**

Ертеректе Ақтоғайда пысықай бір жігіт болды. Өткен оқиға ғой. Атын атамай-ақ қодиланып, қоразданып жүретін мінезіне қарай есімін Қодиекен дей салайық. Ортан қолдай біраз қызметтердің құлағын да ұстады. Аудандық партком хатшысына еліктеп бюро шақырып, ұжымшар басшыларының жеке басының мәселесін қарамақ болғаны жұрт арасына жайылып, күлкіге айналып кеткенін ел іші әлі де ұмыта қоймаса керек. Сол Қодиекен қазақшаны инала білетін адамша орысша араластырып, тілін бұрап: «подумаешь», «как это так», «иш ты какой» деген сияқты сөздерді қосып сөйлемесе көңілі көншімейтін. Сөйтіп, шолтандаған Қодиекен бір жылы аттан ауып, қызметтен сыпырылып қалады ғой. Ақыры бір кішігірім қызметке орналасады.

Ауылда тұратын ағасы Қодиекеннің қызметке орналасқанын естігенімен лауазымын білмейді екен.

— Біздің Қодижан қандай қызметке тұрған екен? — деп сұрапты, аудан орталығынан келген бір адамнан.

— Қызметі онша емес, нан жерлік қана, — депті әлгі адам шындықтан аса алмай.

— Е, біздің Қодижанға тостағандай қызмет берсең, өзі шарадай қылып өсіріп алады. Одан соң нан түгіл қазы-қартаң да өнешіне құйылып жатады,



— деген екен ағасы мақтанышпен.

### «Біріншіде кешіреді дедің ғой..»

Ақтоғайлық Сқақ ақсақалдың есімі ауыл арасынан алысқа ұзап кеткен. Соңғы кезде баспасөз беттерінде оның кейбір тентек мінезі, тікенек сөздері жазылып та жүр. Егер ел «жынды» деген анықтауышты Секеннің есімінің алдына қойып айтса, ол «ерке» деген мағына беретініне дауласудың қажеті жоқ. Шынында да ол кісінің артықкем сөзіне ешкім шамданбайтын. Бір үлкен жиында Секен ретін тауып, жағалай сыпыртып отырса керек. Сонда обкомның өкілі «Секем жақсы, мені боқтамайды» десе Секен «құр қап қойдым деп өкпелеп отырсың ба, онда сенің де әкеннің...» деп сылқ еткізіпті.

Отызыншы жылдары ауданға парткомның екінші хатшысы болып Мұқанов деген келеді. Қылышынан қан тамған әпербақан болса керек, бірінші хатшы жайына қалып, жұрт соның алдында қоғадай жапырылады екен. Беймаза хатшының ноқайлығынан әбден ығыр болған намысты азаматтар ақыл қосып, әлгіні Секене бір боқтатып, жүнін жығып алмақ болады. Бір күні «Сәуле» ұжымшарының басқармасы Мәди Жақсыбековтың үйіне Секенді әкеліп отырғызып қойып, Мұқановты сол жерге түсіреді ғой.

Хатшы амандық жоқ, саулық жоқ, тау қопарып, тас ұсатып келгендей төралдына төрт тағандап шалжиып жата кетеді де бір қауым уақыттан соң Секенді көріп: — Мына шал кім? — деп тікірейеді. Үй иесі отырып: — Бұл кісі Сқақ деген құрметті ақсақалымыз, — деп таныстырады.

Сонда хатшы «ит көрген ешкі көзденіп»:

— Ей, әлгі боқтампаз шал осы ма? — дейді.

— Енді бұл кісі — елдің еркесі. Өзі боқтайды, өзі тоқтайды! Одан ешкімге келіп жатқан зиян жоқ, — деп жуып-шаяды отырғандар.

— Ей, сен шал, жұртты неге боқтайсың! — деп кірпікшешендей тікірейеді хатшы. — Жарайды, бір боқтадың — кешірді, екі боқтадың — кешірді, ал, үшіншіде соттатып жібереді ғой, бейшара-ау!, — деп мүсіркейді.

Сәкең де осы сөзді тосып отырса керек. — Сен өзің неғылған ақылды хатшысың. Жаңа өзің айттың ғой. Бір боқтағанда кешіреді деп. Ой, әкеннің аузын. Екіншіде де кешіреді делін емес пе? Оны келесіге сақтайын, — деп үйден шығып кетіпті.

Хатшы естен танғандай сілейіш отырып қалады. Содан былай жынын алдырған бақсыдай артын қысып жүретін болыпты.

Бүкіл бір аудан халқының намысын осылай қорғап қалған Сәкең алғыс айтпай көріңіз бұдан соң! Мен бұл әңгімені әкемнен естіген едім.

...

Көңілге жастан ұялаған әңгімені қағаз бетіне түсірдік. Аттары аталған азаматтардың о дүниелік болғандарына бұл еңбегім оқыған дұғам болсын, бүгінде аман-сау жүргендеріне денсаулық, абырой, бақыт тілеймін. Әмин!

1995 жыл.

## Қазақы мінез

Қазақты басқалардан асырып, биіктетін тұратын қандай қасиеттері? Меніңше, ең алдымен, ақкөңіл аңқылдақтығы, жағасы жайлау, етегі қыстау жайбарақаттығы, тиын санамайтын жомарттығы, ән-күй сүйетін өнерпаздығы, ата-ананы ардақтайтын, баласын бауыр етіндей көретін, обал,

сауап, қанағат аталатын нағыз адамға тән асыл қасиеттерді қадірлейтін имандылығы. Не нәрсе қасиетің болса, қасіретің де содан табылады. Қазақтың бойын өсірмей, етегінен тартып, бірде аш қасқырдай жалақтап, бірде жымысқы зымияндығымен алдап-арбап келген отаршылдарға тәуелді етіп, құл етіп келген келеңсіз мінездері де сол жоғарыда айтылған асыл қасиеттерімен сабақтасып жатады. Ол өз алдына жеке сөз. Тек мына ақшаға табындырып, табанды тайдырып, сырғанатып әкетіп бара жатқан заман халқымыздың бойындағы ең аяулы қасиеттерін үрлеп ұшырып әкетпесе екен деп тілеймін. Мына қысқа әңгімелер — қазаққа тән жақсы, жайдары мінездерден біреу ғана мысал.

«Өкпе сатып алдық...»

Аман аға — Аманбай Қожамбергенұлы «кедей жомарт» атанған кісі еді. Өмірінде бір сиырдан артық мал біткен емес. Кейде ағайындардан алып бір бие сауатын. Бала-шағаны асыруға бір сиырдың сүмесіні кейде жетіп, кейде жетпей жататын. Алайда, қолдың қысқалығы Аман-ағаның көңіліне қаяу салып көрген емес. Жас баладай сақылдап күлген дауысы көршілерге естіліп тұратын.

Аман-аған таңертең шайын ішкен соң Ақтоғайдың орталығындағы дүкен жаққа баратын. Сол жерден таныстар кездесе қалса «біздің үйден қымыз іш» деп шақырып алып келетін, қымызы болмаса, қонағын отырғызып қойып, өзі ет сататын шашалар Хасен деген кісінің үйіне баратын.

Сол Аман-ағаң жалғыз ұлы Ыбырақым еңбекке араласып, үйлі-баранды болған кезде тәңірге мың шүкіршілік айтып, мінәжат етіп отыратын еді.

Бір жылы Ыбырақым тырнақтап жинаған еңбек ақысына жеңіл машина сатып алады. Аман-ағаң

қуанышы қойнына сыймай ауыл-үйді аралап: әй, балалар, біз бір өкпе сатып алдық! — жар салады. Ақсақалдың сөзіне түсінбегендер бұл кісі не айтып жүр, өкпесі несі? — деп үйіне келеді ғой. Сөйтсе өкпе деп жүргені мәшине екен.

— Ақсақал, мәшинені өкпе деп атап жүргеніңіз не? — дейді ғой таныстар.

— Мұның атын өзім қойдым, Ертең бірің болмасаң бірің «ана шаруам, мына шаруам бар еді, барып келейік, Ыбырақым!» демейсіңдер ме? Сонда Ыбырақым бәріңнің тілегіңді орындай алмайтыны анық. Тілегі орындалмағандар сөз жоқ өкпелейді. Міне, менің сөзімнің мәні осында жатыр, — деп сақ-сақ күліпті жарықтық. «Күлкі — көп жасаудың кілті» деген рас болар, қадірлі ақсақал жүз жасап, оншақты немере сүйіп, ұлы Ыбырақым мен келіні Мәкеннің қамқорлығында бұл пәниден армансыз өтті.

### «Тәуба, Зекен болмаса...»

Аяпберген Ордабаев деген кісі көп жылдар Балқаштағы №157 Әскери заводта жемісті еңбек етті. Аяш ақсақалдың аты Балқаш, Ақтоғай атырабына кең тараған еді. Оған дәлел Аяштың дүние салар алдында айтқан бір ауыз сөзі. Көз жұмар алдында «туған елім Ақтоғайға хабар беріндер. Қызылтас, Қарақозы, Майтас, Сартерек, Ақтоғайлатып бір аралап шығыңдар да, «Аяпберген дүниеден өтті» деп хабарлаңдар. Мені ақырғы сапарға елім өзі шығарып салады», — деген екен. Ақсақалдың айтқаны екі болмай, жаназасының бар қаражатын ел өзі көтеріп, ақ жауып, арулап, топырақ салғанын барша қауым бүгінге дейін айтып жүреді.

Аяш (халық солай атаған) басқа жарыған кісі емес. Балалары жасынан шетіней береді. Ұлғайып



қалған кезінде Зекен деген бір баласы туады. Зекен зерек алғыр бала болды. Бірде есік алдында ойнап жүріп, бір баламен жанжалдасып қалса, әлгі бала Зекенді былапыт сөздер айтып зәбірлейді ғой. Соны үйде шай ішіп отырып естіген Аяш ақсақал: — Ия, алла, бергеніне шүкір. Зекен болмаса менің аузымды кім боқтайды, — деп тәуба етіпті. Осындай мінез қазақтан басқа ұлттың адамында, әй, кездеспейтін шығар.

### «Райкомның атқорасынан көріп едім...»

Ақтоғайдың орталығындағы банкіде Хасен деген ақсақал қырқыншы жылдарда күзетші болды. Тілінің мүкісі бар еді, содан да жұрт ол кісіні басқа Хасендерден даралап «сақау Хасен» деп атайтын.

Хаскен кенес үкіметінің алғашқы жылдарында атқа мініп, кедей теңдігін қызыл ту етіп көтерген дейтін. Отызыншы жылдары аудандық партия комитетінің атқорасының менгерушісі болады. «Жалантөс кедейді партияға қабылдаймыз» деп бастауыш партия ұйымынан өткізіп, аупарткомның бюросына әкеледі. Ол кездегі әдет бойынша саясатқа байланысты сұрақтар қойылады. Бірақ ондай сұраққа Хаскен жауап беруі екі талай. Содан бюро мүшелері 2-3 жеңіл сұрақ қоймақ болады да, әуелі қабырғада тұрған Сталиннің суретін көрсетіп: — Мына кісі кім? — дейді. Шталин! — дейді Хаскен ойланбастан. — Ал, қатарда тұрған кім? — Әй, осы ойысты райкомның атқорасынан бір келгенде көріп едім, — дейді Хаскен ойланып.

— Ойбай-ау, ол Ворошилов қой. Мұнда қайдан келсін?

— Қайдан келсін демендер. Ол кісі күрен қасқа арғымағына мінсе, жер шарын бір күнде аралап шығады. Ал біздің атқораға келген ол болмаса,

әйтеуір бір орыс болар. Сары орыстың бәрі орыс емес пе? — дейді Хаскең. Сол жолы партияға қабылданды ма, болмаса кейін қабылданды ма, ол жағы беймәлім, әйтеуір Хаскенді қырқыншы жылдары партия мүшесі дейтін.

### «Отыр ғой үйде балалардың апасы...»

Әйкен ақсақал аудандық ақша бөлімінде (финотделді ертеде осылай атайтын еді) атшы болды. Бөлімнің бастығы Әукелек Қоржынбаев Әйкенге тапсырып қоятын болса керек. Шөп сұраушылар көп. Маған келгендерге «шөп бер» деп қағазға қол қойып, саған жіберейін. Егер қойған қолымның құйрығы астына бұрылса «бер», үстіне бұрылса «берме» дейді. Әйкең келіседі. Қарап жіберсе қойған қолдың құйрығы астына емес, үстіне қарай қайқайып тұрса керек. Әйкен «шөп жоқ» деп қағазды лақтырып тастайды.

— Ой, ақсақал, бастықтың тілін алмайтын сіз кімсіз? — деп анау да жағадан ала түседі ғой.

Сонда Әйкен ақсақал: — Ол бастық болса ақша бөлімінің бастығы, ал шөптің бастығы мына менмін! — деп жүріп кетіпті.

Әйкеннің қолында жесір жеңгесі болады. Жеңге кейде өктем сөйлеп отырады ғой. Сонда Әйкен айтады екен. «Қарғыстың үлкені — ағаң өліп, жеңген қолыңда қалсын». Бәйбішесі момін кісі еді. Кейде үйінің іші ретке келмей, ыбырсып жатса, құрдастары Әйкенді сөйлетейін деп әдейі: — Осы үйдің әйелі жоқ па, немене жаңа көшіп келгендей! — дейтін көрінеді. Сонда Әйкен: — Бұл үйдің әйелі жоқ, балалардың апасы бар. Отыр ғой әні, — дейді.

## «Бала-шағамды жаңа танып келемін...»

Қалқаман Қарабеков аса бір білімді, биязы, сypайы жігіт болды. Қисаяйын десе, амал бар ма, мол арақтың салқыны оған да тиіп «мұлт кетіп» жүрсе керек бір жылдары. Артынан «ашуды ақылға жеңдіріп» дегендейін, арақты қойып, бір пөледен құтылып, ел қатарына кіреді. Сөйтiп аңы суды жарты жылға дейін татып алмайды. Бір күні ауылда үлкен бір жиында құрбы-құрдастары: «Қалқаман, жүз грамнан ештеңе бүлінбейді, алып қой, — деп қолқалайды. Сонда әбден амалы таусылған Қалқаман: Әй, ағатайлар, мені әурелемендер, құдайға сенсеңдер, бала-шағамды жаңа танып келе жатырмын, — деп азар құтылыпты.

## Сенен менің бір бұйымтайым бар...»

Махами Яхин — Айтоғайда он бір жыл бірінші хатшы болады. Обалы не керек, партияның билігі жүріп тұрған кезде де Мақан қазақы мінезден аса ауа қоймайтын. Елуінші жылы тамыз айында мұғалімдердің аудандық мәслихаты өтіп жатты. Біз сияқты институтты жаңа бітіріп, сол жылы ұстаздықты бастаған жас мұғалімдерге бәрі қызық, бір сөзді қалт жібермей таза тындап отырмыз. Бір кезде мінберге аудандық «Қызыл ту» газетінің редакторы Оспанбай Орынтаев көтерілді. Оскең қатты дауыстап, әр сөзін шегелеп сөйлейтін. Ауыл мұғалімдерінің мәдениетінің төмен екендігін, тіпті көйлек сыртынан Қытайдың жылы іш киімін свитер етіп киіп жүретінін айтып, дүрілдетіп тұрған кезде Махами: — Оске, Оске, — деп дауыстады. Оскең жалт қарап сөзін тоқтата қойды. Сонда Мақан: — Оске, ақырын сөйлеңізші, Осында ұйықтап отырғандар бар, оянып кетіп обал болып жүрер,

— дегені. Жұрт ду күліп, ұйқылары ашылып кеткендей көрінді.

Мақан ауданда кішірек мекемеда бастық болып жүрген бір жігітті шақырып алады. Ол сол кезде «ақанмен» айқасынқырап, кенеуі кетіңкіреп жүрсе керек.

Мақана келгенде де ептеп қызулы екені байқалады. Есіктен рұқсат сұрап кіреді де, шеткі орындыққа отыра кетеді.

— Бері таман кел, Боржай, — дейді Мақан.

— Мақа! Маған осы жер болады ғой, — деп әлгі жігіт Мақаннан қашқалақтай береді.

— Жоқ, бері таман отыр. Мен сенен бір нәрсе қалап сұрайын деп отырмын. Берсең — сұраймын. Бермесең — сұрамаймын. Адал сөзіңді айт, — дейді хатшы.

Жігіт сасқалақтап қалады. «Апырау, Мақан қалап сұрайтындай не бар менде?

— Сұраңыз, Мақа. Бірақ менде сізге лайық не бар? Мінә бір оттық болмаса деп майданнан әкелген зажигалкасын алып көрсетеді.

— Жоқ, Боржай, менің сұрайтыным дүние емес. Менің сұрайтыным — сенің ішетін арағың. Егер арағыңды маған берсең — бұдан былай арақпен қоштасасың, — дейді Мақан.

— Бердім, Мақа, бердім, — деп жігіт жылап жібереді. Обалы не, сол жігіт Махами Яхин ауданнан кеткенше ащы суды аузына алмапты дейді білетіндер.

**«Орысша білмесең, ыржалаңдап күле бер...»**

Иманғали Жұмышев журналистер қауымымен етене жақын жүретін. Қызыл қырғынның тауқыметін көп тартқан, «ит жеккеннен» дәм татқан асқақалдың көргені көп, айтары да аз емес еді.



Облыстық газеттер бетінде хабарлары жиі жарияланып тұратын. Тоқсанға жуықтап, дүние саларының алдында бір жолыққанымда:

«Қарағым, — деді Имекең — кәрі кісиде бес түрлі кемшілік болады, Олар: еріншектік, сүріншектік, көңілшектік, ұмытшақтық, ұрысқақтық (тырысқақтық). Ал осылардың қақпанына түспейтін адам болса, ол адамның нағыз сырттаны...»

Бір жылы Имекең облыстық газеттің фототілшісін үйіне шақырады. Орыс тіліне шорқақтау болса да «қарағайды талға жалғап» дегендей, ептеп екеуара әңгімелесіп отырады. Бәйбішесі орыс тіліне «ұяттылау» екен, үнсіз отыра береді ғой. Қазақ тілінен хабары жоқ тілші, әрине, ешкімге борышты болып жатқан жоқ...

— Бәйбіше, — дейді Имекең, — ептеп әңгімеге араласып отырсаңшы, Мына кісі жақтырмай отыр екен деп қалар.

— Отағасы-ау, мен орысша білмеймін, Бірдеме айтам деп бүлдіріп алсам, күлкі боламын ғой. Өзін әңгімелесе берсеңші.

— Әй, жазған-ай, менің айналасы жүз сөзге толмайтын орышам оңды-солды соза-соза жыртылуға айналды емес пе? Сен енді үндемесен де мына кісінің сөзіне түсініп отырғандай, бетіне қарап, ыржалаңдап күле бер, сонда «Хозяйка хорошая» деп риза болып кетеді, — депті Имекең.

Өзгенің өзін кемсіткенін елемейтін, басқаны риза етемін деп елеңдейтін, қайран қазағым-ай! Сенің осы дарқандығыңды басқалар түсінсе ғой, шіркін!

24.09.1996 ж.

## Қаламнан қол босағанда

Қазіргі «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында қызмет істегендердің басынан өткерген талай қилы-қилы оқиғалар, әзіл-қалжың, шымшыма сөздер көп-ақ. Кезінде айтылғанымен, уақыт өткен сайын ұмытылып бара жатқаны қаншама. Қағаз бетіне түспеген сөз құмға құйған су сияқты — із-түссіз кете барады. Солардың кейбіреулерін өзім журналистік еңбек жолын бастаған сүйікті газетімнің 65 жылдық мерекесінде былайша тірілткен едім.

Біз бір сөз үшін бас кеткен кезенді көрген ұрпақпыз. Осы пікірімді дәлелдеу үшін бір-екі мысал келтіре кетсем артық бола қоймас.

1981 жылы шілде айының 1 жұлдызы күні Алматыда Сары Қазыбеков деген ақсақалмен кездестім. 1936 жылы «Қарағанды пролетариаты» газетінде қызмет істеген екен. Одан соң Қарқаралы округтік «Большевиктік жол» газетінде газет шығарушы болып еңбек етіпті. Сонда жүргенде Ұлы Отан соғысы басталады. Газетте майдан, ел жағдайы кең жазылып жатады. Сонда бір материалда «халық неміс-фашист басқыншыларына ызаланып» деген сөйлемнің соңғы сөзі «ызаланып» болып жарыққа шығып кете барады.

— Сол жалғыз «Р»-дің кесірінен он жыл «ит жеккенде» көресімді көріп, көкемді танып қайттым ғой — деген еді Сакен.

...

Мен алғаш редакцияға келгенімде Мінаж Жармұхамбетовпен бірге бір бөлмеде отырдым. Ол кісі шебер аудармашы. Жазбай, телетайп таспасын қолына алып отырып аударарды. Мен — көмекшімін. Жұмыс аяғында Мікең артық-тыртық қағаздарды күлдей етіп жыртып жатады. Мен

болсам уқалап-уқалап кәрзенкеге тастай саламын. Бір күні Мікең айтты: «Сен жазғандарыңды мынадай етіп ұсақтап жыртып таста». Сөйтсем сол кездің өзінде кәрзенке ақтаратындар болады екен. Үй ішінен жау іздеген заман-ай.

• • •

Дәл қай жылы екені есімде жоқ. Алпысыншы жылдардың басы екені анық. Кезекшімін. Бүгінгіше айтқанда кезекші редактормын. Газет беттеліп, редакторға (ол кезде бас редактор демейтінбіз) жіберетін кез. Бірінші бетте Н.С.Хрушевтің Үндістанға сапары туралы қысқа хабар бар еді. Соны тағы бір шолып шығайыншы десем, аллам сақтасын, жүрегім тас төбеме шықты. Тақырып «Н.С.Хрушев Үндістанға үріп кетті» боп бадырайып тұр. «Ж» әрпі түсін қалған. Қолма-қол жөндеп, бетті қайта құйдырып, редакторға жөнелттік. Ертеңінде редактордың орынбасары Ғалымбек Нәдіровке әлгі «үріп кеттіні» көрсетіп едім. Мұндайға аса сақ адам «апырмай, үріп кетті емес, бүкіл редакция құрып кеттіге» ұшырай жаздаппыз ғой деп жағасын ұстады.

• • •

Мақсұт Байсейітов — журналистік еңбек жолын осы «Орталық Қазақстан» (ол кезде «Советтік Қарағанды») газетінде қарнадай күнінде бастапты. Көп жылдар бірге еңбектеніп, сырлас та болдық. Ақындығында кінәрат жоқ, бұрқыратып-ақ тастайтын. Қара сөзге де шебер.

Ақын болған соң «шабыт шақырардан» алыс кете қоймайды ғой. Бір күні осы Мақан басы ауырыңқырап өзінің қаламдас жолдасы журналист-ақын Қыздарбек Әкімбековтің үйіне барады. Қызкен жайраңдап қарсы алса да Бәтжекең (Бәтжан — Қыздарбектің жұбайы) қабақ бере қоймайды. Сонда Мақан Қасым ағасының ізімен:

Берсең бер бермесен ғой арағынды,  
Сонда да түймесейші қабағынды.  
Қалтамда жалғыз ғана саршолақ бар,  
Сонымен жібітемін тамағымды, — деп үйден  
шығып жүре беріпті.

Бәтжекен Мақанның айтқыштығына риза болып  
«өзін барып әкеле қойшы енді, үйдегі бар ақша осы  
еді» деп 50 сомдықты қолына ұстата беріпті. Ақша  
қолына еркін тиген соң аянсын ба, Мақан тор көзді  
толтырып оралыпты.

...

Өлең аз сөзбен үлкен ойды жеткізудің тиімді  
жолы ғой. Бірақ қаламақы төлегенде көлеміне  
қарап, секретариаттағылар құнын құнтитып жібере  
беріпті. Бір күні Мақан шыдай алмай редактор  
Бейсенғали Тәйкімановтың атына арыз жазады ғой.  
Көлемі ұзағырақ еді.

Қысқаша бір үзіндісі мынадай:

— Кекірсе арақ атқып танауынан,  
Жасап жүр маған қысым сан алуан.  
Қоқиған, қоразданған құдайсынған,  
Қақанның құтқар мені қанауынан.  
Ол жазса қырық құрап мақаланы,  
Баспаға сексен жөндеп апарады..  
Сан тырнақтың ізі бар дүниесіне,  
Сонда да менен артық ақы алады.

Бейсекең «Әй, Мақсұт-ай, әдемі өлеңді  
осындайға қор қылғанша өзіме келіп-ақ жағдайды  
түсіндіріп айтпайсың ба?! — деп жыртып тастапты.  
Осыдан соң ақынның жағдайы біраз уақыт  
түзелгендей болыпты.

...

Ақын Қабыкен Мұқышев Мақсұтпен дос-жар  
болатын. Бірде екеуі үлкен бір «ал, давайда» болып,  
ертеңінде Қабыкен ерте оянып, «денсаулығын  
түзеп» алып, есік алдында тұрғанда Мақсұт келеді



ғой.

— Сонда, — дейді Қабыкен, — Мақсұт менін жағдайымның түзеліп қалғанын сезе қойып, дәмеккендей болды. Жарайды, — дедім, — егер табан аузында бір өлең айтып жіберсең, тілегінді орындаймын. Сонда Мақсұт былай деген екен:

«Мен тұрмын еш тағат тұта алмай,

Қайран бас ауырып сырқырап.

Ал, сенің аузыңнан жұпардай,

Заһардың исі түр бұрқырап».

Мақсұт достық әзіл жазуға да шебер еді. Хасен Әдірахманов деген тілші көп жазады, бірақ орыс тілінде жазады. Басқалар оның жазғандарын аударып әлек. Бірде бір мақаласын Мақан да аударып әуреге түседі ғой. Сонда былай жазған еді:

Мақаланы Хасен жақсы толғайды,

Газетке де табақ-табақ жолдайды.

Бірақ оның жазғандарын орысша,

Дроздовқа аудартпаса болмайды.

А.Дроздов — тілші. Ұлты орыс болғанымен қазақшаға судай. Мақаласын қазақша жазады. Мақан соны айтып отыр.

...

Редактордың орынбасары Ғалымбек Нәдіровтің ішімдікке қас болғанын ол кісі туралы жазған бір естелігімде айтқан едім.

Бір күні Ғалекен өзінің құдасы (келінінің ағасы) Қанафия Әубәкіровті көшеде кездестіреді. Қолқалап шақырып, үйіне алып келеді. Бәйбішесі, балалары үйде жоқ екен. Өзі жүгіріп жүріп шай қойып, дастарқан жасайды. Шаймен бір жартыны үстел үстіне қояды да қылдырықтай рюмкемен бір құйып, жақсы тілек айтып алдыртып қояды. Осыдан соң әңгіме жалғасып, бірталай мәселелердің басы қайырылады. Бір кезде Ғалекен: —

Қанап, осы мен өзінді жақсы көрем, Анда-санда кездескенде еркін сырласып бір жасап қалғандай боламын. Мына бар болғырды ұната қоймаушы едім, әйтсе де енді бір құйып қойсам көп болып кетпей ме? — депті шынымен қауіптеніп.

— Көп бола қоймас. Мұны біз ретті жерінде «шахтерский» етіп алатын едік, — дейді Қанафия.

— Жарайды онда. Сен «шахтерский» жаса, мен «актерский» етіп, ішкен болып отырайын, — деп мәз болыпты Галекең.

\*\*\*

Қали Садықов — ұзақ жылдар өнеркәсіп бөлімінің менгерушісі болды «Ал, бақырдым, бақырдым, кәрі жынды шақырдым» деп бастап қолындағы тілдей қағазға анда-санда көз тастап қойып, көлемді материалды «диктовкамен» сыдыртып шығатын. Сол Қалекең шахтаға, жалпы өнеркәсіпке байланысты терминдердің қазақша баламасын өзі ойлап тауып, күнделікті қолданып жүреді ғой. Сол кезде жоғары оқу орынында ұстаздық ететін бір тұстасы әлгі аударма-баламаларды газеттен түгелдей көшіріп алып, соның негізінде кандидаттық диссертация қорғап шыққанын естіген Қалекең өз еңбегінің әлде кімге жем болып кеткеніне, көбіне «еңбегі еш, тұзы сор» журналистік қызметіне күйініп:

— Осы ыза қылғанда Алматыға жүгіріш барып, профессор болып отыра қалайын ба?! — депті.

\*\*\*

Қалекеңнің үйі Бейбітшілік бульвары бойында Гагарин алаңындағы дәрігерлік институт үйінің нақ сырт жағында. Ленин көшесі, 5-ші үйдегі редакцияға институттың артқы қақпасынан кіріп, бергі — алаң жақтағы есігінен шықса, таяқ тастам жер.

Қалекең орағытып өтетін жолдарды тастап, көбіне осы төте жолмен жүреді.

Көпке дейін ешкім бөгет болмайды. Күндердің күнінде институт күзетшісі ме, әлде кезекші ме, айтуеір біреу тоқтатып, «бұл жолмен жүруге болмайды» деп ескерту жасайды. Қалекен саспайды. Өңіне сүс үйіріп, маңғазданып: Ты что, меня не знаешь! Я профессор по альхимии Кигизпольтин Керзович! — депті. Енді анау сасқалақтайды.

— Кешіріңіз, товариш профессор! — деп жуыпшаяды. Сөйтсе Қалекеннің үстінде кигізге бергісіз қалың матадан тігілген күздік пальтосы, аяғында керзі етігі бар екен.

...

Редакцияда «бас аударнамы, мас аудармашы, жас аудармашы» деген тіркестерді шығарып жүрген де Қалекен. Оның өзіндік себебі де бар. Негізі аударманы — Мінәж Жармұхамбетов. Ол кісі Ұлы Отан соғысынан оралған соң редакцияға келеді де осы кәсіппен айналысады. Тәжірибесі мол, даңғайыр аудармашы. Бір жылы Мікен ауырып қалды. Оның орнын баса қоятын адам жоқ. Негізінен ТАСС-тың материалдары аударылатын. Басшылар — Б.Тәйкіманов, Ғ.Нәдіров Қали Садықовқа қолқа салды. Қалекен ат-тонын ала қашады. Ақыры, амал жоқ, көнеді. Екі-үш күн өткенде Қалекен — «бүлдіреді» «Министр иностранных дел» дегенді Қалекен «шет ел министрі» деп аударады ғой. Бір емес, бірнеше жерде. Кезекші болған Ғалекен «мынау бүлдіріпті» деп күйіп-пісіп жүріп, қайта тергізеді материалды. Одан соң қаламының желі бар деген жігітті отырғызып еді, ол түп нұсқаны сақтамай, өз бетінше сай өрлеп кете беретін болды. ТАСС-тың материалына мұндай «еркелік» ол кезде тас жармаса да, бас жарарлық қылық. Ендігі кезек Түсіпбек Махамбетовке тиді. Түсекен де шебер аудармашы, Әсіресе орыс тілінің грамматикасын өте жетік біледі. Бар айыбы —

жұмыс уақытында табылмай кетеді. «Шөлдей беремін» дейді өзі. Квас, сыра ішеді білем. Арасында басқасы да кетіп қалатын болса керек. Ал кешкі уақытта Түсекең шам алып іздесең де таптырмайды. Үстелінің үсті жиналмай, қашан көрсен ыбырсып жатады. «Мас аудармашы» сол кісі. Ал, жас аудармашы мен пақырыңыз.

«Біздің Масғұт бұл күндерде тасады,

Аудармадан талай рекорд жасады.

Мақаланы жазып тастап әп-сәтте,

Сырт еткізіп суретін де басады» — деп жазылып, газетте жарияланған достық әзіл сол бір шақтың куәсіндей.

...

Өмірзақ Өкішевтің әңгімелері өте қызық болатын. Сенейін десең — қисынсыз, сенбейін десең — үлкен адам қалай өтірік айтады деп ойлайсың.

— Соғыста жүргенде, — дейді Өмекең көңілденіп отырғанда, — талай оқиғаларды бастан кештік қой. Женгелеріңе айтып қоймандар, аймандайларды да алып жүрген кезіміз болды. Командирлерге рұқсат етті... Бірде батальонмен келе жатып немістің автоколоннасын тосқауылға алдық. Жолдың екі жағына бөлініп жата қалдық. Дәл тұсымыздан өте бергенде машиналарының донғалағын нысанаға алып, автоматтан оқ жаудырдық-ау. Шонқиып-шонқиып отырып қалды. Түсе қашқан фрицтерді шөп шапқандай отап тастадық. Брезентпен жапқан машиналардың кузовын ашып қарасақ — адам жанынан, құстың сүтінен өзге тағамның бәрі бар. Әсіресе арақтың ұнтағы көп екен.

Жол қапшықтарымызға сықап алып жатырмыз. Не керек, соғыстан қайтқанша рақат болды. Бір стакан суға салып жіберсең, 200 грамм дайын болады. Соның ақырын елге келгенде дос-жолдас-тар да татты ғой.



• • •

— Енді бірде, — дейді Өмекең, — немістің бір қаласын алдық. Үйдің астындағы қоймаға кіріп келсек, қатар-қатар қаланған виноның бөшкелері. Жаудың екі аяғын бір етікке тығып, екпіндеп келе жатқан жауынгерлер бөшкенің тығынын ашуға шыдамай (ерінген де болар) автоматпен тартып-тартып жібермей ме?! Аллаң жар болсын, оқ тескен жерлерден вино фонтандай атқылап, шапшып құйылып жатыр, құйылып жатыр. Біреулер әлгіден жұтайын деп ұмтылып еді. зекіп тиып тастадым. Әскерде командирдің сөзі — заң. Бәрі демін ішінен алып, қақшиып тұр. Вино көл-көсір. Тізеден келді — қозғалмадық, кіндіктен келді — ішкеніміз жоқ. Тура емшек тұсқа келгенде — өй, жаман ауызды салдық-ау. Мас боп қалып, тұңғыық-қа батып тұншыға бастағандарды әлді жігіттер дырылдатып сүйреп, сыртқа шығарып жатты.

• • •

Қалекен (Қали Садықов) «Шахтер даңқы» белгісінің қай дәрежесі екені есімде жоқ, әйтеуір бір тәуірін алды. Біраз жігіттер Чкалов көшесінің бойындағы «автопоилка» деп атап кеткен (автоматтан сыра сататын) асханаға дәмге шақырып: — Ал, жігіттер, кім менің мынау «Славамды» қосып бір ауыз өлең шығарып жіберсе, бүгінгі думанның тамадасы (қазір асабасы деп жүр ғой) сол болады, — дегенде айтылған бір ауыз өлең мынадай еді:

Қалекен ортамызда төрағасы,  
Жарқырап омырауында «Славасы».  
Ағылсын аңқылдаған ақ жорғалар,  
Құйғытсын қызылы мен торы аласы.

• • •

Осы жазбалардың кейбіреуі «ұсақ-түйек» сияқты көрінуі мүмкін. Пенде болған соң онсыз өмір жоқ. Башқұрттың атақты жазушысы Мұстай Кәрімнің

бір шығармасында «менің ауылымның адамдары бәрі бірдей әпенде болған екен, деп жүрмеңіздер. Менің есімде тек осындай адамдар қалыпты» дегені бар. Сол айтқандай, осындай езу тартар жайлар есте көбірек қалады ғой.

1996 жыл.

### Әшембектің әзілі

Ақтоғай ауданының тумасы — Әбдіғұлұлы Әшембек «аузын ашса көмейі көрінеді» дейтін ақкөңіл, әзіл-қалжынымен, дәулескер күйшілігімен елге жаққан қадірлі жігіттердің бірі. Бұл «жігіт» дегеніміз қазіргі айтылар оқиғаның шамасындағы, яғни Н.Хрушевтің АҚШ-та БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында бәтенкесімен үстелді тоқпақтайтын кезіндегі жас мөлшеріндегі адам. Қазір теңгемен демалысқа шыққан зейнеткерлердің тасасында қалған кеңестік сомның сарқытына қанағаттанушының өзі.

Әшекен сол Хүрекеннің дүрілдеп тұрған шағында бір кеңшарда партия ұйымдастырушысы болып қызмет істеп жүрсе керек. «Сартеректе» мұғалім Исатаев Серікпен бір үйде қонақтас болып қалады.

Бұлар пошташы әкелген жаңа газет-журналдарды (ол кезде әр отбасына оншақтысы келетін) аударып-төңкеріп, қарай бастайды. Хүрекеннің газеттің 8 бетін шүпідеткен баяндамасын көргенде Серіктің көзі жыпылықтап, тынысы тарылып, еңсесі түсіп, басы салбырап кетеді.

Әшембек: — Ей, Серік, саған не болды? Ауырып қалған жоқсың ба? Тым жайсыз отырсың ғой? — дейді шынымен қауіптеніп.

Серік: — Құрыды деген осы! Мен аупарткомның бюросына бара жатырмын ғой, партия мүшелі-

гіне өтпекке. Ауылдан шыққанда Хұрыштың барлық сөйлеген сөздерін, баяндамаларын қағып-сілкіп оқып, тауыстым ба деп шығып едім. Енді мына баяндамасын қашан оқып бітіремін?! — деп жылармен болады.

Сонда оптимист Әшембек серіктесіне мынадай ақыл үйретеді.

— Сен, Серік, сары уайымға салынба!

Хүрекеңнің сөзінің нәрі қай жерде болатынын білуші ме едің өзін?

— Білмеймін, ойбай!

— Білмесең былай. Сен бәрін оқимын деп әуре болма. Мына қара әріппен терілген «ду қолшапалақтау», «ұзақ қолшапалақтау», «ду күлкі», «ұзақ күлкі» деген жерлерді белгілеп ал да, соның алдынан бір қарыс жоғарылап зейін қойып оқы. Сол жерден нәрін де, мәйегін де таппасаң, енді кездескенде маған сәлем бермей-ақ қой, — дейді Әшембек.

Аупартком бюросында өздерінің де ұқыпты оқығандарын көрсетуге құмарлар Серікке сұрақты сол соңғы баяндама бойынша жаудырады ғой. Тілегені алдынан шыққан соң Серік те сол өзі оқыған жерлерді шабыттана түсіндіріп, күлкілі жерлерін түбірлеп тәптіштегенде бюро мүшелерінің езуін жигызбапты. Содан былай қарай Серік Әшембекті көрсе, сонадайдан жүгірін келіп амандасатын болыпты, — деп әңгімелейді ақтоғайлық айтқыштар.

### Омананың ойыны

Омархан Қалиасқарұлын елуінші жылдардың бас кезінде өте жақын араласқан жағдайда көріп-білген едім. «Темірден түйме түйетін» ісмер ұста еді. Біреудің қажетін ашуға өзі сұранып тұратын

әрі жүрген жері ойын-күлкі, қалжың, мінезінің жайдарылығынан да жұртшылықтың «өз адамы» болатын. Ауылдастары — үлкен-кішісі ол кісінің атын тіке айтпай, құрметтеп Омана деп атайтын. Мектепке де жиі келіп, қолынан келгенше ықыласпен көмектесіп тұратын. Әуезхан (Әтай), Мырзахан (Кілкен) деген балалары оқу үздіктері болғандықтан да ол кісі мектепке еркіндеп келіп-кетіп жүретін. Қазір Әуезханы Қарағанды медицина академиясының доценті, Мырзаханы осы кейінгі сайлауға дейін аудандық Мәслихаттың хатшысы болды. Қазірде де депутат. Сол Омана соғыс кезінде колхоздың ұстасы екен. Шаруашылықтың бар құрал-сайманы ұстанын қолынан өтеді. Қыстай жыртықты жамап, тесікті тығындап шықтым дегенмен, соқа-сайманның әлі жөндеуден өте қоймағандары да жеткілікті. Қас қылғандай, дәл көктем егісіне тақалғанда Оманы өскерге шақырар ма! Ауылды ұстап тұрған ұстанын өскерге шақырылуы колхоз басшысына оңай тимейді. «Не осы жолы сені алып қалам, не сенің орнына өскерге өзім барам» деп аудан орталығына бірге келеді.

Әуелі әңгімені аупартком, ауаткомнан бастайды. «Ұстамызды өскерден қалдырыңыздар» деп ашпаған есігі, жалынбаған адамы қалмайды. Әскери комиссариаттың ақырып тұрған кезі, оған кім батып сөз айта алады. Аудан басшылары колхоз басқармасына «өзің военкомға бар, өтініп сұра, мүмкін көңілі түсіп қалдырар» деп ақыл-кеңес береді. Ертеңіне Оманы ертін әскери комиссариатқа кіреді. «Осындай да осылай. Мынау колхоздың бетіне қарап отырған жалғыз ұстасы кетсе, біз қараң қаламыз. Қараң қалмағанда не, ұстасыз соқа-сайман жоқ, көктем егісіне шыға алмаймыз, оның ақыры астықсыз қалу, астықсыз қалу — елді аштыққа ұрындыру, қысқасы — қыру. Бір жолға



қалдыра көріндер, ағатайлар!» деп өлердегі сөзін айтады. «Қалдыра алмаймыз, болмайды?» дегенді тыңдамайды колхоз басшысы. Әбден ығыр болған соң комиссар: — Мынау ұстаң шынында да жақсы ұста ма? — дейді.

— Олла-біллә, шынында да жақсы, қолынан келмейтіні жоқ, — дейді «құдай берді, енді қалдырар» деп дәмеленіп.

— Сонда не келеді қолынан? — дейді комиссар анықтай түскісі келіп.

Манадан іштей тынып, шыдамы таусылған Омана:

— Жолдас комиссар! Менің қолымнан не келетінін сұрадыңыз ғой. Мақтанғаным емес бәрі де келеді. Егер сайман болса танкі де соғамын? — дейді ғой өзінің ойыншыл, қалжыңқойлығына басып.

— Шын ба? — дейді комиссар.

— Шын болғанда қандай! — дейді колхоз бастығы «а, құдайлап».

— Онда бұл жігіттің ауылда бағын байламайық. Танк жасайтын заводқа жіберейік, қазір онда жұмысшы өте қажет! — дейді комиссар, сөз осымен тәмам дегендей орнына көтеріліп.

Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, әңгіме ушығып кете жаздап, комиссар мен колхоз бастығы ақыры тіл табысып, Омана ауылға қайтып, соқа-сайманын бүтіндеуге білек сыбана кірісіпті.

### Құрдастар қалжыңы

«Құрдастар арасындағы қалжың кісі өлтіреді» деседі қазақтар. «Абай» романының алғашқы шыққан 1-томында екі құрдастың ойынынан от тұтанып, әйелдерін айырбастап жібергенін жазған еді.

Кейін Ғабеннің (Ғабит Мүсірепов) айтуымен Мұхан ол оқиғаны кітабынан алып тастаған екен Шет жұрт «Қазақтар тағы, надан халық екен» демесін деп түптің түбін ойлаған ғой.

Ақтоғайлық Мінтай Жүнісов пен Қабылғазиді Нұрланов — екеуі де таңдайларынан ұшқын атқан, құрдастық әзіл-қалжындары жарасқан жігіттер болатын. Елуінші жылдардың бас кезінде ауылда мұғалім болып жүрген Мінтайға аудандық әскери комиссариаттан шақыру-бұйрық қағаз келеді. «Пәлен күні түген сағатта азық-түлігіңмен военкомда болуға міндеттісің» деп жазылған қағазда.

Мінтай әскерге жүруге дайындалып, мал сойып, ауыл-аймағын шақырып дәм береді. Сол шығарып салу салтанатының үстінде Қабылғазиді келеді. Қайырадан қазан көтеріледі. Ақжорға, торжорғалар ашылып, жұрт жақсы тілектер айтады.

— Жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын!

— Аман барып, сау қайт! — деген ыстық ықылас білдіріледі.

Ертеңіне Мінтайды шығарып салуға Қабылғазиді бастаған бір топ жігіттер ереді. Ақтоғайдың Тоқырауын өзенінің сынаптай сылдырап аққан сулы, нулы, көркем бір жеріне келгенде Қабылғазиді: — Жігіттер, осы жерде аздап ат шалдырайық. Мына Мінтайдың қоржынындағы ас неше күнге үнем болар дейсің. Осы дәмді бөліп жеп, анау шынылардан ұрттап ауыз тиіп, тағы да «жол болсын» айтайық, — дейді. Сонымен далада мол дастарқан жайылады. Еріккен жігіттерге одан артық не керек! Жұрт әбден қызып, құшақтасып сүйісе бастағанда Қабылғазиді: — Ал, жігіттер, мен мына Мінтайды осы жолы әскерден қалдырдым. Кеше әскери комиссариаттан сұрап алғам. Енді үйіне қайта беруіне рұқсат! — деп атына қарай аяңдайды. Сөйтсе, шақыру қағазды ұйымдастырып жүрген

Қабылғазидың өзі екен..

Мінтай Қарағандыға бір келген сапарында Ақтоғайдағы құрдасы Қабылғазига «Скоро приеду, встречай. Сестра Жамал» деп жеделхат жібереді. Ол кезде араға автобус қатыспайды. Жолаушылардың көлігі — ұшақ. Жамалдың кім екенін білмесе де Қабылғазиге ауданның кішкентай аэропортына күнде барып, тосып жүреді. Екі-үш күн өтеді. Бөтен адам келмейді. Төртінші күні Мінтай түседі ұшақтан. Гәптің қайдан шыққанын іші сезген Қабылғазиге Мінтайға тілдеспестен басы салбырап үйіне қайтады.

Қыстың күні. Мінтай колхоздан аудан орталығы — Ақтоғайға келеді. Ат шанамен көшеде сырғытып келе жатса асхана алдынан Боржай деген жігіт кездесе кетеді. Қашанда шала буырлылау жүретін Боржекен Мінтайды пайдаланып қалмақ болып, асханаға жетектейді. Алыс жолдан жаурап келген Мінтай да қарсы болмайды. Екеуі бір жартыны бөліп тастап алған соң жөн сұрасады. Мінтай кеше тосыннан Қабылғазидың қайтыс болғанын естіп, мұнда асығыс келгенін. Қазір сонда бара жатқанын айтады. «Сенімен бірге мен де барып, көрініп қалайын» деп Боржекен шанаға отырады. Ызғытып отырып Қабылғазидың үйіне жетіп, ат басын тартады.

— Ал, Боржеке, сіздің жасыңыз үлкен, алға түсініз. Дауысыңызды шығарасыз ғой, үндемей барғанымыз ұят болар, — дейді Мінтай.

— Әрине, — дейді Боржекен. — Ой, айналайынай өзі де бір жігіттің төресі еді ғой! — деп Боржекен босай бастады. Мінтай есікті ашып кіргізіп жіберді де, өзі шанамамына отырып тайып тұрады.

Боржекен «баурым-ем» деп Қабылғазидың әйелін бас салады. Әйелдің есі шығып, не болға-

нын сұрауға әзер шамасы келеді.

— Қабылғазиді қайтыс болыпты ғой, айналайын!  
— деп кемсеңдейді Боржекең.

— Кім айтты? Осы жаңа ғана үйден шығып еді ғой, — дейді әлі де есін жия алмай отырған әйел.

— Мен осы жаңа Мінтайдан естідім. Кеше қайтты деді ғой.

Сонда ғана жүрегі орнына түскен әйел: — Ой, ағатай, Мінтай мен Қабылғазидың көп қалжыңының бірі екен ғой. Ой, Алла-ай, әмсе амандық бере гөр! — деп шүкірана білдіріпті.

5.08. 2000 ж.

### Сәтағанның «сражениесі»

Әкеміздің жақын нағашыларының бірі — Құтымұлы Сәтбек деген кісі қожанәсірлеу еді. «Леу» деуімнің өзіндік себебі де бар. Өйткені, Сәтаған (жұртшылық солай атайтын) біреуді алдайын деп алдына мақсат қоймаса да түптің түбінде өз кенейі түгел болып шығатын.

Соғыс кезі. Әкем Сәтағанды Балқаштан алдырып, аудан орталығындағы орта мектепке отыншы етіп орналастырды. Таңертең тоғайға өгіз арбамен кетеді, кешке сықитып тиеп нән арба отын әкеледі. Жасында сол қолының басы, бетінің бір жағы қайнаған судан ба, әлде жер ошақтағы оттан ба, кім білсін, әйтеуір қатты күйген. Содан әскерге де жарамай қалған, жасы отызды орталағанша үйленбеген. Шешесі «мен қартайдым, енді үйленсеңші!» — десе, Сәтаған ойынға айналдырып: — Қазақтың өзіндей қыздары үйінде отыр. Қартайдым дегені несі?! — деп қылжақтап жүре беретін.

Отынды аудан орталығы Ақтоғайдан оншақты



шақырым жерден дайындайды. Кейде ерінсе сол маңайдағы ауылдарға барып қона кетеді. Сәтаған жүрген жер қыран-топан күлкі. «Қазақта жүрдім жыл жарым, қылшық жедім пұт жарым. Қыз-келіншек менсінбей, кемпір болды арманым» деп қазақ арасын паналап жүрген бір татардың өлеңін айтып, тыңдаушылардың ішек-сілесін қатырады.

Көбінесе қолындағы, бетіндегі, шекесіндегі тыртықтар көңіл аудара береді. Ондайда Сәтаған жанып түседі. — Ойбай, оны сұрап неғыласындар. Мен қазір тірі жүр демесеңдер, ажал аузынан шыққан адаммын ғой!

— Е... соны айтсаңшы, — дейді өңкей кемпіршал, қатын-бала елеңдеп.

— Айтсам Курскі деген жердегі танкі сражениесін естулерің бар ма? Естімесеңдер, мен танкі шайқасына қатысқан батырыңның өзімін. Бәшистер жағынан да, біздің жақтан да мың-мыңдаған танкі қоңыздай өршіп шықты ғой. Көзің жамандық көрмесін, мотордың гүрілінен құлағың тұнып қалады, жанып жатқан танкілерді, өліп жатқан адамдарды көргенде иманың қасым болады! (Сәтаған осылайша тыңдаушыларын сол соғысқа қатысып отырғандай дірілдетіп алады). Танктер қошқар құсап бір-бірімен мүйіздескенде ортасынан от жарқ-жүрт етеді. Ен мықтысы әлсізін артқа қарай итеріп барып, аударып түсіріп, бүйірден періп кеп жібергенде домалап кете барады екен... Менің танкім де денесінде бір грамм артық ет-майы жоқ қазанат еді. (Бұл өзінің ауыл арасынан естіп, көңіліне түйген теңеуі). Талай танкінің табанын көктен келтіріп жүрді ғой. Бірде тұқымың құрғыр біреудің лақтырған темекісі мотордың тесігіне дәл түсіп, бензині лап етіп жанып кеткені... Содан суға жеткенше өртеніп, өзім күйіп, мынадай болып қалдым. Әйтсе де өкінішім жоқ. Дандайсыған талай

бәшисті о дүниеге аттандырдым-ау, — деп өзінің «ерлігіне» сүйсініп отырады екен Сәтаған.

— Ой, айналайын, біздің кісілеріміз өзіндей болып жараланып, үйіріне қосылса, арман бар ма?! — деп ауыл-аймақ бар тәтті-дәмдісін Сәтағанның алдына тосып, аузына ұстайды. Сөйтіп жүріп Сәтаған сол ауылға күйеу бала болып тынады. Қожағұл Қодамбас деген кісінің бүлдіршіндей қызына үйленеді. Сәтаған қазір арада жоқ. Балалары Балқашта тұрады.



## ІХ. ҚИЫН ДА ҚЫЗЫҚТЫ ЖЫЛДАР



Менің шығармашылық өмірім «Орталық Қазақстан» газеті редакциясымен (1957-1965 және 1974-1982 жылдар, аудармашы, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары), Қарағанды облыстық теледидар және радио хабарларын тарату комитетімен (1965-1974, 1982-1992 жылдар, бас редактор) тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі хабарлар Бас редакциясында редакторлар Қ.Қайыпов, А.Сатаев, Қ.Әкімбеков, С.Ансаров, Ж.Мұзапаров, К.Құдабаева, Т.Жүсіпов, Д.Омашева, Қ.Шәкірова, О.Мекембаева, Ә.Тойжігітов, С.Таласбаев, К.Ахметов, Т.Дәмиев, Ж.Сармұрзин, дикторлар Г.Рахимова, М.Ахметова, Е.Тишмағамбетов, фонотека жетекшісі Б.Әкімбекова, режиссер, ассистенттер Р.Жабаева, Г.Хамзина, А.Тәжібаев, Ә.Тойбаев, Қ.Ералин, Р.Смағұлова, Р.Ысқақова, А.Ұпашева, Б.Сейсепова, телекино операторлары М.Сүлейменов, К.Өкішев, Қ.Әлиев, Н.Абдуллаев, т.б. ерен еңбектерімен, өз ісіне шеберлігімен әрі жауапкершіліктерімен есте қалды.

Ұйымшыл ұжымның атқарған жұмыстары жеке бір әңгіменің арқауы боларлықтай... Бұл жерде олардың бір-біріне деген қалқысыз сыйласымын ғана атап айтқан жөн. Әсіресе, әйелдерге, қыздарға деген ілтипаты ерекше болатын. Соған бір дәлел — 8 наурыз мерекесінде білдірілген лебіздер. Ер адамдар мереке иелерін құттықтағанда бейне бір

Жібектің көшіндегі 40 қызды суреттегендей, әйтеуір бар өнерлерін салатын еді. Осы сөзіме мына бір шын көңілден шыққан лебіздер дәлел бола алады ғой деп ойлаймын.

### *Аруларға терекелію арнау*

**Кәмила Құдабаеваға**

Ән десеніз лайық, сән десен де болады,  
Әр ісіне көңілің өз ісіндей толады.  
Көкірегінде көзі бар абат бақты суарған,  
Бұлбұл сайрап сол жерде, ақ көгершін қонады.

**Галина Рахимоваға**

Кісіліктің шынары,  
Баянның егіз-сыңары.  
Тыңдарманның құлағы,  
Ізгіліктің бұлағы.  
Көп алғысын көтерген,  
Міндеті солай өтелген.

**Рымкеш Смағұловаға**

Дидарында көктем жүр — гүл майысқан  
гүлзары,  
Бір қараса самалдай қантар, ақпан ызғары.  
Қас шебердің қолынан күліп шыққан-мүсіндей,  
Бәрі осындай болсайшы қазекеннің қыздары.

**Бәтжан Әкімбековаға**

Көңілімен, көркімен тамсандырған талайды,  
Бәтжекеңді қаншама мақтаса да жарайды.  
Тентектерді баз-базда «терлетіп» бір алса да,  
Бір айналып елжіреп, мейірленіп қарайды.



**Мәкен Жаңағұловаға**

Сыйпаттауға бейнеңді шақырған жөн

мүшәйра,

Нағыз ару басқаға үш қайнатса ұқсар ма?

Көңілдегі көп тенеу төмен қалып өзіннен,

Осындайда қиналтып, тіл байқұсты тұсайды, ә?

**Гүлбаһрам Хамзинаға**

Таңгүлі деп әуелде тауып қойған есімін,

(Таң менен гүл қосылып, егіз туса несі мін).

Таң нұрындай мол бақыт терезеден құйылып,

Гүлдей болып үлбіреп қағып тұрсын есігін.

**Орал Мекембаеваға**

Қиялыңның қанаты жалтылдасын қиядан,

Жақсы нышан таныттың алғашқы «Алтын

үядан».

Жігіттер жүр қуанып, тақиясын лақтырып,

Ортамызға келді, — деп, бек тамаша сый адам.

**Айман Ұпашеваға**

Әйбат жансың, Аймансың,

Айдан түсе қалғансың.

Жапырағын жаныңның,

Нұрға тосып жайғансың.

Дидарыңа табынып,

Есердің басы айналсын.

Көңілінде естінің,

Ортаймайтын ой қалсын.

Осылайша жақсы сөз жан семіртіп, жемісті іске жігерлендіретін.



# Х. ВЛЕЦ ВЛКЕСІНЕ САЯХАТ



## Атамекен

Жалпақ жатқан жалғанның картасынан,  
Қазақтың шалқар Сарыарқасынан,  
Туған жер, көзіме оттай басыласың,  
Айналдым, Атамекен, әр тасыннан.

• • •

Арайлап атқан таңым, батқан айым,  
Бал дәурен — балалығым өткен жайым.  
Ата-анам жүрген жер, басқан ізін,  
Қиялымда шарлаймын әр күн сайын.

• • •

Абзал аға, жайдары жеңгелерім,  
Өздерінді мен кімге тенгеремін.  
Құлағымда құйқылжып құрбы даусы,  
Алтыбақан әнімен тербелемін.

• • •

Көңіл жүйрік — көк дөнен басы қатты,  
Алып қашып арындап, жосып ақты.  
Шатырша тау күлімдеп гүл ұсынса,  
Тоқырауын жағадан тосып апты.

• • •

Көңіл жүйрік — көк дөнен басы қатты,  
Жасымапты, арыны басылмапты.  
Қас шебер-ай, қос жанар мөлдіретіп,  
Тәтті күндер суретін басып апты.

## Ана тілім

Ана тілім — абыройым, ардағым,  
Асыл кенім, тарқамайтын арманым.

Желбіреген жібек туы елімнің,  
Өткенім де, бүгінім мен алдағым.

\*\*\*

Ана тілім — алаулаған арайым,  
Өзің болып тілдеседі Абайым.  
Тек өзінде Мағжаным мен Мұхтарым,  
Тек өзінде жанар бақыт, талайым.

\*\*\*

Ана тілім, сенде анамның әлдиі,  
Сеніменен шалқиды әсем ән-күйі.  
Сен арқылы бабалармен тілдесем,  
Сен арқылы сыр шертемін әр күні.

\*\*\*

Ана тілім — шаттық үнім тамаша,  
Бүгін шалқып естілесің жанаша.  
Домбырам да сөйлейді енді қазақша,  
Сүйіншіге жүрегімді ал жараса!

\*\*\*

Өмірімді түрлендірген ән қылып,  
Тал бойымды жалындатқан қан жүрші.  
Тағдырымның тірегісің, ана тіл,  
Қазағыммен бірігесің сен МӘНГІЛІК!

## Құралайдың әні

Қ.Шәймерденоваға

Ән маржаны жарқылдап шашылғандай,  
Керең құлақ, көр кеуде ашылғандай.  
Ғашықтардың әулие махаббаты,  
От жүрекке мөр болып басылғандай.  
Арулардың аңсары — Естай болып,  
Жігіт біткен Қорланға бас ұрғандай.

\*\*\*

Домбыра — қарт күніреніп егілгендей,  
Ғашықтардан қабырғаң сөгілгендей.

(Ғашық болу — арман ғой, армандыға  
Қасиреті бес батпан өмір гүлдей).  
Ойсыз пенде оянып, бір сілкініп,  
Махаббаттан зұлымдық жеңілгендей. •

Ой, пәле-ай, қақты қанат аққу құсы,  
Шабыттың жалын атып жанар тұсы.  
Омырауына ойлының тамып кеткен,  
Меруерт жас екен-ау ел алғысы.  
Құралайға телміріп қатып қалған,  
Мылқаудың да келеді ән салғысы.

### Қасиетіңіз паш болады екен

Кеудесінде қабаған төбет болатын күшігі бар,  
Шимай-шатпағының үсігі бар, түсігі бар,  
Бір даңкеуде жазушы-сымақ  
Ақын алдында тұрып шіреніпті,  
«Мені мадақта» деп тіленіпті.

— «Аты-жөнім» А-дан болмаса да Ә.-ден  
басталады,  
Түбінде менің жазғандарым барша тілде  
жатталады.

Қазірдің өзінде көпке мағлұм ірімін,  
Нағыздың өзі болмасам да нығыздың бірімін».  
Деп кеудесін керіп көрік етіпті,  
Тақиясын қоқайтып бөрік етіпті.  
Сонда біздің ақын миығынан күліпті,  
Үш-ақ сөзбен жайратыпты бүлікті.  
— Аты-жөнің Ә.-ден басталады екен,  
Өзіңді бас емес, аяғың басқарады екен.  
«Әзәзіли, әумесери һәм әппербақани» десек,  
Қасиетіңіз баршаға паш болады екен.



## Шының ба бұл, інішегім?

— Кешір аға, ол кезде есер едім,  
Дарбаза ауыз, бейбастақ бөсер едім.  
Дүниеге шөлмектің шынысынан,  
Қарап жүріп бетімен көшер едім.  
Қалдырып ем жазықсыз көңіліңізді,  
Қайтем енді, қу тілді кесер ме едім.  
— Шының ба бұл, інішегім, шының болсын,  
Бұл бір көрген өмірден сының болсын.  
Құрып қалсын қу арақ жоламашы,  
Өзіне де, өзгеге тыным болсын!  
Арақсыз да есірік жетіп жатыр,  
Мұның, қалқам, жақсы бір ырым болсын.  
Артында бар сенің де бауырларың,  
Дей көрмесін: «бір шөлмек құным болсын».

## Көршім көшкенде

Көршім көшіп барады, көршім көшіп,  
Шығарып сап жүрген көп, өліп-өшіп.  
Қатып қалған қайрақ бет сыр бермейді,  
Қан шықпайды-ау етінен алсаң кесіп.

Қайран менің су мұрын, жылым көршім,  
Сыртың жылтыр кокстей өзінше өрсін.  
Қырғын болса қырық жыл оқ дарымас,  
Судан құрғақ шығатын неткен ерсін!

Қойған жерден табылар қойшы торы,  
«Қолайлы адам» сыр шашпас ізсіз жолы.  
Бауырын да жәукемдеп кетуге бар,  
Дәм салары иншалла тұрса толы.

Өмір оған шахмат ойынындай,  
Ебін тауып екі асау — ойы сондай.  
Ит күшіктеп жатады кеудесінде,  
Торай туып қояды, ондай-мұндай.

### Саябақта сан қызық (Абайға еліктеп)

Құлағың сал, жамағат!  
Жазды күн шілде болғанда,  
Қызық қуған қыз-жігіт,  
Жексенбі күн ағылып,  
Саябаққа толғанда.

Келіншек шығар бір жақтан,  
Бұрала басып былқылдап.  
Айдыннан тартқан шабақтай,  
Ақ балтыры жарқылдап.  
Иығында сөмкесі  
Тірсекке тиіп салпылдап.  
Жетегінде ақ қанден,  
Шабаланар шаңқылдап.  
Жел көтерсе етегін,  
Құлын мүше айқын-ақ...

Бойжеткен шығар сымпиып,  
Шолақ шортик тылтиып.  
Қолтықтайды бозбала,  
Қара мұрты қылтиып.  
Қыз иығын жастана,  
Үзіле қарар қылқиып.  
Балмұздақты емеді,  
Тұрмаса да күн күйіп.

Алкаштар шығар аңқылдап,  
Беті-көзі күлтiлдеп.  
Сорған сайын шылымын,  
Жөтел қысып күркiлдеп.  
Қалтырайды қолдары,  
Бас жазатын «іс» керек.  
Заһардың ашар тығынын,  
Азуға салып тістелеп.  
Тұзға піскен балығын,  
Жан жарындай иіскелеп.

Демалыста балалар,  
Карта ойнайды бір бөлек.  
Лагерь жоқ баратын,  
Құны удай, кім бермек?  
Көнге салар ақша аз,  
Тиын сұрар тіленіп.  
Шиша жинап біразы,  
Қалың талға жүр еніп.

Ақсақал шығар «аллалап»,  
Қара таяқ қалтылдап.  
Ауық-ауық дем алар,  
Көленкеде салқындап.  
Демікпесі дігерлеп,  
Қысып қояр алқымдап.  
Баяғыдай қуат жоқ,  
Күле алмайды қарқылдап.

Бәйбіше шығар мамырлап,  
Бұзылмаған сыр-сымбат.  
Доп қуады мәз болып,  
Немересі тымпындап.  
Етегіне оралар,  
Балмұздақ сұрап, қынқылдап.  
«Ауырады тамағын,

Шешен үрсар барқылдап»  
Деп әжесі жылжиды,  
Қиын болар көп тұрмақ.  
Есілдерті құдамен  
Әнгіме-дүкен бір құрмақ.

Цыган әйел жүйткіп жүр,  
«Погодаю» деп зырлап.  
Езуінде шылымы,  
Көк түтіні бүрқылдап.  
Кәріні көрсе сырт беріп,  
Жасты көрсе «тұр-тұрлап».

Экстрасенс емші жүр,  
Танауы тершіп желбіреп.  
Онбесімде аруақ  
Түсімде аян берді деп.

Олай қарап үшкіріп,  
Былай қарап түшкіріп,  
Кеселді құды «желкелеп»  
Олай жүріп күбірлеп,  
Былай жүріп «пірім» деп.  
Қалтаға ақша түскен соң,  
Сырт айналды күлімдеп.

Сонау тұста бір топ жас,  
Ән салады шынғырып.  
Бірде үлиды бөрідей,  
Құлағынды тұндырып.  
Мауыққан мысық шарылы,  
Жүйкенізді жүн қылып.  
Би билейді селкілдеп,  
Би емес-ау «жын қылып».  
Оркестр де дан да дүң,  
Жіберердей сындырып.



Бағанағы ақсақал  
«О, тоба» деп таңғапты.  
Күні бойы күмпілдеп,  
Маңыратты да жамыратты.

Анау шетте ысқырып,  
Полиция қуып жүр.  
«Мыңмен жалғыз алысып»,  
Басына күн туып жүр.  
Сонда да белін бермейді,  
Індетуге жуық жүр.

Саябақта сан қызық,  
Бәрін айтып тауыса алман.  
Есерлерді еліртіп,  
Естілерге ой салған.  
Оны жырлап жазуды  
Неқаннан біз сұрайық.  
Бір жолға осы жетер-ақ,  
Сәл тыныстай тұрайық.  
Асықпаған арбамен,  
Қоян алған, халайық!  
1995 жыл.

### Алкашқа

Ақ сүт берген ананды  
Ұмыта бастадың ба?  
Алтын асықтай балаңды,  
Араққа айырбастадың ба?  
Арсыздан татып арамды,  
Жар төсегінен қашқаның ба?  
Тұман торлап санаңды,  
Ақ жолдан адасқаның ба?  
Жанбай жатып сөнгенің бе?

Тумай жатып өлгенің бе?  
Толмай жатып төгілгенің бе?  
Бордай тозып үгілгенің бе?  
Назаланып жаныңа үнілгенім бе?  
Әлде бұл — әбден түнілгенім бе?!  
1986 жыл.

### Ұзақ жолда

Ұзақ жолда. Даңғыр-дүңгір музыка,  
Құлақ деген сорлыда бір маза жоқ.  
Орысша да, немісше де сарнайды,  
Әттеген-ай, қазақ әні таза жоқ.

...

Үнді кетті, шүршіт келді, ағылшын...  
Негірін де, жебірін де ағылсын.  
Ойхой, дүние, қазақ үні шықпайды,  
Мөнгүрт жігіт қазағыңды неғылсын!

Қаңғыр-күңгір, салдыр-сұлдыр, даң да дүн,  
Дию ма екен, дәупері ме, әлде жын.  
Бақыра ма, шынғыра ма, қылғына ма ынқынып,  
Бас айналды, құр айқайда бар ма құн?

Аспандағы аққуменен үн қосатын қазағым,  
Көріп келеді қу заманның азабы мен мазағын.  
Жастар мақау, тілі сақау, ой, алла-ай,  
Осы емес пе ең сұмдығы бізге тартқан жазаның.

Ұзақ жолда темір тұлпар өршелене жүйіткіді,  
Касеталар алмастырды барқыраған бір кұйді.  
Қайран қазақ, әнін кетсе — сәнін кетер ме екен  
деп,  
Көңілімде астан-кестен боран ұлып ұйтқиды.  
1996 жыл.

## Самопалдан сам он пал

Атақты алкаш,  
Қатын-бала жарты аш.  
Біреуден сұрап ішеді,  
Біреумен бірігіп,  
Тиын-тебен құрап ішеді.  
Қу өнеш құрғамайды,  
«Үштіктен» құр қалмайды.

...

Қиратам деп шын-құзды,  
Май тұмсықты сан бұзды.  
Отыз тіс опырайып,  
Ала көз оқырайып,  
Ауыз қисайып,  
Ар-ұятты у шайып,  
Жүйкені жүн қылды,  
Сонда да қоймады құрғырды.  
Бір күні «ғашығын»,  
Жанға балаған асылын,  
Құшақтай жығылды.  
Мүрдем кетті, тұрмады,  
Жұтудың болды құрбаны.

...

Өлгенді жамандай ма,  
(Одан жоқ түсер пайда).  
Ер еді, сері еді,  
Арыстандай ақырған еді,  
Аспандағы айға атылған еді.  
Қазанға қақпақ еді,  
Желіге тоқпақ еді.  
Шанырақтың отағасы еді,  
Балбал тастай босағасы еді.  
Елі.... еді ..... еді....  
Өксіп жатты достары,  
Құлағандай аспаны.

Ал, шыны:  
Самопалдан сам он пал,  
«Ғашығынан» жетті ажал.

### Күшік ит (Нарық егіп, ит сарыған у жеміс)

Замананың ымы-жымын түсініп,  
Кеудесінде шіреніп тұр кісілік.  
Жебеушінің деміменен желпініп,  
Желігеді, ей, мына жылпос күшік ит.

• • •

Адалдықтың абыройын түсіріп,  
Түф дегенде жерге түспей түкірік.  
Әр сөзіне шырай беріп өтірік,  
Сыйпақтайды бұлаң құйрық күшік ит.

• • •

Шындықты айтып көрмеген бір шешіліп,  
Есек бастау, шала мастау есірік.  
Жарты әлемді жіберердей көшіріп,  
Дүрдиеді, ей, мына желбас күшік ит.

Жыбыр-жыбыр, сыбыр-сыбыр, қыл-қыбыр,  
Тарихтың тастандысы бұл да бір.  
Тегі де жоқ, ұлты да жоқ, тілі жоқ,  
Ойдан алыс, күшік иттер тойда жүр.





# ХІ. ОЙТАМЫЗЫҚ



## РУХЫҢ МЫҚТЫ БОЛСА — ӨР БОЛАСЫҢ

Адам баласы айтпаған сөз жоқ шығар. Әйтсе де әркім әр қырынан келіп, өзінше өрнектеуге талпынады. Мына «Ойтамызық» деген айдармен беріліп отырған жазбаларым өр кезде, әр жағдайда жазылған еді. Ұнағаны — сіздікі, ұнамағаны — өзімдікі.

1. Сөзі су татитын адамның ісі де сұйық.
2. Сөйлейтін — тіл, жауап беретін — бас.
3. Сөзіннен құн кетсе, өзіннен сын кетеді.
4. Селтең-селтең серіліктің жалғасы—  
Мөлтең-мөлтең көз жасы.
5. Қылжақпастың қалжыны қарындасынан  
аспайды.
6. Дуылдатып бастап, шуылдатып аяқтау —  
Берекесізге тән тірлік.
7. Сұғанақ сұрап алғанын қайтармайды,  
Көңілшек бермеймін деп айта алмайды.

8. Атасын білу — парыз,  
Ата өсиетін орындау — қарыз.
9. Ішіп алып айтқан сөз, кіш еткенмен бірдей
10. Жалқаудың жатарда уағдасы көп,  
Тұрған соң сылтауы көп.
11. Жақсы бала — көңілдегі пана,  
Жаман бала — жүректегі жара.
12. Көршің көңілді болса —  
Ол жақтағы бөлменің қабырғасы  
жылы тұрады.
13. Естімесе де жауап қайтарады,  
Білмесе де дау айта алады.
14. Наданның кеудесі — көкте,  
Ақылы — аяқ астында.
15. Ашықауыздың арты да ашық.
16. Жетесіз бауырдан жекжат жақын.
17. Ашулы сөз — артық сөз,  
Не кетер — бас, не — шығар көз.
18. Жарамсақ жаны — бұралқы,  
Жіберсең де қамшылап —  
Қайтып келер қыңсылап.
19. Құлқынның құлы — ішіп-жегенін айтады.  
Елдің ұлы — ата-бабасының дегенін айтады.
20. Сырты — әдебиет, іші — есеп кітабы.

21. Ақыл кірмеген қырықтан.  
Дәлдүндеген он бесім артық.
22. Ақымақ бала әкесіне ақырады,  
Шапалақ жесе шешесін шақырады.
23. Ұйықтай берсең —  
Ұйқы иықтай береді.
24. Басшың әділ болса — батыл боларсың,  
Елің шешен болса — ақын боларсың.  
Рухың мықты болса — өр боларсың,  
Еңсен түскен ез болсаң —  
Көрінгенге жем боларсың.
25. Тіл білмейді деп сынаймыз,  
Дұрыс қой. Бәрі дұрыс қой.  
Түрі қазақ болғанмен,  
Ол бәтшағар орыс қой!
26. Ескірмегеннің әкесі:  
Жиырмасында үміт етеді —  
Отбасының тірегі деп.  
Отызында да үміт үзбейді,  
Ақылы кіреді деп.  
Қырқында да амандығын тілейді,  
Біреу құрлы өмір сүреді деп.
27. Батыр — жарасыз,  
Сұлу — жаласыз болмас.
28. Қолың істемесе —  
Тісің тістемейді.
29. Әке ақылы қонбаған —  
Баланың жолы болмаған.

30. Сөзде тұру — адамдықтың шынары,  
Аңқаулық та — адалдықтың сынары.
31. Уайымшылдың бүгіні — бұлдыр,  
ертеңі — қараңғы.
32. Сахнадағы жақсы артист — талант,  
Өмірдегі «жақсы артист» — жәлап.
33. Мақтасақ та нарықты,  
Дінкелетті арықты.  
Теңге түссе қалтаға,  
Саудагер қағып алыпты.
34. Зұлым жандар — имансыздық түсігі,  
Былқ етпейді жұтып қойса кісіні.
35. Парақор «мешкей» аталар,  
Ол дағы бір күн қақалар.
36. Өлермен мақсатына өнерімен жетпейді,  
сүйерменнің сүйреуімен жетеді.
37. Тәйтiк тамада күлдіремін деп бүлдіреді,  
«Қарға қалжыңына» қаз ілдіреді.
38. Туған тіліміз — сексеуілдің шоғы,  
электрдің тоғы —  
бойынды балқытып, қыздырады.  
Арды аттасаң — шыжғырады,  
Ұялтып қыз қылады.  
Келін ғып иілтеді,  
Тойымсызды түйілтеді.  
Қүдіретті, сиқырлы дәрі —  
Өлгенді тірілтеді.



39. Байлаусыз жынды —  
Бүлдіріп тынды.
40. Жоғары білімді бір надан —  
Оқымаған он наданнан да қауіпті.
41. Ақыл қосып шешкен істі —  
Дей бер сәті түсті.
42. Туысы жаман — туғанынан жау іздейді.
43. Қазақ мақтанса — руын айтады,  
Казак мақтанса — қаруын айтады.
44. Ер туған жерін «елім» дейді,  
Ез тойған жерін «төрім» дейді.
45. Қырсық шалған адам —  
қырық жылғыны қоңырсытады.
46. Қасқырдың тәубе еткені —  
Саудасының біткені.
47. Өтірікте де өтімдісі бар,  
Шындықта да өкініштісі бар.
48. Өтіріктің бүтінінен,  
шындықтың сынығы жақсы.
49. Өкіне білгеннің кең өрісі бар,  
Өтіне білгеннің — күнкөрісі бар.
50. Ақылды арамзадан  
ақымақ ақкөңілім артық.

51. Сөздері топан-кесек,  
Осындай бір есек,  
Бастық болды десек —  
Төбеңді тесер көсеп.
52. Мақсатсыз адам — еріншек,  
Отансыз адам — келімсек.  
Жалтақ адам жігерсіз,  
Көргенсіз адам — жүргенсіз.
53. Айтушы — дән себуші,  
тыңдаушы — өнім жинаушы.
54. Білек көтергенді жүрек көтермейді,  
Тілектестікпен міндет өтелмейді.
55. Бас басқара алмаса — қол қор болады.
56. Моншақ емес сөз деген  
Сөнге тағар,  
Құлықсызға айтқан сөз құмға тамар.  
Есте жүрер есті сөз — елге ортақ,  
Құйма құлақ кез келсе — бағы жанар.
57. Шамасын білмес шалдуар,  
Арты — айқай, алды — жар.
58. Арзанды қусан асығып,  
Қымбатың қалар шашылып.
59. Елпекбай саясатшы екі сыналады,  
Бір сөзін бір сөзі теріске шығарады.
60. Отаршы ойранын ойлап қартаяды,  
Шовинист шаңыраққа қарамай шалқаяды.

61. Сыйласым болмаса — сұлуың да сұмырай.
62. Аузымен алтын таулар орнатқан,  
Қолымен талайларды сорлатқан,  
Зымиянның күнәсі жүз батпан.
63. Жарамсақтар — таққұмардың ардағы,  
Бар патшаның тұсында уәзір болу арманы.
64. Білейін деп талпынбайды,  
Білмеймін деп айта алмайды.  
Іші-қуыс, ақша — туыс.  
Қалта қалың — талтаңдайды,
65. Бір кеудеде екі адам отырады жайғасып,  
Бірі — маңғаз, тақаппар, сөйлеспейді сырды ашып.  
Екіншісі — тілімен «жалап жазар» жараңды,  
Майлығы мен сулығы тұрады ылғи алмасып.
66. Дейміз кейде бұл өмірде шындық жоқ,  
Жалғандықтан өткен пәле, сұмдық жоқ.  
Топыраштың тұлпар шыққан кездерін,  
Сенесіз бе, көрген кезден мұңлық жоқ.
67. Үйің суық болса егер — қысың суық,  
Қарашада тұрады қантар туып.
68. Жақсы кітап — білгенге кісілік,  
Тереңіне бойлай алсаң түсініп.
69. Адал адам тозақтан да қорықпайды.
70. Адалдық аңсаған арманға әмсе жеткізе  
бермейді.

71. Кейбіреуді халық алақанға салады,  
ал, ол май тұмсығын дүние-боққа малады.
72. Көрінгенді зор тұтқан —  
өзі-өзі қор тұтқан.
73. Сырты — салқам, жүрісі — талтан,  
сөзі — жалтан, мінезі — шолтан.
74. Рушылдық, жүзнілдік — шикіліктің белгісі,  
Алашшылдық, ұлтшылдық — іріліктің үлгісі.
75. Білімді қаптап алмайсың,  
тырнақтап жинарсың,  
Жаныңды қинарсың,
76. Досы да, қасы да жоқтан —  
Бір сақтанба, мың сақтан.
77. Жаманға жасасаң жақсылық —  
Өзінді жығар қас қылып.
78. Күштілерге жалтақтап,  
Соңынан ердің салпақтап,  
Өз қағыңнан жерініп,  
Өзгенікін ардақтап.  
Екі көзің алақтап,  
Шауып жүрсін далақтап.  
Рухың өлсе — бас кетер.  
Қанжығада салақтап.
79. Ақылды аузын бағып, аз сөйлейді,  
Ақымақ айтқанға көнбейді,  
Сөзге қонақ бермейді.



80. Сыпыртып бәрін сынады,  
Батылдығы ұнады.  
Өзіне шаң жуытпай,  
Періште боп тұрады.
81. Кісідегінің кілті аспанда емес, кісіде,  
Адамның іскерлігі жасында емес, ісінде.
82. Есті қыз ертеңін ойлайды,  
Ешкі қыз елтең-селтеңін ойлайды.
83. «Оқалақ су» мылтық етіп оқтайды,  
«Жеке батыр» тірі жаннан ықпайды.  
Бір тәуірі — түрі қазақ болғанмен,  
Түбін түскір орышалап боқтайды.
84. Ел басқару оңай деп,  
Тек есерлер ойлайды.  
Сол баяғы әдетпен,  
Қожандауын қоймайды.  
Ісіп, кеуіп, күшініп,  
Дайын тұрар жанжалы,  
Бәрінен де өз басын  
Басқарса ғой абзалы.
- 85 Тілден жығылған  
пілден жығылғаннан — жаман.



## ХІІ. АШЫҚ ХАТ



### АШЫҚ ХАТ

Қарағанды облысының әкімі П.П.Нефедовқа,  
халық депутаттары облыстық Кеңесінің төрағасы  
И.Ғ.Мүсәлімовке

*Масғұт Жабасұлы Халиолла — Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының төрағасынан.*

Қарағанды қаласында түрік-қазақ лицейін ашу және оған Н.Нұрмақов атындағы №2 қазақ мектеп-интернаты үйінің жартысына жуығын (лицейге арнап салынатын құрылыс біткенше деген сылтаумен) облыс әкімі Петр Петрович, Сіздің шешіміңіз бойынша босатып беру жөнінде мәселе қойылып, оның ата-аналар, жалпы жұртшылық арасында үлкен наразылық, ашу-ыза тудырып отырғаны облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде 26 мамыр 1993 жылғы жарияланған «Мектептегі дүрбелең» деген мақаладан мәлім болып отыр.

Осы мақалада көтерілген мәселе мазмұндас, мектептің 47 ұстазы қол қойған хат Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының атына да келіп түсті.

№2 мектеп-интернат 1984 жылы сол кездегі облыстық партия комитетінің хатшысы А.Коркин — шовинист басшының бұйрығымен бір кезде республика үкіметі сыйға берген мектептің арнайы

салынған мекен-жайы зорлықпен тартып алынғанын Сіздер білетін боларсыздар. Ол мекен-жайда күні бүгінге дейін қазақ тілін қажет деп санамайтын әскери училище ұжымы ата-бабасы тер төгіп салып бергендей шалқып тасып, орнығып алып отырғаны ешкімге де құпия емес.

Енді міне «байдың мыңына тимей, кедейдің жалғыз тайын қасқыр тартыпты» дейтін қазақ мақалында айтылғандай, түрік-қазақ лицейіне тағы да өзі бұрынғы мекен-жайынан қуғын-сүргінмен, зорлықпен айырылып, моральдық жағынан қорлық, кемсітушілік көріп, енді-енді есін жиып келе жатқан қазақ мектеп-интернатының үйін тағы да тартып аламыз деп отырғаны не деген әділетсіздік, не деген озбырлық деп ашына айтпасқа лажымыз жоқ. Қазақ тілінің шекесі шылқып отырмағаны өздеріңізге мәлім. Қазақтың бір мектебін ашудың өзі қаншама күшке түсетінін де көріп жүрсіздер. Солай бола тұра қазақтың қаладағы екі мектеп-интернатының біріне ауыз салу кімнің арам ойынан туып отырғанын түсіне алмадық.

Қызыл империяның тұсында көрген қорлығымыз ұмытыла бастағандай болып Қазақстанның тәуелсіздігіне қолымыз жетті ме, жетпеді ме деп тәуба қылып отырғанда ешкімге жаманшылық ойламайтын, халықтар достығына қашан да адал ақпейіл қазақтардың шыдамын қашанға дейін сынай беруге болады. Шыдамның да шегі бар емес пе?

Сондықтан да, қадірлі Петр Петрович, Идеал Ғалиұлы, Сіздерді еліміздің тағдырын, болашағын ойлайтын азаматтар деп, мына бір жайларды естеріңізге салғанды жөн көрдік.

1. Мына ешкіммен ақылдаспай жасалып отырған озбырлық жайды шиеленістірмей, айқай-шу шығармай (ол республика ғана емес, одан алыс жерлерге де естілуі ғажап емес) тез арада тоқта-

туларыңызды «Қазақ тілі» қоғамы атынан ұсынамын.

2. Бір кезде зорлықпен тартып алынған, қазір әскери училище иемденіп отырған мектеп үйінің қалада жаңадан ашылған қазақ мектептерінің біріне қайтарылуын тарихи әділеттіліктің қалпына келуі деп білеміз.

3. Күйреген одақтың әр тұсында өрт шығып, сол өртті тұтатушылар Қазақстанға да шоқ тастауды армандап отырғанда Сіздер ұлт мәселесіне, тіл мәселесіне үлкен парасаттылықпен қарайды, әділетті шешім қабылдайды, түрік-қазақ лицейіне қаладағы 84 мектептің бірін босатып беріп, іс жүзінде нағыз интернационалистік әрекет жасайды деп сенеміз.

«Қазақ тілі» қоғамының осы ұсыныс-тілегін Қазақстан халқы конгресінің облыстық ұйымы, Республикалық партияның облыстық ұйымы, Адам құқы жөніндегі демократиялық комитеттің Қарағанды облысындағы ұйымы, «Азат» қозғалысы, мұсылман әйелдерінің лигасы бірауыздан қолдап, мәселенің шиеленіссіз, әділеттілікпен шешілуіне сенім білдіреді.

*АВТОРДАН: Горбачевтік қайта құру тұсында жаңа бір тынысқа ие болғандай бой жаза бастаған қазақ мектептері, балалар бақшалары мен кітапханалар, мәдениет үйлері мен клубтар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында топырлап жабыла бастағанда өз елімізде өгейлік күн кешкен Ана тіліміздің жоғын жоқтап, мұңын мұдап талай рет мылтықсыз майданға шыққан «Қазақ тілі» қоғамының бір жеңісіне мысал — осы Ашық хат. Ол 4 маусым 1993 жылы «Орталық Қазақстан», «Замандас» газеттерінде жарияланды. Ана тіліміздің іштерінде ит өліп, шошқа торайлап*



*жататын қара ниет дұшпандары әлі де арамызда жасырынып жүр. Соған қарағанда Тіл тағдыры үшін күрес — ХХІ ғасырда да ең қасиетті әрі жанаямас күрес болып қалатын түрі бар.*



## МАЗМҰНЫ

Бір ауыз сөз .....	3
I. Рух. Аз ұлтқа алдаспан рух керек .....	4
II. Жер.....	49
III. Тіл .....	73
IV. Дін. Ислам нұры — жүректерге .....	91
V. Аталар, айналайын, аруағыңнан .....	119
VI. Жақсының аты — көңілге жазған хаты.....	165
VII. Күйдіргі .....	225
VIII. Көңіл ашар әңгімелер .....	257
IX. Қиын да қызықты жылдар .....	302
X. Өлең өлкесіне саяхат .....	305
XI. Ойтамызық .....	316
XII. Ашық хат .....	325

Печать офсетная. Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Усл. печ. л. 20,75. Тираж 600. Заказ 324.  
Цена договорная.

Отпечатано в типографии ТОО «Санат».  
470075 г. Караганда, ул. Ленина, 71.  
Тел./факс: (321-2) 56-53-06.

